# ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

# ВЕСТНИК КАЗАХСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ЖЕНСКОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА

# BULLETIN OF THE KAZAKH STATE WOMEN'S TEACHER TRAINING UNIVERSITY

**№5 (47) 2013**

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАБАРШЫ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ВЕСТНИК

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
KAZAKH STATE WOMEN'S TEACHER TRAINING UNIVERSITY
BULLETIN
SCIENTIFIC JOURNAL

№5 (47)

2006 жылдан бастап шығады, шығару жиілігі – жылына 6 рет

Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінің мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) Ақпарат агенттіктерін есепке алу туралы №13965-Ж куәлігі бойынша тіркелген
**Бас редактор**
Нөкетаева Д.Ж. - п.ғ.к.
**Бас редактордың орынбасары**
Алиев Б.Ә. – ф.-м.ғ.д., профессор
Редакциялық алқа
Бакибаев А. - х.ғ.д., профессор (Ресей)
Абилев С. К. - б.ғ.д., профессор (Ресей)
Щепеткин И.А. - б.ғ.к., профессор (АҚШ Монтана университеті)
Бутин Б.М. - х.ғ.д., профессор
Сәтімбеков Р.С. - профессор
Құрманбаева М.С. - б.ғ.д., профессор м.а.
Дейв Чан – PhD Geotechnical Engineering, профессор (Канада, Альберта университеті).
Лазерев В.А. – п .ғ.д, профессор (Ресей, Центр современного образования и НМС по математике МО и Н РФ).
Обозов А.Дж. – техн.ғ.д., профессор (Қырғызстан, И.Раззаков атындағы Қырғыз мемлекеттік техникалық университеті).
Жамалов А. – техн.ғ.д., профессор
Құлбек М.Қ. – ф.-м. ғ.д., профессор (Абай атындағы ҚазҰПУ).
Баймахан Р.Б. – техн.ғ.д., профессор
Есқалиев М.Е.– техн.ғ.д., профессор
Роже Бастриос – PhD., профессор, гуманитарлық ғылымдар докторы (Франция)
Фарух Чолах – PhD., профессор (Түркия)
Семенов П.А. – ф.ғ.д. (Ресей)
Сүлейменова Ж.Н.– п.ғ.д., профессор
Қансейітова Ұ.Р. – п.ғ.к.
Әбді Уақап Қара – профессор, PhD (Түркия)
Ахмет Ташағыл – профессор, PhD (Түркия)
Махмудов Б. Л. – PhD (Абай атындағы ҚазҰПУ)
Сүлейменова Ж.Д. – PhD (Астана қаласы)
Смағұлова С.Ә. – т.ғ.д., профессор (Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты)
Гогоберидзе А.Г. – п.ғ.д., профессор (Ресей)

Джуринский А.Н. – п.ғ.д., профессор (Ресей)
Артамонова Е.И. – п.ғ.д., профессор (Ресей)
Аймағамбетова Қ.А.–п.ғ.д., профессор
Бапаева М.К. – пс.ғ.к., доцент
Сұлтанова Р. – Азиаттық музыка орталығының директоры (Кембридж университеті)
Бағдат Естемесұлы – музыка институтының профессоры (Қытай Халық Республикасы Шыңжаң педагогикалық университеті)
Құлманова Ш.Б. – п.ғ.д., профессор
Халитова И.Р. – п.ғ.д., (Абай атындағы ҚазҰПУ).
**Редакциялық кеңес**
Кішібаев Қ.О. - х.ғ.к.
Мырзахметова Н.О. - х.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а.
Мамырова К. Н. - п.ғ.к., доцент
Мухамединова Н. А. - п.ғ.к., доцент
Жексембиев Р.Қ. - б.ғ.к., доцент
Мырзалиев Ж. – ф.-м.ғ.д., профессор
Тұңғатарова Ә.Б.– ф.-м.ғ.д, профессор (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ).
Исаев С.Ә. – ф. - м.ғ.к, профессор
Мұқашов Қ.М. – ф.-м. ғ.д., профессор (Абай атындағы ҚазҰПУ).
Заурбеков Н.С. – техн.ғ.д., профессор (Алматы технологиялық Университеті).
Файзуллаев А.А. – п .ғ.д, қауым.профессор
Ершина А.Қ. – ф.-м.ғ.д., профессор
Салғараева Г.И. – техн.ғ.к., профессор Сатбекова А.А. – п.ғ.д., профессор Ержанова С.Б. – ф.ғ.д.,профессор м.а. Ермекова Т.Н. – ф.ғ.д., доцент Базылова Б.Қ. – ф.ғ.к., доцент
Рысбаева Г.Қ. – ф.ғ.к., доцент
Нұрланбекова Е.Қ. – п.ғ.к.
Аширбекова Ж.Б. – т.ғ.к., доцент
Қожакеева Л.Т. – т.ғ.д., профессор
Иманбекова Б.И. – саяси ғ.д., доцент
Заманбеков Ш.З. – э.ғ.к., доцент
Баданов А.И. – э.ғ.к., доцент
Қайпбаева А.Т. – т.ғ.к.
Жиенбаева С.Н.–п.ғ.д., профессор
Шаталина В.В.-пс.ғ.к., доктор PhD, (Ресей)
Шерьязданова Х.Т. – п.ғ.д., профессор
Мұратбаева Г.А. – п.ғ.д., доцент
Абаева Г.А. – п.ғ.к., доцент
Бейсенова Ж.Ж.– пс.ғ.к., аға оқытушы
Өмірбаева Г.Ш. – п.ғ.к., доцент
Қоңыратбай Т.Ә. – ф.ғ.д., профессор
Бисембаева Б.Ә. – п.ғ.к., доцент (Астана қаласы)
Какимова Л.Ш. – п.ғ.к., доцент
**Жауапты редактор-**Сәндібаева Н.Ә. - п.ғ.к.
**Редакторлар** Ж.Қ. Қуанышева, С.Авдарсолқызы, Қ.Ж.Тұрсынбаева, Р.Т.Айтбаева, А.Текесбаева, М.А.Оразалиева.
**Корректор** Маханбетова С.Е.
© Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
050000, Алматы қ., Әйтеке би көшесі, 99. Тел. 279-30-10, факс 233-18-35.

**МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-TABLE OF CONTENTS**

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ – ЕСТЕСТВОЗНАНИЕ – NATURAL SCIENCES**

***Надыров Ш.М., Жақыпбекова А.Е.*** Сырдария өзені суын пайдалануда туындаған экологиялық мәселелері 5

***Пирмакова Ж.К., Карменова Н.Н.*** Ақмола облысының табиғат ресурстарының туризмді дамытудағы мүмкіндіктері 8

***Тоқсабаева М.Е.*** Минерал агрегаттары және олардың қасиеттері 12

***Юлдашева Ш.Т., Надыров Ш.М.*** Қазақстан мен Қытай арасындағы сауда-экономикалық байланыстардың даму тенденциялары 17

**ФИЗИКА, МАТЕМАТИКА, ИНФОРМАТИКА – PHYSICS, MATHEMATICS, COMPUTER SCIENCE**

***Шампанова Қ.А., Ершина А.Қ., Көпенбаева А.С.*** Қазақстандағы жел энергетикасы-ның әлеуметтік аспектілері және жел энергетикасының дамуы 22

***Еркебаева М., Ханжарова Б.С.*** Способы организации самостоятельной познавательной деятельности учащихся на уроках математики 27

***Қанжарова Б.С., Бұршанова А.А.*** Өндірістік есептерді шешуде тиімді 31

***Раймбекова А.Б., Искакова М.Т.*** Mathcad ортасында жүктелген дифференциалдық теңдеулер үшін сызықты периодты шеттік есепті шешудің әдіс-тәсілдері әдістерді қолдану 34

**ФИЛОЛОГИЯ– PHILOLOGY**

***Шайкенова Г.Б.*** Шетел тілін меңгеру – сөз дағдыларының жүйесін игеру 38

***Ибраева Н.Т.*** Традиционализм как – историко-культурная основа развития человеческого капитала в Кыргызстане 41

***Ashimova N.S.*** Semantic features of english proverbs 46

***Кебекбаев М.А.*** Настоящее и будущее иероглифической письменности 50

**ТАРИХ, ЭКОНОМИКА, ҚҰҚЫҚ– ИСТОРИЯ, ЭКОНОМИКА И ПРАВО HISTORY, ECONOMY AND LAW**

***Қозғамбаева Г.Б.*** Тәуелсіз Қазақстан Республикасының Қытай елімен достық байланыстарының орнауы мен дамуы 54

***Рахимжанова М.Д., Касабулатова Ж.Д.*** Ашаршылық туралы тарихи шындық 60

***Айбеков Б.О., Нарбекова Г.А., Унербаева Ш.У.*** Религиозная этика шакарима кудайбердиева 63

***Сманова А.М.*** Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін польшада халықтық бірлік үкіметінің құрылу тарихы 67

***Айтбай Р.Т.*** Ауызша тарих айту деректеріндегі хүііі ғ. Билер тарихы 72

***Сейдахметова Н.*** ТМД экономикалық сотының өзекті мәселелері 79

***Ыбышова С.Т.*** Мектеп қабырғасында экономикалық білімді қалыптастыру 83

***Асылханқызы А.*** Бәсекелестікті арттырудағы кластерлік артықшылықтары 87

***Баймурзаева М.С.*** Туризм индустриясына кадрлар даярлау – орнықты дамудың негізгі бағыты 93

***Ертазин Х.Е.*** Мақта саласын басқарудың маркетингтік жүйесін ұйымдастыру 95

***Жунусов Қ.Г.*** Роль технического потенциала в индустрилизации сельскохозяйственного производства 101

**ПЕДАГОГИКА – ПСИХОЛОГИЯ, PEDAGOGY – PSYCHOLOGY**

***Ермағамбет Ә.Ы.*** Зияты бұзылған бастауыш сынып оқушыларының зейінін ойын арқылы дамыту 106

***Оразымбетова Л.Д.*** Мектеп жасына дейінгі балалардың фонематикалық дамуының артта қалуын жою жолдары 109

***Сқақова Р.А.*** Салауатты өмір салтының өзектілігі 114

***Абишева М.Т.*** Сущность социально-педагогической деятельности 117

***Бұлақбаева М.К.*** Педагогикалық жоғары оқу орнында қашықтан оқыту жүйесін қолданудың тиімділігі 121

***Жұбандықова А.М.*** Мектепке дейінгі ұйымдарда педагогикалық ұжымымен жүргізілетін әдістемелік жұмыстың формалары 125

***Бижанова Ғ.Қ.*** Болашақ қоғамға сай тұлға қалыптастыруда ы.алтынсариннің еңбегінің маңыздылығы 130

***Бейсенова Ж.Ж., Жусипова Ж.К.*** Кәсіби таңдау бойынша іс-шараларды өткізудегі психологиялық іс-әрекеттің тиімділігі 134

***Ермекбаева Л.К.*** Особенности общественного мнения к интегративному образованию 139

***Құлымбаева А.К.*** Мамандық таңдауға әлеуметтік психологиялық факторлардың ықпалы 144

***Медведева Н.Ю., Исхакова Э.В.*** Проблема социально-психологической адаптации инвалидов 148

**ӨНЕР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ – ИСКУССТВО И КУЛЬТУРА-ART AND CULTURE**

***Кусанова А.Е.*** Вопросы методики изучения дисциплины «хореографическое наследие» на кафедре «хореография» КазГосЖенПУ 154

# ЖАРАТЫЛЫСТАНУ – ЕСТЕСТВОЗНАНИЕ – NATURAL SCIENCES

**ӘОЖ 330.34.332.122 (574.24)**

## СЫРДАРИЯ ӨЗЕНІ СУЫН ПАЙДАЛАНУДА ТУЫНДАҒАН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

**Ш.М.Надыров**, *г.ғ.д., профессор,*
**А.Е.Жақыпбекова**, *2-курс магистранты*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** мақалада Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпті аймақтарының бірі – Сырдария өзенінің суын халық шаруашылығында пайдалануда туындаған экологиялық мәселелер көтеріледі. Еліміздегі тұщы су көздерінің бірі – Сырдария өзенінің жағдайы Қазақстан үшін ғана емес шекаралық мемлекеттердің де басты мәселелерінің бірі екендігі айтылады. Қоршаған ортаның аса маңызды экотоптарының бірі – су. Су тіршілік ететін тірі табиғат үшін орта болып табылады. Су жалпы табиғатта барлық зат алмасу процесіне қатысатын болғандықтан органикалық өмірдің негізі екені әркімге аян.

***Түйін сөздер:*** экология, ирригация, ресурс, конвенция.

Атмосферамен салыстырғанда су шегі мен шеңбері бар кеңістікте орналасқан біршама тұрақты деп айтуға болатын табиғи дене. Сол себепті ластанған судың адам денсаулығына зиянды әсері күштірек болатындықтан оны ерекше қорғау қажеттігі туындайды. Суды қорғау оның қорларын тиімді пайдалануға, онда көптеген аса бағалы ағзалар тіршілік ететін болғандықтан сол экологиялық жүйелердің өнімділігін сақтауға негізделеді [2].

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының көптеген аймақтары экологиялық қауіпті аймақтарға кіреді. Соның бірі бүгінгі таңда адамзат алдында тұщы судың сандық жетіспеушілік қаупі ғана емес сонымен бірге судың сапалық қаупі де төніп тұр. Су тіршіліктің тірегі болып табылатын, ластану жағынан алдыңғы орында тұрған, сондықтан да зерттеуді қажет ететін табиғи ресурс [4].

Сырдария өзені суы түгелі дерлік халық шаруашылығының түрлі салаларына пайдалануына байланысты өзен геожүйелерінің құрамдас бөліктеріне әсер етуші антропогендік процестерінің шаруашылықтық экологиялық ерекшелігіне сәйкес мұнда ауыл шаруашылығы, өнеркәсіптік, техногендік яғни антропогендік факторлардың барлық түрлері дамыған. Сондықтан да өзен геожүйелерінің антропогендік өзгерісіне дұрыс талдау жасау және оны қорғау шараларына ғылыми тұрғыдан баға берудің маңызы зор.

Қазіргі өндіріс салаларының қарқынды даму кезеңінде қанша күш салып тырысқанмен кейде уақытша болса да өндірістің қалдықтары, көбінесе, лас су түрінде су көздеріне түсіп тұрады. Олар судың биогеоценозына зиянды әсерін тигізетіні сөзсіз. Бұл су қорларын әр түрлі мақсатқа пайдаланудың нәтижесінде болып тұратын қолайсыз жағдай. Осыдан келіп, суды қорғаудың алғы шарты ретінде су нысандарына түсетін жүктемеге шектеу қойылады. Табиғи суларды адам мұқтажы үшін іске жарату – суды пайдалану және суды тұтыну болып бөлінеді. Бірінші жағдайда оны тұрған жерінде балық өндіруге, су көлігін жүргізуге және гидроэнергия алу үшін пайдаланады. Екінші жағдайда суды тұтынады. Онда судың едәуір бөлігі немесе түгелдей қайтымсыз шығынға кетеді. Тұтынған соң босап шығып, қайтадан су көзіне құйған су бөлігінің сапалық көрсеткіші бастапқы күйінен едәуір өзгеше, дәлірек айтқанда, ластанып оралады. Суды көп мөлшерде тұтынатындар ауыл шаруашылығы өндірісі, өнеркәсіп, мәдени-тұрмыстық шаруашылықтар. Бұлардың бәрі де, егер қатаң бақылау болмаса, су көздерін ластаушылар

екені айтпаса да түсінікті. Осыған орай, суға түсетін ластаушы заттардың сол ортада өздігінен зиянсыздану ерекшеліктеріне қарап, ластанудың тіршілікке қауіпсіз деп есептелінетін шекті деңгейіне рұқсат етіледі.

Орталық Азия аймағындағы ортақ су ресурстарын тиімді әрі бірдей пайдалану мәселесі көптен бері талқыланып келеді. Кеңестер құрамында болған мемлекеттер тәуелсіздік алып, өз шаруасын өздігінше шешуге кірiскеннен бастап, өзен-суларды мемлекеттің жеке мүддесі үшін пайдалану проблемасы туындады. Біз үшін ол – Сырдария мәселесі. Себебі осы өзеннің арқасында қазіргі Арал көлінің мәселесін шешуге мүмкіндік бар. Сол себепті Орталық Азияның ортақ су-энергетикалық ресурстарын бірлесіп пайдалану мәселесі Қазақстан және Өзбекстан арасындағы басты тақырыпқа айналып отыр. Әсіресе, «Аралды құтқару» халықаралық қорының қызметін жандандыру аса маңызды [3].

Осыған сәйкес жыл сайын су мәселесіне байланысты төрт тарапты үкімет аралық келісімге қол қойылатын (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан). Дегенмен бүгіндері бұл тарап өкілдерінің басын қосу – өзекті мәселе. Өйткені кезінде Орталық Азия энергия жүйесі бірлестігі осы аймақ мемлекеттерінің отын көздері ерекшелігін есепке ала отырып құрылған болатын. Қырғызстан мен Тәжікстанның су ресурстарына, ал Өзбекстан, Түрікменстан және Қазақстан көмірсутектеріне бай. Сондықтан осы энергия жүйесін бүтіндей техникалық тұрғыда дұрыс пайдаланған жағдайда ол тұрақты жұмыс істей алатын еді. Бірақ аймақтағы маңызды фактор болып табылатын аталған жүйе 90-жылдары жойылды. Себебі энергия жүйесін толықтырып, бір-бірін қамтамасыз етудің орнына, басқосуларда көрші мемлекет өкілдерінің әрқайсысы шамшылдыққа басып, бір-бірін отын көзіне жолатпады. Мұнда энергия тәуелсіздігі деп аталатын қағида алға тартылды. Сөйтіп, аймақта энергетикалық сепаратизм орын алды. Осылайша Орталық Азияның біріккен энергия жүйесі күштеп таратылды. Ол аймақ елдеріне белгілі бір деңгейде тағы бір жаңа мәселелерді алып келді.

И.Каримов Сырдария мен Әмудария өзендері бойында қалыптасқан жағдайды Қырғызстан мен Тәжікстан ушықтырып отыр деп санайды. Оның айтуынша, бұл елдер трансшекаралық өзендерді энергетикалық әлеуетін көтеру үшін пайдалануды көздейді. Осының салдарынан басқа көрші мемлекеттерге су бірқалыпты таралмайды. «Олар Сырдария мен Әмударияның трансшекаралық өзендер екендігін ұмытқан сияқты. Ел ішіндегі өзендер болса шаруамыз жоқ. Ал трансшекаралық сулар болғаннан кейін, оны халықаралық шарттарға сай пайдалану қажет. Ол үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының төрт бірдей конвенциясы бар.

Бұл мәселеге соншама көңіл бөлудің себебі бүгінгі сарапшы мамандардың болжамына сәйкес, су ресурстары болашақта үлкен проблемаға айналып, оның төңірегінде мемлекетаралық байланыстар ушығып отырады,» – дейді И.Каримов. Осыған қарағанда, Орталық Азияда қалыптасқан бүгінгі жағдай мемлекеттер арасындағы қарым-қатынасты қиындатып қана қоймай, соғысқа да апаруы да мүмкін. Сондықтан трансшекаралық өзендерді пайдаланған кезде көрші елдердің келісімін ескеру қажет. Осы орайда Сырдария мен Әмудария, әсіресе Сырдария өзені бойында ғасырлар бойы өмір сүріп жатқан миллиондаған қазақ пен өзбек халықтарын ұмытпау қажет.

Қалай дегенмен де аз суды тиімді пайдаланудың бірден-бір жолы – оны Одақ кезіндегідей ирригациялық режимде, яғни, Сырдария өзені ағысында орналасқан мемлекеттердің ортақ мүддесі үшін суармалы жерлерді суаруға пайдалану. Ал өзен суын қыста энергия ретінде өз бюджетіне қаржы тауып отырған мемлекетке мазут, көмір, тағы басқа энергия көздерімен көмектесіп, мемлекетаралық келіссөздер арқылы шешу. Міне, Елбасымыздың консорциум құрудағы мақсаты – осы болатын. Ал көп уақыт бойғы тартыстан соң, жақында Елбасымыздың өзі ресми түрде Көксарай су қоймасы құрылысын бастау қажеттігін жариялады. Ал, бұл су қоймасы Шардараға сыймай, Өзбекстанға кетіп

жатқан суды және Оңтүстік Қазақстан облысы мен Қызылорда облысының елді мекендеріне қауіп төндіретін артық суды уақытша ұстап, керек кезінде дарияға жіберіп тұратын су реттегіш есебінде болады [3]. Сырдария өнеркәсіпті – аграрлы өңір болып табылады. Сондай-ақ, өнеркәсібі жергілікті ауылшаруашылық өнімдерін өңдеуге негізделген. Мақта тазалау, мата тоқу, тоқыма, киім тігу, май шайқау, құрылыс материалдарын (құм, саз, қиыршық тас, т.б.) шығаратын кәсіпорын шоғырланған. Жер қойнауынан мұнай мен газ кен орындары (Ақшабұлақ, Қоныс, Бектас, Арыс, Ащысай, т.б.) ауданның солтүстік бөлігінде.

Өзен суының кейінгі 20-30 жыл ішінде қарқынды игерілуіне байланысты 1975-80 жылдардан бастап Сырдария Арал теңізіне жетпей тартылып қалатын болды. Қазіргі уақытта Сырдария өзен алабының суын мемлекетаралық бөлу Халықаралық үйлестіруші су шығын комиссиясының (ХҮСШК) бақылауымен жүргізіледі. Қазір Сырдария Кіші Аралға жылына 46,7 млн. $м^3$ су береді [1]. Еліміздегі тұщы су көздерінің бірі - Сырдария өзені негізгі ауылшаруашылық және су ресурсы болып саналады. Өзен жағалауындағы экономиканың дамуына байланысты адамдардың іс-әрекетінің ықпалынан бұл экожүйе бұзылуға қарай өзгеруде. Сондықтан да оның табиғи экожүйесінің қорғау мен су сапасын жақсарту халықтың денсаулығы мен тұрмысы үшін өте маңызды. Көктем шыға Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарының диқандары су жетіспеуінен егін егу көлемін азайтады, өнімді аз алады. Сол себепті өзбектерден су сұрап, тағы да аяқтарына жығылуымызға тура келеді.

Қазіргі таңда адамзаттың антропогендік іс-әрекеті ғылыми-техникалық прогрестің артуына байланысты өзен геожүйелері өзгертуші өте күшті факторлардың біріне айналып отыр. Соған орай геожүйелерді түзуші құрамдас бөліктерге әсер етуші антропогендік процестердің адам әрекеттерінің нәтижесінде табиғи қалпын өзгерту қажет [2]. Сырдария өзен суының ластануы жылдан-жылға едәуір жоғары. Өзен суының химиялық құрамы негізінен вегетациялық мерзімдерде нашарлайды. Сондықтан халық шаруашылықтарда суды үнемдеуді пайдалану, орынды жұмсау, су пайдалану нормасы негізінде үнемдеу, су қорларын ластанудан қорғау бүгінгі күні басты бағыттағы шаралар болып табылады. Сырдарияның төменгі ағысында климаттың қазіргі сипаты жөнінде жинақталған мәліметтер бойынша климаттың өзгергендігі байқалады. Су байлықтарын сақтау - бүкілхалықтың іс екенін ұмытпауымыз керек. Себебі, су бірінші қажеттілік және біздің таптырмайтын байлығымыз.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. Алматы, 2007.
2. Нұрғызарынов А. Атыраулық экотоптардың химиялық экологиясы (Сырдың төменгі ағысы). Қызылорда.:«Тұмар», 2003.
3. http//www. oogle.Kz /html.
4. http//www. yandex.Kz/ html.

## Резюме

**Ш.М.Надыров**, *д.г.н., профессор,* **А.Е.Жакыпбекова**, *магистрант 2-курса*
*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

**Экологические проблемы при использовании реки Сырдария**

В этой статье предусматриваются экологические проблемы при использовании в сельско-хозяйственных нуждах реки Сырдария. Одна из наиболее актуальных экологических проблем является состояние реки Сырдария Республики Казахстан. Наличие и состояние реки является жизненно важным фактором, имеющим определяющее влияние на экономическое развитие региона. Под влиянием хозяйственной

деятельности существенно изменился гидрохимический, гидробиологический санитарный режим реки Сырдария.

***Ключевые слова:*** экология, ирригация, ресурс, конвенция.

**Summary**

**Sh.M.Nadyrov,** *Doctor of Geographical sciences, Professor,* **A.E.Zhakypbekova,** *undergraduate 2-course*
*(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

**Environmental problems when using the Syr Darya River**

The article deals with the environmental problems of using the Syrdarya river in agricultural needs. This article provides environmental problems when used in rural and economic needs of the Syr Darya River. One of the most pressing environmental problems is the state of the river Syr Darya Respubliki Kazakhstan. Availability and condition of the river yavlyaetsya vital factor having a decisive influence on the economic development of the region. Under the influence of economic activity significantly changed hydrochemical, hydrobiological sanitary regime in the Syrdarya River.

***Keywords:*** ecology, irrigation, resource Convention.

**ӘОЖ 330.34.332.122 (574.24)**

# АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ ТАБИҒАТ РЕСУРСТАРЫНЫҢ ТУРИЗМДІ ДАМЫТУДАҒЫ МҮМКҮНДІКТЕРІ

**Ж.К.Пирмакова,** *2 курс магистранты*
**Н.Н.Карменова** , *г.г.к.,профессор*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

**Аңдатпа:** Ақмола облысының табиғат ресурстарының туризмді дамытудағы мүмкүндіктері. Ақмола облысы рекреациялық - туризмді дамыту жоспарында өңірдің тартымдылығын анықтайтын мәдени-тарихи мұраның ескерткіштері мен бірегей табиғи нысандары Қазақстан Республикасының солтүстік орталығында орналасқан. Ақмола облысы тек астаналық облыс ғана емес, сонымен қатар Қазақстан Республикасының туристік өнімнің базалық компоненттерінің бірі болып, туризмді ұйымдастыру жоспарында игерудің ландшафт тартымдылығының жоғары деңгейі есебімен приоритетті игеру объектілеріне жатады.

**Түйін сөздер:** Туризм, рекреация, турист, Бурабай, экотуризм.

Облыс табиғи рекреациялық және тарихи-мәдени сипаттамалар бойынша үлкен мүмкіндіктерге ие. Туристік объектілердің Республикалық рейтингте Ақмола облысының табиғи кешендері бірінші деңгейлік мағынаға ие.

Ақмола облысының бәсекелес артықшылығы оның бірегей табиғатымен, мәдениетімен, өңірдің сауықтыру туризмде мамандандыруға мүмкіндік беретін туризм дамуы үшін басқа да алғышарттармен айқын. Осылайша, мысалға, МҰТП «Бурабай» территориясында емделген кезде келесі ресурстар қолданылады: Балпаш-Сор көлінің балшықтары, Майбалық көлінің минералды сулары және Синегор кен орнының хлорид-сульфид сулары. Ақмола облысы өзінің бірегей табиғи-климаттық жағдайлармен, кең

рекреациялық әлеуетімен, іс кездесулерге, демалуға, емделуге келетін қазақстандықтарға ғана емес, сонымен қатар шетел қонақтарға және шетел туристерге жоғары классты қызметтерді ұсынатын курорттық өңірдің ерекше беделіне үміттенетін астаналық облыс ретінде Қазақстанның басты аудандардың қатарына енеді [1].

*Бурабай курорттық аймағы.* Қазақстанның солтүстігінде, Астана және Көкшетау қалаларының арасында таң қалдырар өңір – Бурабай мекені орналасқан. География тұрғысынан бұл аймақ Көкшетау қыраты деп аталады, ал жергілікті жолбасшылар оны «Қазақстан Інжуі» деп атайды. Бурабай курорттық аймағының табиғат кешендері тек Қазақстан Республикасының туристерін ғана емес, сонымен қатар таяу және алыс шетелдерінің туристерін де қызықтырады: ол керемет табиғи-климаттық жағдайлары, бай емдеу-тынықтыру ресурстары мен тарихи-мәдени қоры, пайдалы географиялық орналасуы, трансмемлекеттік, авиациялық, теміржол және автокөлік магистральдары бар курорттық жерлер. Бурабай тауы (690м.) – керемет кең көлемді жер. Бурабай – бұл түйе. Оңтүстікке қарай Щучье шоқылары, олардың ішіндегі ең үлкені Жеке батыр (826м.) деп аталады. Бурабай өңірінің таулы аймағы жұмбаққа толы. Бурабай – Қазақстанның тынығуға арналған інжу орны тылсым ғажайыптарға толып тұрған қиял-ғажайып таулы жерде орналасқан. Тамаша қарағайлы ормандар, үлкен жартастар, кейде көз алдыңа египет пирамидаларын елестететін көлемі жағынан орасан зор шыңдар тынық мөлдір көлдермен бөлінген. Парктің аумағындағы өсімдік әлемінің түрі орманды, далалы, шабындық, шалшықты және сортаңды, 800-ге жуық өсімдік түрі бар. Омыртқалы жануарлардың 305 түрі бар. Бурабайда 86 стационарлық демалыс мекемесі шоғырланды. Парк аумағындағы ландшафттың қазіргі кездегі құрылымында дала, көл, орман, орман-дала ландшафтары және төмен таулы ландшафттар бар. Щучье-Бурабай курорттық аймағының аумағында 14 көл бар, оның ішіндегі көпшілігі кіші көлдер. Жасыл орман айналасында Щучье, Бурабай, Үлкен және Кіші Шыбыш, Қотыркөл көлдері жарқырап жатыр. Көкшетаудың айдарынан кіші көлдер: Светлое, Карасье, Горное, Лебединое көрініп тұр. Өзен желісі онша дамымаған, тек кіші өзендер, жылғалар және уақытша су ағыстары ғана бар. Бурабайдың көрнекті жері сол атаулы көлдегі Голубой залив шығанағы болып табылады. Дәл шығанақтың суынан сфинкске ұқсайтын Жұмбақтас жартасы шығып тұр, баурайында ағаштары жайылып өскен Оқжетпес жартасы көтерілген. Мұнда әр атаудың өз аңызы бар. Бурабайдың аң әлемінде 300-ден астам аңдар бар. Бұл мекеннің өсімдік-шөбі де шипалы [2].

*Зеренді.* Көкшетау қаласынан 50 км жерде Зеренді кенті орналасқан. Зеренді Көкшетау үстіртінде орналасқан тау-қыраттары бар, орман, кішігірім көлдер мен өзендер жайылған көлемді аумақтың бір бөлігі. Бұл өңірге жеке-жеке шоқылары бар жазық жерлер мен тау жүйесі тән. Жазық жерлер өзен аңғарларымен қиылысады. Кей жерлерде жазық жерлер өз арналарымен терең каньондар жасайтын кішігірім өзендермен жиі қиылысады. Көп жылдар бойы мұнда жел, жаңбыр, аяз және аптап ыстық сияқты табиғат құбылыстары қожайын етуіне байланысты биік таулар отырып, жарылып, шашылып, үгітіліп қалған. Қазір олар биік емес болса да, нәзік, әдемі көрінеді әрі қызықтырады. Зерендіге кіріп бара жатқанда, алыстан-ақ олардың көкше шыңдары көрінеді. Көз алдарыңызда Зерендінің жап-жасыл табиғаты, көгілдір таулардың шыңдары, ондаған шақырымдарға созылып жатқан кілемдей жайылған орман суреттеледі. Зеренді көлі үлкен көлемдегі тектоникалық шығу тегі бар, оған теңіз деңгейінен биік орналасуы (370 м) болып табылатындығы тән, жағасындағы демалуға арналған жағажай орындары аз және басым көбі қарағай болып келетін ағаштар сирек өскен. Көлдің түбі тегіс, құмды, малтатаспен және бөлек-бөлек қойтастармен жабылған. Көлдің ұзындығы 7 км, тереңдігі 6 км. Суы тұщы, мөлдір, жаздың күні судың температурасы $24^0$ С-қа дейін жетеді. Көлде шабақ, таутан, рипус, айналы тұқы жүзеді. Зеренді бұл өңірдің ең әдемі көлдерінің бірі болып есептеледі. Бұл тек табиғаттың әшекейі ғана емес, сонымен қатар сүйікті демалыс орны болып табылады

[3]. *Ерейментау.* Бурабай курорттық аймағына үлкен антропогендік жүктеуді есепке ала отырып, осы уақытта жоғары туристік-тынығуға арналған әлеуеті бар басқа да аудандарды игеру қажеттігі туындады. Мұндай аудандарға бірінші кезекте Ерейментау ауданы жатады. Ерейментау ауданының туристік қызметті дамыту үшін барлық алғышарты бар. Өңірдің ерекшелігі болып кеңінен белгілі Қарағайлы тауы немесе Сұңқар таулары табылады. Ерейментау ауданындағы тау ландшафты, бай жануарлар және өсімдіктер әлемі, қазақтың ұсақ шоқыларының араларында орналасқан өзендердің көптігі – бүкіл осы байлық туристік ағындарды қызықтыру үшін әлі әлсіз пайдаланылуда. Ерейментаудың аласа таулары мен Сұңқар аралдық таулары экологиялық экстремалды туризмді дамыту үшін қалай болса да келеді. Аумақтың кеңдігі, шын мәніндегі халықтың аз тұрақтауы Ерейментау тауларының аумағына табиғи-аумақтық кешенге зиянсыз оңтайлы жүктеме жасауға мүмкіндік береді. Ерейментау қаласында «Акмолатурист» АҚ өкілдігі қызмет етеді. Табиғат мүмкіндіктері Қалқаман мекенінің төңірегінде демалыс базасын ашуға мүмкіндік береді (бұлақ, орман, су айдыны, қалаға жақын орналасқандық). Осыдан активті және пассивті демалыстың барлық түрі үшін турларды бастауға болады. Сондай-ақ, Тілес, Қоржынкөл, Ордабай, Бозайғыр, Қабыланкөл, Алғабас, Баймен көлдері, Ақдын, Белодымка, Төре таулары, Қарағайлы (Соколинка) мекені экологиялық туризмді дамыту үшін қолайлы жерлер. Ерейментау ауданы демалыс аймақтары мен туристік базаларды салу үшін бірден-бір жер болып табылады [4].

*Сандықтау.* Өлке мәдениеті, археология және табиғат ескерткіштерімен бай, оларды тиісті түрде сақтау қажет, өйткені олар туристік өнімнің негізгі түрлерінің бірі. Сандықтау орта мектебінде өлкетану мұражайы бар; кенттің құрылу тарихы, бұл өлкенің белгілі адамдары әлі есінде жүрген байырғы тұрғындар бар. Сандықтау таулары экотуризмді дамыту үшін қолайлы. Тамаша табиғат ландшафтары, жануарлар мен өсімдіктер әлемінің алуан түрлілігі, экологиялық қолайлы аудан жақсы туристік өнім ретінде пайдаланыла алады. Шиши аралдық тауларының әлем-жәлем кескіндері, тағы табиғаттың адам қолының тимегендігі, тек осы ауданға ғана тән өсімдіктердің сирек түрлері экотуристерді қызықтыруға қолайлы, ал Түкті су құламасының жартасты тік беткейлері – экстремалды туризмнің дамуы үшін табылған олжа. Сандықтау ауылында туристерге қызмет көрсету үшін «СВТ-топқа» топтасқан (экологиялық бірлестік) адамдардың бастамашыл шығармашылық тобы бар. Сондай-ақ экотуризм мен экстремалды туризмді дамыту үшін іске дұрыс жол тапқан кезде өте үлкен материалдық шығындар қажет емес, бұл алдағы уақытта Сандықтау ауданы да туризмнің үлкен перспективаларына үміт береді [5].

Облыс туристік бизнесті дамытуға аса қолайлы аумақты алып жатыр. Демалыс аймақтарының индустриалды көп орналасқан өңірлердің жақын болуымен байланысты ыңғайлы географиялық орналасуы бар. Бірегей табиғи-климаттық жағдайларымен – жартасты таулардың, қарағайлы орманның, ыңғайлы жағажайы бар көлдердің, «Бурабай» курорттық аудандарындағы көлдердің, Жөкей, Қатаркөл, Майбалық, Үлкен және Кіші Шыбыш өзендерінің тынығуға арналған аймақтарының тамаша үйлесімділігі бар ландшафттың сұлулығымен ТМД мемлекеттерінің ең белгілі курорттарымен бәсекелесе алады. Облыс аумағында «Бурабай», «Көкшетау» Мемлекеттік ұлттық табиғи парктері, сондай-ақ бүкіл Еуро-Азия континентінде бірден-бір жерлердің бірі болып табылатын халықаралық мәндегі Қорғалжын қорығы бар. Щучье-Бурабай курорттық аймағы – бұл керемет табиғи-климаттық жағдайлары, бай емдеу-тынығу ресурстары мен тарихи-мәдени қоры, Республиканың орталығындағы географиялық Қазақстан Республикасының елордасы Астана қаласына жақын орналасуы бар курорттық жерлер. Болашақта оның Еуразияның ірі қазіргі заманғы орталығы болуын күтудеміз. Мұнда іскер, әлеуметтік-мәдени, ғылыми-білім беру, сондай-ақ ойын-сауық мәніндегі объектілер салу жоспарлануда. Курорттық аймақтың алдағы уақыттағы дамуына шетел капиталын

қызықтыру үшін инфрақұрылымның дамуына көп көңіл бөлінуде. Жаңа жолдарды салу, әуе хабарламаларын ашу, тұрақты сумен және энергиямен қамсыздандыру бойынша іс-шаралар әзірленді. Осы шаралар тұруға, белсенді демалуға және туристердің қарым-қатынас жасауына арналған ғимараттар мен мекемелер салуға қаржы салу үшін жағдай жасауды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ қолайлы инвестициялық климат жасау, отандық және шетел инвестицияларын қызықтыру мақсатында аумағында туристік ойын-сауық орталығын дамыту перспективасы бар «Бурабай» арнайы экономикалық аймағы құрылды. Туристік ойын-сауық орталығы - әлеуметтік жоба: ойын үй-жайларын ауыстыру осы ауданның инвестициялық климатын жандандыруға, қосымша жұмыс орындарын құруға, салық түсімдерін арттыруға, сондай-ақ ілеспелі инфрақұрылымның дамуына мүмкіндік береді. Щучье-Бурабай курорттық аймағының дамуына ойын бизнесі дамытылатын арнайы бөлек алынған екі орталықтың біреуінің орналасуының анықталғаны септігін тигізеді. Жалпы, облыс өңірдің экономикасынының дамуына инвестицияны, оның ішінде халықаралық туристік бизнесті қызықтыру үшін бай әлеуетке ие, оған қоса қазіргі таңда рекреациялық туризмді дамыту кеңінен қолға алынылып жатыр.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Титова М.А. Экономические основы развития туризма Акмолинской области. // Валихановские чтения – X: Сб. Матер.междунар.науч.-практ.конф. Кокшетау, 2005.
2. Титова М.А. Потенциал и перспективы развития экологического туризма в Акмолинской области //Вестник КазНУ. Серия географическая. 2005. №1. 103-106 бет.
3. Титова М.А. Перспективы развития туризма Акмолинской области // V-Сатпаевские чтения : Сб. Матер. Республиканской науч.-практ.конф. Павлодар, 2005.
4. ҚР-да туризмді дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы.
5. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары.

### Резюме

**Ж.К.Пирмакова,** *магистрант 2 курс,* **Н.Н.Карменова**, *к.г.н.,профессор*
*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

**Перспективы развития туризма в Акмолинской области**

В этой статье рассматриваются привлекательные места Акмолинской области. Перспективность Бурабая заключается во всесезонности отдыха. Погодные условия и природный ландшафт, культурно-историческое наследие региона, а также транспортная доступность создают предпосылки и стимулы для отдыха в Бурабае вне зависимости от времени года. По плану, на отдых в Бурабае к 2020 году должно приехать около одного миллиона человек.

**Ключевые слова:** Туризм, рекреация, турист, Бурабай, курорт, экотуризм.

### Summary

**Zh.K.Pirmakova,** *2 undergraduate course,* **N.N.Karmenova**, *Candidate of Geographical sciences., Professor*
*(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

**Prospects for the development of tourism in Akmola region**

The article deals with the sightseeing of Akmola region. Prospects for the development of tourism in Akmola region. The prospect of Burabay is in year-round recreation. Weather conditions and natural landscape, cultural and historical heritage of the region, as well as accessibility create conditions and incentives for holidays in Burabai regardless of the time of year. According to the plan, to rest in Burabai 2020 should arrive about one million people.

***Keywords:*** Tourism, recreation, tourist, Burabay resort, ecotourism.

**ӘОЖ 911.2: 551.4**

# МИНЕРАЛ АГРЕГАТТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ

**М.Е.Тоқсабаева**, *магистр, оқытушы*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Мақалада табиғатта кездесетін процестердің нәтижесінде түзілген, физикалық қасиеттері мен химиялық құрамы тұрақты кристалдық зат минералдың пайда болуы және минералдардың жаралуының түрлері (эндогенді, экзогенді, өтпелі бөлік минералдары) қарастырылған. Минерал агрегаттары және оның морфологиясы, физикалық химиялық қасиеттері сипатталған. Минералдар таужыныстарды, яғни жер қыртысы деп аталатын минералдық ортаны құрайды. Таужыныстар – минералдардың белгілі бір құрамды және құрылымды тұрақты парагенезистік ассоциациясы (қосылыстары).

***Түйін сөздер:*** минерал, минералогия, минерал агрегаттары, мономинерал, полиминерал

*Минерал* – геологиялық процестер нәтижесінде түзілген, физикалық қасиеттері мен химиялық құрамы тұрақты кристалдық құрылымдарының табиғи химиялық қосылыстары.

Минералдар табиғатта пайда болуы түрліше болады. Оларға минерал бөлшектердің (элементтердің) шамасы (концентрациясы) температура, қысым, айналадағы әртүрлі тау жыныстарымен әрекеттесуі жатады. Қатты зат болып табылатын минералдар сұйық, газ және қатты фазалар түрінде кездесетін заттардан кристалданады. Мысалы: өте ыстық зат болып табылатын магманың суынуынан түзілген минералдық агрегаттар магмалық түйірлі тау жыныстарын құрайды. Минералдар жер астында, жердің беткі қабатында, су қабаты - гидросферада дамиды.Минералдардың даму көзі - жер қыртысы болып табылады. Ол шамамен (16-25) тереңдіктері зерттелген [1].

*Минералогия* – жаратылыстану ғылымдары әлеміндегі, геологиялық пәндердің көне негізгісі, ол минералдардың құрамын, құрылымын, қасиеттерін, жаралу жағдайларын, таралу заңдылықтарын және практикалық маңызын зерттейді.

*Минералдардың жаралуы негізгі үш топқа бөлінеді:*

*Эндогенді минералдар* - Жер қыртысының терең бөлігінде жаралады. Онда үнемі магма әсері байқалып отырады. Магма-сұйық, ыссы, балқыған күйдегі силикаттық зат деп саналады. Оның құрамындағы әртүрлі элементтер, тотықтар, ұшпалы заттар (фтор, хлор, су, көмірқышқыл т.б.). Жоғары температура және үлкен қысым басымырақ. 20-25 км тереңдіктегі тау жыныстары қатты болып келмейді. Силикатты қоймалжың массалы болады. Бұл зат магма деп аталады. Ал магмалы жер қыртысын магмалық деп атайды. Магма бөлігінде $1500^0$ С тан асады және өте жоғарғы қысым аймағы болады. Бұл процестерді эндогенді деп аталады.

*Экзогенді минералдар* - Жер қыртысының жоғарғы бөлігімен байланысты. Мұнда төменгі температура мен төменгі қысым сипат алады. Жер бетіне жақын орналасқан және жер бетінде жатқан минералдар және магмалық тау жыныстар өзгерістерге ұшырайды. Желдің әсерінен, температура мен қысымның әсерінен, су және химиялық агенттер (О, $H_2O$, $CO_2$) әсерінен. Минералдардың кристалдануы сулы ортада яғни гидросферада судың төменгі бөлігінде диагенез зонасында дамиды. Оған тірі организмдер қатысады, яғни биосфера тірі құрам зонасы. Бұл процесті экзогенді деп атайды.

*Өтпелі бөлік минералдары* - Жер қыртысының өтпелі бөлігін қамтиды. Ол көбінде жер қыртысы мен магмалық бөліктің арасында 6-10 км тереңдікте жер бетімен салыстырғанда орналасқан. Бұл өтпелі бөлігін метаморфтық деп атайды. Мұнда жоғарғы қысым мен жоғарғы температура сипат алады.

Минералдар индивидтер түрінде кездеседі. Әрбір минералдық индивидтер өзінің морфологиясы, ішкі құрылысы, құрамы ерекшеліктерімен ажыратылады. Қазіргі кезде жер қыртысында 2000-нан аса минерал түрлері анықталған. Минералдардың жаралуы эндогендік және экзогендік геологиялық процестер нәтижесінде, бір-бірінен өзгеше бірнеше тәсілмен, негізінен минерал жаралу ортасының сипатымен анықталатын мынадай жолдармен жаралады:

- Табиғи силикат балқыманың (магманың) температурасы оның қатаю нүктесінен төмен түскен кезде кристалдану жолымен;
- Минералдық заттардың шынайы немесе коллоид ерітінділерден түзілуі арқылы, бұл ерітінділер ыстық (гидротермалық ерітінділер, олардан көптеген руда минералдары жаралады) немесе салқын (мысалы; тұзды көлдердің ерітінділері) болуы мүмкін;
- Диффузиялық процестер нәтижесінде қатты заттардың әртүрлі түрлену жолымен;
- Минералдардың газ тәрізді күйден тікелей кристалдану жолымен, мысалы; жанартау кратерлерінің қабырғасында күкірттің жанартаулық газдардан кристалдануы.

Көптеген минералдық түрлердің 70-ке жуығы ғана кең таралған, олар негізінен таужыныстар құрамына кіретіндіктен таужыныс жасаушылар деп аталады. Қазіргі кезде минералдар кристаллохимиялық принцип, яғни, кристалдық құрылымы мен химиялық құрамы ерекшеліктерінің негізінде типтер мен кластарға жіктеледі, мысалы: сомтума, сульфид, оксид, карбонат, галоид, силикат және т.б.

*Минерал агрегаттары*-жаралуы бірдей бірнеше минералдар жиынтығы.

Құрамы бойынша агрегаттар мономинералды (моно-біреу) және полиминералды (поли-көп) болып келеді. Кристалды дәрежесі бойынша: анық кристалды, жасырын кристалды және аморфты болып ажыратылады. Кеңістікті толтыру дәрежесі бойынша: қопсық және тығыз болып кездеседі. Минерал агрегаттарының басты типтеріне; түйірлі агрегаттар, друзалар, дендриттер, тасшемен, тасберіш, сауысты агрегаттар, оолиттер, жер тәрізді масса және т.б. жатады [2].

*Минерал агрегаттарының морфологиясын анықтау.* Түйірлер шекарасы көрінетін агрегаттар анық кристалды болып табылады. Жасырын кристалды агрегаттарда түйірлер шекарасы көрінбейді. Тығыз агрегаттарда түйірлер қысылып жанасады және бір-бірімен берік өседі. Қопсық агрегаттар қолға жұғады, сырттан қысым түскенде шашырап кетеді. Оларға мынадай терминдер жиі қосылады: күйе тәрізді (қара), ұн тәрізді (ақ), жосалы (тот басқан қоңыр). Белгілі бір ғана минерал түйірлерінен тұратын агрегат *мономинералды* (мәрмәр), ал агрегат бірнеше минералдардан құралса *полиминералды* (гранит) деп аталады. Түйірлі агрегаттар түйірлер өсуінің жиынтығы. Мысалы, кез келген таужынысы немесе кен. Түйірлі агрегаттарда көп немесе аз изометрлі түйірлер кездеседі. Агрегаттар түйірлер пішініне қарай ажыратылады: қабыршақ түйірлі, жапырақша түйірлі, пластина түйірлі. Түйірлер бағыты белгілі бір роль атқарады, мысалы, параллель бағаналы, серіктес талшықты, желпуіш тәрізді, сәулелі тарамдалған агрегаттар. Өлшемі бірдей түйірлерден құралған агрегаттар *біркелкі түйірлі*, ал әр түрлі түйірлі агрегаттардан құралса *әркелкі түйірлі* деп аталады. Біркелкі түйірлі агрегаттар ішінде түйірлердің абсолюттік өлшемі бойынша бөлінеді: зор түйірлі (түйір өлшемі 20 мм-ден артық), ірі түйірлі (түйір өлшемі 5 мм 20 мм-ге дейін), орта түйірлі (түйір өлшемі 1мм-ден 5мм-ге дейін), ұсақ түйірлі (түйір өлшемі 1 мм-ден аз).

*Друзалар* **-** бір тұғырда қырланып өскен кристалдар. Кристалдану кезінде әкелінетін ерітінділер бос кеңістікте пайда болады. Друзалар үшін аралас таужыныстары минерал өсетін жоғары беті белгілі болуы тән. Бір уақытта бірге өсуде «геометриялық талдау»

туындайды: жақтары жоғары қарай өсуге бағытталған кристалдар, біртіндеп өлшемі бойынша азаяды, содан кейін олардың өсуі тоқтайды. Друзалар кварц, кальцит, турмалин, берилл, флюорит, пирит кристалдарына тән.

*Щеткалар* - друзалар кристалл өлшемдерінің кіші болуымен (см-ге дейін) ажыратылады.

*Дендриттер* - ағаш бұтағы тәрізді агрегаттар (ағаш тәрізді). Қаңқалы пішінінен айырмашылығы бөлек кристалл индивидтерінен тұратын, бір-бірімен параллель немесе қосақталған жағдайда өседі.

*Тасшемен (секреция)* - коллоидты немесе кристалл заттармен толтырылған, концентрлік зонада орналасқан, дөңгелек немесе бұрыш пішінді жаралым. Тасшемен таужыныстарының қуыстарын және жолақтарын минералдық заттармен қуыстың шетінен ортасына қарай толтыру нәтижесінде жаралады.

*Жеодалар* **-** кремнезем тобы минералдары (халцедон, кварцпен, опалмен) жолақ агрегаттары немесе концентрлі зоналармен, сонымен қатар төмен температуралы минералдар: кальцит, цеолиттер, марганец, темір гидроксидтерімен толған.

*Тасберіш (конкреция)* - шар тәрізді немесе пішінсіз сфералы жаралымдар, кейде ішкі құрылысы күн сәулесі тәрізді тарамдалып, тасшеменнен айырмашылығы тасберіш ортадан шетке қарай өседі. Тасберіш өлшемі мм-ден ондаған см-ге дейін, кейде көлденеңі метрге дейін өзгереді. Тасберіш түрінде фосфорит, питрит, марказит кездеседі.

*Оолиттер* **-** концентратты зоналы қабықшалы, кейде тарамдалған құрылысты шар тәрізді жаралым. Коллоидты ерітінділер және гельдер коагуляция нәтижесінде пайда болады. *Сауысты агрегаттар* -жаңа минерал зонасы түзілген минерал заттарына біртіндеп сауыстану жолымен жаралады. Коллоидты гель есебінде түзіледі. Мұндай агрегаттарға: бүйрек тәрізді агрегаттар,«шынылы бас», тассүңгі, тасқада, қабықшалар жатады. Бұндай жаралымдар өлшемдері әр түрлі болуы мүмкін [3].

*Минералдардың оптикалық қасиеттері.* Минералдардың оптикалық қасиеттері минерал бетінде жарық сәулесінің шағылуынан, минералдарда жұтылуынан байқалады.

*Мөлдірлігі* заттардың өздері арқылы жарық өткізу қабілеті. Ірі кристалдарында бақылау арқылы, барлық минералдар мөлдірлік дәрежесі бойынша төмендегідей топтарға бөлінеді:

1. Мөлдір (тау хрусталі, исланд шпаты)
2. Жартылай мөлдір (сфалерит, киноварь)
3. Мөлдір емес (пирит, магнетит)

*Жылтырлығы* - минерал бетінен шағылысатын жарық бөлігі. Жылтырлығы кірікпе және жарықшақтардан жоғары бетінен шағылысатын минерал сыну көрсеткішіне байланысты. Металша, жартылай металша, бейметалша (алмазша, шынымша, майша, күңгірт, балауыз, жібекше, інжуше) жылтырлықтар бөлінеді.

*Минералдар түсі* - ең айқын көрінетін қасиеттері, ол ең бірінші көзге түсетін анықтау белгілері болып табылады. Түстері әр түрлі және химиялық құрамы, механикалық қоспалары және басқа көптеген себептеріне негізделген.

*Құбылу* - мөлдір және шала мөлдір минералдардың жоғары бетінде немесе жіктілік жазықтығында жарықтың төгілуі. Ол кристалдардың ішкі жақтарынан, жіктілік жазықтығы, басқа минералдардың микроскопиялық жарықтарына негізделген. Лабрадор, опал (Асылтас), ай тас (калий натрийлі дала шпаттары) минералдарына тән. Құбылу - бұл түс лабрадор минералында өзіне тән әр түсті түс алмасуы калий натрийлі дала шпаттарында көгілдір түсі байқалады.

*Құлпырым* - мөлдір емес минералдардың жоғары бетінде әр түсті кемпірқосақ тәрізді болады. Құлпырым - халькопиритте судың бетіндегі төгілген бензин түсі тәрізді жұқа қабықшалар тән. *Түссызығы* **-** бұл минералдардың ұнтағының түсі. Минерал ұнтағын,

минерал сынығын агатты келіде үйкеп немесе зерттеп отырған минералдың үшкір бұрышын фарфор сынығы (бисквит) бетінің күңгірт әйнексіз жағына сызып тексереді.

*Минералдардың механикалық қасиеттері* минералдағы құрылым бірлігі арасындағы химиялық байланыс төзімділігінің сыртқы көрінісімен және оларға механикалық әсер еткенде байқалады.

*Жіктілігі* - минералдардың белгілі бір кристаллографиялық бағытпен жарылу немесе ажырағыш қабілеті. Бұл қасиет минералдың ішкі құрылысымен байланысты.

Жіктіліктің келесі түрлері бар:

- аса жетілген (мусковит, гипс)
- жетілген (галенит, кальцит, флюорит)
- орташа (мүйіз алдамышы)
- жетілмеген (апатит, берилл)
- аса жетілмеген яғни жіктілігі жоқ (кварц, опал)

Минералдардың жарылуы, бөлінуі және қабыршақтануы бетінде жарылып омырылуы *омырылым* деп аталады.

*Минералдардың қаттылығы* - минералдарды сызғанда не қысым түскенде қарсы тұру қабілеті. *Морттылық* - балғамен соққанда немесе өткір пышақпен морт бетін сызғанда минералдың шытынап уатылу қасиеті. Көптеген минералдар морт болып келеді.

*Майырылғыш* - минералды балғамен соққанда жұқа пластиналардың оңай жалпайғыштығы. Морт минералдарға сомтума металдар: алтын, мыс, күміс, халькзин жатады. *Иілгіш* - деформацияланған күш әсерінен минералдардың өз пішінін өзгертуі деформацияланбаған жағдайы күшейткіш алынып өзінің алғашқы орнына қайтып келеді. Серпімді минералға мусковит жатады. *Ерекше қасиеттері.* Минералдардың меншікті салмағы (тығыздығы) минералдардың химиялық құрамына әсер ететін қасиет.

*Магниттілік қасиет* - минералдардың магнитті қабылдауына және өткізуімен сипатталады. Магниттілікті зерттеу үшін еркін айналатын магнит тілімен минералды тексереді. Егер минерал магнит тілін қозғалтса, онда ол минерал магнитті қасиеті бар (магнетит, пирротин). Бұл зерттеумен магнитті қабылдауы, магнитті өткізгіш, электрлік қасиеті анықталмайды. *Электрлік қасиеті* - минералдардың көпшілігі электр өткізгіш және жоғары меншікті кедергіге ие болады. Олар кристаллографиялық бағыттарға, температура және құрамы көбінесе қоспаларына тәуелді болады.

*Дәмі және иісі.* Дәмін және иісін сезу органдары көмегімен анықтайды. Кейбір минералдардың белгілі бір дәмі болады. Мысалы, галиттің дәмі тұзды, сильвин өте тұзды. Ал, басқа минералдар сындырғанда белгілі дәмі шығады. Мысалы, арсенопирит сарымсақ иісін береді. *Минералдардың ерігіштігі* - минералдың ерітіндімен не таза сумен әрекеттесу процесі. Ерігіштігі минералдарды анықтағанда үлкен мәнге ие. Мысалы, кварц суда аз ериді, ал галит және сильвин тез ерігіш. Суда ерігіштігі минералдағы майлы жылтырлығы көрінуімен анықталады. Серпімді, иілгіш сияқты қасиеттер лабораториялық жағдайларда анықталмайды. *Минералдардың ыдырауы.* Көптеген минералдар қышқылмен ыдырайды және олармен ерітіндіге ауысады. Минералдарды анықтау үшін тұз және азот қышқылы сирек күкірт қышқылы қолданылады. Минералдың ыдырауы пипетка және әртүрлі қышқыл көмегімен анықталады, пипеткамен қышқыл тамшысын зерттеп отырған минерал не ұнтағына тамызып көреміз. Тамшының минералға әсерлесу реакциясын байқаймыз. Минерал қышқылмен газ бөлініп қайнайды, мысалы; кальцит минералы тұз қышқылымен реакцияға түскенде қайнайды [4].

*Минерал қаттылығын анықтау.* Салыстырмалы түрде қаттылықты анықтау үшін Моос шкаласы қолданылады, яғни, әрбір минерал өзінен бұрынғы минералдан қатты болады (1-кесте).

Қаттылықты анықтағанда тұрмыстық құралдар қолдануға болады, мысалы, қарындаш (қаттылығы 1- 1,5), тырнақ (2), мыс инесі (2-3), әйнек шынысы (5), болат ине не пышақ (6-7).

1-кесте Минерал қаттылығын анықтау

| **Минерал аты** | **Формуласы** | **Моос бойынша қаттылығы** |
|---|---|---|
| Тальк | $Mg\ _3Si_4O_{10}\ OH_2$ | 1 |
| Гипс | $CaSO_4\ 2H_2\ O$ | 2 |
| Кальцит | $CaCO_3$ | 3 |
| Флюорит | CaF | 4 |
| Апатит | $Ca_3\ (PO_4)_3$ (F, CL, OH) | 4 |
| Ортаклаз | K (Al Si $_3O_8$) | 6 |
| Кварц | $SiO_2$ | 7 |
| Топаз | $Al_2\ (SiO_4)\ (F,OH)_2$ | 8 |
| Корунд | $Al_2\ O_3$ | 9 |
| Алмас | C | 10 |

Қаттылықты анықтағанда келесі үлгімен анықталады: Зерттеп отырған минералды шынымен салыстыра тексеру қажет. Ол үшін минералмен шыныны сызады, егер минерал шыныны сызса, қаттылығы 5-тен жоғары, ал сызбаса 5-тен төмен. Әрбір минерал эталонымен зерттеп отырған минералды сызып көреміз. Минералдар қаттылығы бірдей болса бір-бірін сызады [5].

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тұяқбаев Н., Арыстанов К., Әбішев Б. Жалпы геология. Алматы, 1993.
2. Байбатша А.Б., Г.С.Шакирова. Жалпы геология тірек конспект. ҚБТУ. Алматы, 2004.
3. Бақтығұлов А. Минералогия. Петрография. Алматы: «Қазақ университеті», 1991.
4. Қожахметова З. Минералогия және Петрография. Алматы: «Мектеп», 1989.
5. Машанов А.Ж. «Кристаллография. Минералогия. Петрография» Алматы:«Мектеп», 1969.

## Резюме

**М.Е.Токсабаева**, *магистр, преподаватель*
*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

**Минеральные агрегаты и их свойства**

В статье рассматривается общая физико-химическая характеристика агрегатов и виды агрегатов. Аморфные и высокодисперсные тела в отличие от кристаллических минералов называются минералоидами. За редким исключением минералы — неорганические соединения, однако многие минерологи склонны считать минералы и природные органические кристаллические вещества.

***Ключевые слова:*** минерал, минералогия, минеральные агрегаты, мономинерал, полиминерал

## Summary

**M.E.Toksabaeva,** *master, teacher*
*(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

**Mineral aggregates and their properties**

The article considers the General physico-chemical characteristics of the units and types of units. And highly dispersed amorphous bodies unlike crystalline minerals called mineraloidami. With rare exceptions, minerals - inorganic compounds, but many tend to believe mineralogists minerals and natural organic crystal substances.

***Keywords:*** mineral, mineralogy, mineral aggregates monomineral, Polimineral

**ӘОЖ.332.33:6360.83.314(574)**

## ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ АРАСЫНДАҒЫ САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРДЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

**Ш.Т.Юлдашева**, *магистрант,*
**Ш.М.Надыров**, *г.ғ.д, профессор*
*(Алматы қ., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ)*

***Аңдатпа:*** мақалада Қазақстан мен Қытай арасындағы шекаралық сауданың ерекшеліктерін зерттеудің маңызы артуына байланысты екі мемлекет арасындағы сауда-экономикалық байланыстардың қалыптасу тарихы мен даму тенденциялары және бұл байланыстардағы ШҰАР-ның рөлі қарастырылып, тауар айналымына талдау жасалған. Қазақстан мен Қытай Халық Республикасының экономикалық қатынастарының жаңа тарихы өз бастауын XX ғасырдың 80-жылдардан алады. 1986 жылдың қаңтар айында ҚХР мемлекеттік кеңесі Шыңжан-Ұйғыр автономды ауданымен Кеңес Одағы арасындағы сауда байланыстарын жаңғырту туралы шешім қабылдады.

***Түйін сөздер:*** сауда-экономикалық байланыстар, тенденция, шоп-туризм.

Қазақстан мен ҚХР арасындағы экономикалық қатынастардың бастапқы этапта біршама өсуі байқалады. Егер 1986 жылы Шыңжан мен Қазақстан арасындағы сауда көлемі 3 млн. долларды құраған болса, 1987ж. - 11,8 млн., 1989 ж. - 45 млн. долларды құрады. Бұл сауда байланыстарының егемендікке дейін де кең көлемді болғанын көрсетеді. 1989 жылы Шыңжан мен Қазақстан арасында 1989-1995 жж. арасындағы кезеңге экономикалық, техникалық және сауда келісіміне қол қойылды. Бұл келісімде қарастырылған жұмыстардың өзіндік құны 15 млрд. долларды, ал осы өңірлер арасындағы тауар айналымын 1995 жылда 220-260 млн. долларға жеткізу көзделді. 1991 жылдың шілде айындағы Н.Назарбаевтың ШҰАР-ға сапары барысында «Қазақ КСР мен Шыңжан арасында байланыстардың даму бағыттары мен негізгі принциптері туралы келісімге» қол қойылады. Сонымен қатар, 1991 жылдың 31 шілдесінде Құлжада «шоп-туризмді» көздеген Қазақстан мен ШҰАР арасында келісім орнатылады. Бірақ, Кеңес одағының ыдырауымен бұл келісімдегі шарттар толығымен орындалмай қалды. Сөйте тұрса да, екі жақтың сауда-экономикалық байланыстарды дамытуға қызығушылығы айқын байқалды.

Сонымен, Қазақстан мен Қытай арасындағы экономикалық қатынастардың қалыптасу механизмдері мен принциптерінің негізі қаланған кезеңі ретінде XX ғасырдың 80 жылдарын алуға болады. Осы кезеңде екі жақтың сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық байланыстарды дамытудағы құлшынысы байқалып, Қазақстанның Қытайдағы негізгі серіктесі Шыңжан Ұйғыр автоном районы болатыны айқын көрінген болатын.

*Шыңжан Ұйғыр автономиялық ауданы (өлкесі) (ШҰАР)* – Қытай Халық Республикасының солтүстік-батыс өңіріндегі орналасқан әкімшілік-аумақтық бөлініс жағынан ең ірі автономиялық аумақ. Орталығы – Үрімші қаласы. Халқының саны – 21,8 млн. адам (2010ж.). Халық тығыздығы жөнінен 12,5 адам/км$^2$ – Қытай бойынша 32 орында. Солтүстігінде Алтай таулары арқылы 52 км. Ресей Федерациясымен, шығысында Монғолияның Баян-Өлгей, Ховд аймақтарымен, оңтүстігінде Тибет автономиялы ауданымен, солтүстік-батысында Қазақстан, батысында Қырғызстан және Тәжікстан республикаларымен шектеседі.

Негізгі атауы «Шығыс Түркістан», ал Шыңжан (Жаңа аумақ) атауы 1877 жылы берілген. Еуразия материгінің кіндігінде орналасқан, жер аумағы 1,74 млн. км$^2$ Шыңжан

Қытай аумағының алтыдан бірін құрайды. Шекарасының ұзындығы 5400 км-ден асады. Жері оңтүстігінде әйгілі Такла Макан шөлі мен Куньлун таулары, батысында Тәңіртау, солтүстігі мен солтүстік-шығысында Алтай тауларына жанасып жатыр. Тәңіртаудың оңтүстігінде Тарым, солтүстігінде Жоңғар ойпаты бар. Шыңжандағы 750 астам өзендер ішіндегі ең ірілері Іле мен Ертіс. Қалғандары – Тарым, Қарашәрі, Үліңгір, Манас секілді орташа немесе шағын өзендер. Тауларында 18600-ден астам мұздық бар. Ал 139 көлінің аумағы 1 км$^2$-ге жетеді. Суы тұщы Бағдаш көлінен жылына мың тоннадан астам балықауланады. Боғда көлі теңіз деңгейінен екі мың метрдей биіктікте тұр. Солтүстік Шыңжанда бұдан басқа Сайрам, Қанас сияқты тамаша көлдер бар. Шыңжан құрғақ, жауын-шашын аз, ауа райы құбылмалы өлке. Шыңжанның 38% жері ғана ауыл, орман, мал шаруашылықтарына істетіледі. Егістік жері кісі басына 3,13 мудан (1 га= 15 му) тура келеді. Орманды жер көлемі – 1,978 млн.га. Пайдалануға болатын табиғи жайылымы 51,310 га-дай [1].

Шыңжан пайдалы ресурстарға өте бай өлке. Түрі жағынан саны 139 табиғат ресурсының 26 түрінің қоры жағынан Қытай бойынша алдыңғы бестікке кіреді. Алтайдың алтыны, жақұты, шырымталы әлемге әйгілі. Өлкеде энергетикалық ресурстардың да қоры өте мол. Мұнайдың қоры 20,860 млрд. т., табиғи газдың қоры –10,3 млрд. м$^3$ деп мөлшерленуде. Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) 220 млрд юаньды құрайды [2].

1991 жылдың желтоқсан айында Қытайдың сауда және сыртқы экономикалық байланыстар министрі Ли Ланкин басқарған делегация Орта Азия елдеріне жаңадан қалыптасып келе жатқан нарықтық мүмкіндіктерді зерттеу мақсатында Экспресс-турне ұйымдастырды. 1992 жылдың қыркүйек айында Мемлекеттік кеңес премьері Ли Пэн ШҰАР-ды астанасы Үрімшіде бірінші халықаралық жәрмеңке ұйымдастырды. Бірнеше ай бойы Шыңжандың төрт қаласыда шетелдермен сауданы дамыту үшін бизнесмендер мен инвесторларға әртүрлі жеңілдікдер енгізілді. 1990 жылдарда ҚР мен ҚХР арасында сауда-экономикалық қатынастардың негізгі түрі, жоғарыда аталған «Шоп-туризм» болды.

Бұл қазақстандықтардың ҚХР-на коммерциялық мақсатта барып қайтуы, яғни, ол жақтан арзан бағада жеңіл өнеркәсіп өнімдерін сатып алып отанда оны қымбатқа сату болатын. «Шоп-туризм» кейде туризмнің бір түрі ретінде де бөлінбейді. Дүниежүзілік Сауда Ұйымының (ДСҰ) берген анықтамасы бойынша, басқа бір жерге барып, ақылы жұмыспен айналыспайтын кез келген адам саналады. Екі ел арасындағы бірінші 20 жылдағы экономикалық байланыстарды қарастырып отырып, сандық және сапалық жағынан жақсарып келе жатқанын қорытындылауға болады. 1980 жылдардан басталған мемлекеттер арасындағы экономикалық өзара әрекеттер механизмінің барлығының дерлік мемлекеттік құрылымдар арқылы өткені көрінеді. Ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың басымдылығы бұл кезеңнің негізгі ерекшелігі болып табылады. Ал осы 80-жылдардың ортасынан бастап екі мемлекеттің экономикалық ынтымақтастыққа ұмтылысын тауар айналымының өсуінен байқауға болады.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ-қытай экономикалық байланыстарының жаңа кезеңі басталады. Осы кезеңнің басы мен 90 жылдардың ортасына дейін екі ел арасындағы экономикалық әрекеттестік толық либералдылық пен басқару құрылымдарының әлсіз болуымен, соңына қарай тауар-экономикалық ынтымақтастықтың белгілерін сандық және сапалық тұрғыдан екі жақты қатаң бақылауға алуымен сипатталады.

Байқап отырсақ, экономикалық көзқарас бойынша бұл әрекеттестіктен Қытай, әсіресе, Шыңжан Ұйғыр автономиялық ауданы көбірек пайда алды. Қазақстанда тоқыма және жеңіл өнеркәсіп тауарларына сұраныстың және ыңғайлы факторлардың болуы ШҰАР-да өнеркәсіп пен инфрақұрылымның дамуына себеп болды. Бұдан басқа, Орта Азия, соның ішінде, негізінен Қазақстаннан шикізатты импорттау арқылы Шыңжан өзінде өңделген ресурстарды сыртқа шығару мүмкіндігін күшейтті және ел экономикасына

айтарлықтай үлес қосты. Қазақстанға тиген пайдасына келсек, Қытаймен ынтымақтастықтың арқасында еліміз тауар тапшылығын азайтуға, қазақстандықтарды біршама жұмыс орны және тұрақты жалақымен қамтамасыз етуге мүмкіндік алса да, экономикаға келген табыс мөлшері айтарлықтай көрінбеді. Дегенмен, бұл кезеңнің басында болған мәселелердің көбі шешімін таппаса да, сауда-экономикалық байланыстарды реттеу механизмі жетіле түсті.

Сонымен қатар, Қазақстан Қытайдың ШҰАР-дан басқа өңірлерімен де экономикалық байланыстарды орнатуға кірісті. 2000 жылдың бірінші жартысында Орта Азия елдеріне, соның ішінде, Қазақстанға экономикалық ену Қытайдың сыртқы саясатының негізгі элементі болды. Бұл, негізінен, Қытай капиталы негізінде көптеп кәсіпорындардың пайда болуы, осы елдерде ірі экономикалық және инфрақұрылымдық жобалардың құрылуы арқылы жүзеге асты.

2000 жылдардан кейін Қазақстан-Қытай экономикалық байланыстарының дамуында бірнеше тенденциялар байқалады:

- Бірге жаңа жобаларды жүзеге асыру;
- ҚХР-ның Қазақстанмен энергетикалық байланыстарды дамытуға көп көңіл бөлуі;
- Сыртқы сауда операцияларның көлемінің ұлғаюы және Қазақстанның сыртқы сауда балансының жақсаруы.

Осы кезеңнің ірі біріккен жобаларына төмендегілерді жатқызуға болады:

- 2003 жылы Қазақстанның батысында ұзындығы 448,8 км, өткізу қуаты жылына 12 млн. тонна Кенқияқ-Атырау құбыр жолының қолдануға берілуі. Бұл салыну туралы меморандум 1997 жылы «Батыс Қазақстан-Қытай» мұнай құбырының бір бөлігі болуы тиіс;
- 2003 жыл мамыр айы – CNPC компаниясы «CNPC Ақтөбемұнайгаз» өндіріс орнының мемлекетке тиесілі акцияларын (25,12%) 150,2 млн. долларға сатып алып, компанияның жалғыз иесі болды;
- 2003 жыл тамыз айы – CNPC Сауд Арабиясының Nimir Petroleum Ltd. компаниясынан солтүстік Бозащы жобасының 35%-ын алды;
- 2004 жыл 17 мамыр – Нұрсұлтан Назарбаев пен Ху Цзинтаоның Атасу-Алашанькау мұнай құбырын салу туралы арнайы келісімге қол қойды;
- 2005 жылы Қытай компаниялары Қазақстан мұнай активтерін алуды жалғастырып, сәуір айында CNODC компаниясы «Айдан мұнай» АҚ-ның жалғыз акционері болды.

Мұндай жобалар осы кезеңнің соңына дейін көбейіп, Қытай бизнесмендерінің Қазақстанға қызығушылығының жоғары екенін көрсетті. Бұл кезеңнің ірі жобаларын қарастыра отырып, олардың біріккен жобалар деп аталса да, негізінен Қытайдың Қазақстан мұнайына ие бола бастаған кезеңі екенін байқауға болады. 2000 жылдан бастап Қытай ірі өнеркәсіп пен инфрақұрылымға көңіл бөле бастады. 2004 жылдың қыркүйек айында Трансқазақстан теміржолы магистралі туралы келіссөздер басталып, құрылысы жайлы меморандумға 2005 жылы қол қойылды. Осы айда China National Gold Group Association компаниясы мен «Қазақалтын» (Kazakhaltyn Mining Co. Ltd.) кен өндіру концерны Қазақстанда алтын өндіру бойынша бірігіп кәсіпорын құру туралы келісімшартқа қол қойды.

Қытайдың энергетиктері Екібастұзда жаңа ГРЭС салуда да шетте қалмай, 2006 жылдың желтоқсанда қытайдың Гуандун ядролық энергетикалық корпорациясы (China Guangdong Nuclear Power Holding (CGNPC)) мен қазақстандық «Казатомпром» стратегиялық қызметтестік туралы келісім түзді. Олардың арасында қытайлық АЭС үшін ядролық отын және ҚХР дамып келе жатқан атом энергиясын ресурспен камтамасыз ету үшін 2007 жылдың мамырында стратегиялық қызметтестікті тереңдету мен кеңейту келісіміне қол қойылды. 2007 жылы тамызда ҚХР председателі Ху Цзиньтао Қазақстанда сапарымен болып қайтты. Ал 2008 жылдың сәуірінде ҚР премьер министрі Кәрім

Масимовтың Қытайға сапары кезінде «Қазақстан мен Қытай арасындағы шикізаттық емес сектордағы әріптестік программаларын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспарына» қол қойылды [3]. 2010 жылы ҚХР-ның председателі Ху Цзиньтао Қазақстанға келіп 5 пункттен тұратын «Қазақстан-Қытай арасындағы стратегиялық әріптестікті дамыту» туралы ұсыныс жасады.

Ал, 2011 жылдың ақпан айында Қазақстан президенті Н.Ә.Назарбаев Қытайға сапар шекті. Елбасы екі жақты байланыстарды дамыту барысында жеткен жетістіктерді жоғары бағалап, екі ел лидерлері Қазақстан-Қытай әріптестік байланыстарын жаңа сатыға шығаруға үлес қосатындығын жариялаған болатын.Қазіргі күнге дейін жоғарыдағы келісімдер негізінде жүзеге асқан көптеген жобаларға өзіміз куә болып келеміз.

Бүгінгі күнде Қытай мен тауар айналымы көлемінен Қазақстан Ресейден кейінгі 2-орында (ТМД және Шығыс Еуропа елдері арасында). Кедендік статистиканың мәліметтері бойынша айналым көлемі 2002-2007 жылдар аралығында 1,3 млрд. АҚШ долларынан 9,1 млрд., ал Қытай интернет орталықтарының деректері бойынша тауар айналымының көлемі 1994-2004 жж. аралығында 336 млн.-нан 4,498 млрд. АҚШ. долларына дейін өсті. Екі ел арасындағы тауар айналымы жыл сайын 60% өсуде. Бұл көрсеткіш 2008 жылы 17,55 млрд. доллар, ал 2010 жылы 20,4 млрд. долларды құрады. Сыртқы сауда айналым көлемі 2003 жылы 3,2 млрд. доллар, 2005 жылы – 6,81 млрд., 2007 жылы- 13,8 млрд. долларды құрады. *2010 жылдың қаңтар-қараша айларында Қазақстанның сыртқы сауда бойынша жағымды сальдосы 28,8 млрд. доллар,* Қазақстанның сыртқы сауда айналымы 2012 жылғы қаңтар-қыркүйек айларында 101657,8 млн АҚШ долларын құрап, 2011 жылғы қаңтар-қыркүйек айларымен салыстырғанда 10,9% артты [4].

2012 жылдың шілде айында өткен Қазақстан-Қытай сауда-экономикалық ынтымақтастық бойынша комитетінің алтыншы отырысында 2017 жылға дейін екі ел арасындағы тауар айналымын 40 млрд. АҚШ долларына дейін өсіру мақсаты қойылған болатын. Осы кезеңде Астана мен Бейжін арасындағы тауар айналымы шамамен 9 млрд. АҚШ долларын құрап, күн санап өсуде. Бұл өсім негізінен мұнай өнімдерін сатуға байланысты қолға келуде. Бір жарым млрд. халқы бар Қытай мемлекеті Қазақстан мұнайының ең негізгі сатып алушылардың бірі болып есептеледі. Бұл үрдіс ел ішіндегі өндірісті әртараптандырып, сапалы дайын өнім шығаруды дамытқанша жалғаса бермек.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1.Описание Чжуньгарии и Восточного Туркестана в древнем и нынешнем состоянии, пер. с кит. [Н.Я.Бичурина], ч. 1, СПБ, 1829.

2.Китай глазами Казахстанцев. Под редакцией Б.К.Султанова. Алматы, 2012.

3.http://kz.china-embassy.org

4.http://www.stat.kz

**Резюме**

**Ш.Т.Юлдашева**, *магистрант,* **Ш.М.Надыров**, *д.г.н., профессор*
*(Казахский национальный университет имени аль Фараби)*

**Тенденции развития казахстанско-китайских торгово-экономических отношений**

В данной статье расматриваются тенденции развития казахстанско-китайских торгово-экономических отношений. Китай является одним из крупнейших торговых партнеров Казахстана. Роль Китая в мировой экономике и глобальной политике растет.

***Ключевые слова:*** торгово-экономические связи, США, тенденция, шоп-туризм.

**Summary**

**Sh.T.Yuldasheva,** *undergraduate,* **Sh.M.Nadyrov,** *Doctor of Geographical Sciences, Professor*
*(al Farabi Kazakh National University)*

**Trends in the development of Kazakh-Chinese trade and economic relations**

The article deals with the development tendency of Kazakh-Chinese trade in economical relations. China is one of Kazakhstan's largest trading partners. The role of China in the global economy and global politics has steadily increased.

***Keywords:*** trade and economic ties, the United States, a trend shop-tourism.

**ФИЗИКА, МАТЕМАТИКА, ИНФОРМАТИКА**
**PHYSICS, MATHEMATICS, COMPUTER SCIENCE**

**ӘОЖ 621.11.24.**

# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖЕЛ ЭНЕРГЕТИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТІЛЕРІ ЖӘНЕ ЖЕЛ ЭНЕРГЕТИКАСЫНЫҢ ДАМУЫ

**Қ.А.Шампанова**, *4 курс студенті*
**А.Қ.Ершина**, *ф.-м.ғ.д., профессор*
**А.С.Көпенбаева**, *магистр, аға оқытушы*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Мақалада қазіргі кездегі электр энергиясының тапшылығына байланысты энергия көзін тиімді әрі артық шығынсыз жылдам өндіруге қол жеткізуге болатын мәселелер қарастырылды. Жел энергиясын өндіру Елімізге тән табиғи құндылықтары көрсетіліп, электр энергиясының тапшылығының алдын алу жолдарының бірі екендігі дәлелденген. Сонымен қатар елімізде өтетін ЭКСПО-2017 көрмесінің «Болашақ энергия» атты тақырыбына сай осы жұмысты соңына дейін жеткізудің маңыздылығы қарастырылған.

***Түйін сөздер:*** ЭКСПО, желкенді, жел жылдамдығы, Қазақстанның бірінші жел атласы.

Біздің республикамыздың көптеген шаруашылықтары автономды электр энергиясының көздерін, соның ішінде кез-келген регионда ресурсы үлкен жел энергиясын пайдалануға қызығушылық танытуда. Ол электр энергиясының жүйелерінен кейбір шаруашлықтардың қашық орналасуына, жұмыстарының экспедициялық сипатта болуына және отын энергетикалық ресустарды таратудағы нарыққа тәуелді болмау себептерінен туындап отыр. Жел энергетикасының дамуына байланысты жаңа жұмыс орындары, жаңа ғылыми бағыттар пайда болады. Электр энергиясы еліміздің түпкір-түпкірінде орналасқан қазақстандықтарға жайлаудағы, қыстаудағы мал шаруашылығына, альпинистерге жеткізіледі. Жылдан жылға электр энергиясының құны арзандайды электр энергиясына зәрулік жойылады. Болашақта көптеген әлеуметтік мәселелер шешіледі. Энергия көздерінің экологиялық жағынан таза, әрі құны қымбат емес бәсекеге қабілетті түрі әртүрлі энергия көздерімен салыстырғанда көптеген артықшылықтары бар жел энергетикасы арқылы жүзеге асады. Жел энергетикасына сүйене отырып мемлекеттік «Ауылды көтеру бағдарламасын» шешуге болады; еліміздің әрбір алыс тұрғын аудандарында автономды энергия көздері болады; ол ауыл шаруашылығының өркендеуіне, қарапайым ауыл адамдарының күнделікті еңбектерін жеңілдетуге әсер етеді. Жел энергетикасының негізгі аргументі экономикалық тиімділігі және жел электр энергиясын өндірудің автономиялылығы.

Жел энергетикасын дамытудың әлеуметтік аспектісіне төмендегідей мысалды келтіруге болады. Мысалы, Қазақстанда 1млн. тонна көмірді өндіріп ЖЭС-на пайдалану барысында 4 шахтердің өмірі қиылып отырған. Немесе атом электр стансасын, көмір шахталарын салғанда сол жерге жұмысшылардың тұрғын үйі де салынды. Станция, шахта жабылған кезде адамдар жұмыссыз қалады. Оларды көшіру, жұмыспен қамтамасыз ету, үлкен қаражатты қажет етеді. Әсіресе ТЭС (ГРЭС), АЭС-те істейтін жұмысшылардың денсаулығын ерекше айтқан жөн; Чернобыль атом апатының қызметкерлері әлі күнге дейін ақшалай көмектерін толық көлемде алған жоқ, ал экологиялық агрессивті қоршаған ортада тұрып жатқан қарапайым адамдар (Арал, Байқоңыр, Семей, т.б.) еске де алынбайды.

Осы әлеуметтік мәселелер қазіргі заманғы энергетиканың алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі [7].

Біздің елімізде «Қазақстан Республикасындағы жел энергетикасының дамуының Ұлттық бағдарламасы концепциясының» проекті қабылданды. Бұл концепцияны жасауға:
1) Үкіметтің 25 тамыз 2003 жылы 857 номерлі «Жел энергетикасының дамуы» Үкімі;
2) Қазақстан үкіметі мен – Біріккен Ұлттар Ұйымның даму бағдарламасының «Қазақстан жел энергетикасының нарығы дамуының инициативасы» атты 2004 жылы қол қойылған біріккен Жобалық құжаты негіз болды.

Жел энергетикасын дамытудың Ұлттық бағдарламасының негізгі мақсаты Қазақстанның жел потенциалы экономиканың энергосыйымдылығын төмендету қоршаған ортаны және органикалық отынның жаңартылмайтын қорларын сақтап және Қазақстан Республикасының климатының өзгеруі туралы БҰҰ-ның рамкалық Конвенциясын, ҚР-ның «Энергияны үнемдеу, Электр энергетика туралы» заңдары, 2010 жылы аралығына және болашақта 2015 жылы Қазақстан Республикасының электр энергетикалық жүйесінің дамуының Мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстанның 2015 жылға дейінгі индустриалды инновациялық дамуы стратегиясында елдің орнықты экологиялық, экономикалық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ету үшін электр энергияны өндіруді қолдау болып табылады.



1-сурет. Жел электр станциясы

Жел энергетикасының дамуының Ұлттық бағдарламасының міндеттері:
1) Қазақстанның жел энергетикалық потенциалын бағалау;
2) Жел энергетикасының дамуының нормативті құқықтық базасын және мемлекеттік саясатын қалыптастыру;
3) 2020 жылға дейінгі жел энергетикасының даму жоспарын жасау және іске асыру;
4) Жел энергетикасының ғылыми-техникалық және өндірістік базасын сонымен қоса, жел машина жасау саласын.
5) Жел энергетикасының даму саласындағы халықаралық серіктестік.

Қазақстанның барлық аймақтарына қатысты сұрақтардың бірі- қашықтағы ауыл тұтынушыларын энергиямен қамтамасыз ету болып табылады. Қазақстанның айтарлықтай үлкен территориясы және селолардағы тұрғындардың тығыздығының аздығы, сирек орналасуы электр энергиясын тасмалдау үшін, жуықтап алғанда 360 000 км құрайтын электр желілерін тартуға тура келеді. Үлкен қашықтықтағы электр желілері арқылы электр энергиясын тасымалдағанда, электр энергиясы құнынан елеулі түрде 50% артады. Сарапшылардың бағалауы бойынша алыстағы тұтынушылар үшін электр энергияны тасмалдаудың нақты құны 5 цент /кВт сағ-қа дейін жетуі мүмкін, бұл қашықтағы аздаған

тұтынушыларды энергиямен қамтамасыз етуді тиімсіз етеді. Қашықтағы тұтынушыларды энергиямен қамтамасыз етудің экономикалық альтернативасы жаңарып тұратын энергетика көзі болып табылады.

Электр энергиясымен объектілер мен қоршаған ортаның ластануы туралы мәселе өз алдына бөлек. Көмірлі энергетикаға сүйену тұрғындардың денсаулығына және қоршаған ортаға зиян келтіреді. Қазақстандағы көмір жағатын электр станцияларының түтінді газдарындағы зиянды заттардың концентрациясы халықаралық стандарттардан бірнеше рет асып түседі. Электр станциялардың атмосфераға бөлетін зиянды заттар қалдықтары жылына 1 млн. тоннадан асса, ал ластайтын заттардың жалпы көлемі 11 млн. тоннаны құрайды. Сарапшылардың жуықтап бағалаулары бойынша Қазақстандағы көмір энергетикасының қоршаған ортаға келтіретін зияндығы құны 7,7 теңге/кВт сағатты құрап, электр энергиясының өз құнынан асып түседі. Осылайша, қоршаған ортаға көмірлі ЖЭС жасайтын экологиялық әсерін төмендету жайындағы сұрақ өткір мәселе болып табылады.

Жылу электр станциялары Қазақстандағы жану өнімдерін бөлетін негізгі көздердің бірі болып табылады. Бұл сектордың үлесі Қазақстандағы жану өнімдерінің 43% құрайды. 2010 ж. қарай энергосектордың жану өнімдерінің көлемі 1990 жылғы деңгейден асады. Осыған байланысты энергосектордың жану өнімдерінен бөлінетін қалдықтарын азайту қажеттілігі туындауда, бұл генерациялаушы қуаттардың құрылымын диверсификациялау, энерготиімділікті арттыру және энергияның жаңартылатын көздерін қолдануды арттыру есебінен орындалады.

Жел құрылғыларының тимділігін арттыру мен олардың құнын кемітуге байланысты жел энергетикасындағы жетістіктер, жел энергетикасын қолдану масштабтарын және тартымдылығын айтарлықтай арттырды. Қазіргі уақытта әлемнің 60 мемлекетінің электр энергетика саласында ЖЭС бар. Әлемнің 43 елінде жуық арадағы және орташа төтенше перспективасында жүздеген және мыңдаған мВт қуатты құрылғылы жел энергетикасын дамытудың Ұлттық бағдармалары жасалған. Бағдарламаның деректері, ережеге сай, жел энергетикасын құрудың өзіндік бағасын дамытумен қатар жүреді, бұл жергілікті машина жасау зауыттарында жел құрылғыларын жасап және олардың құнын арзандатуға ұмтылумен түсіндіріледі. Казсельэнергопроект жүргізген зерттеулерге сонымен бірге Energieteam (Германия) компанияларының зерттеулеріне негізделген жел энергетикасы жөніндегі ПРООН жобасы аясында Қазақстандағы ірі ЖЭС-ын салу үшін перспективалы аудандарының тізімі әзірленді. ЖЭС үшін аудандар желдің орташа жылдық жылдамдығы жөніндегі метеостанциялардың көп жылдық мәліметтері, Қазақстан территориясын WASP бағдарламасы бойынша Әлемдік жел атласының мәліметтерін және NASA топографиялық моделінің деректерін қолдана отырып, сонымен қатар келесі факторларды ескеріп анықталды.

1. ЖЭС-нан қуатты беруге арналған подстанциялар мен электр тасымалдау желілерінің жақындығы;

2. Жаңа энергокөздерден қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін электр қабылдағыштардың бар болуы;

3. Рельефтің ыңғайлылығы және аймақтың биіктігі;

4. Көлік коммуникацияларының болуы;

5. ЖЭС құрылысын салу мүмкіндігі;

6. ЖЭС құрылысын салуды алдын-ала ойластыру ықтималдығы;

Тегін желдің энергиясын іс жүзінде қолдану перспективасын түсіне отырып, Республика үкіметі бірнеше бағдарлама қабылдады.

1. Қазақстан Республикасы 1995-2000 жылғы сарқылмайтын энергоресурстарды энергобалансқа тарту бағдарламасы.

2. Энергетика Министрлігінің 26.04.1997 жылғы №124 «Энергияның жаңартылатын көздерін меңгеру мен инвестиция тарту саласындағы бірегей техникалық саясатты жүргізу туралы» бұйрығы.

3. 1998ж. Қазақстан Республикасының бюджет туралы заңының 36-бабында қайтымды негізде жаңаратын және дәстүрлі емес энергетиканың дамуына 200 млн. теңге бөлуді қарастырды.

4. Энергияны үнемдеу және Қазақстан Республикасының энергия балансына жаңаратын энергия көздерін тарту жөніндегі Қазақстан Республикасының энергетика, индустрия және сауда Министрлігі 1999 ж. қабылдаған бағдарлама.

Көптеген ғылыми ұжымдар мен жеке тұлғалар, республикадағы жел энергетикалық өндірістің даму маңыздылығын сезініп үлкен талпыныспен жел энергетикасының мәселелерін зерттеумен айналысып, белгілі бір нәтижелерге жетуде (Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы энергетика және байланыс институты, Қазақ энергетика ғылыми зерттеу институты, Ауыл шаруашылық техника, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ЖАҚ «Азияэнергопроектмонтаж» және т.б.). Қазақстандағы жел энергетикалық жобаларды іске асырудың тікелей әрекеттеріне келесілерді жатқызуға болады. 1997 жылы қазанда Алматы қаласында үкімет мүшелері және парламент депутаттарының қатысуымен «Энергияның жаңартылатын көздері бойынша аймақтық іскерлік кездесу» атты халықаралық форум өтті. Оңтүстік Қазақстан облысының Кентау қаласында 2003ж. Үндістан компаниясымен бірге әрқайсысының қуаты 1мВт екі жел станциясын салу жоспарланды. 2005ж. Жоңғар таулары ауданында 5мВт бір (ЖЭҚ) жел электр құрылғысын салу жобаланды. Жоба Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасының қолдауымен іске асады деп күтілуде.

Алматы қаласында 2006ж. 3 ақпанында Қазақстан Республикасының Энергетика және биоресурстар министрлігінде Қазақстандағы жел энергетикасының дамуы жөніндегі жұмысшы топтың біріккен бас қосуы өтті. *Қазақстандағы бірінші жел атласы* Астанада 2009 жылдың 21 қазанында БҰҰ Даму бағдарламасы Ғаламдық экологиялық қор мен ҚР Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің бірлескен «Қазақстан - жел энергетикасы нарығын дамыту бастамасы» атты жобасының аясында Қазақстанның бірінші жел атласының тұсаукесері өтті.

*«Қазақстанның бірінші жел атласы дегеніміз* - таңдап алған жердегі желдің жылдық орташа жылдамдығы туралы ақпарат алуға мүмкіндік беретін интерактивті карта. Соның арқасында электр қуатын алу үшін елдің түрлі өңірлерінде желдің қуатын пайдалану мүмкіндігін анықтауға болады». Жел атласына сәйкес, Қазақстан аумағының 50 мың шаршы метрден астам аумағында айтарлықтай жел әлеуеті бар, оны теориялық тұрғыда жылына 900 мың ГигаВатт - сағат электр қуатын алу үшін пайдалануға болады [6]. Қазақстан Халықаралық көрмелер бюросына 1997 ж. мүше болып қабылданған. Еліміз тәуелсіз мемлекет ретінде 2005 ж. бастап түрлі көрмелерге қатысып келеді.

Еліміздегі аталмыш көрме 2017 ж. 10-маусымы мен 10-қыркүйек аралығында өтпек. Қазақстанда 2017 ж. өтетін көрмеге 100-ге тарта ел, 10-ға жуық халықаралық ұйым және 5 миллионнан астам адам қатыспақ. Халықаралық көрме екі түрлі бағытта өткізіледі. Оның бірі — «Әлемдік әмбебап көрме», екіншісі «ЭКСПО — халықаралық мамандандырылған көрме». ЭКСПО-2017 көрмесі 100 гектар аумаққа орналасып, онда 97 павильон болмақ. Аумақтың көрмеден кейін пайдалануын бірнеше бөлікке бөліп тастадық. Біріншіден, аумақтың бір бөлігі «Болашақ энергиясы» тақырыбы бойынша ғылыми зертхана ретінде пайдаланылады. Екінші бөлігі Конгрестер сарайы ретінде қолданылады, яғни, мұнда елорда ғана емес, Қазақстан Республикасының іскерлік өмір ордасы - бизнес орталықтары болмақ. Аумақтың үшінші бөлігі муниципалды қажеттіліктерге беріледі. Яғни, мұнда түрлі іс-шаралар өтіп отырады, соның ішінде таңдалған тақырып «Болашақ энергиясын» одан әрі дамытуға арналады. 2012 ж. 28 маусымында Астанада «Болашақ энергиясы.

Ғаламшардың тұрақты дамуы» Халықаралық симпозиумы өтті. Симпозиумның басты мақсаты – ғаламшардың назарын Қазақстанның EXPO-2017 көрмесіне таңдалған «Болашақ энергиясы» тақырыбына аудару. Симпозиумға қатысушылар «Энергияны тұтыну және климаттың өзгеруі», «Энергияны үнемдеу, энергияның тиімділігін арттыру» тақырыптары бойынша пікір алысып, тұрақты әрі баламалы энергия көздерін арттыру жолдарына талдау жасады. Таусылмайтын, үнемі жаңарып тұратын энергия көздері ретінде, су, жел, күн, т.б. энергия көздері қарастырылады. Оның өзектілігінің тағы бір қыры - Қазақстанның елорда орналасқан орталық бөлігінде жылына 300 күн бойы Күн нұрын төгіп тұрады. Сондай-ақ, мұнда жиі далалық жел соғады. Сондықтан, аталған аумақ өзін жаңартылған энергия көздерімен толық қамтамасыз ете алар еді. Халықаралық EXPO-2017 Көрмесінің Астанада өткізілуі мемлекет экономикасының, атап айтқанда, туристік кластердің дамуына айтарлықтай импульс береді. Елімізге келетін шетелдік қонақтардың үлкен көпірі туристік саланы жандандырып, ЭКСПО көрмесі қазірдің өзінде орасан қызығушылық туғызуда. Бұл ғылым мен жаңа технологияның дамуына жаңа серпін беретін Қазақстан үшін ірі имиджік жоба. «EXPO-2017 көрмелерінде барлық мемлекеттер өздерінің таңдаулы технологиялық, ғылыми және мәдени жетістіктерін көрсетеді. Олар жаһандық дамудың жаңа күн тәртібін қалыптастырады. Мұндай шараларға барлық құрлықтардан ондаған елдерден миллиондаған адамдар келеді. Астананың бәсекелестік күресте жеңіске жетуі - кездейсоқ емес. Біріншіден, бұл біздің астанамызды әлемдік деңгейдегі оқиғаны қабылдауға лайықты орталық деп танығандық. Екіншіден, Астананы таңдау біздің мемлекетімізге берілген жоғары баға және оның дамуы - бүкіл еуразиялық аймақтың дамуы перспективаларын атап көрсетеді. Үшіншіден, жеңіске біз ұсынған - «Болашақтың энергиясы» тақырыбының өзектілігі көмектесті. Ақырында, бастысы - Астананы таңдау бүкіл қазақстандық халықтың күш-жігерінің жемісіне айналды», - деді мемлекет басшысы Н.Назарбаев. Астанадағы EXPO-2017 көрмесі ҚР елордасының үздік брендтерінің бірі және аса әдемі нысан болады. ЭКСПО ЕҚЫҰ саммиті сияқты таза саяси пиар жоба емес, бұл науқанның Қазақстанға берері көп. ЭКСПО кезінде әлемнің түкпір-түкпірінен келген ең жаңа, заманауи технологиялар көрмеге қойылып қана қоймай, олардың жұмыс істеу принциптері көрсетіледі. Сол арқылы біз жаңа технологияларды көріп, әлемдегі озық технологиялар мен техниканың қай бағытта, қалай дамып бара жатқанына куә боламыз, өз еліміз бен дамыған елдердің арасындағы технологиялық прогрестің айырмашылығын біліп, өз-өзімізді бағамдаймыз.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Парламенті Мәжілісінің жалпы отырысындағы «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдану туралы» заң жобасы бойынша Энергетика және минералдық ресурстар министрі Сауат Мыңбаевтың баяндамасы. М. 1988. с. 63-70.

2. Чжен П.Отрывные течения. М.: Мир. 1972. Т. 1. 299с.

3. Лойцянский Л.Г. Механика жидкости и газа.:Наука, 1987. 904с.

4. Ершина А.К,.Ершин Ш.А, Жапбасбаев У.К. Основы теории ветротурбины Дарье. Алматы: КазгосИНТИ, 2001. 104с.

5. Кнорре Г.Ф., Арефьев К.М., Блох А.Г. идр. Теория топочных процессов.М.Энергия. 1966. 487с.

6. Ершина А.К., Ершин Ч.Ш. «Ветротурбина Бидарье»(конструктивное исполнение и принцип работы), дата подачи патента. 2006 г. 73 с.

7. Ершина А.К., Ершин Ч.Ш., «Вертикально-осевые составные ветро турбины карусельного типа», дата подачи патента: 15.02.2006 г. 40 с.

**Резюме**

**К.А.Шампанова**, *студент 4 курса,* **А.К.Ершина**, *д.ф.-м.н., профессор,* **А.С.Копенбаева**, *магистр, старший преподаватель*
*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

**Социальные аспекты ветроэнергетики Казахстана**

В данной статье сказано, что ископаемые природные ресурсы изо дня в день истощаются. С точки зрения экономики и экологии наиболее целесообразным является использование ВИЭ. А именно, для Республики Казахстан наиболее актуальным является освоение энергии ветра, т.к. обширные пространства нашей страны богаты данным видом сырья.

***Ключевые слова:*** ЭКСПО, парусные, скорость ветра, первый атлас Казахстана

**Summary**

**K.A.Shampanova,** *4th year student,* **A.K.Ershina,** *Doctor of Physical and Mathematical sciences, Professor,* **A.S.Kopenbaeva,** *master, senior teacher*
*(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

**Social aspects of wind energy in Kazakhstan**

In this article it is shown that natural fuel is petting less day by day. From ecological and economical opinion it is letter to use sustainable resources. In Republic of Kazakhstan it is profitable to use wind energy according to vast territories of our country. The wind energy potential of Kazakhstan is much higher than any other sustainable resources.

***Keywords:*** EXPO, sailing, wind speed, the first atlas of Kazakhstan

**УДК 372.3 Х19**

## СПОСОБЫ ОРГАНИЗАЦИИ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ

**М.Еркебаева** , *магистрант 1 курса,*
**Б.С.Ханжарова**, *к.п.н., доцент*
*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

***Аннотация:*** статья посвящена вопросам организации познавательной деятельности учащихся школ. Важным элементом в организации познавательного процесса является поиск наиболее эффективного пути формирования внутренних мотивов самостоятельной познавательной деятельности. Анализ педагогической практики учителей, показывает, что этот путь связан с использованием в обучении учебно-проблемного способа организации решения задач. В истории педагогики не раз принимались попытки создать идеальную систему образования, которая отвечала бы всем требованиям, выдвигаемым к организации познавательного процесса. Но наиболее успешной, на наш взгляд, является система индивидуализированного обучения. Она получила своё распространение в начале XX в. и рассматривается как объективная необходимость учёта индивидуальных различий детей в установившейся, уже традиционной классно-урочной системе.

***Ключевые слова:*** образование, обучение, учебный предмет, учебный план, учебный материал, решение задач, учитель, урок, организация самостоятельной работы.

В начале века она развивалась в трёх направлениях: организация индивидуального режима учебной деятельности; сочетание индивидуального режима и содержания с групповой работой учащихся; организация индивидуальной работы по специально разработанным учебным материалам.

Первое направление нашло своё развитие в «Дальтон-плане»: годовой объём учебного материала разбивался на «подряды», которые состояли из ежедневных заданий. Ученик заключал с учителем «договор» о самостоятельном изучении определённого материала в назначенное время. Материал изучался в предметных кабинетах-лабораториях, где он мог получать консультации учителя по данному предмету. «Дальтон-план» приучал учащихся к самостоятельности, развивал инициативу, ответственность за взятые на себя обязательства, побуждал к поиску рациональных способов выполнения заданий. Второе направление – сочетание индивидуального режима и содержания с групповой работой учащихся – ярче всего нашла своё выражение в «Говард-плане» и «Йена-плане». Основные положения систем: вместо одновозрастных классов –разновозрастные группы, переменные по составу; расписание занятий, выбор учебных предметов зависел от интересов каждого ребенка; учебный материал делился на «отделы», изучение которых, в основном, происходило через индивидуальную самостоятельную работу в сочетании с взаимопомощью в малой группе (4-5 человек); один учитель мог заниматься разными предметами в составе различных групп.

Третье направление можно считать прообразом программированного обучения. Оно представляет собой отход от классно-урочной системы по основным «академическим» дисциплинам; самостоятельное изучение этих дисциплин по специально приготовленным учебным пособиям; прорабатывались эти материалы в индивидуальном для каждого ученика темпе; индивидуальная работа велась в первой половине дня; обучение сопровождалось диагностическим тестированием, которое устанавливало степень приближения ученика к поставленным задачам и выявляло необходимость введения дополнительного и вспомогательного материала; во второй половине дня организовывалась групповая деятельность учащихся для приучения к коллективному труду; группы возникали на основе общих интересов. В наше время используется классно-урочная система обучения, которая предполагает группировку учащихся в классы в соответствии с возрастом и условием знаний, основной организационной структурой является урок; содержания образования в каждом классе определяется учебными планами и программами; на основе учебного плана составляется расписание уроков. Важным элементом этой системы является планирование учебной работы учителем, от которого во многом зависит качество учебных занятий. Существует 2 вида планирования:

1. перспективное – осуществляется в тематических планах, определяются темы уроков, лабораторных работ, экскурсий, намечаются контрольные письменные работы, обобщающе-повторительные и зачетные занятия. Определяется количество учебных часов, отводимых на изучение темы, однако эти планы не детализируются.

2. текущее – заключается в разработке планов, отдельных уроков. Разрабатывая содержание урока, учитель предлагает краткий план беседы, рассказа, лекции; формирует вопросы к учащемуся, задания для самостоятельной работы, перечисляет номера упражнений, определяет способы проверки знаний. Не менее важную роль в организации самостоятельной работы играет подборка учебного материала, т.к. с его помощью мы черпаем информацию содержания обучения. Однако сама по себе информация вне потребности ребенка не имеет для него никакого значения и не оказывает никакого воздействия. Если же информация созвучна потребностям учащегося и подвергается эмоциональной переработке, то он получает импульс к последующей деятельности. Для этого содержание учебного материала должно быть доступно ученику, должно исходить из имеющихся у него знаний и опираться на них и на жизненный опыт детей, но в то же

время материал должен быть достаточно сложным и трудным. Однако нужно отметить, что успешная организация самостоятельной познавательной деятельности учащихся зависит от способа решения задач. Рассмотрим некоторые из них.

Анализ практики использования задач показал, что наиболее распространенным способом организации решения задач является немотивированное требование решить задачи без формулирования учебной цели их решения, когда все сводится к быстрейшему поиску решения и получения нужного ответа, которым и завершается процесс решения.

Лишь небольшая часть учителей указывает, что они всегда формируют цель решения задач. Некоторые учителя не только сами формулируют, но и привлекают к этому учащихся, т.к. считают, что это дает возможность лучше понять задачу, более сознательно ее решить, осознать ее назначение, и тем самым создает условия для лучшего ее усвоения. Этот способ называется *способ целевого требования*. Наконец, совсем незначительная часть учителей не только формулирует цель решения задачи, но строит процесс ее решения, как процесс разрешения проблемы, осуществление цели, и после решения обсуждают с учащимися как была разрешена проблема, осуществлена цель решения. Этот *способ называется учебно-проблемным*.

Таким образом, данные убедительно показывают, что совершенно недостаточно лишь сформулировать цель решения задачи, необходимо весь процесс решения построить как процесс разрешения определенной проблемы. Поэтому, если мы хотим найти наиболее эффективный путь формирования внутренних мотивов самостоятельной познавательной деятельности, то анализ педагогической практики учителей, показывает, что этот путь связан с использованием в обучении учебно-проблемного способа организации решения задач. Психологи исследовали учебную деятельность и установили, что изучение каждого самостоятельного раздела или темы учебной программы должно состоять из следующих трех основных этапов:

1. Вводно-мотивационный этап. На этом этапе учащиеся должны осознать основную цель предстоящего изучения учебной темы, ее место и роль в общем образовании, ее практическое и теоретическое значение. В нужных случаях, учитель указывает какие знания и умения ранее пройденного материала особенно понадобятся при изучении данной темы. Затем учитель сообщает, сколько уроков отведено на изучение темы, примерные сроки ее завершения и перечисляет основные элементы темы, т.е. знания, умения и навыки, которыми должны овладеть учащиеся в результате изучения этой темы.

2. Операционно-познавательный этап. На этом этапе учащиеся усваивают знания, входящие в содержание данной темы, при этом используются разные виды и формы учебной работы: рассказ или лекция, фронтальная работа по изучению понятия. Коллективная работа по усвоению учебного материала, решению задач, проведению опытов и экспериментов, индивидуальная работа по решению задач, и т.д. Изложение учебного материала производится в основном учителем, но по мере взросления учащихся, часть учебного материала передается для изложения докладчиком или для индивидуального изучения и проработке по учебнику.

3. Рефлексивно-оценочный этап. Здесь производится обобщение изученного и подведение итогов работы по данной теме. При этом, главная цель этого этапа – развитие у учащихся рефлексивной деятельности (самоанализа), способностей к обобщению и формирование адекватной самооценки. Для обобщения пройденного материала могут использоваться различные методы: обобщающие уроки, доклады учащихся, составление по группам обобщающих схем.

Так как самостоятельные обучающие работы проводятся во время объяснения нового материала или сразу после объяснения, то их немедленная проверка дает четкую картину того, что происходит на уроке, какова степень понимания учащимися нового материала на самом раннем этапе его изучения. Мы выяснили, что самое трудное для

учителя в этой системе научиться организовывать самостоятельную деятельность классного коллектива, постепенно передавать учащимся многие свои функции и роли, и, не подавляя инициативы, руководить самостоятельной работой учащихся. Как показывает опыт, если эту систему вводить начиная с первого класса, то учащиеся быстро осваиваются с ней и она становится для них привычной, и школьники смогут в полной мере испытать чувства эмоционального удовлетворения от сделанного, радость победы над преодоленными трудностями, счастье познания нового, интересного. Тем самым будет формироваться у учащихся ориентация на переживание таких чувств в будущем, что приведет к возникновению потребности в творчестве, познании, в упорной самостоятельной учебе. Опыт подтверждает, что такая методика организации самостоятельной работы способствует повышению уровня подготовки всех категорий учащихся, в том числе сильных, что со временем приводит к увеличению доли учеников, справляющихся с заданиями повышенного уровня сложности. Важно также, что все сформированные навыки пригодятся выпускникам школы в последующие годы, когда они будут учиться в специальных учебных заведениях.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Рабунский Е.С. Индивидуальный подход в процессе обучения школьников. (На основе анализа их самостоятельной учебной деятельности). – М.: Педагогика. 1975. 184с.
2. Пидкасистый П.И. «Самостоятельная познавательная деятельность школьников в обучении.» — М. 1980.
3. Жарова Л.В. «Управление самостоятельной деятельностью учащихся» Л. 1982.

**Түйіндеме**

**М.Еркебаева** , *магистрант 1 курса,* **Б.С.Ханжарова**, *к.п.н., доцент*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

**Математика сабағында оқушылардың танымдық өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру жолдары**

Бұл мақалада математика сабақтарындағы оқушылардың танымдық өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру жолдары қарастырылып, бағыт-бағдар мен негізгі кезеңдеріне зерттеу жүргізілді. Өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру мәселелері қарастырылды.

***Кілт сөздер:*** білім беру, оқыту, оқу пәні, оқу жоспары, оқу материалдары, есептер шығару, мұғалім

**Summary**

**M.Erkebaeva,** *1 undergraduate course,* **B.S.Hanzharova,** *Candidate of Pedagogical sciences, Associate Professor*
*(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

**Methods of organization of independent cognitive activity of students at lessons of mathematics**

The article deals with the ways of organization pupils'cognitive activity at the lessons of mathematics. An important element in the organization of the cognitive process is the search for the most effective way of forming internal motives for independent cognitive activity. An analysis of pedagogical practice of teachers shows that this path is associated with the use in teaching of the problem-solving method of organizing the solution of problems.

***Key words:*** education, training, academic subject, curriculum, teaching material, problem solving, teacher, lesson, organization of independent work.

**ӘОЖ 518 Б 79**

# ӨНДІРІСТІК ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУДЕ ТИІМДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

**Б.С.Қанжарова,** *п.ғ.к., доцент*
**А.А.Бұршанова**, *2 курс магистранты*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Қарапайым экономикалық есептердің математикалық модельдерін құруда, өндірістік процестерді зерттеуде кеңінен қолданылатын тәсілдердің бірі – сызықтық программалау. Мұндай есептің мақсаты - әрбір адам өз еңбегінен нәтижелі әрі тиімді өнім алу. Сызықтық программалаудың есептерін сызықтық алгебралық теңсіздіктер жүйесін қолдану арқылы шешу әдісі қарастырылады.

***Түйін сөздер:*** Сызықтық программалау, симплекс әдісі, сызықтық алгебралық теңсіздіктер жүйесі, функция, өнім, табыс, ресурс.

Өндірістік процестерді зерттеуде кеңінен қолданылатын тәсілдердің бірі – сызықтық программалау.

Сызықтық программалау есебінің жалпылама түрі былай жазылады:
Берілген

$$\begin{cases} g_1(x_1, x_2, \ldots, x_n) \le 0, \\ g_2(x_1, x_2, \ldots, x_n) \le 0, \\ \ldots\ldots\ldots\ldots\ldots\ldots \\ g_m(x_1, x_2, \ldots, x_n) \le 0. \end{cases} \qquad (1)$$

сызықтық шектеулерді қанағаттандыратын

$$y = f(x_1, x_2, \ldots, x_n) \qquad (2)$$

функциясының экстремумын табу қажет. Бұл жерде у функциясы сызықтық өрнек түрінде берілгендіктен, жалпы жағдайда

$$\frac{\partial y}{\partial x_j} \neq 0, \quad j = 1, 2, \ldots, n$$

Демек, (1) облысының ішкі нүктелерінде функцияның экстремальді мәні табылмайды. Функцияға экстремум әперетін облыстың нүктелері оның шекарасында жатады. Сол себептен функцияның шекарада жатқан экстремальді мәндерін табу үшін ерекше математикалық тәсілдер қажет болды. Міне, осындай есептерді зерттеу үшін сызықтық программалау тәсілдері кеңінен қолданылады [1, 3-6 б.].

Есептің жалпылама түрін алу үшін өнімдердің $n$ түрін шығаруға қорлардың $m$ түрі пайдаланады дейік. Мұндағы, $A_j\ (j = 1,2,\ldots,n)$ деп өнімдердің түрлерін, $B_i\ (i = 1,2,\ldots,m)$ деп пайдаланатын қорлар түрлерін, $b_i$ деп сол қорлардың жалпы шектеулі көлемін, $c_j$ деп өнімнің дара $j$ түрін сатудан алатын пайданың мөлшерін, ал $a_{ij}$ -деп қорлардың $i$ түрінің дара $j$ өнімін шығаруға қажет мөлшерін белгілейік. Онда есептің берілгенін 1-кесте түрінде беруге болады

1-кесте

| *Қор түрлері* | *Дара өнімге шаққандағы нормативті шығын* | | | | *Қор көлемі* |
|---|---|---|---|---|---|
| | $A_1$ | $A_2$ | ... | $A_n$ | |
| $B_1$ | $a_{11}$ | $a_{12}$ | ... | $a_1$ | $b_1$ |
| $B_2$ | $a_{21}$ | $a_{22}$ | ... ... | $a_2$ | $b_2$ |
| $B_m$ | $a_{m1}$ | $a_{m2}$ | ... | $a_{mn}$ | $b_m$ |

| *Пайда, теңге* | $c_1$ | $c_2$ | ... | $c_n$ | |
|---|---|---|---|---|---|

Егер $\tilde{x}_j$ деп дайындалатын өнімнің $\tilde{j}$ түрінің мөлшерін белгілесек, онда бұл есептің математикалық моделі төмендегідей болады.

Берілген $$f(\tilde{x}) = c_1x_1 + c_2x_2 + ... + c_nx_n \qquad (3)$$
мақсат функциясына максимум мән әперетін және мына сызықты теңсіздіктерін:

$$\begin{cases} a_{11}x_1 + a_{12}x_2 + ... + a_{1n}x_n \le b_1 \\ a_{21}x_1 + a_{22}x_2 + ... + a_{2n}x_n \le b_2 \\ a_{m1}x_1 + a_{m1}x_2 + ... + a_{mn}x_n \le b_m \end{cases} \qquad (4)$$

$$x_j \ge 0,\ j = 1,2,...,n \qquad (5)$$

қанағаттандыратын $\tilde{X} = (x_1, x_2, ..., x_n)$ векторын табу қажет болады[1, 8-14б.].

*Мысал.* «Тоқаш» жекеменшік кәсіпорыны (1) және (2) түрлі ресурстарды пайдаланып А, В, С түрлі нан-тоқаш тағамдарын өндіреді және кәсіпорын күніне ресурстардың 12 және 8 шартты өлшем бірлігінен аспайтын мөлшерін ғана игере алады. Басқа технологиялық мәліметтер төмендегі 2-кестеде көрсетілген.

Жалпы табыс көзі ең үлкен болатын тиімді өндіріс жоспарын анықтау қажет.

2-кесте

| *Ресурс түрлері* | *Өнімнің шартты бірлігіне жұмсалатын ресурс нормасы* | | | *Ресурстар көлемі* |
|---|---|---|---|---|
| | *A* | *B* | *C* | |
| *1* | *2* | *2* | *1* | *12* |
| *2* | *1* | *3* | *6* | *8* |
| *Табыс (тг)* | *4* | *8* | *6* | |

Бұл есеп сызықтық программалау есептерінің қатарына жатады. Бастапқы және оған сыңарлас болатын есептердің моделдерін жасап, тиімді жоспарды анықтайық. Мәселенің математикалық моделдерін көрсетейік:

Бастапқы есеп

$$\begin{cases} 2x_1 + 2x_2 + x_3 \le 12, \\ x_1 + 3x_2 + 6x_3 \le 8, \\ x_j \ge 0;\ j = 1,2,3. \end{cases}$$

$$f(x) = 4x_1 + 8x_2 + 6x_3 \to \max.$$

Сыңарлас есеп

$$\begin{cases} 2y_1 + y_2 \ge 4, \\ 2y_1 + 3y_2 \ge 8, \\ y_1 + 6y_2 \ge 6. \\ y_i \ge 0, i = 1,2. \end{cases}$$

$$F(y) = 12y_1 + 8y_2 \to \min.$$

Екі есепті де симплекстік әдіспен шешіп, төмендегідей симплекстік кестелерді аламыз [2, 95-104б.]. 3-кестеде бастапқы есептің соңғы симплекстік кестесі, 4-кестеде сыңарлас есептің соңғы симплекстік кестесі көрсетілген.

3-кесте

| ББ | БМ | $x_1$ | $x_2$ | $x_3$ | $x_4$ | $x_5$ |
|---|---|---|---|---|---|---|
| $x_1$ | *5* | *1* | *0* | *-9/4* | *3/4* | *-1/2* |
| $x_2$ | *1* | *0* | *1* | *11/4* | *-1/4* | *1/2* |
| *F* | *28* | *0* | *0* | *7* | *1* | *2* |

4-кесте

| ББ | БМ | $y_1$ | $y_2$ | $y_3$ | $y_4$ | $y_5$ |
|---|---|---|---|---|---|---|
| $y_1$ | *1* | *1* | *0* | *-3/4* | *¼* | *0* |
| $y_2$ | *2* | *0* | *1* | *1/2* | *-1/2* | *0* |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| $y_5$ | 7 | 0 | 0 | 9/2 | -11/4 | 1 |
| F | 28 | 0 | 0 | -5 | -1 | 0 |

Есептердің жауаптары:

$$x^* = (x_1, x_2, x_3, x_4, x_5) = (5;1;0;0;0);\ f_{\min}(x^*) = 28;$$
$$f(x) = 28 - 7x_3 - x_4 - 2x_5;$$
$$y^* = (y_1, y_2, y_3, y_4, y_5) = (1;2;0;0;7);\ f_{\min}(y^*) = 28;$$
$$F(y) = 28 + 5y_3 + y_4;$$

Осы мәліметтерге мұқият назар аударсақ, сыңарлас есептер үшін жоғарыда аталған ерекшеліктердің орындалатынын байқауға болады. Әдетте, сыңарлас есептің жауаптарын: ресурстардың объективті негізделген бағасы – деп атайды. Мәселен, осы есеп жағдайында ресурстарды сату көзделсе, онда оның әр шартты бірлігінің бағасын: бірінші ресурс үшін $y_1=1$, ал екінші ресурс үшін $y_2=2$ теңгеден тағайындау қажет болар еді. Өйткені, ресурстарды сол көрсетілген бағадан сататын болсақ, онда келетін табыс көзі $F(y) = 28$ теңге болады [3, 93-95 б.]. Сонымен, қорыта келе, экономикалық есептерді шешудегі мақсат – өнімдерді өткізгеннен түсетін табыстан оларды өндіруге немесе қызмет күшіне жұмсалған шығындарды алып тастағанда қалатын ақшалай пайданы есептеу. Яғни, жалпы пайданы өсіру үшін жалпы табысты арттырып, жалпы шығынды азайту керек деп тұжырым жасауға болады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Құлекеев Ж.А.Сызықтық программалау негіздері. //ҚазМӘУ7 Алматы: Оқу және методикалық әдебиеттер жөніндегі республикалық баспа кабинеті, 1991.
2. Солодовников А.С.Системы линейных неравенств. //Москва: Наука. 1977.
3. Омарбекова Ә.С., Әбен Д.Т., Дүзелбаев, С.Т., Сабиров Т.С. Тиімді басқарудың негіздері. Сызықты программалау элементтері. //Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ. 2010.

## Резюме

**Б.С.Канжарова,** *к.п.н.., доцент,* **А.А.Буршанова**, *магистрант 2 курса,*
*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

**Эффективные методы решения производственных задач**

В статье рассматривается один из эффективных методов решения производственных задач. Линейное программирование основано на решении системы линейных уравнений (с преобразованием в уравнения и неравенства), когда зависимость между изучаемыми явлениями строго функциональна. Для него характерны математическое выражение переменных величин, определенный порядок, последовательность расчетов (алгоритм), логический анализ.

***Ключевые слова:*** линейное программирование, метод симплекс, линейный алгебраический, система уравнении, функция, ресурс.

## Summary

стали появляться многосложные слова. Постепенно таких слов становилось все больше, причем практически все они образовывались слиянием древнекитайских однослогов. Например, современное «чжаньчжэн» («война») образовалась в результате слияния двух древнекитайских односложных слов: «чжань» («бой», «сражение») и «чжэн» («конфликт», «сражение»); современное слово «фуцзяо» («буддизм») собрано из старокитайских слов «фу» («Будда») и «цзяо» («учение»). Подобные примеры можно приводить бесконечно. Естественно, что для записи многосложного слова нужно несколько иероглифов – ровно столько, сколько в слове слогов. Так что иероглиф обозначает не слово как таковое, а нечто вроде слога-корня (или же служебного слова). Многослоги появились примерно полторы тысячи лет назад, но в последнее столетие они стали возникать в огромных количествах. Когда в середине XIX века народы Восточной Азии начали знакомиться с новыми для них «западными» устройствами и институтами, обнаружилось, что для них в «иероглифических» языках нет терминов. В силу разных причин, подробно остановиться на которых здесь нет возможности, языки Восточной Азии, заимствуя сами предметы и идеи, обычно не заимствовали их западные названия. Вместо этого для новых явлений стали создавать новые названия. По сути, эти названия кратко описывали предметы, используя при этом старокитайские корни-слова. Например, телефон был назван «электрической беседой» - «дяньхуа» (здесь и далее – северокитайское произношение, в других диалектах китайского, а также в японском, корейском и вьетнамском слова произносились иначе, но записывались теми же иероглифами). «Демократию» перевели длинно: «миньчжучжун» - «[учение], главная идея которого – главенство народа», а вот университет назвали короче: «дасюэ» - «большая школа». Танк стал «чжаньчэ» - («боевая повозка»), а трамвай – «дяньчэ» («электрическая повозка»). Не трудно посчитать, что в этих словах от двух («дянь-хуа») до четырех («минь-чжу-чжу-и») слогов и, следовательно, столько же иероглифов.

Для того чтобы быть грамотным, необходимо знать 10-15 тысяч иероглифов. Разумеется, чем больше иероглифов человек знает, тем лучше, для жизни и работы более чем хватает четырех тысяч знаков-именно столько по данным исследований, знает среднестатистический китаец с высшим нефилологическим образованием. Даже китайские филологи традиционной школы, которые держали в голове фантастические объемы текстов, редко знали больше 10 тысяч иероглифов. Кстати сказать, точное количество иероглифов не известно никому. Самый большой существующий словарь (составленный в 21 веке «Цзиюнь») включает в себя 53 тысяч знаков, но ясно, что некоторые иероглифы туда не попали, так что всего иероглифов, вероятно, около 60-65 тысяч. Однако значение большинства этих знаков весьма далеко от потребностей обыденной жизни – вроде названия какой–нибудь части арбалета, использовавшегося в княжестве Ци в 4 веке до н.э., или наименование племени, кочевавшего по Великой Степи пару тысяч лет тому назад. Кроме того, значительную часть этих 60-65 тысяч иероглифов составляют разнописи варианты других иероглифов, которые по разным причинам употреблялись в те или иные эпохи. Неоднократно проводившиеся подсчеты показывают: примерно 90 процентов среднестатистического текста состоит из тысячи самых распространенных иероглифов. Учитывая составной характер большинства слов (и практически всех специальных терминов), нет необходимости в том, чтобы знать совсем уж много знаков. Как уже говорилось, нет иероглифа, который обозначал бы «танк», а есть сочетание двух слогов-корней (и, соответственно, двух иероглифов) «бой» и «повозка», входит в состав слов со значением «поезд», «автобус», «бронетранспортер» (и многих-многих других) не означает, конечно, что иероглифика проста в изучении, но она, безусловно, проще, чем может показаться на первый взгляд.

С незапамятных времен иероглифика выполняла важную политическую функцию – она обеспечивала единство Китая. Самая многонаселенная страна мира с давних времен

состоит из множества очень разных регионов с населением, говорящим на диалектах, которые в других местах, безусловно, считались бы совершенно самостоятельными языками. Впрочем, грань между диалектом и языком вообще не лингвистическая, а социально-политическая (кто-то хорошо заметил по этому поводу: «диалект – это язык без армии и полиции»). В любом случае семь больших диалектных групп, на которые распадается современный китайский язык, разошлись еще в начале нашей эры, то есть они отличаются друг от друга больше, чем славянские или романские языки, и разумеется, совершенно не взаимопонимаемы (в устной форме). Но единство диалектов с давних времен обеспечивает иероглифика. Иероглифы произносятся по-разному, но пишутся они одинаково. Увидев четыре иероглифа, которыми записывается фраза «я –студент», пекинец произносит «во ши сэю-шэн», а кантонец как «нго си хок-саан» (да еще и в совершенно других тонах, которых в кантонском девять вместо пекинских четырех!) но значение фразы останется тем же самым – ведь, как и в современном английском, в китайском слова не изменяются, и вся грамматика выражается служебными словами и суффиксами, а также порядками слов. Порядок слов в диалектах примерно одинаковый, служебные слова тоже (в том смысле, что записываются они одинаковыми иероглифами, хотя и произносятся по-разному).

Правда, в диалектах есть и свои специфические грамматические конструкции, свои служебные слова, у которых нет соответствия в литературном языке. Однако этих конструкций не очень много, и воспринимаются они как просторечные практически все носители диалектов при этом великолепно понимают и стандартную грамматику. Причина проста: китайские диалекты (фактически «китайские языки») не имеют и никогда не имели своей письменности. Столетиями все сколь-либо образованные люди читали тексты на нормативном «общекитайском» (точнее, на двух его разновидностях – «высоком» вэньяне и «низком» полуразговорном байхуа). В каждой провинции иероглифы, входившие в эти тексты, произносились по-своему, но понимались совершенно одинаково. Именно иероглифика предотварила возникновение в провинциях местного национального самосознания, для которого, надо признать, есть все предпосылки. Иероглифическая письменность и тесно связанное с ней сознание культурного единства (и превосходства над «варварами») не дала единому Китаю превратиться в десяток независимых государств.

Впрочем, иероглифика распространилась и за пределамы Китая, к его соседям. Во всех конфуцианских государствах Восточной Азии на протяжении многих веков государственным языком и главным языком науки и культуры был вэньян – китайский язык конца 1 тысячелетия до н.э., на котором написано большинство классических текстов китайской (точнее, восточноазиатской) культуры. Все «серьезные» тексты от Сайгона до Токио составлялись исключительно на этом наречии, которое постепенно стало отличаться от собственно разговорных китайских диалектов примерно так же, как латынь отличается от французского. Конечно, со временем местные языки обзавелись и собственной письменностью: японский – в IXвеке, корейский и вьетнамский в XV столетии. Японцы разработали два вида слоговой фонетической письменности, корейцы-алфавит, вьетнамцы – собственный, и довольно сложный, вариантиероглифики, с которого они перешли на латиницу уже в колониальную эпоху. Однако писание на местных языках обычно воспринималось как занятие легкомысленное и несерьезное, полезное в лучшем случае для просвещения простонародья. В самом Китае примерно так же относились к разговорному языку и текстам на нем. Все, что принадлежало к сфере высокой культуры и государственной идеологии, писалось только на вэньяне. В этом отношении он играл такую же роль, как латынь в средневековой Европе. Сходными были и причины такого положения вэньяня – подобно латыни он был в первую очередь языком Священного Канона, то есть языком Конфуция и его ранних комментаторов. Впрочем,

существовало и немаловажное отличие на латыни и говорили и писали, то на вэньяне-только писали.

**СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ**

1. Бодде Д. Мифы древнего Китая // Мифологии древнего мира. – М., 1977.
2. Баранов И.Г. Верования и обычаи китайцев. – М., 1999.
3. Вернер Э. Мифы и легенды Китая. – М., 2005.
4. Евсюков Е.Е. Об одном космологическом мотиве Китая эпохи неолита // Общество и государство в Китае. – М., 1981.
5. Ежов В. Мифы древнего Китая. – М., 2004.
6. Китай: Земля Небесного Дракона / Под общ. ред. Эдварда Л.Шонесси. – М., 2002.
7. Лисевич И.С. Моделирование мира в китайской мифологии и учение о пяти первоэлементах // Теоретические проблемы восточных литератур. – М., 1969.

**Түйіндеме**

**М.А. Кебекбаев,** *оқытушы*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

**Қытай тілі иероглифтерінің өткені мен болашағы**

Мақалада қытай тілінің иероглифтері жайлы айтылады. Иероглифтердің шығу тарихы, даму жолдары туралы мағлұматтар берілген. Сонымен қатар, қытай тіліндегі кірме сөздер мен олардың жазылу жолдары және лингвистикалық, әлеуметтік-саяси диалект сөздерінің түрлерін түсіндіреді.

***Кілт сөздер:*** иероглиф, архаик диалект, ежелгқытай сөздері, суффикс, синай хаты

**Summary**

**MA Kebekbaev,** *teacher*
*(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

**The present and future of hieroglyphic written**

The article deals with the history of appearance and ways of development of Chinese hierogliphes. Also this article considers the borrowings, the ways of writing Chinese words and explains the types of linguistic, socio-political dialects.

***Key words:*** hieroglyph, archaic dialect, old-Chinese words, suffix, Sinai letter, multilogues.

## ТАРИХ, ЭКОНОМИКА, ҚҰҚЫҚ–ИСТОРИЯ, ЭКОНОМИКА И ПРАВО
## HISTORY, ECONOMY AND LAW

**ӘОЖ 94(517+574)**

# ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫТАЙ ЕЛІМЕН ДОСТЫҚ БАЙЛАНЫСТАРЫНЫҢ ОРНАУЫ МЕН ДАМУЫ

**Г.Б. Қозғамбаева,** *т.ғ.к., доцент*
*(Алматы қ.,Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Мақалада 20 жылдай уақыт аралығында Қазақ елі мен Қытай Халық Республикасы бір-бірін мемлекет ретінде мойындап, екі ел басшыларының жоғарғы деңгейдегі келіссөздері, ынтымақтастық бағытындағы маңызды құжаттарды қабылдауы және саяси экономикалық байланыстарымен қатар тығыз достық қатынастар орнату мен дамыту мәселелері қарастырылған. Қазақ елінің сыртқы саясатының басты бағыттарының бірі Қытай Халық Республикасымен тығыз достық қатынастар орнату мен дамыту болып табылады.

***Түйін сөздер:*** Тәуелсіз Қазақстан, Қытай, достық, қатынастар, Н.Назарбаев, Ху Цзиньтао.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Біздің ұлттық тарихымыздың ғасырлар бойы Аспан асты елімен қарым-қатынас ең басты маңызға ие болып келген. Соңғы кезде қарқынды дамып, өзінің аймақтағы және әлемдегі орнын нық бекіткен, адамзаттың XXI ғасырдағы дамуы көбіне-көп Қытаймен байланысты болады. Көптеген елдер Қытаймен арақатынасын өзінің сыртқы саясатының негізгі өзегі деп түсінеді. Ал Қазақстан үшін осынау болашағы зор, экономикасын қарышты қадаммен дамытып жатқан мемлекетпен ойдағыдай қарым-қатынас орнату айрықша маңызға ие» деді [1, 205-206 бб.].

Екі ел арасында дипломатиялық кездесулер нәтижесінде жан-жақты байланыс басталды. 1992 жылы 26-28 ақпанда ҚР-ның Премьер-министрі С.А.Терещенко бастаған үкіметаралық делегациясы ҚХР-на алғашқы ресми сапарын жасады. Нәтижесінде екі ел 9 үкіметаралық және мекемеаралық құжаттарға қол қойды. Қ.К.Тоқаев өзінің еңбегінде келіссөздер нәтижесі бойынша олардың ішінен төмендегілерді:

«Сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияны құру туралы келісім; Қызмет бабындағы істер бойынша сапарға жүретін, барлық түрдегі паспорттың иегерлері визасыз режимді көздейтін азаматтардың өзара сапары туралы келісім; Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерін ашу туралы» келісімдерді бөліп көрсетуге болатындығын атап көрсетті [2, 124 б.]. Екі ел халықаралық терроризмге, ұйымдасқан қылмысқа, есірткі саудасына, контрабандаға және т.б. заңға қайшы әрекеттерге қарсы күресте тиісті органдар арасындағы өзара бірлескен іс-қимылдары туралы келісілді. Сонымен қатар мәдениет, ғылым, техника, әдебиет, өнер, ақпарат, спорт және туризм салаларында жоғары деңгейдегі байланыстарды дамытуға жол ашылды. Екі мемлекет арасындағы дипломатиялық қатынастардың нәтижесінде 1992 жылы ақпанда ҚХР-сы өз елшілігін Алматыда, ал желтоқсанда ҚР-сы өз елшілігін Пекинде ашты.

ҚР Сыртқы істер министрі Қ.Тоқаев Қазақстандық делегациямен 1992 жылы 10 тамызда ҚХР-на барған сапары нәтижесінде жасалынған келіссөздер барысында жеті маңызды құжатқа қол қойылды. Аталмыш құжаттардың арасындағы «ҚХР мен ҚР арасындағы консулдық шартқа» сай екі елдің шекара аймағында Хоргос (Қазақстан)-Хоргос (ҚХР), «Достық (Қазақстан) – «Алашаңқай» (ҚХР), «Бақты (Қазақстан) – «Покиту» (ҚХР) сияқты бақылау орындарын ашуға қол жеткізілді.

1993 жылы 18 қазанда Президент Н.Назарбаев Қытайға барған ресми сапары нәтижесінде жасалған келіссөздер барысында мемлекет басшылары «Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы Достық өзара қатынастар негіздері туралы Бірлескен Декларацияға» қол қойды. Аталмыш құжат бұдан кейінгі екі ел арасындағы бірнеше шарттар мен келісімдердің жасалуына және де жоғары деңгейдегі сапарлармен алмасуға жол ашып, олардың қарым-қатынастарының тез дамуына негіз салды. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың айтуы бойынша, «...Бірінші сапардан соң барлық сауда жолы ашылды. Бір жарым жылда екі ортадағы сауда он есеге өсті. Шекара бойы саудасы басталды. Алты асу ашылды» [1, 208 б.].

1994 жылы 25-28 сәуір аралығында ҚХР Мемлекеттік кеңесінің Премьері Ли Пэн Қазақстанға келген сапары нәтижесінде жүргізілген келіссөздер барысында екі ел арасында көптеген мәселелер қарастырылды. ҚХР-ның Төрағасы Цзян Цзэминь өз сөзінде: «Қазақстан мен Қытай – Азиядағы елеулі орын алатын мемлекеттер»-дей отырып, Қазақстанмен достық пен ынтымақтастықты нығайтуға барлық мүмкіндіктерді жасайтындығын мәлімдеді [3].

1995 жылы 11-13 қыркүйек аралығында Елбасы Н.Ә.Назарбаев ҚХР-ның Төрағасы Цзян Цзэминнің шақыруы бойынша, Қытайға кезекті ресми сапары нәтижесінде «ҚХР мен ҚР арасындағы Достық қарым-қатынасты одан әрі дамыту және тереңдету туралы Бірлескен Декларацияға» қол қойды. Елбасының Қытайға жасаған екінші мемлекеттік сапары, Қытайдың қоғам қайраткерлері үшін Қазақстан туралы көп мағлұмат алуларына мүмкіндік берді. Бұл жөнінде «Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының арасында екі жақты қатынастың орнауы мен дамуы егеменді Қазақстанның да, Қытайдың да сыртқы саясатында маңызды орын алады. Қазақстан мұнайы үшін Қытай әрі тұрақты, әрі сенімді тұтынушы болса, Қытай үшін Қазақстан ұзақ мерзімге мұнай, яғни экономиканың қайнар көзі ретінде болатыны анық» - деп баға берілді [4, 59 б.].

1992-1995 жылдар аралығында Қытай мен Қазақстан арасындағы өзара ынтымақтастық барысында, жалпы 33 үкіметаралық және 14 мекемеаралық құжаттарға қол қойылды. Олардың негізінде, екі жақты экономикалық ынтымақтастықтың нақты мәселелерін шешетін, олардың инфрақұрылымдарын жақсартатын құжаттарды қабылдауға мүмкіншіліктер ашылды. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан-Қытай қарым-қатынастарының жаңа сапалық деңгейге шыққандығын атап өтіп, оларды дамытуға екі мемлекет басшыларының кездесулері мен екі жақты келісімдердің үлкен үлес қосатындығын баса айтты. Сонымен қатар Н.Ә.Назарбаев көзқарасы бойынша «...ҚХР-мен арадағы достық қарым-қатынастарды тереңдету біздің республикаларымыздың ұзақ мерзімді мүдделеріне сай келеді» [5, 605-606 бб.]. Қазақстанға 1996 жылы 4 шілдеде жасаған алғашқы сапары барысында ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминь тұңғыш рет Лобнор полигонындағы ядролық сынақтарға тыйым салатындығы жөніндегі ашық мәлімдемесін жасады. Екі ел басшыларының арасында жасалған келіссөздер барысында көптеген келелі мәселелермен қатар Ертіс және Іле трансшекаралық өзендер мәселесі, сондай-ақ екі елде тұратын туысқан адамдарды біріктіру мәселелері, екі жақты қарым-қатынас мәселелері туралы әңгіме қозғалды. Ал өз кезегінде ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминь Қазақстанмен арадағы қатынастарды дамытуға Қытайдың зор маңыз беретіндігін атап өтіп, «Қытай ҚХР-ның Тынық мұхит жағалауына қарай Қазақстан мұнай құбырын салу жобасына оңды қарайтындығын және сарапшыларға бұл бағыттағы жұмысты тездетуді ұсынатындығын жасырмай атап өтті [6, 4 б.]. Келіссөз аяқталғаннан кейін мемлекет басшылары екі ел арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайту жолдары туралы сөз қозғады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 1997 жыл 21 ақпанда, ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминнің шақыруы бойынша, ресми емес сапарын барысында екі мемлекет арасында

дипломатиялық қатынастар орнатылғаннан бері өткен бес жылға қорытынды жасады. Әр алуан салалардағы екі жақты қатынастарды өзара тиімді негізде ұлғайтып, достық пен тату көршілікті бұрынғыдан да нығайта түсуге мүмкіндік жасалатындығы қарастырылды.

1997 жылғы 24-26 қыркүйек аралығында ҚХР Мемлекеттік Кеңесінің Премьері Ли Пэн Қазақстанға екінші жасаған сапары барысында жасалған келіссөздердің нәтижесінде ҚХР Мемлекеттік Кеңес Премьері Ли Пэн мен ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың арасында тарихи маңызды құжатқа - «Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы мемлекеттік шекара туралы Қосымша келісімге» қол қойылды. Сонымен қатар екі ел арасындағы мұнай мен газ саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге, Қазақстан Республикасының Энергетика және Табиғат қорлары Министірлігі мен Қытай ұлттық мұнай-газ корпорациясы арасында Қазақстан және Қытай мұнай құбыры, Өзен жобасы және Қазақстан-Иран мұнай құбыры жобалары жөніндегі келісімдерге қол қойылды [7, 35 б.].

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 1999 жылы 23-27 қараша аралығында Қытайға кезекті ресми сапары барысында жасалған келіссөздер нәтижесінде: «Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасының XXI ғасырдағы стратегиялық өзара әріптестітігі және серіктестігі туралы бірлескен Декларациясына», «Қытай мен Қазақстан Республикасы арасындағы шекара мәселесінің толық ретке келтірілгендігі жөніндегі Коммюникеге», «Антимонополиялық заң шығару саласындағы екі ел арасындағы ынтымақтастық бойынша Келісімге» және басқа да бір қатар мемлекетаралық құжаттарға қол қойылды. Екі ел басшыларының кездесулері барысында екі мемлекет арасындағы ынтымақтастығымыздың жылдан-жылға артып келе жатқан көптеген мәселелері қамтылады. Осы тұста, Қ.Тоқаев «1999 жылы екі ел басшысы төтенше маңызы бар құжатқа - XXI ғасырға арналған Стратегиялық серіктестік туралы декларацияға қол қойды» деп атап көрсетеді [8, 252 б.].

Сапар барысында Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев ҚХР Төрағасына аса сый құрметпен қарайтындығының белгісі ретінде Қытай басшысына ҚР-ның «Алтын Қыран» орденін сыйға тартты. Екі жақты қарым-қатынастарда бар ізгілік пен өзара түсіністіктің ахуалын Қытай басшысының төмендегідей мәлімдемесінен байқауға болады: «Халықаралық жағдай қандай өзгеріске түссе де Қытай барлық уақытта Қазақстанның сенімді досы және ізгі көршісі болады» [2,133-134 бб.].

2000 жылы шілде және 2001 жылы қыркүйекте Қытай делегациясының Қазақстанға келген ресми сапарлары нәтижесінде жасалған келіссөздер барысында екі ел арасындағы сауда-экономикалық, электр энергиясын тасымалдау, фосфор өнімдерін жеткізу және Қытайда тұратын қазақтардың тарихи отанына көшіп келуі мен олардың келіп қайту процесін жеңілдету сияқты мәселелер қаралып, шешімін тапты. Сонымен қатар, (2001ж.) қарастырылған маңызды мәселелердің бірі Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекарасын демаркациялау және екі ел арасындағы трансшекаралық өзендер мәселелерімен қатар алты үкіметаралық құжатқа қол жеткізілді. Олардың арасында: «Қытай мен Қазақстан Республикасы үкіметтері арасындағы бірлескен коммюникеге»; «Трансшекаралық өзендерді қорғау және пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге»; «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен Қытай Халық Республикасы мемлекеттік сейсмологиялық бюросы арасында жер сілкінісін зерттеу саласындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы»; «Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы Денсаулықты сақтау министрліктерінің және медицина ғылымдар саласындағы ынтымақтастығы туралы келісімге»; «Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасында қосарланған салық салуды болдырмау туралы келісім» сияқты құжаттарға қол қойылды [8, 24-25 бб.]. Ал, осы Қытай басшыларының Қазақстанға жасаған 2000 жылы Ху Цзиньтаоның және 2001 жылы Чжу Жунцзының сапарлары барысында,

ҚХР-сы елімізге екі мәрте 10 миллион юань көлеміндегі қайтарымсыз қаржылық көмек көрсетілді. 2002 жылы мамырда «Қытай мен Қазақстан арасындағы мемлекеттік шекара сызығын демаркациялау туралы үкіметаралық хаттамаға», сонымен қатар екі мемлекет шекарасының топографиялық карталарының эталондық даналарына қол қойылды.

2002 жылы 23 желтоқсанда Президент Н.Назарбаев Қытайға ресми сапармен барып, жаңадан сайланған ҚХР-ның Төрағасы Ху Цзиньтаомен кездесті. Пекиндегі келіссөздер барысында аса маңызды тарихи құжатқа «Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шартқа», сонымен қатар «Лаңкестікке, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімге», «Қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық бойынша Қытай-Қазақстан қосымша комитетінің құрылғандығы туралы келісімге» және «Шегірткеге және басқа да зиянкестер мен ауруларға қарсы күреске бағытталған шараларды өткізу барысында екі ел ауыл шаруашылық министрліктерінің арасындағы өзара ынтымақтастығы туралы келісім» сияқты маңызды құжаттарға қол қойылды. Екі ел арасындағы тату көршілік, достық және ынтымақтастық жөніндегі келісімге қол қойылуы өткен он жылдағы өзара қарым-қатынастың саяси және экономикалық саласында жаңа кезеңдегі тұрақты ынтымақтастықтың өзіндік қорытындысы болып табылды.

2003 жылы 2-4 шілде аралығында ҚХР-ның Ху Цзиньтао Қазақстанға мемлекеттік сапармен келді. Екі жақты келіссөздердің нәтижелі жемісі ретінде 2003 жылғы 3 шілдеде қол қойылған «Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы Бірлескен Декларациясы» болып табылады [10].

Бірлескен Декларациядан бөлек, бес құжатқа қол қойды. Олар: тату көршілік, достық, ынтымақтастық, лаңкестікпен, сепаратизммен және экстремизммен бірлесіп күрес жүргізу, білім беру және білім саласындағы жобаларды жүзеге асыру үшін 20 миллион юань көмек көрсету туралы келісім.

2004 жылы 19-20 мамыр аралығында Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қытай Халық Республикасына тоғызыншы сапары барысында жасалған келіссөздер нәтижесінде, екі ел арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтатын тоғыз құжатқа қол қойылды.
Ал, 2005 жылғы 3-4 шілде аралығында ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтао, ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың шақыруы бойынша, Астана қаласына ресми сапармен келді. Екі мемлекет басшыларының келіссөздері нәтижесінде бірқатар мәселелерге қол жеткізді. Олар: стратегиялық әріптестікті қалыптастыру және дамыту, геология және жер қойнауын пайдалану жөніндегі ынтымақтастық, трансшекаралық өзендер, «Қорғас» шекара мәселесі, ТрансҚазақстан темір жол магистралін салу мүмкіндігін бірлесіп зерттеу, ақпарат және коммуникация индустрия саласындағы ынтымақтастық, Қытай мемлекеттік электр желісі корпорациясы мен «КЕГОК» АҚ арасындағы ынтымақтастық, ҚХР Даму банкімен ынтымақтастыққа қол қойды.

Екі ел арасындағы шекара мәселесінің шешілуі ұзақ уақытқа созылған тарихи процес болғандықтан, ол бірден емес, біраз уақыт аралығында шешілді. 1994 жылы 26 сәуірде ҚХР Мемлекеттік Кеңестің Премьері Ли Пэннің Алматыға жасаған сапары барысында «Қытай-Қазақстан мемлекеттік шекарасы туралы келісімге» қол қойылды.

1997 жылы 23 қыркүйекте ҚХР-ның делегациясы Алматыға келген сапарында, екі ел арасында Хан-Тенгри шыңының ауданындағы Қытай-Қазақстан мемлекеттік шекарасы туралы Қосымша келісім қабылданды. Ал, 1998 жылы 4 шілдеде Қытай-Қазақстан мемлекеттік шекарасы жөнінде ұзаққа созылған келіссөздер аяқталды. ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминьнің ҚР-на жасаған сапары барысында екі ел басшылары шекараны түпкілікті белгілеудің және ортақ шекарадағы екі даулы учаскі жөніндегі мәселені шешкен тарихи Қосымша келісімге қол қойды [11, 106 б.].

1999 жылы желтоқсанда Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ҚХР-на жасаған сапары барысында Пекинде «Қытай-Қазақстан мемлекеттік шекарасы туралы Шартқа» қол

қойылуымен екі ел арасында ұзаққа созылған келіссөздер процесі толығымен аяқталып, Қытай-Қазақстан мемлекеттік шекарасы заңды түрде рәсімделді. XX ғасырдың 90-шы жылдарынан бастау алған, екі ел арасында қол қойылған бір қатар нормативтік-құқықтық құжаттардың жиынтығына (1994 ж. Келісім, 1997 және 1998 жж. Қосымша Келісімдер) қарамастан ҚХР-сы мен ҚР-сы арасындағы мемлекеттік шекараны демаркациялау, яғни жергілікті жерлерде шекараның тиісті белгілерін орнату процесі іс жүзінде 2002 жылға дейін созылды. Екі ел арасында шекараны делимитациялау (белгілеу) мәселесі қиын да әрі ұзақ мерзімді процестердің бірі болып табылды. Өйткені, ол саясат тұрғысынан және басқа да салалардың деңгейінен алып қарағанда, жете зерттелуді қажет ететін маңызды шара. Сондықтан, екі ел арасындағы мемлекеттік шекараны делимитациялау жұмыстары тек 2000 жылдың басына қарай басталды. 2002 жылғы 10 мамырда Қазақстанның СІМ Қ.Тоқаев ҚХР-на ресми сапармен барып, ҚХР Мемлекеттік Кеңес Премьерінің орынбасары Цянь Циченьмен және ҚХР СІМ Тан Цзясюаньмен кездесулер өткізді. Екі елдің сыртқы саяси мекемелерінің басшылары Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы мемлекеттік шекараны демаркациялау туралы Хаттамаға қол қойып, тараптар «Қытай мен Қазақстан арасында шекара мәселесі толық шешілді» деп ашық мәлімдеме жасады. Хаттамаға және оған қосымша құжаттарға сәйкес Қытай-Қазақстан мемлекеттік шекарасында жалпы 688 шекаралық белгілер: 342 – Қытай тарапында, ал 346 – Қазақстан Республикасы тарапында орнатылды. ҚХР-ның батыс көршісі Қазақстан Республикасының арасындағы шекарасының жалпы ұзындығы 1782 шақырымды құрайды.

2003 жылы Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы бірлескен декларациясының 3 бабына сәйкес екі елдің мемлекеттік шекара сызығын делимитациялау мен демаркациялаудың үлкен тарихи маңызы бар. Өйткені, екі жақтан да мемлекеттік шекараның мызғымастығы туралы халықаралық құқық принциптерін басшылыққа ала отырып, екі ел арасындағы тиісті шекара туралы келісімдерді бұлжытпай орындауға және бейбітшілік пен достықты нығайтуға келісім жасалды.

Қытай мен Қазақстан арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастар бағытындағы қол қойылған шарттық-құқықтық негізіне қорытынды жасай келе, 1992-шы жылдан бастап 2010 жылға дейін екі жақты ынтымақтастыққа негіз болатын саясат, экономика, әскери, мәдениет және әлеуметтік салалардағы Қытай-Қазақстан қатынастарын реттейтін мемлекетаралық, үкіметаралық және мекемеаралық сипаттағы тарихи маңызды құжаттарға қол қойылды. Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасында жоғарыда аталған және таяуда қол жеткізілген барлық келісімдер біртіндеп іске асырылу үстінде.

Қытай-Кеңес қатынастарындағы ұзақ жылдар бойы шешімін таппай келген шекара мәселесі аяғына дейін шешілмей қалған болатын. Міне сол кеңестік дәуірден шешілмей қалған шекара мәселе заңды және саяси тұрғыдан толық түрде шешімін тапты деп айтсақ болады. Мемлекеттік шекара бойынша барлық мәселелер шешілді, екі жақты өзара тиімді сауданың дамуына қолайлы жағдай қамтамасыздандырылып, іскер және қоғамдық топтар арасындағы байланыстар мен алмасулар белсенділігі артуда.

Екі ел арасындағы ынтымақтастығымыздың жылдан-жылға артып келе жатқан көптеген мәселелері біздің ұстанымдарымыздың ортақтығының айқын дәлелі болып табылады. Қазақстан мен Қытайдың арасында келіспеушіліктерден гөрі бір ойдан шығатын тұстар әлде-қайда көп. Астана мен Пекин өңірлік ынтымақтастық пен халықаралық саясат жөніндегі басты сұрақтар бойынша ұқсас немесе сәйкес ұстанымдарға ие. Біз БҰҰ, ШЫҰ, АӨСШК, Әлемдік және дәстүрлі діндер басшылары съезі және тағы басқа шеңберде өзара белсенді түрде ынтымақтасу үстіндеміз. Сепаратизм күштерімен, халықаралық лаңкестік және діни экстремизм, сонымен қатар трансшекаралық қылмыс, заңсыз есірткі айналымы және басқа да өңірлік және

халықаралық қауіпсіздік қатерлері мен қыр көрсетуге қарсы күрес саласындағы тығыз байланыстар сақталуда [12].

Міне, осыдан 20 жылдай уақыт аралығындағы мәңгі көрші Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасы бір-бірін мемлекет ретінде мойындауы, мемлекет пен үкімет басшыларының жоғарғы деңгейдегі келіссөздері, ынтымақтастық бағытындағы маңызды құжаттардың қабылдануы және басқа да әрекеттері сөзсіз Қытай Халық Республикасы және Қазақстан Республикасы дипломатиясының үлкен жетістіктерінің бірі болып табылады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. Алматы: Өнер. 1996. 205-206 б.
2. Токаев Қ. Қазақстан Республикасының дипломатиясы. – Алматы: ҒӨ Пбк «GAUHAR». 2002. – 124 б.
3. ҚХР басшысы ресми сапармен Қазақстанда //(Егемен Қазақстан.27.04.94ж. )
4. ҚР мен ҚХР-ның мұнай саласындағы ынтымақтастығына қол жеткізілді //Дипломатия жаршысы. 1997. №4. 59 б.
5. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздігіміздің бес жылы. – Алматы. 1996. – 605-606 бб.
6. Қазақстан-Қытай мұнай құбырының құрылысы басталды //Дипломатия жаршысы. 1997. №1. 4 б.
7. ҚХР Мемлекеттік Кеңесінің Премьері Ли Пэннің ҚР-на сапары //Дипломатия жаршысы. 1997. №4. 35б.
8. Токаев Қ. Беласу. Алматы. ЖШС РПБК «Дәуір», 2008. – 552. – 252 б.
9. ҚХР Мемлекеттік Кеңесінің Премьері Чжу Жунцзының Қазақстан Республикасына ресми сапары // Дипломатия жаршысы. 2001. №4. 24-25 бб.
10. ҚР мен ҚХР-ның арасындағы бірлескен декларация // http: //www. russian. peopledaily.com.cn.05/06/2003.
11. Дополнительное соглашение между РК и КНР о казахстанско-китайской границе // Государственная граница: Сб. нормативно-правовых актов и международно-правовых документов. Алматы: Данекер, 2000. С. 106.
12. Адырбеков И. Қазақстан-Қытай қатынасы стратегиялық әріптестіктің жаңа белесінде. // Айқын газеті. №65. 2009ж.

## Резюме

**Г.Б. Козгамбаева**, *к.и.н., доцент*
*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

**Содружество между Республикой Казахстан и Китайской Народной Республикой**

В данной статье рассматривается содружество и взаимосоглашение между Республикой Казахстан и Китайской Народной Республикой. Казахстанско-китайское сотрудничество характеризуется высокой динамикой. С независимости Казахстана казахстанско-китайские отношения развивались и всегда были отмечены стремлением обеих сторон к налаживанию равноправного, взаимовыгодного партнерства.

***Ключевые слова:*** независимый Казахстан, Китай, содружество, отношения, Н.Назарбаев, Ху Цзиньтао.

## Summary

**G.B.Kozgambaev,** *Candidate of Historical sciences, Associate professor*
*(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

**Commonwealth and mutual agreement between the Republic of Kazakhstan and the People's Republic of China**

This article examines the commonwealth and mutual agreement between the Republic of Kazakhstan and the People's Republic of China. The Kazakh-Chinese cooperation is

characterized by high dynamics. Since the independence of Kazakhstan, Kazakh-Chinese relations have developed and have always been marked by the desire of both sides to establish an equal, mutually beneficial partnership.

***Key words:*** independent Kazakhstan, China, commonwealth, relations, N.Nazarbayev, Hu Jintao.

**ӘОЖ 947.084.3.9(с55) Р 271**

## АШАРШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ

**М.Д. Рахимжанова,** *оқытушы*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*
**Ж.Д. Касабулатова,** *оқытушы*
*(Алматы облысы,
Іле ауданы, №1 Қоянкұс орта мектебі)*

***Аңдатпа:*** Қазақ тарихында «ұлы жұт» атауымен қалған 1920-1930 ж.ж. ашаршылықтың экономикалық және демографиялық зардаптарының өте ауырлығы дәлелдеуді қажет етпейді. Сол кездегі қазақ зиялыларының мәліметтері бойынша, ашаршылық апаты Алтайдан Маңғыстауға дейінгі қазақ даласын түгел қамтыған. Бұл жылдары дәстүрлі мал шаруашылығы күйзеліске ұшырады, бірден-бір тіршілік көзінен айрылған қазаққа біржолата жойылу қаупі төнді. Қазақ халқының тарихындағы 1928-1933 жылдардағы ашаршылық бүкіл адамзат тарихындағы ең зұлмат, жантүршіктірер нәубет болып табылады. Мақалада 1932-1933 жылдардағы ашаршылық туралы мәселелер қарастырылған.

***Түйін сөздер:*** ашаршылық, 1932-1933 жж., ұлы жұт, қазақтар, қырылу, саны

Кеңестік биліктің алғашқы 1920-1930-жылдарында қазақтар 4-4,5 млн. айырылған. 1921-1922-жылдардағы аштық кезінде 1 млн. 700 мың адам (ашыққандарға көмек көрсету комиссиясының төрағасы Мұхтар Әуезовтің мәліметі бойынша), 1932-1933-жылдары 2 млн. 300 мыңға жуық адам құрбан болған. Соңғы мәліметтерде, «1920 жылдардағы ашаршылықтан өлгендердің саны 2,3 млн. адамға жеткені», қазақ демографы Мақаш Тәтімовтің деректерінде «XX ғасырда болған азамат соғысы, қолдан жасалған ашаршылық, қуғын-сүргін кездерінде, екінші дүниежүзілік соғыста бас-аяғы 3 миллион 850 мыңға жуық қазақ қырғынға ұшырағаны» айтылады.

Қазақ тарихында «ұлы жұт» атауымен қалған 1920-30 ж.ж. ашаршылықтың экономикалық және демографиялық зардаптарының өте ауырлығы дәлелдеуді қажет етпейді. Сол кездегі қазақ зиялыларының мәліметтері бойынша, ашаршылық апаты Алтайдан Маңғыстауға дейінгі қазақ даласын түгел қамтыған. Бұл жылдары дәстүрлі мал шаруашылығы күйзеліске ұшырады, бірден-бір тіршілік көзінен айрылған қазаққа біржолата жойылу қаупі төнді.

КСРО-да жүргізілген күштеп ұжымдастыру науқаны Қазақ елін айналып өтпегені белгілі. Жаппай тәркілеу құрығына шаруалармен қатар, дәулетті қазақ байлары мен кезінде билік тізгінін ұстаған хандардың ұрпақтары ілікті [1].

Большевиктер өкіметті басып алғаннан кейінгі жылдары қазақ жері екі дүркін - 20-шы және 30-шы жылдар басында жан түршігерлік ашаршылықты бастан өткерді. Осы аштықтарда қазақтың қырылғаны қырылып, аман қалғаны бас сауғалап, тоз-тоз болып, халық ретінде жойылудың аз-ақ алдында қалды [2]. Ауа райының аса қолайсыз құбылыстары, атап айтқанда, қуаңшылық, жерді көк мұз басуы т.б. салдарынан болатын

экономикалық күйзелісті ежелгі қазақтар жұт деп үрейленген. Қазақ «жұт – жеті ағайынды содырмен сегіз, салақпен тоғыз, олақпен он» деген сөздер де ертеден келе жатыр. 19 ғасырда қазақ даласында 20 ірі жұт тіркелген.

Міне, осындай дүркін-дүркін жұттан аман қалған қазақ, большевиктер билікке келгеннен кейінгі жағдайда оған төтеп бере алмады. Оның басты себебі, жұмысшы мен шаруаның одағына негізделген пролетариат диктатурасының орнауы еді. Бұл төңкеріс бастапқыда «әлемдік социализм» теориясына сәйкес Ресей империясына «эксперимент» ретінде енгізілген-ді. 1917 жылғы үздіксіз революциялар, соның ішіндегі «социалистік революция», «кеңестер» туралы В.И.Ленин: «Уақытша үкіметпен, буржуазия үкіметімен қатар әлі әлсіз, жаңа ұрық салып келе жатқан… екінші үкімет – жұмысшы және солдат депутаттарының Советтері құрылды. Бұл үкіметтің саяси сипаты қандай? Бұл – революциялық диктатура, яғни орталықтандырылған мемлекеттік өкіметтің шығарған заңына емес, .бұқара халықтың төменнен болатын тікелей бастамасына сүйенетін өкімет» деп жазған еді. Алайда, бұл өкімет орталықтан шет жатқан Түркістан сияқты аймақтарда Мұстафа Шоқайдың сөзімен айтқанда, «... өліктердің үстінде әйелдер мен балалардың өліктерін құрбандыққа шалып орнады». Билік үшін күресте большевиктердің толық жеңісі немесе «социалистік революцияның салтанат құруы» – азамат соғысынан кейін ғана мүмкін болды. Кеңес өкіметінің 1920 жылдан басталатын дербес билігі 1930 жылдары тоталитаризм (лат. totalis – тұтастай, түгелдей) жүйесін туғызды. «Тоталитаризм орнаған мемлекетте қоғам өмірінің барлық саласы биліктің бақылауында болып, адам бостандығы мен конституциялық құқықтары жойылады, оппозиция мен өзге саяси ой өкілдері саяси қуғын-сүргінге ұшырайды. Оның тарихи үлгілері КСРО-да Сталин, Қытайда Мао Цзэдун, Солтүстік Кореяда Ким Ир Сен режимі кезінде, сондай-ақ фашистік Италияда Б.Муссолини және Германияда А.Гитлер тұсында орнады» [3].

Тоталитаризм орнаған КСРО-да 1920-30 ж.ж. байлар мен кулактарды тап ретінде жою шаралары мен ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру саясаты жүзеге асырылды. Нәтижесінде қазақ халқы алапат ашаршылыққа ұшырап, жаппай босқыншылықты бастан өткерді. Кеңестік тоталитаризм зиялы қауым өкілдерін ұлттық саяси ұстанымдарына орай «тап жаулары», «жат пікірдегілер» және «әлеуметтік қауіпті элементтер» ретінде қудалады. А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ә.Байділдин, Д.Әбілов, М.Тынышпаев, Т.Рысқұлов т.б. Алаш арыстары тоталитаризмнің құрбаны болды.

Қазақ өлкесін басқарған Ф.И.Голощекин (1925-1933) елді индустрияландыру және ұжымдастыру саясатын тездетті. Оған И.Сталиннің 1928 жылы 15 қаңтар – 6 ақпан аралығындағы Сібірге сапарында (Новосибирск, Барнаул, Бийск, Рубцовка, Красноярск, Омбы), Красноярскіде өткізген «Шығыс кеңесі» түрткі болды. КСРО-ның Бірінші адамы елдегі астық дағдарысына тоқталып, «егер 1927 жылғы қаңтарда 428 млн. пұт дәнді астық дайындап үлгірген болсақ, ал 1928 жылғы қаңтарда дайындалған астық 300 млн. пұтқа әрең жеткенін, осы жетіспеушіліктің 128 млн. пұт болғанын» [4] тілге тиек етті. Осы сөздерді құлағы шалған жергілікті «шабармандар» астық дайындауда «асыра сілтеулерге» жол берді. Соның салдарынан қазақтардың дәстүрлі мал шаруашылығы күйзелді, қазақ зиялыларының мәліметтері бойынша, сол кезде 40,5 млн.-дай мал басы 4,5 млн.-ға қысқарғаны белгілі. Оның үстіне ауа райының қолайсыздығы мен аштықтан босқан халықтың 24 пайызы, яғни әрбір төртінші адам қазаға ұшырап отырған.

Осылайша, большевиктер жоспарға негізделген экономиканың негіздерін қалады, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын дамытуда сан қуып кетті. Ал, Қазақ даласында «папка ұстаған шолақ белсенділер» көбейіп, көк аспанда «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» ұрандары самғады. Патшалық биліктен мұраға қалған кеңестік биліктің өзге ұлттарды отарлау саясаты, қаншама халықтың көз жасын көлдетіп, «жасанды» қасіретке душар етті. Әбден, ашыққан қазақтар шекаралас Қытай, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан,

Түрікменстан арқылы Моңғолия, Ауғанстан, Иран және Түркия сияқты елдерге асып кетіп жатты. Сол жылдары осы елдерге табан тіремеген қазақ отбасы кемде-кем.

1928-1932 ж.ж. бірінші бесжылдық тұсында қазақ байларын тәркілеу саясаты күшіне еніп, кеңестік билікке қарсы «әлеуметтік қауіпті элементтерді» іздестіруге, оларды күштеп жер аударуға ұласты. Әсіресе, қазақ байлары қудаланды.

Ұжымдастыру науқанында Жетісуға әйгілі ірі ауқатты әулет Маман отбасынан 1720 ірі қара, 13 ақ үй, 13 ағаш үй тәркіленген. Бұл әулеттің мүшелері қазаққа пайдалы істер жасаумен танылған еді, айталық ғылым-білімнің қадірін ұққан Есенқұл Маманов жақсы роман жазған адамға бәйге жариялаған болатын; Семей округінен Құнанбай – Абай ұрпағынан Шәкәрім, Тұрағұл қудаланғаны белгілі. Сол кезде Тұрағұлдан небәрі 36 мал басы тәркіленген екен. Семей қаласындағы ет және тері өнеркәсібінің негізін қалаған, 1918 жылы М.Әуезовтің өтінішімен «Абай» журналын шығаруға қаржылай демеушілік танытқан, ірі қазақ байларының бірі Қаражан Үкібаевтың мүлкі кәмпескеленеді.

Батыс өңіріндегі ауқатты адамдардың бірі, Сырым Датұлының шөбересі Салық Омаровтың мал-мүлкі тәркіленіп, өзі Жетісуға жер аударылады. Ол кезінде Жаһанша Досмұхамедовтың Санкт-Петербургке оқуға түсуіне қаржылай көмек көрсетіп, Алаш әскеріне 200 жылқысын берген адам. Сол сияқты Тұрағұл Ибрагимов алашордашы ретінде Халел Ғаббасов, Мұсатай Молдабаевпен бірге Сібірге жер аударылған.

Өйткені, 1932 жылы Ораз Исаевтың Сталинге жолданған хатында жазылғандай: «…Байлардың көптеген audандарда белгілі бір табысқа жеткенін мойындау керек. Бұл 1930-1931 жылдары байлардың Алтайдан Маңғыстауға дейін едәуір ірі-ірі контрреволюциялық бас көтерулер ұйымдастыра алғанынан ерекше айқын көрінді» [5].

Бүгінге дейін Қазақстандағы ұжымдастыру науқаны мен ашаршылыққа қарсы бой көтерулер туралы аз жазылған жоқ. Қазақ жерінде 1929-1931 жылдардағы 80 мың адамды қамтыған 372 шаруалар көтерілісі талқандалды. ОГПУ (Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқарма) мәліметтері бойынша, 1930 жылы қаңтар-сәуір айларында КСРО-да 1,8 млн. адамды қамтыған 6 мыңдай шаруалар көтерілісі болған. Соның ішінде Қазақ даласындағы ірі көтерілістер: Созақ, Ырғыз, Қарақұм, Қарақалпақ (басмашылық көтеріліс – Тақтакөпір), Адай, Абыралы, Шыңғыстау, Батпаққара (Торғай – Әбдіғаппар хан), Балқаш, Жетісу, Сарқанд, Қордай [6]. Қалай болғанда да, мұндай фактілер шаруалар көтерілісін беделді адамдардың басқарғанын айғақтайды.

Қазақ халқының тарихындағы 1928-1933 жылдардағы ашаршылық бүкіл адамзат тарихындағы ең зұлмат, жантүршіктірер нәубет болып табылады. «Осынау алапат аштық ауыл шаруашылығын ұжымдастыру саясатын бүркенгенімен, сол саясатқа мүлдем қарсы әрекеттерге барып, кеңестік-тоталитарлық жүйенің қазақ халқының дәстүр, құқық, өзіндік шаруашылық ерекшеліктерін аяқасты ету нәтижесінде тұтастай ұлтты қолдан жасаған геноцид пен демографиялық детерминизмге алып келген қылмыстың ең ауыр түрінің қайғылы нәтижесі. Демографтар сол жылдары жаппай қырғын болмаса, қазіргі таңда қазақтардың саны 40 млн. адамға жетер еді дегенді алға тартады. Сондықтан да бұл нәубет қазақ халқының өсімін кем дегенде 110 жылға артқа шегіндірді!

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Бүркітбай А. Ашаршылық ақиқатына жаңа көзқарас. www.google.kz.
2. Омарбеков Т. Ашаршылық ақиқаты. http://www //Үш қиян. 2011ж.
3. «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы. 2006. – 704 б.
4. Омарбеков.Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: Алматы: Санат. 1997. – 320 б. – Б. 41
5. Қазақ қалай аштыққа ұшырады?. Алматы, 1991. – 206 б. – 26 б.
6. Буркитбай А. Красные и черные (материалы Гуверского архива). – Алматы, 2005. – 240 с. – С.82-89.

**Резюме**

**М.Д. Рахимжанова,** *преподаватель*
*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*
**Ж.Д. Касабулатова,** *преподаватель*
*(Алматинский обл., Илийский район, ср школа №1 Коянкус)*

**Историческая правда о голоде**

В данной статье рассматривается историческая истина голода казахского народа в 20-30 годы XX век. Переписи населения Казахстана 1926 и 1939 гг. придалось особое значение. Это голод начала 30-х годов, жертвой которого стала большая часть казахов. Данная проблема очень актуальна. Эта катастрофа, казахского народа привела к значительному изменению социального и особенно национального состава населения к концу 30-х годов.

***Ключевые слова:*** голод, 1932-1933г.г., великий джут, казахи, число

**Summary**

**M.D.Rakhimzhanova**, *teacher*
*(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*
**Zh.D.Kasabulatova,** *teacher*
*(Almaty region., Ili district, school №1 Koyankus)*

**The Historical Truth About Hunger**

This article examines the historical truth of the Kazakh people's hunger in the 20-30s of the 20th century. Censuses of the population of Kazakhstan in 1926 and 1939. Attached special importance. This is the famine of the early 1930s, the victim of which was the greater part of the Kazakhs. This problem is very urgent. This catastrophe, of the Kazakh people, led to a significant change in the social and especially ethnic composition of the population by the end of the 1930s.

***Key words:*** famine, 1932-1933, great jute, Kazakhs, number

**УДК 211 А-36**

## РЕЛИГИОЗНАЯ ЭТИКА ШАКАРИМА КУДАЙБЕРДИЕВА

**Б.О.Айбеков,** *к.ф.н.*
**Г.А.Нарбекова,** *к.ф.н., доцент*
*(г.Алматы, Институт философии и политологии РК)*
**Ш.У.Унербаева,** *старший преподаватель*
*(г.Алматы,Казахский государственный женский педагогический университет)*

***Аннотация:*** В данной статье рассматриваются религиозные взгляды Шакарима Кудайбердиева. Дается анализ исламской интерпретации морали, роли нравственности в жизни мусильманина. В религиозных воззрениях Шакарима важное место отведено этическим проблемам – исламской интерпретации морали, выявленную роли нравственности в жизни мусульманина.

***Ключевые слова:*** Шакарим, религиозная этика, религиозные воззрения, душа, тело.

Ставятся и решаются эти проблемы во многих стихотворениях Шакарима [1], а также в его книгах «Иман гибадат», «Три истины» [2] и «Основные положения веры» [3],

«Родословная тюрок, киргизов, казахов и ханов» [4], «Сады подснежников» [5]. Какие же конкретно религиозно – нравственные проблемы ставил и решал в своих трудах Шакарим?

Таких проблем, судя по публикациям Шакарима, много. Но первое и главное место в их ряду занимает проблема свободы воли, над решением которой на протяжении веков бились (и продолжают биться поныне) выдающиеся мусульманские богословы и философы. Как известно, мусульманин должен искать ответы на волнующие его вопросы в Коране. Там же следовало ему находить и исламский вариант решения проблемы свободы воли. Наличие в Коране противоречивых вариантов решения проблемы свободы воли наставило мусульманских богословов перед необходимости нахождения ответов на такие вопросы: Может ли человек отвечать за действия, которые от него не зависят, так как изначально предопределены Бога? Как согласовать представления об Аллахе – Всемогущем и одновременно Аллахе – Всеблагом? Действительно, если он всемогущ, то добро и зло, имеющееся как в мире, существуют по его воле; но когда он не всеблаг, так как допустил существование зла. Если же он всеблаг, и зло идет не от него, тогда он не всемогущ.

Поэтому еще при первых халифах, то есть сразу же после смерти Мухаммеда, появились сторонники прямо противоположных подходов к решению данной проблемы: приверженцы учения об абсолютном предопределении и поборники идеи абсолютной свободы воли. Начатая ими дискуссия продолжалась в последующие столетия. Были вовлечены в нее и казахские богословы.

Принял участие в дискуссии и Шакарим. Он проанализировал три возможных подхода к данной проблеме, сложившихся в исламской богословской литературе, и выразил свою отношение к каждому из них.

Подход первый: у человека нет воли и все свои поступки он совершает по воле Аллаха. Полемизируя с этой точкой зрения, Шакарим считал, что невозможно представит себе, чтобы Бог, предопределив те или иные поступки, в этом числе и злые, требовал бы от человека ответственности за них и наказывал его загробном мире. При этом он сослался на следующие аяты в Коране: «истинно Аллах не делает зла людям, от них зависит, будет ли благодарен, став мусульманином, или будет непризнателен, став кафиром (неверным, безбожником, еретиком. – Б.А.)»; «Для человека будет только то, что он стремится сделать» [6].

По мнению Шакарима, Аллах оказывает помощь человеку, дав ему разум и предупреждая его через пророков мулл, но если тот ослушается, не останавливает его [6].

Подход второй: Аллах сотворил все существующееся на земле, в том числе добро и зло, и не вмешивается в дела творения, предав все свои пожелания через пророков. И его Шакарим оспаривает, пологая, что если Аллах, сотворив видимый и невидимые, не вмешивается в дальнейшем в жизнь своих творений, тогда отпадает нужда пророках. Получается, пишет он, что пророки появились сами по себе, без какой бы то ни было причины, из ничего; в таком случае не стоит ни поощрять людей за сделанное добро, ни наказывать их содеянное зло.

Возражая своим оппонентам, считавшим что несогласие с данным подходом означает признание человеке как бы второго Бога, Шакарим утверждал, что Аллах сотворил человека со свободой воли. Если это так, то отсюда следует, что человек является хозяином своих поступков, но не их творцом. Эту мысль он иллюстрирует следующим размышлением. Если скажешь, что причиной совершенного мною греха были родители или друзья, а может даже плохое влияние той местности, где я живу, то при этом можно ли сказать: «Поэтому я стал грешником», а за это кто должен отвечать и кто должен быть наказанным? И Шакарим приходит к следующему выводу: если за совершенный грех будет отвечать другой, который был причиной, то тогда у него тоже

кто - то был причиной; таким образом можно дойти до Адама, что недопустимо, ибо в Коране сказано: «Никто не отвечает за грех, совершенный другим» [7].

Подход третий: все действия человека предопределены Аллахом и записаны в «скрижали хранимой», поэтому у человека нет воли не исполнять то, что ему предопределено. Эту точку зрения Шакарим отвергает самым категорическим образом, подкрепляя свою позицию следуюшим чисто житейским рассуждением: «любой разумный человек знает, что если он попусту, ни за что разбазаривать свой скот, то со временем станет бедным. Стоит ли в таких случаях говорить, что Бог предопределил, поэтому я стал бедным».

Свободу воли человека Шакарим связывает с идеей абсолютной справедливости Аллаха. Если Аллах справедлив, а Коран не разрешает сомневаться в справедливости Аллаха, то все исходящее от него может быть только справедливым. Следовательно, несправедливые учения и деяния исходят от самаго человека. Если это так, то воля человека свободна, и он своих поступках ответсвеннен только перед собой.

Шакарим видит источник зла в чувственных желаниях человека. Человек рассматривает им как единство двух частей – видимой (тело) и невидимой (душа), познавшая душа обявляется движушей силой и носителем нравственной функции: именно она обладает способностью отличать полезное от вредного. Если душа стремится к совершенствованию, то человек укрепляет свою веру. Если же в человеке побеждает «чувственное желание» то он отступает от веры. «У человека, - писал он, есть две потребности телесные и духовные». Постоянное забота о себе, самолюбие, тщеславие - это потребности и тела. Совестливость, стремления четно трудится – потребность души. Тот, у кого побеждает первая потребность, ради наживы, корысти и славы готов пойти на любые злодеяния. Второй не ищет ничего, кроме безкорыстного труда и благих поступков [7].

Итак, по мнению Шакарима, зла в субстанциональном смысле нет. Всякое бытие, исходящее от Бога, есть добро. Выводя зло из «чувственных желаний» человека он снимает с Бога ответственность за зло и формилирует важнейшие принципы своей теодицеи - богооправдания. Суть ее такова. Человеческая воля свободна в своих чувственных желаниях. Божественное воздеяние прямо зависит от нравственного уровня деятельности каждого индивида, она соразмерно делом человека. Каждый терпит наказания за свою вину и каждый обретает блаженство соответсвенно своим заслугам. Посмертная судьба является, по Шакариму результатом взвешивания его добрых и злых дел. Получается, что личность сама реализует свои моральные возможности, а на долю Бога выпадает роль своеобразного бухгалтера.

На первый взгяд может показаться, что приписывая человеку свободу в своих «чувственных желаниях», Шараким становится на позицию индетерменизма. Поскольку индетерменизм берет под свою защиту непосредственное чувствование свободы. Мы сознаем, говорят индетерменисты, не может быть обманом – как они в сознании даны, такова их единственная реальность.

Но Шакарим связывает «чувственные желание» с неразумным человеческим телом. И когда он говорит, что «свобода воли» возможно лишь в земной жизни. А в загробной жизни о ней не может быть и речи, - здесь мыслитель переходит на позиции детерменизма, так как посмертная человеческая судьба сказывается всецело зависящей от его земной жизни.

Таким образом, Шакарим приходит к выводу. Что Бог не может творить зла – от его исходит только добро. То, что несправедливо, нельзя навязывать Богу – это результат свободы воли человека, а следовательно, только человек за это в ответе. Из сказанного видно, что рационалистически мысливший философ ясно представляя противоречивость и односторонность исламских ортодоксальных подходов к проблеме свободы воли,

стремился преодолеть их схоластичность и привести к определенный логический порядок, покрепив их доводами разума, ограничен принцип предопределения.

Своим решением проблемы свободы воли Шакарим заметно возвысился над современными ему исламскими религиозными деятелями. Во-первых, он рассматривал эту проблему не с абстрактно - схоластических позиций, а с социально – этических. Во-вторых, «заземлял» ее, концентрируя внимания и на Бога, и на человека. Это был значительный вклад в развитие казахской религиозно – философский мысли конца XIX начало XX вв.

Мночисленным порокам Шакарим противопоставляет не менее многочисленные добродетели. К ним относит терпеливость (понимаемую как единство стойкости, выносливости с отвагой, смелостью и даже дерзостью), скромность, справедливость, доброта. Все это он объединяет одним понятием – совесть. Человек должен познать в себе эти качетства и реализовать своим поведением. Именно способностью к такому самопознанию человек отличается от животного.

Достигается это самопознание воспитанием, нравственной активностью человека. А проявлятся активность должна в честном труде, стремлении к просвещению, в способности к милосердию. Ратуя за просвещение народа.

Таким образом, этика Шакарима религиозная по своим основаниям, глубоко гуманистично по своей направленности, в ее центре Бог, и она обращена к человеку с его недостатками и достоинсвами. И утверждение веры рассматривается ею как само цель, и как средство укрепления нравственных устоев личности и общества.

Показательно, что этические проблемы с позиций ислама, Шакарим не проявлял узкого конфессионализма – он не отрицал возможности нравственных поступков со стороны исповедующих другую веру или вообще неверующих говоря религиозным языком он допускал возможность спасения, то есть райского блаженства и для немусульман. Если человек в течении всей своей жизни, утверждал Шакарим, делал лишь добро, он безусловно опасается, даже если он не исповедует ислам, не верит в пророка и не соблюдает исламские обряды, словно, не является мусульманином.

Такая широта взглядов ставила Шакарима на голову выше казахских религиозных деятелей и мулл того времени. Его позиции мусульманина – гуманиста – пример для современных исламских деятелей, образец восприятия ислама как формы духовности с большим нравственным потенциалом.

Поэтому религиозная этика Шакарима, сыгравшая свою благотворную роль в прошлом, актуальна и сегодня. Притом не только для современных мусульман Казахстана и других исламских регионов, но и для приверженцев иных мировоззренческих систем и идеологий, стремящихся общими усилиями преодолеть наиболее вопиющие человеческие пороки и тем самым повысить нравственным потенциал своих народов, всего человечества.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Кудайбердиев Ш. Сочинение: стихи, дастаны, проза. Алма-Ата, 1988.
2. Кудайбердиев Ш. Три истины. Алма-Ата, 1990.
3. Кудайбердиев Ш. Родословная тюрок, киргизов, казахов и ханов. – Оренбург, 1911.
4. Кудайбердиев Ш. Основные положения веры. Оренбург, 1911.
5. Кудайбердиев Ш. Сады подснежников. \\ Простор. 1989. – №8. 65-75 с.
6. Абдильдин Ж., Бурабаев М. Истоки формирования прогрессивной общественно – политической мысли в Казахстане \\ Казахстан коммунист. 1982. №2. –15-21 с..
7. Абдигазиев Б. Историко – философские аспекты творчества Шакарима исвест.Ан КазССР. 1981. №3. –91-98 с.

8. Абай. Слова назидания. – Алма-Ата: Жалын, 1983. – 76 с.
9. аш-Шахристани. Книга о религиях и сектах. –Ч.І. – М. 1984.

**Түйіндеме**

**Б.О.Айбеков,** *ф.ғ.к.,* **Г.А.Нарбекова,** *ф.ғ.к., доцент*
*(Алматы қ., ҚР философия и саясаттану институты)*
**Ш.У.Унербаева,** *аға оқытушы*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

**Шәкәрім Құдайбердиевтің діни этикалық көзқарасы**

Шәкәрім Құдайбердиевтің діни этикалық көзқарасына арналған мақалада адам еркіндігі мәселесі көтеріледі. Шәкәрім – бұл мәселені жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде шешеді. Шәкәрім этикасы өз негізі бойынша діни болып, адамгершілікті бетке алады. Мұнда адамға кемшіліктері мен жетістіктерімен қатар қарайды. Сенімді бекітуді мақсатқа алып, қоғам мен тұлғаның адамгершілік өзегін қалыптастыруды назарға алған.

***Кілт сөздер:*** Шәкәрім, діни этика, діни көзқарас, жан, дене

**Summary**

**B.O. Aibek,** *Candidate of Philosophy,* **GA Narbekova,** *Candidate of Philosophy, Associate Professor*
*(Almaty, Kazakhstan Institute of Philosophy and Political Science)*
**S.U. Unerbaeva**, *Senior Lecturer*

**Religious ethics of Shakarim Kudayberdieva**

In the article devoted to Shakarim Kudaibergenovs religions ethis views the problem of mans freedom is considered. Shakarim is solving this problem on the basis of general human valies. The ethics of Shakarim is religious in its foundations, deeply humanistic in its focus, in its center is God, and it is addressed to a person with his shortcomings and dignity. And the statement of faith is considered by it as the very goal, and as a means of strengthening the moral foundations of the individual and society.

***Keywords:*** Shakarim, religious ethics, religious views, soul, body

**ӘОЖ 9(с)77 С 52**

## ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТАН КЕЙІН ПОЛЬШАДА ХАЛЫҚТЫҚ БІРЛІК ҮКІМЕТІНІҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ

**А.М. Сманова**, *т.ғ.к., доцент*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Кеңестік және поляк әдебиеттерін пайдалана отырып, екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Поляк Халық Республикасының құрылу тарихының алғышарттары және Поляк жұмысшы партиясының қызметі туралы баяндалады. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында фашистік басқыншылықтың құрсауында қалған Польша Республикасының территориясын жаудан азат ету мақсатында КСРО Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитеті 1944 жылы сәуір айының 3 күні Мәскеу қаласында «Поляк армиясының Әскери Кеңесін құру шаралары туралы» арнайы қаулыға қол қойды.

***Түйін сөздер:*** конференция, Крайов армиясы, парламент, демократия, манифест.

Көп ұзамай «Поляк Армиясының Әскери Кеңесі туралы Уақытша Қаулыны» бекітіп, оны басқару ісі – генерал-лейтенант З.Берлинг (қолбасшы), генерал-лейтенант Сверчевский (қолбасшының орынбасары) және полковник Завадский (поляк партизан

қозғалысының штаб басшысы және саяси-тәрбие бөлімшесінің қолбасшысының орынбасары) секілді әскери басшыларға тапсырылды [1].

Қызыл Армияның «азаттық әскерлер» тұрғысындағы жауынгерлері Польша территориясына 1944 жылдың шілде айында кірген болатын. Осы кезден бастап-ақ Поляк ұлт-азаттық комитеті (ПҰАК) Қызыл Армия әскери басшылығымен тығыз байланыс жасай отырып, жауға тойтарыс беру жағдайын қолға алды. Олар халықты өз жақтарына шақыра бастады. Сонымен бірге елде таратылған үндеу парақтарында: «Қолдарыңа каруларыңды алыңдар! Қай жерде болса да немістерді өлтіріңдер! Олардың көліктеріне шабуыл жасап, поляк және кеңес солдаттарына көмек көрсетіңдер! Азат етілген аудандарда тез және нақты іс жүргізіп, Поляк әскерінің құрамына кіріңдер! Немістерден қыркүйек науқаны үшін кек алып, одақтастар әскерлерімен бірге фашистерге жаңа Грюнвальдті көрсетіңдер!» деп айтылған еді.

Осыдан кейін көп ұзамай, яғни, 1944 жылы 21 шілде күні Варшава қаласында өткен Уақытша поляк парламенті тұрғысындағы Елдің ұлттық кеңесінің (Крайова рада народова) пленарлы мәжілісінде Польша ұлт-азаттық комитеті бұдан былай – Уақытша Атқарушы орган болып қайта құрылды. Оның төрағасы болып Эдвард Болеслав Осбука-Моравский тағайындалды. Поляк ұлт-азаттық комитеті өздерінің уақытша тұрағы ретінде неміс басқыншылығынан азат етілген және өздерінің алғашқы қызметтерін бастаған Хелм қаласын таңдап алды. Бұл комитеттің алдарына қойған мақсаттары поляк халқын неміс басқыншыларына қарсы күреске шақыру, яғни, олар немістерге қарсы барлық халықты өз қол астарына біріктірген – Ұлыбритания, КСРО және АҚШ сияқты ұлы державалар басшыларымен тығыз байланыс орнатуды қолға алды.

1944 жылы 26 шілде күні КСРО Сыртқы Істер Халық Комиссариаты Кеңес үкіметінің басшылығына мынадай ұсыныс жасады: «Қызыл Армия табысты түрде алға жылжып, Кеңес Одағы мен Польша Республикасының мемлекеттік шекарасына жетті. Кейін шегінген герман әскерлерін өкшелей отырып Кеңес әскерлері Поляк армиясымен бірге Батыс Буг өзенінен өтті. Көп зардап шеккен поляк халқын неміс басқыншыларынан азат етуді Қызыл Армия өз қолына алды» деп айтылған болатын. Польша Республикасының шекарасына таяп қалған Кеңес әскерлерінің алдарына қойған мақсаты - герман әскерлерін талқандап және поляк халқын неміс басқыншыларынан азат етіп, «тәуелсіз демократиялық Польша Республикасын қалпына келтіру» болды. Сонымен бірге Кеңес үкіметі Қызыл Армияның Польша территориясындағы әскери қимылдарын «достық, одақтас» мемлекет тұрғысында қарайтындарын да айтып өтті. Осыған байланысты Кеңес үкіметі Польша территориясында өздерінің әкімшілік ұйымдарын орнатпайтынын, өйткені, мұны поляк халқының өз ісі деп қарайтынын мәлімдеді. Ал Кеңестік Қолбасшылық және Поляк әкімшілігі арасындағы байланыстарды Поляк ұлт-азаттық комитеті өз қолдарына алуды міндет етті. 1944 жылдың жазында Қызыл Армия әскерлері Польша жеріне кіріп, КСРО жерінде құрылған 1-ші Поляк армиясымен бірге неміс басқыншыларына қарсы соғыс қимылдарын жүргізді. Ромблев маңында және Липск орманында фашистерге қарсы табанды түрде шайқас жүргізіп ерлік көрсеткен Халық Армиясы (Армия Людовой), Ел армиясы (Армия Крайова), Шаруалар батальондары және Волынь дивизиялары жауға қарсы шайқасқа Кеңес әскерлерімен бірге шықты. Сонымен 1944 жылы шілде айының соңына қарай Кеңестік Қызыл Армия әскерлері поляк халқын жаудан азат ету миссиясымен Польша территориясына енгеннен соң КСРО үкіметі мен Поляк ұлт-азаттық комитеті арасында әкімшілік басқару жұмыстары жөнінде екіжақты келісімге қол қойылды. Онда: «Польша территориясындағы соғыс қимылдары жүріп жатқан аймақтардағы барлық әскери операциялар кеңестік Басқолбасшылықтың қолына көшіріледі. КСРО территориясында құрылған поляк әскери бөлімшелері Польша жерінде әскери қимылдарын жалғастырады. Кеңестік Басқолбасшылық және Поляк ұлт-азаттық комитеті арасындағы байланыс Поляк әскери миссиясы арқылы жүргізіледі. Неміс

басқыншыларынан азат етілген аудандардағы қайта әкімшілік басқаруды Поляк ұлт-азаттық комитеті өз қолына алады» [2] деп аталып өтілді. Сөйтіп, бастапқы кезде Польша жеріндегі әскери қимылда кеңестер өз саясатын, ал поляк азаматтары өз заңдарымен әрекет жасады.

Дегенмен, екі мемлекет арасындағы бірнеше жылдан бері (1939 ж.) шешімін таппай келе жатқан даулы мәселенің бірі «шекара» жөнінде болды. Осыған байланысты 1944 жылы 27 шілдеде КСРО үкіметі және ПҰАК арасында кеңес-поляк келіссөзі болып өтті. Осы келісім бойынша Кеңес Одағы және ПҰАК екі ел арасындағы мемлекеттік шекара мәселесін қайта қарап, реттеу үшін «достық рухтағы» бірнеше кездесулер өткізген болатын. Алайда екі ел арасындағы мемлекеттік шекара «Керзон сызығы» деп аталатын саяси негізден асып кете алған жоқ. Кеңестік келісімдегі ұсыныс бойынша Керзон сызығының шығысындағы Батыс Буг өзені және Крылов қаласының оңтүстігіндегі Солокия өзені, Немиров-Яловка учаскесіндегі Беловежский Пуще аймағындағы жерлер Польша мемлекетінің мүддесіне қарай шешілді. Сонымен бірге Шығыс Пруссия территориясының солтүстік бөлігіндегі Кенигсберг порты Кеңес Одағының мүддесіне шешілді, ал Шығыс Пруссияның қалған бөлігі, сонымен бірге Данциг облысы Польшаға қарады. Сан өзенінің шығысындағы Мычков елді мекеніне дейін, одан әрі шығыс Перемышлдан батыс Рав-Русскаяға, одан Солокия өзеніне дейін, бұл жерден Батыс Бугтен Немиров-Яловкаға дейінгі жерлер Польша иелігінде болып қала берді. Нәтижесінде Кеңестік саясаттың басымдылығынан Польша Республикасы мен Кеңес Одағы арасындағы мемлекеттік шекара 1939 жылға дейінгі жағдайын сақтаған жоқ [3].

1944 жылы тамыз айының 3 күні Мәскеу қаласында кеңестік басшылық өкілдері Лондондағы Польша эмигранттық үкіметінің премьер-министрі С.Миколайчикпен соғыстан
кейінгі герман мәселесі және Польшада Уақытша үкімет құру, тылдағы Ел Армиясының (ЕА) жағдайы, Польша мемлекеттік шекарасын қайта қарау мәселелері төңірегінде кездесу өткізді. Осы екі жақты кездесуге поляк жағынан С.Миколайчик, С.Грабский, Т.Ромер, И.Мнишек, ал кеңестер жағынан И.В.Сталин, В.М.Молотов және тілмаш В.Н.Павлов қатысты. Кездесу барысында премьер С.Миколайчик кеңес армиясының гитлерлік әскерді талқандап жатқан табыстарын айта келе, олар Польша территориясын да азат етуге қолғабыс тигізері туралы әңгіме бастады. Ал Сталин болса осындай қиын халықаралық жағдайда Кеңес үкіметі Польшаны жаудан азат етуге қол ұшын беруді өзінің «парызы» деп санайтыны туралы айтып өтті [4]. Әрине, өйткені Кеңес Одағы Шығыс Европаға, тіпті соның ішінде Польшаға деген өз мүддесінен айырылмауы керек болатын. Алдағы болып өткен және соғыстан кейінгі әлемді бейбіт жолмен реттеу жағдайындағы халықаралық конференциялардың күн тәртібіндегі «Шығыс мәселесін» Сталин өз тізгінінен жібермеудің барлық мүмкіндігін қарастырды.

Осыдан кейін көп ұзамай-ақ КСРО Сыртқы Істер Халық комиссары В.М.Молотов Польша эмигранттық үкіметінің басшылары С.Миколайчик, С.Грабский, Т.Ромер және Поляк ұлт-азаттық комитетінің басшылары Б.Берут, Э.Осубка-Моравскийді «Польша мемлекетінде коалициялық үкімет құру туралы» мәселені талқылау үшін қабылдаған болатын. Бұл кездесудегі басты маңызды, яғни, белгілі болған жағдай Лондондағы эмигранттық үкімет басшысы С.Миколайчикке қарағанда Польша Халық кеңесінің төрағасы Беруттың Мәскеудегі кеңестік басшылар алдында беделі жоғары екені де байқалды. Осындай олқылықтарды пайдалана отырып Кеңес Одағы екі үкімет басшылары, яғни, лондондық үкімет пен ПҰАК өкілдерінің Польша Республикасының 1935 жылғы Конституциясын мойындаудан бас тартуларына қол жеткізді. Өйткені олардың пайымдауы бойынша «халықтың көпшілігі бұл конституцияны мойындамайды», ал ПҰАК өкілдерінің хабарлауынша «заңдық негізде поляк мемлекетінің жаңа конституциясы демократиялық жолмен жасалып, сейм бойынша бекітілгенге дейін елде

1921 жылғы конституция жүргізіледі» деп жариялады. Сонымен қатар ПҰАК-нің тағы бір ұсынысы «мемлекеттің алдындағы міндеттерді табысты түрде шешу үшін елдегі «демократияға қарсы» заңдарды жойып отыру керек» деп атап өтті. Дегенмен, бастапқы кезде ПҰАК-нің ұсынысы бойынша елдегі коалициялық үкіметтің премьері С.Миколайчик болып тағайындалды деп атап көрсетті, ал оның Лондондағы эмигранттық үкіметі кеңестік саясаттың ұсынысы бойынша Варшаваға келуге тиіс болды. Ал осы кездегі ПҰАК өкілдерінің позициясы бойынша жаңа үкімет поляк күшін біріктіруді қарастырады, олардың пікірінше жаңа үкіметте тек демократиялық партиялар ғана болуы керек.

1944 жылдың аяғы 1945 жылдың қаңтар айында Поляк халық ұлттық кеңесінің (парламент) заңына сәйкес Польша Республикасында ПҰАК-нің орнына Уақытша үкіметтің құрылғандығы туралы жариялады. Елдің ұлттық кеңесінің президенті болып 1921 жылдың 17 наурызындағы Польша Республикасының Конституциясының 45 бабына сәйкес Берут, ал премьер-министрі Эдвард Осубка-Моравский, Поляк әскерінің Басқолбасшысы генерал-полковник Михал Роял-Жимерский тағдайындалды. Осы кездесуден кейін КСРО үкіметі және Польша Республикасының Уақытша үкіметі өзара дипломатиялық байланыс орнатуды «мақсат етуде» дегенді де кейінге қалдырған жоқ. Нәтижесінде 1945 жылы 5 қаңтарда екі ел арасындағы дипломатиялық байланыс туралы құжатқа қол қойылды. Сөйтіп Поляк Уақытша үкіметін мойындаған Кеңес Одағы Польшаға Виктор Захарович Лебедевті елшілік қызметке жіберді.

Еуропада соғыс аяқталғаннан кейін және Польшадағы Кеңес Одағының азаттық миссиясы өз жұмысын аяқтаған соң поляк сыртқы саясаты алдындағы басты міндет, мемлекетті қайта құру, батыс шекараны қайта бекіту және қауіпсіздігін қамтамасыз ету, халықтық мемлекетті халықаралық деңгейде мойындату және жаңа қоғам құрылысы үшін қалыпты сыртқы саяси ұстанымын қалыптастыру мәселелері тұрды. Соғыстан кейін Кеңес Одағының беделі адам айтқысыз деңгейге өсті, ал бұл дегеніміз енді Польшада Уақытша халықтық бірлік үкіметін құру туралы мәселені шешуге қалыпты жағдайдың туғанын көрсетеді. Ал батыстық державалардың поляк мәселесін шешу үшін жұмсаған күштерінен еш нәтиже шыға қойған жоқ. Өйткені, Кеңес Одағы Поляк Уақытша үкіметімен болған екі жақты келісімге табан тіреп тұрып алды. Нәтижесінде АҚШ және Ұлыбритания мемлекеттері біріккен поляк үкіметіне қатысты өз талаптарынан бас тартуларына тура келді.

Қырым шешімдеріне сәйкес үш ұлы держава басшылары - КСРО, АҚШ және Ұлыбритания - Мәскеу конференциясы кезінде де Поляк Уақытша халықтық бірлік үкіметін құру туралы мәселені (1945 ж. 17-21 маусым) шешуде Уақытша үкімет өкілдері, Польшадағы және эмиграциядағы «лондондық» лагерьдің либералды және демократиялық қанатының өкілдері қатысып, яғни, Қырым конференциясының шешімдеріне келісетіндерін жариялаған болатын. Поляк жұмысшы партиясы (ПЖП) және Елдің ұлттық кеңесі (ЕҰК-уақытша парламент) бүкіл жұмысшы табының ағымын, барлық шаруалардың саяси лагерін және бүкіл қалалық орташа халықты біріктіру бағдарламасын іске асыру мақсатында Поляк ұлт-азаттық комитетінің Шілде Манифестінде (1944 ж. 22 шілде) «лондондық» лагерьдің сол қанатымен кездесуге шықты. Олардың басшысы бұрынғы эмиграттық үкіметтің премьер-министрі С.Миколайчик болатын. Екі жақты келісімнің жетістігі қырымдық конференция шешімінің орындалуын талап етті және Польшада саяси күштерді қайта құру сұрақтары болатын. Мәскеу келіссөздерінде оң қанаттағы людовтық (шаруалар) қозғалысы басшылығындағы революциялық-демократиялық коалициямен және жасырын Поляк социалистік партиясымен (ПСП) байланыс орнату жағы да қаралды [5]. Әрине, бұл кезде Польшада ішкі саяси жағдай өте күрделі болатын. Мысалы, 1944 жылы шілде айында Люблин қаласында құрылған коммунистік ұлт-азаттық комитеті мен С.Миколайчиктің эмиграттық үкіметі арасында шиеленіс басталды. Оның аяғы тіпті

қарулы Ел армиясы мен Халық Армиясының арасында ушығып Польша азамат соғысының сәл-ақ алдында қалды. Мұнда да елдің ішкі өміріне араласып отырған Кеңестік НКВД ұйымы болды. Дегенмен, «лондондық» лагерьдің өкілдері Уақытша үкіметтің талаптарын қабылдауларына тура келді. Онда: Шілде Манифестінің бағдарламасын мойындау; елдің сыртқы саясатының негізгі және Польшаның тәуелсіздігінің кепілі ретінде КСРО-мен одақтастық және достық қатынас орнату; жаңа құрылатын мемлекеттің басқару орындарын атқаруға да өз келісімдерін берді.

Жаңа үкімет құрамына Поляк жұмысшы партиясынан (ПЖП) алты өкіл кірді (нақты жетеу, алайда ұлттық қауіпсіздік министрі партияда болмай шықты), Поляк социалистік партиясынан (ПСП) алты өкіл, Поляк шаруалар партиясынан (ПШП) үш өкіл, Людовтықтар партиясынан үш өкіл және Демократияны жақтаушылар (Стронництво демократычне) партиясынан екі өкіл қатысты. Сонымен халықтық бірлік үкіметінің басында Поляк социалистік партиясының басшыларының бірі – Э.Осубка-Моравский болып қала берді, ПЖП-ның Орталық Комитетінің Бас хатшысы В.Гомулка премьердің бірінші орынбасары, ал екінші орынбасар және жершаруашылығы министрі болып– С.Миколайчик тағайындалды. Ал С.Миколайчиктің жақтастары қоғамдық, әкімшілік, почта және телеграф, еңбек және әлеуметтік қамтамасыз ету және ағартушылық салалары бойынша бірнеше министрліктердің сөмкесіне ие болды. Дегенмен, жаңа үкіметтегі негізгі орындарды «жұмысшы табының мүддесін қорғаушы» партиялардың өкілдері тізгіні иемденді. Сыртқы саяси ведомстваның басшысы – Демократияны жақтаушылар (ДЖ) партиясының төрағасы В.Жимовский болып тағайындалды. Ал оның орынбасарлары ПЖП ОК Саяси бюросының мүшелері Я.Берман және З.Модзелевский болды. Елдің ұлттық кеңесіндегі (уақытша парламент) сыртқы істер комиссиясының құрамына жұмысшы партиясының өкілдері (В.Гомулка), сонымен бірге жастар қозғалысының сол қанаты, людовтықтар, демократтар, кәсіподақ өкілдері т.б. кірді [6].

Сөйтіп, 1945 жылы шілденің 28 күні Варшава қаласында жаңа үкіметтің құрамы туралы жарияланды. Ал осыдан кейін көп кешікпей-ақ Польша Республикасының Министрлер Кеңесінің төрағасы Э.Осубка-Моравский КСРО Халық Комиссарлар кеңесінің төрағасы И.В.Сталинге жеделхат жолдады. Онда: «...1945 жылы 28 шілде күні 1921 жылғы Польша Республикасының Конституциясының 45 бабына сәйкес Варшавадағы Уақытша үкімет өкілдері және шетелдердегі поляк демократиялық қайраткерлердің және үш ұлы державаның
Қырым конференциясындағы «поляк мәселесіне» қатысты шешімдері, Мәскеуде жүргізілген келіссөздерінің жетістіктері нәтижесінде Польшада *халықтық бірлік үкіметі құрылды*. Сонымен бірге халықтық бірлік үкіметі поляк мәселесіне қатысты Қырым конференциясының барлық шешімдерін мойындады»-деп атап өтілді. Енді Қырым конференциясының шешімдеріне сәйкес және Кеңестік биліктің жүргізіп отырған саясатына байланысты бұл халықтық бірлік үкіметін ресми түрде Батыс державалары мойындаулары керек болатын. АҚШ және Ұлыбритания үкіметтері Халықтық демократиялық Польшаны мойындап және Варшаваға өз елшілерін жіберді. Бір айдан кейін бұл халықтық бірлік үкіметімен Болгария, Қытай, Канада, Швеция, Финляндия т.б. мемлекеттер дипломатиялық қарым-қатынастар орнатты. 1945 жылдың соңына қарай тек Ватикан, Ирландия, Испания, Куба және Ливаннан басқа көптеген мемлекеттермен байланыс жасады. Кеңес Одағы, Чехословакия және Франция елдері тіпті бұрынғы Поляк ұлт-азаттық комитеті құрылған кезден бері поляктармен дипломатиялық қатынаста болатын.

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Советский фактор в Восточной Европе 1944-1953.Т. Документы. М.: РОССПЭН. 1999. 50 б.
2. Советский Союз-Народная Польша 1944-1974. Документы и материалы. М. 1974. 10-17 б.
3. Stosunki polsko-radzieckie w latach 1917-1945. Dokumenty i materialy. Warszawa. 1967, s. 399-400.
4. Советский фактор в Восточной Европе 1944-1953.Т.1. 1944-1948. Документы. М.: РОССПЭН. 1999. 67-68 б.
5. Парсаданова В.С. Советско-польские отношения. 1945-1949 гг. М.: Наука. 1990. 16-17 б.
6. Гайда Э. Внешняя политика ПНР (1944-1975). М.: Прогресс. 1977. 18 б.

**Резюме**

**А.М. Сманова**, *к.и.н.., доцент*
*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

**Образование Польской Народной Республики после Второй мировой войны**

В статье рассматривается освобождение Польши от немецких оккупантов и образование Польской Народной Республики после Второй мировой войны. Армия Крайова была распущена 19 января 1945 года. На Ялтинской конференции в феврале 1945 года было принято решение об образовании нового правительства Польши. Весной 1945 года наибольшего размаха достигла деятельность подпольных вооружённых организаций («Делегатура вооружённых сил», «Гражданская Армия крайова» и другие), На Потсдамской конференции (1945) польскому правительству в эмиграции было отказано в признании всеми странами антигитлеровской коалиции.

***Ключевые слова:*** конференция, армия Крайов, парламент, демократия, манифест

**Summary**

**A.M.Smanova,** *Candidate of Historical sciences, Associate Professor*
*(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

**Formation of the Polish People's Republic after World War II**

The article deals with the liberation of Poland from nemetsskih occupiers and education Naroddnoy Polish Republic after World War II. The Craiova Army was dissolved on January 19, 1945. At the Yalta Conference in February 1945, it was decided to form a new government of Poland. In the spring of 1945, the activity of clandestine armed organizations (the «Delegation of the Armed Forces», the «Civil Army of the Krayov» and others) reached the greatest scope. At the Potsdam Conference (1945), the Polish government in exile was denied recognition by all countries of the anti-Hitler coalition.

***Keywords:*** conference, Krajov's army, parliament, democracy, manifesto

**ӘОЖ 9(С)55 А 32**

## АУЫЗША ТАРИХ АЙТУ ДӘСТҮРІ XYIII Ғ. ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ БИЛЕР ЖАЙЫНДА

**Р.Т.Айтбай,** *т.ғ.к., доцент*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Мақала қазақ халқының төл дерегі ауызша тарих айту дәстүрі туындыларының негізінде XYIII ғ. қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымындағы билердің

қызметі жайында баяндайды. Ауызша деректерге: тарихи жырлар, шежірелер, тарихи дастандар жатады. Бұл деректердегі мәліметтер билердің әлеуметтік құрылымы жағынан әр түрлі болғандығын дәлелдейді. Билер қазақ қоғамында әр түрлі даулы мәселелерді атқарып отырған.

***Түйін сөздер:*** тарих айту, дерек, жырлар, билер, XVIII ғ., қоғам, шежіре, дастан, әлеуметтік құрылым.

XVIII ғ. қазақ қоғамында зор роль атқарған, ықпалды әлеуметтік топтардың бірі билер еді. Сол кезеңдегі қазақ қоғамының тарихымен айналысқан М.Вяткин «Батыр Сырым» еңбегінде: «...Қазақтарда билер таптық жағынан сұлтандарға жақын тұрған, ру тектілерінен шығып, қоғамда айрықша жағдайға ие болған топ» [1,110 б.] деп көрсетті. Би терминінің шығуын М.Вяткин Дешті-Қыпшақ қоғамымен байланыстырады [1,107 б.]. В.В.Бартольд бұл терминнің «бек» деген сөздің кейінгі дәуірлерде өзгерген түрі екендігін және оның XV ғ. ерте кездеспейтіндігін айтады [2, 36 б.].

Ауызша тарих айту дәстүрі туындыларында Есім хан тұсында билер институты қалыптаса бастап, Тәуке хан тұсында толық қалыптасып, нығайғандығы көрсетілген. «Еңсегей бойлы ер Есім» жырында бұл туралы:

Құдайберді – Жаныстан,
Ең әуелі болғаны.
Орта жүздер сайлады,
Арғын Шаншар мырзаны.
Қаз дауысты Қазыбек,
Осыдан тартып шығады
Кіші жүз алшын Жидебай
Баласы мұның Әйтеке
Шежіреден шығады», - [3,135 б.] делінген.

Шежірелердің бірінде, Құдайберді – Жаныстан тараған, Төле бидің атасы екендігі айтылады. Ал, Арғынның ішінде Қаракесек руынан тараған Шаншар – Қазыбек бидің атасы» [4,56,146 бб.]. «Төле бидің тарихы» дастанында XVIII ғ. қазақ қоғамындағы билер, олардың қызметі туралы біршама мәліметтер бар. Әсіресе, сол кезеңдегі қоғамда терең із қалдырған, Тәукемен қатар қазақ елін басқаруға қатысқан үш бидің аты көбірек аталады. Олар, Әлібекұлы Төле, Келдібекұлы Қазыбек, Байбекұлы Әйтеке. Төле би туралы дастанда,

... Атақты қазақ үш биі,
Бірінші әзиз Төле еді.
Дүниеде сөзі кем еді
Мың ауыз сөзге татитын,
Бір ауыз сөзі ем еді – делінген.

Қазыбек би туралы, бір жотада сөйлесе қызып келген уағында қоңыр қаздың дауысындай болып қарсысындағы жотаға даусы естіледі екен дейді.

Одан да өткен Әйтеке,
Құдан ұшқыр, құланнан
Мұндай шешен болмайды
Бір сөзін жүз мақалдап,
Барған сайын өрлейді – деп [5, 286-287 бб.] Әйтекеге сипаттама берілген.

Бұл сипаттамалардың атақты үш бидің өте шешен, тапқыр кісілер болғандығын көреміз. Би болудың негізгі шарттарының бірі де осы шешендік өнерді игеруде болса керек. Үш бидің ішінен дәрежесі жағынан да, беделі жағынан да үш жүзге түгел атағы жайылған Төле би еді. «Әлібек ұлы Төле би асқан кемеңгер, шешен, сөз тапқыш ұғымды, алғыр, данышпан болған. Дұрысында Ұлы жүзді толық басқарып, бұрмасы жоқ әділ би болған кісі» [6, 55 б.].

Төле би 1663 жылы шаруа жанұясында дүниеге келген. Әкесі Әлібек қарапайым шаруа болған. Бұл туралы дастанда,

Әлібек әуелі де болды жарлы,
Сегізі де малды болып туысқаны.
Қара үй тігіп, аз ғана ешкі сауып,
Отан етті оңаша бір жотаны-делінген [5, 259-260 бб.].

Бірақ, әкесі шаруа болғанмен, билік айтатын, көп тыңдап, аз сөйлейтін, билік айтса турасын, әділін айтатын кісі болған. Сол үшінде жұрт ол кісіні би ретінде таныған. Дастанда бұл туралы былай айтылады:

...Сөз тиярлар жиылып,
Басын қосып Ұлы жүз,
Би сайлайық деді енді.

Жиылғандар өз қалаулыларын айтып, сипаттама бергенде көптің назары Әлібекке ауады. Дастанда ол туралы былай делінген:

Ақ пейіл, жарқын, мінезі кең,
Қой айдаса үстінен,
Кешірімді, ашуы кем,
Аз сөйлейді, тура айтып,
Және атаның баласы [5, 261 б.].
Бар жағдайы келеді – деп, Әлібекті би сайлайды.

Қариялар бата береді. Бұл эпизодтан бірнеше мәлімет аламыз. Біріншіден, бидің сайланып, тағайындалатынын білдік. Екіншіден, би болып сайлану үшін, әділ, турасын айтатын, мінезге бай шешендік өнерден де хабары бар адам болуы қажет.

Үшіншіден, ғылыми әдебиетте, мысалы, Т.Сұлтанов XVII ғасырдағы билердің қоғамдағы орны мен қызметі туралы айтқанда, олардың ықпалды болуы иеліктеріндегі рудың тектілігі мен үлкендігіне де байланысты екенін айтады. Одан әрі автор ұлы жүз руларының ішінде Жалайыр мен Ошақтының басты рулар екендігін көрсеткен [7, 98 б.]. Біз қарастырған шежірелердің бірінде, Ұлы жүздің халқы негізгі үш атадан өсіп өрбіген делінген. Олар: Үйсін, Жалайыр, Қаңлы [4, 65 б.]. Әлібек Ұлы жүздің осы басты руларының бірі үйсіннен тараған Дулаттан, оның ішінде Жаныс шыққан еді. Сонымен қатар, жоғарыда атап өткендей Әлібектің әкесі Құдайбергенді де би болған кісі. Әлібектің би болып сайлануына осы жығдайлар да әсерін тигізсе керек. Ендеше би болып сайлануда ол адамның шыққан тегі яғни руының тектілігі де өз рөлін атқарған.

Би болып сайланатын адамның бай немесе жарлы болуы, жекелеген жағдайларда өз әсерін тигізгенмен би болып сайланып қалу үшін ең қажетті алғы шарт бомаған. Биді ауыл ақсақалдары, ру, жүз тектілері қатынасқан жиында сайлаған. Сонымен сайланған адамға бата берілген. Әрине, биді сайлағанда би болу үшін қажетті алғышарттар сақталып отырды деп айту қиын. Бірақ, XVII- XVIII ғғ. Халық «би» деген ұғымды жоғарыда көрсетілгендей қасиеттері бар адамдарға байланысты айтқан.

Төле кәмелетке толмай-ақ билік іске араласқан. Сөйтіп, халық арасында «қойшы би», «бала би» атана бастаған. Мұндай мәліметті «Олжабай батыр» жырынан кездестіреміз. Олжабайдың атасы «Айдабол он үш жаста би болыпты» [8, 297 б.] делінген. Бұл мәліметтер жоғарыдағы пікірлердің дұрыстығын дәлелдегендей. «Өнер алды қызыл тіл» деп есептейтін қоғамда, «би» деген атақ жастың үлкен кішілігіне, әділ билікке берілгендігін көрсетеді.

Бірақ, ғылыми әдебиетте, мысалы, XIX ғ. Қазақ қоғамының әлеуемттік қатынастарын зерттеген С.Зиманов өз еңбегінде» билердің шыққан негізгі әлеуметтік ортасы ірі феодалдық шонжарлар еді» [9, 197 б.] - деп жазды. Әрине, XVIII ғ соңына қарай – XIX ғ, қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымында, қалыптасқан дәстүрлерде өзгерістер болды. Дегенмен, билердің шыққан ортасын тек ірі феодалдар еді деп тұжырымдау бір

жақты. Себебі «би» атағы, қызметі қазақ қоғамында мұрагерлік сипат алмаған еді. Төле би сияқты, атасынан бастап би болған жекелеген факторлар кездеседі. Онда да әр кімнің жеке басының қабілетінің, мүмкіншілігінің арқасында. XVIII ғ. Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы туралы жазған М.Бижанов, өз мақаласында, орыс зерттеушілерінің еңбектерінің қазақ қоғамында би атағының мұрагерлік сипатта болмағандығын жазды [10, 158 б.]. Ендеше қазақ қоғамындағы әрбір адамның жеке басының қабілетіне байланысты, өз руында немесе жүзінде би атағын алуына мүмкіндігі болған.

Жоғары да айтқан үш би мемлекет ісіне араласып, хандармен бірге ел басқаруы, көбіне олардың жеке бастарының қабілетінің нәтижесі еді. Ал, билердің материалдық жағынан ауқатты, тіпті бай болғандығы да әрине рас. Олар қоғамдағы әкімшілік, сот істерімен айналысқандықтан, өзінің материалдық жағдайын жақсартуға мүмкіндігі болған. Төле бидің әкесі: Әлібектің мысалынан бұған көзімізді жеткізуімізге болады. Би сайлағанға дейін қарапайым шаруа болса, би болғаннан кейін төрт түлік малы бар ауқатты кісіге айналған [5, 267-268 бб.].

Билер қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымында сұлтандардан кейінгі сатыда тұрған. Бұл туралы кезінде П.С.Паллас жазған еді [11]. Жоғарыда М.Вяткиннің де бұл пікірді қолдайтындығын келтірдік. XVIII ғ. Қазақ қоғамындағы билер арасында, беделі мен дәрежесі жағынан сұлтандардан кем емес, қайта олардан жоғары хандармен қатар тұрғындары бар еді. Олар жоғары да айтқан үш би болатын. Тәуке ханның кезінде, олар үш жүздің басқару мәселелерімен айналысты. Әсіресе, Төленің ролі ерекше еді. «Төле бидің тарихы» дастанында:

Дулаттың ең үлкен Жаныс еді,
Үлкендігі Төленің дабысы еді.
Үш жүз болып ынтымақ бас қосқанда.
«Аға» деп Төле биге барушы еді – делінген [5, 248 б.].

Одан әрі дастанда үш бидің Тәуке ханмен бірге «Жеті жарғы заң жобасын жасауға қатысқандығы айтылады. Төле бидің рөлі бұл жұмыста да басқа билерден ерекше екендігі көрсетілген.

Бірі хан, үш би шығарған,
Жеті жарғы деген заң.
Жобасын ескі түзеткен,
Еңсегей бойлы Есім хан.
Нашардың қамын ойласын
Жеңілдік жолмен жүргізген,
Төле би мен Тәуке хан [5, 291 б.].

Тәуке қайтыс болғаннан кейін, Төле би үш жүздің бірлігін сақтауға күш – жігерін жұмсайды. Әсіресе жоңғарлар мен соғысқан аласапыран кезеңде елдің тәуелсіздігі мен бірлігі үшін күрес жасайды.

«Өтеген батыр» жырында Төле би туралы былай айтылады:

... Төле би жайшылықта билік еткен,
Соғыста найза ұстап ерлік еткен.
Жорықта қол басқарып, іс атқарып,
Үйретіп, жас ерлерге тәрбие еткен – деп, Төле бидің бір жорықтан тыныс алып отырғанда, он алты жасар Өтеген батырдың батырлығын сынағандығы айтылады [12, 4 б.].

Тәукеден кейінгі ел бытыраңқылығы, одан «Ақтабан шұбырындының басталуы Төле биді қатты күйзелтеді».

.... Күндіз-түні ыңыранып,
Төле би ұйқы көрмеді.
Асыл ғана халқым- ау,

Жанын қайда сақтайды?
Заманның түрі бұл болды.
Жанға қалай батпайды? –деп [5,76 б] қиналады.
«Абылай хан» атты жырда Төле би туралы былай делінген:
.... Бар еді Ұлы жүздің Төле биі,
Халыққа орда болған оның үні.
Үш жүздің баласына бата беріп,
Орыспен де сыры бар тұрған күйі [13,4 б.].

Жырда айтылған бұл пікірді жазба деректер де дәлелдейді. Төле би өз кезеңінің жағдайына байланысты көршілес Россия мемлекетімен бейбіт қарым-қатынас жасауды жақтаған қайраткерлердің бірі. Төле би 1733 жылы Ұлы жүздің басқа да көрнекті адамдары Қодар би, Сатай, Қангелді және Бөлек батырлармен бірігіп Ресей үкіметіне хат жолдайды. Онда Ұлы жүз қазақтарының басқа да қазақ жүздері мен бірге Ресей құрамына енуге әзір екендігі айтылған [14, 154-155 бб.].

Орынбор әкімшілігіне жазған Төле бидің тағы бір хаты белгілі. Бұл хаты Барақ сұлтанға байланысты еді. Әбілхайыр ханды өлтіргеннен кейін Барақ сұлтан жергілікті Ресей әкімшілігінен қауіптеніп, Ұлы жүзге өтіп, Төле биден қорғаныс іздейді. Би осы мәселеге байланысты Орынбор әкімшілігінде жолдаған хатында Барақтың Ұлы жүз жерінде қалғанын қуаттайтындығын және оны хан жариялау ниеті бар екендігін айтады. Осы хатында Ресей патшасына бұрын берген уәдесіне беріктігін білдіреді [15, 102 б.].

Міне, осы келтірілген мәліметтер Төле бидің сол кездегі кең өрісті қайраткер екендігін көрсетеді. Төле бидің тек би ғана емес, XVIII ғ. қазақ қоғамының көрнекті саяси қайраткері деп айтуға толық негіз бар.

XVIII ғ. қазақ қоғамында зор рөл атқарған үш бидің келесісі Келдібекұлы Қазыбек би. «Төле бидің тарихы» дастанында Қазыбек бидің қазақ-жоңғар қатынасында да белсенді рөл атқарып, жоңғар хандығына елшілік сапармен барып қайтқандығы айтылады.

Бір қақтығыстан кейін тұтқын дауымен жоңғарға елші жіберу қажеттілігі туады. Бұл сапарға атақты үш бидің үшеуі де ыңғай білдіреді. Сонда, Қазыбек би:
Асынып халқым қаруын,
Жөн, Төке, менің баруым,-дей келіп,

«Аттың басы күшті ме, белі күшті ме, жоқ құйрығы күшті ме?»- дегенде, Төле би: «Шырағым, Қазыбек, жол бастауға аттың омырауы күшті, бірақ белі қызметті көп істейді, рұқсат сізге», деп жол береді. Қасына бірнеше аттыларды ертіп, бұл сапарында ол тұтқын, жер дауына байланысты көп іс тындырып қайтады. Ол туралы жырда:
...Қазыбек енді еліне жөнеледі,
Жиып алып жетім-жесір не ерлерді.
Сіздер де жоғыңды ал деп ертіп келіп.
Қалмақтың жоғын тауып бұл да берді, - делінген [5, 299-306 бб.].

Қазыбек бидің де Төле би секілді, сол кездегі саяси өмірге араласып, орыс әкімшілігімен қарым-қатынас жасағандығын дәлелдейтін, Қазыбек бидің Орынбор әкімшілігіне жазған хаттары туралы материал баспасөз бетінде жарияланған болатын [16]. Орынбордың облыстық архивінен бізде бұл хаттарды кездестірдік. Орынбор губерниялық канцеляриясында сақталған бұл хаттар, жоғарыда дастаннан келтірілген мысалмен бірге, Қазыбек бидің де саяси қайраткер болғандығын дәлелдейді.

Атақты бидің үшіншісі – Әйтеке би туралы тарихи жырда да, тарихи дастанда да, айтарлықтай мәлімет жоқ. Жалпы біздің байқауымызша, біз қарастырған тарихи жыр мен тарихи дастанда Кіші жүзге байланысты, бұл жүздің қайраткерлері туралы мәліметтер өте аз.

Жазба деректерде де Әйтеке би туралы мәліметтер жоқтың қасы. Бұның себебін Әйтеке би туралы жарық көрген мақаласында Ә.Кекілбаев, Әйтеке бидің 1710 жылға

дейінгі кезеңде өмір сүргендігімен түсіндіреді. Автор Қожаберген жыраудың дастанындағы мәліметтерге сүйеніп, Әйтеке биді 1710 жылы үш жүздің Қарақұмдағы бас қосуынан бір жыл бұрын дүние салған деп жорамалдайды [17]. Біз қарастырған Қазанғаптың «Төле бидің тарихы» дастанында, Әйтеке бидің XVIII ғ. 20-шы жылдарының аяғында болған Сазтөбедегі үш жүз өкілдер қатынасқан жиында болмағандығы айтылады [5, 340 б.]. Қалай болғанда да, Кіші жүз Ресейге қосылған кезеңде Әйтекенің дүниеде болмағандығы айқын. Ауызша тарих айту дәстүрі туындыларындағы аз ғана мәліметтер оның өте ділмар, шешен кісі болғандығы туралы мәлімет береді.

Сол кездегі қазақ қоғамында зор саяси рөл атқарған үш би тек сот ісіне билік жүргізіп қоймай, ел басқару ісіне араласып, басқа мемлекеттермен дипломатиялық қарым-қатынас жасап, елшілікте қызмет атқарғандығын дастандағы мысалдан көрдік. Әсіресе, Төле би ел бірлігін сақтап, қазақ қоғамын, халқын біріктіруге тырысқан үлкен тұлға. Жолбарыс хан қайтыс болғаннан кейін, ол кісінің Ұлы жүзге хан орнына билік жүргізгені де белгілі. Сондықтан болар халық арасында «Толық билікке Төле жеткен, толық хандыққа Есім хан жеткен» деген мақалдың сақталғаны.

XVIII ғ. қазақ қоғамындағы билердің барлығы үш бидің дәрежесіне жетті деп айтуға болмайды. Тарихи дастанда да бұл туралы:

Басқа би мен Төле би,
Аспан мен жердей арасы
Қазақта сансыз көп билер,
Үш биден бөлек үш жүздің.
Жеткен жоқ түгел шамасы- делінген [5, 256-257 бб.].

М.Бижанов та, мақаласында билердің өз ішінде бірнеше сатыға бөлінгендігін көрсетеді [10, 164 б.]. Орта деңгейдегі билер болған. Олар бірнеше ру кіретін елдің сот, әкімшілік мәселелерімен айналысқан. Бұл елді билеген сұлтандар олармен үнемі кездесіп отырған. Бұл туралы тарихи жырдан мысал келтіруге болады. «Бөгенбай батыр» жырында, Бөгенбай батырдың елінде бір жылы қуаңшылық болып, жігіттері оның сан мың жылқысына қоныс іздеп кетеді. Абақ еліне таяу жерден малға қолайлы жаңа қоныс табады. Абақ елін билеген Сәдір төре жақын көп жылқыны көріп, шаппақ болып, сол елдің биі Құнан бимен ақылдасқандығы айтылады. Бұл жырда былай айтылады:

Ел жиып Сәдір төре шаппақ болды,
Жылқыны қыстауында жатқан көре.
Құнанға барып төре ақылдасты,
Жинаған жауға лайық ылғи жасты.
Құнан би төренің бұл ойына қарсы болды.
Келген қонақ шабылған емес мақұл,

Қонаққа келіп жатып залал қылма [18, 5 б.]-деп Сәдір Төренің пиғылына қарсы шығады. Сөйтіп, Құнан би сөзінен аса алмаған Сәдір төре өз ойын жүзеге асыра алмайды. Бұл мысалдан, қазақ қоғамында бидің беделінің жоғары болғандығы сұлтандардың өзі олармен кеңесіп, олардың сөзіне құлақ салуға мәжбүр болғандығын көреміз. Тек ру ішіндегі мәселелермен ғана айналысқан билер тобы да болған. Мысалы, «Арқалық батыр» жырында, Арқалық батыр қалмақ тұтқынынан қашып келіп, тығылып жатқанда Ботақара елі жиылып кеңес құрып, Арқалықтың тағдырына байланысты мәселені шешпекші болады. Сонда ру басы: - «Байметей мен барайын, біреуің ер»,-деді - ақыл екі биден біз сұралық-деп ұсыныс жасап, билерден ақыл сұрауға аттанады [19, 273 б.]. Екі би – дегендері Керейдің ішіне кіретін Ботақара мен Қарақас руларының билері болса керек. Бұл мысал, би қызметін қарапайым ру мүшелері, ру басшыларының да пайдаланғандығын көрсетеді.

Тарихи дастан мен жырдағы мәліметтер, билер институтының ханнан бастап, қарапайым халыққа дейін жүгінетін, қазақ қоғамындағы кеңесші орган қызметін атқарғандығын дәлелдейді.

Билердің сот қызметіне тоқталсақ, бұл туралы мәліметтер жыр мен дастанда аздау. «Төле бидің тарихы» дастанында жеті жарғы жобасына байланысты, билердің мынадай мәселелерді шешумен айналысқандығы айтылады. Жер дауы, рудың меншігіндегі қонысына байланысты, ұрлық-қарлық, барымтаға байланысты туған дауларды қараған. Құн дауы, жесір дауымен айналысқан [5, 292-293 бб.]. Ең негізгілері осылар еді. «Төле бидің» тарихында Төленің бала кезінде әкесімен бірге бірнеше дауды шешіп, атағы шыққандығы айтылады, бұл даулардың көпшілігінің мал дауы екендігін байқаймыз. Қазақтардың негізгі кәсібі мал шаруашылығы болғандықтан болар.

Төленің осындай бір дауды әділ шешкендігі көрсетілген. Дастандағы осы мәліметті пайдаланып, билердің даулы мәселелерді қалай шешкендігін көруімізге болады. Әрине, әр бидің өзінің тәсілі болған. Төле бидің әкесі Әлібекке екі топ адам келіп, бір тайлақты даулайды. Екі жағы да інгендерін алып келіп, тайлақты соның баласы деп дәлелдеуге тырысады. Әкесі тайлақты куәсі көп жағына береді. Төле мал бағып, үйіне келе жатып, дауласқандардың екінші тобына қарсы кездесіп, олардың әкесінің билігіне риза болмай бара жатқандығын байқайды. Үйіне келіп, әкесі дауласқандарды қайта шақырып алыңыз - дейді. Олар келгеннен кейін Төле би былай дейді:

Дауекер екі адамдар,
Екі жота басына
Екі інгенді алып бар.
Екі–екіден бұйдадан,
Ұстап тұрған үш-төрт шал.
Өз қасымнан ұзатпай
Тайлақты мұнда алып қал.
Олар барып тұрған соң,
Тайлақтың деді санына
Қыл шылбырмен бұрау сал.

Сол кезде тайлақ шыңғырады. Куәсі көп жақтың інгені түк етпей тұра береді. Айырылып қалған аз жақтың інгені боздап күңіренеді. Сөйтіп, бұйдасын жұлып, тайлаққа қарай жүгіреді. Тайлақ кімдікі екендігіне жұрттың көзі анық жетеді. «Әділ би сұрауын тапса, аюы куәлік береді» деген нақыл сөз осыдан пайда болған екен дейді [5, 292 б.].

Бұл эпизодтан, билердің даулы мәселелерді үнемі әділ шеше алмағандығын да көреміз. Оның себебі әр түрлі еді: кейде қабілеті жетпеген, мүмкіндігі аз болған, кейде өз мүддесін, пайдасын ойлап әдейі бұрмалаған. Бірақ, әділ айтатын қара қылды қақ жарған, тапқыр, шешен билердің атағы бүкіл қазақ даласына жайылып, олардың мәртебесі жоғары болғандығы айдан анық. Ондай билер туралы мәліметтер ауыздан-ауызға таралып, бүгінгі күнге дейін жеткен.

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Вяткин М. Батыр Сырым. – Алматы, 1948. 110 бет.
2. Бартольд В.В. Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. Сочинения Т.5-М., 1968. С.36.
3. Еңсегей бойлы ер есімі ОҒҚ, қолжазба қоры. 135 бет.
4. Шежіре. ОҒҚ, қолжазба қоры. 3680. 56-146 беттер.
5. Төле бидің тарихы.ОҒК, қолжазба қоры. 763. 286-287 беттер.
6. Шежіре. ОҒК, қолжазба қоры. 708. 55 бет.
7. Сұлтанов Т.И. Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв –М. 1982. – С.98.
8. Олжабай батыр ОҒК, қолжазба қоры. 53 д. 297 бет.

9. Зиманов С.З. Общественный строй казахов пер. Пол. XIX в. А-Ата. 1958. С.193.
10. Бижанов М. Социальные категории казахского общества XVII в.в трудах русских ученик. // Казахстан в XV- XVII веках/А-А, 1989. 158 б.
11. Паллас Б.С.Путешествие по провинции российского госурдарства Спб. 1773. С.575.
12. Өтеген батыр. ОҒК, қолжазба қоры. 833.4 бет.
13. Абылай хан. 657. 4 бет.
14. ГАОРО. Канцелярия Оренбургской экспедиции. Оп. 1. Д.1. Л. 154-155 б.
15. ГАОРО. Оренбургская губерская канцелярия.Оп.1.Д.18. Л. 102 бет.
16. Қойгелдиев М. Қаз дауысты Қазыбек // Қазақ әдебиеті. – 1989. - 1 қаңтар.
17. Кекілбаев Ә. Әйтеке би // Егеменді Қазақстан. 1991.
18. Бөгенбай батыр. ӘОЛ, қолжазба қоры. 356. 5 бет.
19. Арқалық батыр. Батырлар жыры. 2 том. Алматы. 1961ж. – 273 б.

**Резюме**

**Р.Т.Айтбай,** *к.и.н., доцент*
*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

**Институт биев в социальной структуре казахского общества XVIII в.**

В статье рассказывается об институте биев в социальной структуре казахского общества XVIII в. по материалам устной исторической традиций. Бии казахского общества, обладали способностью разрешать межклановые и межплеменные споры. Бии добившиеся достижения в решении споров, приобретали огромный личный авторитет и влияние в социальной структуре казахского общества.

***Ключевые слова:*** история, информация, бии, XVIII в., общество, казахское общество

**Summary**

**R.T.Aitbai,** *Candidate of Historical sciences, Associate Professor*
*(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

**Institute of Biys in the social structure of the Kazakh society of the XVIII in**

The article tells about the biys institute in the social structure of the Kazakh society of the XVIII century. Based on oral historical traditions. Bee Kazakh society, had the ability to resolve inter-clan and inter-tribal disputes. Biys who achieved achievement in resolving disputes acquired a great personal authority and influence in the social structure of the Kazakh society.

***Key words:*** history, information, biys, XVIII century, society, Kazakh society

**ӘОЖ 9(С)55 А 32**

## ТМД ЭКОНОМИКАЛЫҚ СОТЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Н.Сейдахметова**
*(Әл-Фараби атындағы*
*Қазақ ұлттық университеті)*

***Аңдатпа:*** Мақалада Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Экономикалық Сотының дауларды шешу тәжірибесін зерттеу және зерттеу нәтижелерін халықаралық ұйым қызметін жетілдіру үшін пайдалану мәселелері қарастырылған. Қазіргі халықаралық қатынастардың экономикалық сферада қарқынды даму заманында өзекті мәселелердің бірі Қазақстан Республикасы өзі белсенді қатысушысы болып табылатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының халықаралық аренадағы орнын күшейту, Достастық

шеңберіндегі мемлекетаралық ынтымақтастықты дамыту болып табылады. Бұл мақсатқа жету үшін ТМД шеңберінде туындаған мемлекетаралық дауларды заманға сай әдістермен шешуді жүзеге асырушы Экономикалық Соттың тәжірибесін зерттеп, Соттың артықшылықтары мен кемшіліктерін табу арқылы Соттың тиімділігін арттыру аса маңызды.

***Түйін сөздер:*** ТМД, экономикалық Сот, саясат, құқықтық саясат, сот билігі, қорғау, экономикалық қатынастар.

2012 жылы жиырма жылдығын қарсы алған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Экономикалық Сотының дауларды шешу тәжірибесін зерттеу және зерттеу нәтижелерін халықаралық ұйым қызметін жетілдіру үшін пайдалану, әлбетте, мемлекетіміз үшін аса маңызды істердің бірі.

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында тәуелсіз мемлекетімізді әлемнің алдыңғы қатарлы 30 мемлекетінің қатарына қосу туралы негізгі бағыт-бағдарларға тоқтала отырып, «Қазақстан-2050» Стратегиясы – жедел өзгермелі тарихи жағдайлардағы жаңа Қазақстанның жаңа саяси бағыты» атты негізгі ІІІ тараудың «Жаңа бағыттың экономикалық саясаты – пайда алу, инвестициялар мен бәсекеге қабілеттіліктен қайтарым алу принципіне негізделген түгел қамтитын экономикалық прагматизм» және «Дәйекті де болжамды сыртқы саясат – ұлттық мүдделерді ілгерілету мен өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті нығайту» деп аталатын бірінші және алтыншы бөлімдерінде бұл мәселеге ерекше тоқталып, мемлекетіміздің сыртқы саясатын жаңғыртудың басымдықтары ретінде «экономикалық және сауда дипломатиясын белсенді дамытуды, азаматтарымызды құқықтық қорғауды, олардың шетелдердегі жеке, отбасылық, іскерлік мүдделерін қорғауды күшейтуді» [1, 49-б.] тапсырды. Президент құқықтық саясат, сот билігінің беделі, Кедендік Одақ пен Біртұтас экономикалық кеңістікті нығайту туралы айта келіп, «Біздің міндеттеріміз: сыртқы саясатты әртараптандыру, ұлттық экономикалық және сауда мүдделерін ілгерілету үшін экономикалық және сауда дипломатиясын дамыту» [1, 48-49-бб.], - деп атап көрсетті.

Халықаралық әділеттіліктің жаңа парағын ашқан ТМД Экономикалық Соты ТМД аясында мемлекеттердің стратегиялық әріптестігін нығайтуға өз септігін тигізіп, ұйымның көпвекторлылығын кеңейтті, экономикалық саясатты бірегей жүргізудің жаңа мүмкіндіктерін ашты.

Қазіргі уақытта ТМД шеңберінде әрекет ететін посткеңестік кеңістікте пайда болған алғашқы сот органы - ТМД Экономикалық Соты екенін ескерсек, ТМД Экономикалық Сотының дауларды шешу тәжірибесін зерттеу негізінде ТМД Экономикалық Сотының дауларды шешу механизмдерін, Соттың 21 жыл тәжірибесінде экономикалық міндеттемелерді жөнді орындамау және келтірілген шығынның орнын толтыру туралы, ТМД мүше – мемлекеттерінің нормативті актілерінің Достастықтың келісімдері мен өзге актілеріне сәйкестігі туралы және меншік құқығын мойындау туралы даулар бойынша Экономикалық Сот тәжірибесін сараптап шығуға болады.

Халықаралық құқық доктринасында ТМД Экономикалық Сотының дауларды шешу негіздері мен тәжірибесі туралы мәлімет өте аз болғанымен, ТМД Экономикалық Сотының ресми сайтында Соттың дауларды шешу бойынша шығарған барлық шешімдері мен өзге де нормативті актілері туралы толық ақпарат берілген. Алайда, ТМД Экономикалық Сотының дауларды шешу негіздері мен тәжірибесі туралы ақпараттың зерттелуі бір жүйеге түскен деп айта алмаймыз.

Жекелеген заңгерлердің, ТМД Экономикалық Сотының қазіргі және бұрынғы судьяларының еңбектерінде Соттың дауларды шешу бойынша жетілдіру шаралары мен олардың мемлекетаралық экономикалық қатынастарға тигізетін әсерін зерттеу барысында, сондай-ақ ТМД Экономикалық Сотының қалыптасу тарихын зерттеген еңбектерде де

ТМД Экономикалық Сотының дауларды шешу тәжірибесі туралы жекелеген пікірлер кездесіп қалады. Халықаралық құқық доктринасында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының әділеттікті жүзеге асырушы органның - Экономикалық Сотының дауларды шешу негіздері мен тәжірибесін арнайы зерттеген ғылыми еңбек жоқтың қасы.

Қазіргі кезеңде отандық ғылымда және жоғары құқықтық білім беру саласында С.Ж.Айдарбаевтың [3], Н.С.Ешниязовтың [4], Т.К.Ерджановтың [5], А.С.Иржановтың [6], М.А.Сәрсембаевтың [7], Л.Б.Нысанбекованың [8] еңбектерін атауға тиістіміз.

Дегенмен, әр жылдары ТМД Экономикалық Сотының дауларды шешу негіздері мен тәжірибесіне мерзімді баспасөзде А.Б.Кеженов [9], М.Клеандров [10], Н.Шуйский [11] секілді ТМД Экономикалық Сотының қазіргі және бұрынғы судьяларының пікір білдіріп тұрғанын атап өткеніміз абзал.

ТМД Экономикалық Соты туралы Ереженің өзінде белгіленгеніндей, ТМД Экономикалық Соты қызметінің негізгі мақсаты экономикалық қатынастар шеңберінде туындаған дауларды келісімдер жолымен шешу мен оларға негізделген экономикалық міндеттемелердің бірқалыпты қолданылуын қамтамасыз ету болып табылады. Бұл жолда Экономикалық Сот Достастықтың мүше-мемлекеттері арасында пайда болған экономикалық дауларды шешу үшін барлық жағдай жасап, консультациялар өткізуде, шешімдер қабылдаған кезде әділеттік қағидасын алға қойып, өз қызметін сапалы, әрі нәтижелі орындайтын жоғары дәрежелі мәртебелі сот органы ретінде өзін танытты.

ТМД Экономикалық Сотының мемлекетаралық дауларды шешу механизмін жетілдіру арқылы ұйымның құқықтық мәртебесін күшейту (нығайту) үшін өз септігін тигізіп жатыр деп айтсақ болады. Оған дәлел ретінде, 2008 жылдың 4 сәуір күні ТМД Экономикалық Соты жанындағы Дауларды шешу жөніндегі Халықаралық орталықтың құрылуын атап кетсек болады. Қазіргі кезде Халықаралық орталық дауларды төрелік арқылы шешу және бітімгершілік қызметін жүргізуге өкілетті ұйым ретінде толықтай орнықты. ТМД Экономикалық Соты жанындағы Дауларды шешу жөніндегі Халықаралық Орталық зияткерлік потенциалы бар, заңи білікті мамандарға ие, материалдық-техникалық қамсыздануы жеткілікті дәрежеде дамыған ұйым екеніне көзіміз жетіп отыр. Осыған орай, қазір Достастықтың Халықаралық Орталықтың байлықтарын қолдана отырып сыртқы экономикалық және өзге де шаруашылық дауларды эффективті шешудің альтернативті нысандарын кең ауқымда қолдануға шынайы мүмкіндігі бар екендігі туралы қорытынды жасауға болады. Әлбетте, жаңа ұйым жұмысында кемшіліктер жоқ емес. ТМД Экономикалық Сотының дауларды шешу тәжірибесіндегі мемлекеттердің экономикалық міндеттемелерді жөнді орындамау және шығынның орнын толтыру туралы даулардың, яғни, ТМД Экономикалық Соты бастапқы кезде шешу үшін құрылған істер категориясы, Сотпен қарастырылған істердің жалпы санының аз бөлігін құрауы Экономикалық Сот өкілеттігінің негізсіз тарлығымен түсіндіруге болады.

Экономикалық Сот туралы Ережемен белгіленген Соттың тар өкілеттігі, Экономикалық Сотқа жүгінуге құқығы бар субъектілер тобының шектеулі екендігі, шығарылған шешімдерді орындау механизмінің жоқтығы Экономикалық Соттың алдына қойылған мақсаттарға жетуде тәуелсіз және мәртебелі сот органы ретінде потенциалды мүмкіндіктерін нәтижелі (эффективті) қолдануға мүмкіндік бермейді. Бұл мәселені шешудің жолы – Соттың пәндік және субъектілік юрисдикциясын кеңейту болып табылады. Мемлекетаралық экономикалық дауларды шешу мақсатында құрылған ТМД Экономикалық Сотының – ТМД шеңберінде құрылған Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі алғашқы халықаралық әділ сот органы екенін ескерсек, әлі де жетілдіруді қажет ететін мемлекетаралық сот органы екендігі айқын. Жыл сайын өзінің қызметін жетілдіру мақсатымен жаңа халықаралық-құқықтық актілерді қабылдайтын, құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы жұмысын жақсартуды мақсат етіп қоятын ТМД Экономикалық Сотының болашағы үлкен екендігіне сенімдімін.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». Астана, Ақорда, 2012 ж. 130 б.
2. www.sudsng.org.
3. Айдарбаев С.Ж., Шумилов В.М. «Международное публичное право», Алматы, 2012 г. 432 с.
4. Ешниязов Н.С., Айдарбаев С.Ж. «Международный гражданский процесс» // «Таңбалы», 2012 г. 125 с.
5. Ерджанов Т.К. «Международное публичное право», Алматы: ТОО «АВК», 2006 г. 478 с.
6. Иржанов А.С. «Порядок разрешения межгосударственных экономических споров»: Диссертация, Алматы, 2001 г.
7. Сарсембаев М.А. «Международное право». Алматы. 1996 г.
8. Нысанбекова Л.Б. «Халықаралық жеке құқық: негізгі институттар», Алматы: «Жеті жарғы». 2006 ж. 136 б.
9. Каженов, А.Б. Организационно-правовой механизм деятельности Содружества Независимых Государств // Автореферат дисс. кандидата юридических наук. Белорусский государственный университет. 2002 г.
10. Клеандров М.И. «Экономический Суд СНГ: проблемы и перспективы», // Хозяйство и право. 1995. № 7.
11. Шуйский Н. Стратегия развития Содружества Независимых Государств. // Вопросы экономики, № 12, Декабрь 2006 г. С.128-138.

**Резюме**

**Н.Сейдахметова**
*(Казахский национальный университет имени аль-Фараби)*

В статье рассматриваются вопросы исследования и решаюший споры Содружество Независимых Государств Экономического Суда. Соглашение о статусе Экономического Суда Содружества Независимых Государств, а также утвержденное данным Соглашением Положение об Экономическом Суде Содружества Независимых Государств определяют компетенцию, порядок организации и деятельности Суда. Участниками этого Соглашения являются Республика Беларусь, Республика Казахстан, Кыргызская Республика, Российская Федерация, Республика Таджикистан и Республика Узбекистан.

***Ключевые слова:*** экономический суд, СНГ, политика, право и политика, судебная система, безопасность и экономические отношения.

**Summary**

**N.Seydahmetova**
*(Al-Farabi Kazakh National University)*

In the article the questions of research and disagreements are examined to decide the newly independent States of Economic Court. The agreement on the status of the Economic Court of the Commonwealth of Independent States, as well as the Regulations on the Economic Court of the Commonwealth of Independent States approved by this Agreement, determine the competence, organization and activities of the Court. The Parties to this Agreement are the Republic of Belarus, the Republic of Kazakhstan, the Kyrgyz Republic, the Russian Federation, the Republic of Tajikistan and the Republic of Uzbekistan.

***Key words:*** economic court, CIS, politics, law and politics, judicial system, security and economic relations.

**ӘӨК 330.190.4**

# МЕКТЕП ҚАБЫРҒАСЫНДА ЭКОНОМИКАЛЫҚ БІЛІМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**С.Т.Ыбышова**, *п.ғ.к., аға оқытушы*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік*
*қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Мақала қоғамның қазіргі даму сатысында мектеп қабырғасындағы экономикалық білім беруді қалыптастыруға арналған. Экономикалық білім мен тәрбие беру, қоғамдық өндірістің даму заңдылықтарын оқыту, нарық заңымен таныс болу, алған экономикалық білімдерін тәжірибеде тиімді, нәтижелі қолдана білуге үйрету – орта арнаулы оқу орындарының алдында тұрған басты бағыт.

***Түйін сөздер:*** экономикалық білім, патриот, экономикалық сана, экономикалық тәрбие, экономикалық қабілет.

«Ел болам десең бесігіңді түзе» - демекші нарықтық экономика заманының қарыштаған кезінде мемлекеттің өсіп дамуына үлесін қосатын болашақ ұрпақты біліммен қаруландыруымыз қажет. Әсіресе, қазіргі кезде озық отыз елдің құрамына кіру қарастырылып отырғандықтан, жас ұрпақты мектеп табалдырығынан бастап, бәсекеге қабілетті, жаңашыл ойлайтын жас түлектерді білім нәрімен қаруландыру басты мақсат болып отыр. Бұл орайда, әрине, білім беру саласына, әсіресе кәсіптік мамандар даярлау саласына ерекше назар аудару қажеттігі анық. «Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте анық білімділік деңгейімен анықталады. Әлемдік білім кеңістігіне толығымен кіру білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеруді талап ететіні сөзсіз. Бұл үшін оқушыларды жоғары сатыда оқытуды көздейтін білім беруге көшу қажет» - деп Жолдауда атап көрсетілді. Экономикалық білім берудегі жаңашаландыру - заман талабы. Заман талабына сай сұранысы бар, бәсекеге қабілетті ұрпақ өсіру – біздің міндетіміз.

Экономикалық білім мен тәрбие беру, қоғамдық өндірістің даму заңдылықтарын оқыту, нарық заңымен таныс болу, алған экономикалық білімдерін тәжірибеде тиімді, нәтижелі қолдана білуге үйрету – орта арнаулы оқу орындарының алдында тұрған басты бағыт. Болашақ мамандарға экономикалық білім берудің мақсаты – нарықтық өндірістегі ұйымдастырушылық және экономикалық қызметпен байланысты адамның әлеуметтік тәжірибесі негіздерінің мәнін ұғыну. Қоғамның қазіргі замандағы дамуы жаңа білім беру жүйесінің қалыптасуын талап етіп отыр. Бұл жаңа білім беру жүйесі оқушылардың болашақты жобалау, болашаққа деген жауапкершілікті және өзінің кәсіптік қабілетіне деген сенімділікті болашағына әсер етуін қалыптастыра алатындай болуы керек. Соңғы он жылда саяси, әлеуметтік- экономикалық сипаттағы өзгерістер орын алды, олар білім берудің барлық саласына тікелей әсерін тигізді. Нарықтық экономиканың қалыптасуына байланысты елімізде білімі терең, мәдениеті жоғары, өмір талабына сай бейімделген жас ұрпақты экономикалық біліммен қаруландырып, тәрбиелеу өте маңызды іс. Қазіргі кезде дүние жүзінің көптеген елдерінде мектептерде экономикалық білімді жүйелі де, сапалы түрде беруге баса назар аударылып отыр.

Мектеп болсын, арнаулы орта және жоғары оқу орында болсын экономикалық тәрбиенің іргетасы жастардың өнімді еңбегі. Қоғамға пайдалы еңбек ету дағдыларын дамытумен қатар экономикалық процестерді дұрыс түсініп, жүйелі қабылдауын әлдеқайда жеңілдетеді әрі экономикалық өмірдің заңдылықтарын неғұрлым терең білулеріне ықпал етеді. Яғни, өндірісте тікелей жұмыс атқару – экономикалық тәрбие ісіндегі басты нәрсе.

Мектепте экономикалық білім негіздерін оқытудың басты мақсаты – оқушыларды экономикалық мәдениет пен қоғамдық экономикалық даму заңдылықтарымен таныстыру, еңбек ете білуге және рухани материалдық құндылықтармен қамтамасыз ететін өз елінің патриот азаматы болуға тәрбиелеу. Болашақ ұрпаққа қойылатын талап – қазіргі өмір талабына сай экономикалық білімді игере отырып, өз өмірінде, өз қызметінде осы білімді пайдалана білу. Экономикалық тәрбие беру үшін әуелі адамның бойында тәртіптілік, іскерлік, уақыттылық, шаруақорлық, жұмыстың тиімділігі мен сапасын арттыруға деген жауапкершілік, өз мүддесін ұжым және қоғам мүдделерімен ұштастыра білу сияқты жақсы қасиеттерді қалыптастыру қажет. Экономикалық жағынан білімді болу еліміздің материалдық, еңбек және табиғи ресурстарын ұқыпты жұмсау, жұмыс уақытын тиімді де жемісті пайдалану, өнімді арттырып, оның сапасын барған сайын жақсарту, өнім өндіруге кететін шығынды азайту. Мұндай жұмысшыға да, инженерге де, яғни, қоғамдық пайданы еңбек пен шұғылданатын кез келген адамға бірдей қатысты. Қоғамдық өндірістің тиімділігі олардың экономикалық жағынан қаншалықты сауатты болуына тікелей тәуелді.

Экономиканы білу, түсіну, экономикалық білім, тәрбие алу қазіргі кезеңнің талабы. Экономикалық білім адамға идеялық – саяси, еңбек және адамгершілік тәрбие берудің дәрежесіне ықпал етеді. Онсыз халық шаруашылығының және халықаралық өмірдің түбірлі мәселелеріне бағдар жасау мүмкін емес. Сондықтан экономикалық білім мен тәрбие берудің алғашқы қадамы мектепте басталуы керек.

Бастауыш сыныптарда экономикалық қабілет – қасиеттердің қалыптасуын балаларды еңбек, іскерлік, үнемділік деген түсініктермен таныстырудан бастаған жөн. Мысалы: табиғаттану сабағында оқушылардың назарын табиғат пен адам, олардың ара қатынастары, табиғатты игеру, өзгерту, қорғаумен байланысты адамның жасампаздық рөліне аударған жөн. Білім сапарының алғашқы қадамынан бастап – ақ табиғатты аялау, қорғау ол үшін қолдан келер көмегін аямау сияқты сабақтар жүргізудің маңызы зор.

Экономикалық тәрбие деп – оқушыларды экономикалық білімдер негіздерімен қаруландыру, қоғамның экономикалық саясатын ұғындыру, өндіріс, айырбас, бөлісі және тұтыну шеңберіндегі негізгі экономикалық қатынастарды тәжірибеде меңгерту деп түсінуіміз керек. Негізгі мақсат қоғам дамуының қазіргі кезеңіне сай оқушылардың экономикалық ойлауын қалыптастыру. Осының негізінде оқушылар қоғамның экономикалық дамуындағы адамның шешуші рөлін ұғынуы және қоғам мен тұлғаның мүддесі үшін қоғамдық өндіріс пен еңбекке жаңа қатынастарды қалыптастыруға үйренуі керек.

Халыққа білім беру біздің елімізде мемлекет тарапынан қамқорлыққа алынып келді. Мемлекетіміздің экономикалық саясатына түбегейлі өзгеріс енуіне байланысты білім беруді қаржыландыру табиғатты да өзгертуде. Педагогикалық жоғары оқу орындарындағы экономикалық тәрбие болашақ оқушылардың кәсіби даярлығын шыңдаудың ажырамас бөлігі. Халыққа білім беру жүйесінде экономикалық тәрбиенің маңызы өте зор. Сонымен экономикалық тәрбиенің мәнісі – жеке адамның қоғамдық-экономикалық қатынастарды терең түсініп, ондағы өз орнын белгілеуі.

Адамның қоғамдағы өмірді пайдалану, өндіру және еңбек етуге негізделген, ал қоғам дамуы экономикаға тікелей байланысты. Сондықтан экономика күшті болуы үшін адам баласын тәрбиелеп, оқытатын мектептер қазіргі заман талабына сай болуы керек.

Экономикалық сапалық – ғылыми дүниетанымның құрамды бөліктерінің бірі болып саналады. Бұл нарықтық экономиканың негізгі заңдарын, өндірісті көркейтудің нәтижесі, қайта құру және оның құрылымы, өндіріс қатынастарының орнығуы, шаруашылықты жүргізу жүйесі және әдістері.

Оқушыларға экономикалық білім беру қазіргі нарық кезінде өте көкейкесті мәселелердің бірі оларды халық шаруашылығының әр түрлі салаларында жұмыс істей білуге үйрету үшін экономикалық, ғылыми-техникалық, гуманитарлық білімдермен

каруландыру қажет. Қазақстан Республикасының қазіргі әлеуметтік-экономикалық саясаты оқушылардың тәрбиесі мен білім алуына жоғары талаптар қойып отыр. Себебі бұрын қалыптасқан экономикалық саясат, экономикалық қатынастар күйреп, жаңа нарықтық экономикалық саясат пен қатынастар орын тебуде.

Оқушылардың ең алғашқы экономикалық білімі әр түрлі пәндер бойынша сабақтарда қалыптасады. Мектеп оқушыларының биология, химия пәндері бойынша жүргізілетін ауыл шаруашылық тәжірибесінде ең жақсы тұңғыш сортын пайдалануда, тыңайтқыштарды ұтымды етіп, өсімдіктерді коректендіруде тәжірибе жұмысы экономикалық нәтижені көруге мүмкіндік береді. Экономикалық тәрбиеде оқушылар мынадай ұғымдарды білу қажет. Олар: ұлттық кіріс, қаржы, еңбек ақы, пайда, өзіндік құн, еңбек өнімділігі, акция, бизнес, нарық т.б. Экономикалық тәрбиеде ақша мәселесі негізгі бағыттардың бірі. Бұл үшін оқушылар еңбегімен ақша табуға және оны жұмсауды жоспарлауды үйренуі қажет.

Жалпы орта білім беретін мектептер жағдайында оқушыларға экономикалық тәрбие мен білім беруді ұйымдастырудың негізгі формалары: үйірме сабақ, саяхат, үйдегі оқу тапсырмасы, қоғамдық пайдалы еңбек т.б. экономикалық тәрбиенің оқудан тыс қолданылатын формалары да бар. Экономикалық тәрбие берудің экономикалық реформасы – оқытуды заман талабына сай жасау аса маңызды бағыттардың бірі. Бұл процесс мейлінше тиімді жүзеге асуы үшін мұғалімдер ұжымының экономикалық реформа проблемаларын оқып үйренуге деген жауапкершілігін арттыруы қажет. Бұл оқушылардың санасына тастаған дәніңіз күні ертең нақты істерде жайқалып өсіп шығатын болады.

Қазіргі кезеңде болып жатқан жаңа әлуметтік- экономикалық, қоғамдық саяси өзгерістер жағдайында еліміздің әрбір азаматы, әсіресе жас түлектер өмірдің дамуынан қалыспай отандық парызын еш уақытта естен шығармауы керек. Әрине, бұл жауапты жұмыс. Сондықтан нарықтық экономикаға байланысты оқушыларға тәрбие және білім беру ісін басқару, оны жетілдірудің жолдарын іздестіру және ұтымды қолдану мектеп педагогикалық ұжымдарының төл ісі.

Алдағы мақсат нарықтық қатынас жағдайында жоғарыда айтылған іс- шараларды іске асырып, экономикамызда оқушыларға экономикалық білім беру сара жолға салу. Соның негізінде, қазіргі жағдайда оқушыларымызды экономикалық сауатты етіп, үлкен өмір кемесінде еркін жүзуге бағыт-бағдар беру.

Экономикалық білім беруде көптеген ірі капиталистік мемлекеттерде, оның ішінде Америка Құрама штаттарында бар нәрсені үлкенді-кішісіне қарамай, пайдалы жағын есептей білуге, болмашы нәрседен де табыс түсіру жолдарын меңгеретін амал- тәсілдерді оқып үйренуге баса мән береді. Оған мысал ретінде: Американдық бала Кароллин Бекет 8 жасқа келгенде оған калейдоскоп сыйлайды. Оған көрінген әртүрлі бейнелер балаға кереметтей ұнайды. Кароллин калейдоскоптарға қызығып, оларды өзі кішкентай кезінен құрай бастайды. Өзінің алғашқы калейдоскоптарын ол ата- аналарына, жолдастарына тарту етеді. Көп кешікпей оның калейдоскоптарын сатып алушылар көбейе бастады, ол оқуын бітіргеннен кейін, өз ісімен айналысады. Оның бала кезінде жасаған ойыншықтары 450 доллар аралығындағы бағалармен сатылады. Міне, сондықтан біз мектеп оқушыларын «Әлі жас бала ғой» демей оның жеке қабілетін дамыта білсек, әркімнің жеке өз ісін ашқысы келетінінің көптеген әдістерін үйретуге болады. Оқушыларды еңбекке баулудың жолы сан алуан. Олардың бірі – оқушыларға экономикалық білім беру. Экономика – ол ұқыптылық, бұл басқарушы кәсіпкердің шеберлігі. Экономикалық білім берудің бастауы – үнем мен ұқыптылық. Мектеппен қоса жанұяда экономикалық білім беру баланы еңбекке саналы көзқарас қалыптасуына еңбекті тиімді ұйымдастыра білуге, табыс пен пайданы анықтай алуға үйретеді.

Экономикалық сана мен оған деген құштарлық мектеп жасында қалыптасатындықтан, оқытушыларды нарықтық заңдылықтармен, кәсіпкерлік бизнес сияқты ұғымдармен таныстыру қажет. Әр бір жас жеткіншек экономика заңдарын және оның түрлі құбылыстарын түсіне отырып өз білімін тәжірибе жүзінде қолдана білу керек.

Экономикалық білім мектеп пен жанұяның ықпалы арқылы қалыптасады. Экономикалық білім мен тәрбиенің негізгі мақсаты – оқушылар бойына ұқыптылық, тәртіптілік, еңбексүйгіштік, ынталық, іскерлік сияқты қасиеттерді қалыптастыру болып табылады. Жалпы білім беретін мектептерде үзіліссіз экономикалық дайындықты қамтамасыз ету мен экономикалық білім беруді жақсарту үшін мынадай маңызды мәселелерді шешуіміз керек. Бірінші – оқулық мәселесі, екінші – кадр мәселесі. Экономикалық білім негізінде оқушы қоршаған орта мен оның салаларын әр қырынан бағалай отырып, адам еңбегінің нәтижесі екенін түсінуі тиіс. Экономикалық білім беру арқылы адамдарды сыйлауға, таза өз еңбегімен ақша табуға үйретуге және еңбексүйгіштік, ұқыптылық, іскерлік, ынталылық сияқты қасиеттерді қалыптастыруға болады. Басты мақсат – оқушыларды болашақта еліміздің экономикасына өз үлесін қосатын, экономикалық сауатты азамат етіп тәрбиелеу.

Мектеп оқушыларына экономиканы оқыту – табиғат заңдарына қарағанда экономикалық заңдарға тәуелді болып отырған өзгермелі өмірге қойылған талап оқушыларға накты жағдайларда экономикалық заңдылықтарды қолдана білуде экономикалық теория мен практикалық түсініктердің қажет екендігі даусыз. Мектептегі экономикалық алудан қалыптасқан іскерлік, дағдылар, біліктілік, оқушыларға нарықтық экономика сұрақтарын шешуде өзінді сенімді ұстауға және оның негіздерін жан-жақты оқи отырып, өз мамандығын таңдауға мүмкіндік береді. Экономикалық білім негіздерін меңгермей, сауатты экономикалық ойлау мен әрекет етуді үйренбейінше, қазіргі өмірге бейімделу мүмкін емес. Қоғамның дамуының қазіргі кезеңінде мектепке экономикалық білім берудің енгізілуі, болашақ ұрпаққа қойылатын талап, адамзаттың өмірдегі орны мен өз рөлін білуге және белсенді өмірлік бағытын анықтауға көмек беретін өзекті қажеттілік болып табылады.

Ал, қазіргі еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайына сәйкес экономикалық білім беру қазіргі экономикалық жүйе туралы ғана емес, шаруашылық қызметтің негіздерімен, тұтас қоғам туралы, оның мүшелерінің сылтауын, адамзаттың дамуының әлеуметтік типологиясы туралы мол түсініктер береді. Мектеп оқушыларына экономикалық білім беру барысында, олардың экономикалық білімі мен біліктілігін қалыптастыру қажеттігіне көңіл бөлген абзал. Олай болса болашақта мемлекетіміздің экономикасы жақсы болу үшін оның негізін мектептен бастаған жөн.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін. (Ел Президентінің халыққа жолдауы). Алматы. 2004 ж.

2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында. (Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы). Алматы. 2005 ж.

3. Арын Е.М., С.С.Сатыбалдин және т.б. авторлар ұжымы. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептеріндегі экономикалық білім беру бағдарламасы (жоба). Алматы. РБК. 2000 ж.

4. Ағанина Қ.Ж. Экономикалық білім негіздері. Оқыту әдістемесі. Алматы. «Жазушы». 2005 ж.

5. Юсупов Б.Ю. Мұғалімдерге тән педагогикалық қасиеттер. Алматы. 1999 ж.

6. Экономика негіздері. Мектеп, колледжде және ЖОО-да оқыту. Алматы, № 1-4, 2004 ж. Қ.Б.Сейталиев. Тәрбие теориясы. Алматы. 1986 ж.

**Резюме**

**С.Т. Ыбышова**, *к.п.н., старший преподаватель*
*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

**Формирование экономического образования в стенах школы**

Статья посвящена формированию в стенах школы экономического образования в развитии современного общества. Мы хотели подчеркнуть возрастающую роль социально-экономического образования как важнейшего фактора. Еще нужно формировать новый тип личности, который сумеет реализовать свои способности.

***Ключевые слова:*** экономическое образование, патриотические, экономический разум, экономика, экономические навыки.

**Summary**

**S.T. Ybyshova,** *Candidate of Pedagogical sciences, senior teacher*
*(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

**Formation of economic education within the school**

The article is devoted to the formation within the walls of the school of economic education in the development of modern society. We wanted to emphasize the growing role of social and economic education as the most important factor. Still need to form a new type of personality, who will be able to realize their abilities.

***Key words:*** economic education, patriotic, economic reason, economics, economic skills.

**ӘӨК 336.2**
**К 30**

## БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ АРТТЫРУДАҒЫ КЛАСТЕРЛІК АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

**А.Асылханқызы,** *магистрант*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Осы зерттеулерге сүйене отырып, жеке фирмалар кластерге біріккен кезде олардың ұжымдық бәсекеге қабілетті басымдықтарын қалыптастыруға қажет талаптарды шоғырландырады. Қазіргі кезде белсенді дамыған жүйелер түсіндіру Қазақстанда технопарктерді өркендету үшін пайдалануға болады. Көптеген зерттеушілер индустриалды ұйымның динамикалық өзгерістерін индустриясы дамыған елдердегі бизнестің жүйелі құрылымына қарай басталған өту кезеңі деп қарастырады.

***Түйін сөздер:*** фирмааралық, банкрот, инвестиция, аспект, картель, социум, кластер, феномен, акцент, интеграция, динамика.

Агенттік қатынастар теориясы тұрғысынан қарастыру фирмалар мен олар жалдаған агенттер арасындағы трансакциялардың тереңірек талдауына жол ашады. Қатынастар

шығыны немесе агенттік шығындар міндеттерді қабылдау және олардың орындалуын қадағалау механизміне жұмсалған қаржылардан тұрады, ол оппортунистік сипаттағы шығындарды және принципалдар мен агенттер арасындағы шарасыз қақтығыстарды азайту мақсатында жасақталады. Басқару механизміне келісім шарттың әр түрлі нысандары енеді. Соңғыларының ішінде ресми және бейресми, айқын және айқын емес, мақсатты және пәндік түрлері де бар.

Трансакциялық шығындар экономикасы (Transaction Cost Economy - TCE) аясында фирмааралық кооперацияға түсінік беру кейінгі әдістердің қалыптасуына әсер етеді. Осы әдіс аясында трансакциялық шығындар маңызды фактор ретінде қарастырылады. Өйткені, TCE фирмааралық кооперацияға қазіргі заманғы түсініктеме беруде іргелі теориялардың бірі болып табылады. Бір географиялық аймақта шоғырланған агенттер арасындағы жүйелі қатынастар ұжымда өмір сүруге қабілетті болады, ұйымаралық байланыстар мен қатынастар есебінен өсетін тұрақтылық үлгілерін жасайды. Оларды фирманың сыртқы ортасы деп атайды. Бұл әдіс көптеген зерттеулерде қолданылады. Фирманы қоршаған ортада түсіну ресурстық әдістің (немесе ресурстық тәуелділік теориясының) пайда болуына жол тапты.

Ғаламдандыру жағдайында елдер арасында да, жекелеген фирмалар арасында да рынок үшін бәсекелік күрес асқына түседі. Соңғылары бәсекеге қабілетті басымдықтарын арттыратын әдістерді іздестіру жолында бизнес ұйымдастырудың жаңа үлгілерін пайдалануда. Солардың бірі - фирмааралық кооперацияның жүйелі нысанын перспективалы деп танылуы. Фирмааралық кооперация құндылықтардың барлық пайда болатын тізбегінде өркендегенімен, әріптестіктің жылдам бой көтеруі ғылыми зерттеулер мен игерулер саласына тән. Ал, осы кооперация нысандарына келетін болсақ, бүгінде біртіндеп түрлі келісім шарт нысандары таңдалынып отыр. АҚШ-тың тікелей шетелдік инвестицияларына шолу жасағанда, 90-шы жылдары АҚШ компанияларымен берілген лицензияларды саудалау өсімі (жыл сайын деңгейі 11 пайызға артады) сауда мен тікелей шетелдік инвестицияларының өсімін қосып есептегеннен де басым болып шықты. Фирмааралық кооперация кездейсоқ рыноктық деректер категориясынан феноменге айналып, өзінің белсенді дамуы арқылы зерттеушілер назарын аударды. Фирмалар қызметінің осы бағыты стратегиялық даму және фирманың материалды емес активтерін арттыру контекстерінде талдана бастайды.

«Басқарушы»-зерттеушілердің мүдделері жүйелі фирмааралық ұйымдардың феноменін өзгеріске ұшырайтын процестердің, құрылымдардың, шекаралардың, басқарудың қалыптасып жатқан жаңа, сондай-ақ стратегиялық ережелердің ұстанымдары негізінде жете сипаттап түсіндіруге бағытталған, фирмааралық жүйелердің феноменін түсіндіруде және басқа да теориялық ұстанымдарда түрлі көзқарастар мен әдістерді жинақтау қажеттігінен туындап отыр. Фирмааралық кооперация туралы түсініктер экономиканың, әлеуметтанудың және басқа ғылымдардың іргелі теорияларында берілген, олардың жекелеген бағыттары фирмааралық кооперацияның жүйелі нысанымен байланысты мәселелерді зерттеу нәтижесінде даму импульсын алды. Біріншіден, бұл іргелі және қолданбалы зерттеулердің негізгі жетістіктерін жинақтау арқылы фирма теориясының дамыту контексіндегі жаңа жүйелі парадигманың пайда болу жолдарын түсіндірсе, екіншіден, осы парадигманың талдау және даму бағыттарын көрсетеді. Осындай кешенді теориялық негіздің қажеттілігі өсе береді.

Фирмааралық кооперация феноменінің теориялық түсіндірмелерін бір жүйеге түсіру үшін бейресми коммуникациядан бастап фирмааралық ақпараттық-жоспарлы жүйелерге (альянстарға), күрделі интеграциялық құрылымдарға, яғни, (бірлескен кәсіпорындар мен франчайзингтік қатынастарға) дейінгі аралықтағы үйлестіру механизмдерінің тұтас спектрін қамтитын жүйенің кең ауқымды анықтамасын қолдануға болады. Жалпылама түсінік бойынша фирмааралық жүйелер фирмалар арасындағы байланысты реттеуші

әдістер деп танылады, оның, бір жағынан, фирмаішілік (иерархиялық) реттеуден, ал, екінші жағынан, рыноктық үйлестіруден өзгешелігі бар.

Фирмааралық кооперация, әсіресе, оның жүйелі нысаны тәртіптік және тәртіпаралық әдістерді қолдану арқылы түсінік беретін құбылыс болып табылады, бұл өз кезегінде одан әрі жалғасын тапқан тәртіпаралық диалогқа негіз болады.

Жүйе феноменіне түсінік беретін тағы бір нәрсе – оның тиімділігін мойындау. Осы мойындау нәтижесінде қазіргі уақытта институционалдық теорияда жүйенің рынок пен иерархия арасындағы аралық ұстанымы бар оңтайлы қоспалы нысан ретінде кеңінен таралды. Жүйені пайдалануға қосымша дәйек ретінде авторлар өзіндік активтері жоғары жағдайларда рыноктық үйлестіру шығындарының өсуін, трансакциялар дүдәмалдығы мен жиілігінің артуын, сондай-ақ рыноктық тәуекелділікті қайта үлестірмейтін агенттердің нәтижелілігімен және есебімен байланысты қиындықтарды атайды.

Эволюциялық теория арқасында жүйелі экономиканың инновациялық аспектісі дамиды. Экономикадағы эволюциялық бағыттың бастауы Шумпеттердің инновацияларға арналған еңбектерінен алынған. Ол ұзақ мерзімде дамиды деген ұстаныммен фирманың революциялық технологиялық ығысуын және басқа да сипаттарының қайта қарастырылуын негізге алады. Бұл сипаттамалар фирма эволюциясына түсінік бергенде қажет. Шумпеттердің айтуынша, революциялық инновациялардың салдарын болжап білуге болмайды. Кейде жекелеген саланың фирмалары жетекші позицияда болуы мүмкін. Басқа жағдайларда бұндай революциялық инновациялар қазіргі кезде бәсекелесіп жүрген барлық фирмаларды жойып жіберуі мүмкін. Мұндай кезде оқу оқып, білім мен тәжірибе жинақтау керек, сөйтіп оларды қолдану үшін қолайлы жағдай туғызу қажет. Осы қисынға сәйкес жүйенің феноменін түсіндіру үшін технологиялар мен оқытуға шыққан шығындарды қосу керек.

Институционалдық теория, салалық рыноктар теориясы және шумпеттерлік даму түсінігі аясында дамитын әдістер комбинациясы нәтижесінде саланың өмірлік кезең үлгісі пайда болады, мұнда Шумпеттердің айтуындағы революция санақ басы (тіршілік бастауы) болады. Осы революциялық өзгерістер саланың технологиялық базасын және стратегиялық құнды ұйымдастыру ресурстарын анықтайды. Солардың негізінде жекелеген фирмалар табысқа жетуі мүмкін, енді біреулері ресурстық базасын түрлендіру (модификациялау) керек, ал үшіншілері банкроттыққа ұшырауы мүмкін. Шумпеттердің айтуындағы революция жаңа саланың бәсекеге қабілетті негізін жасақтап берді де, салалық бәсекеге қабілеттікті ретке келтірді. Саланың дамуына дүмпулер (Шумпеттер бойынша) әсер етсе де, олар белгілі бір уақыт ішінде саланы түбегейлі өзгерте алмайды.

Ресурстық тәуелділік теориясына сәйкес ұйымдар қоршаған ортамен ресурстар алу мақсатында айырбас жасайды, бұл өз кезегінде жекелеген ұйымдар мен нарықтың басқа да ойыншылары арасында тәуелділікті туғызады. Осы салалық зерттеулерге қомақты үлесін қосып жүрген жүйелі нысандар спектрі – бірлескен кәсіпорындар, біріккен басқармалар, қауымдастықтар, картельдер, әлеуметтік және персонификациялық жүйелер кеңінен сипатталып жүр.

Жүйелерге анықтама бергенде институционалдық теория жорамалдары қолданылады. Институционалдық теория бойынша қоршаған орта ұйымдарға қысым жасап, соның нәтижесінде олар әлеуметтік нормаларға сәйкес келетін заңды ережелерді жасақтауға мәжбүр. Бизнесті басқару контексінде осы теориялық әдісті қолдану арқылы фирмалар заңды әрекет етуге бағытталған қызмет белсенділігін арттырып, қоршаған ортаның негізгі ережелеріне, талаптары мен нормаларына сай әрекет етеді. Осы нормаларға сай болудың бір тәсілі - ұйымаралық қарым-қатынастарға белсенді түрде қатысу. Институционалдық әдіс ресурстық тәуелділік теориясы секілді «тәуелділікке» ерекше мән бергенімен, соңғысынан айырмашылығы әлеуметтік тәуелділікте болып тұр.

Социумда фирманың бөлек болуынан қорғап қалатын әлеуметтік байланыстар, жүйелер, ресми келісімдер мен басқа да құралдар фирманың өмір сүру негізі болып табылады.

Екінші жағынан, ортаның нормалары мен заңдарына, яғни, институттарына сай болу үшін фирмалар белгілі бір жүйеге кіруі қажет. Сөйтіп олар өз еріктерімен жүйенің ережелерін орындауға келісімін береді. Сонымен қатар фирмааралық кооперативті құрылымдар құрудың тиімділігі мен қарапайымдылығы көбінесе жоғары деңгейлі ішкі орта арқылы анықталады, ал мұнда фирмааралық жүйелер басым болады. Мұндай ішкі орта факторларына заңнамалық база, банктік жүйе, еңбек нарығы және т.б. жатады.

Осылайша, қарастырылған түрлі тәртіптегі әдістер жүйе қалыптастырудағы негізгі алғы шарттарды, яғни, ұжымдасып әрекет еткен ұйымдар өзінің бәсекеге қабілеттігін күшейтетінін мойындайды. Зерттеушілер ресурстық тәуелділік теориясы аясында осы алғышарт бойынша ұйымдардың кооперативтік байланыстарын құратынын, кейін соның бәрі едәуір мөлшерде нәтижелілігіне әсер ететінін байқайды. Институционалдық теория белгілі мақсат пен нәтиже күткен «алаң» немесе «сектор» ішінде әрекет етуші ұйымдар туралы сипаттама береді. Салалық нарық экономикасы аясында ұйымдар арасындағы нарықтық емес қатынастарды сипаттайтын қоспалы нысандар да өмір сүруі мүмкін.

Фирмааралық қызметтестіктің оң және теріс тұстарын ашып көрсететін анықтамалар мен талдаулар баршылық. Фирмааралық кооперация туралы, оның жетістіктері мен кемшіліктеріне түсінік беретін түрлі ғылыми бағыттардың қорытынды талдауы 1-ші кестеде көрсетілген. Жалпы экономикалық әдістер негізінде жүйелердің пайда болуын әдетте нарық сәтсіздігімен және фирманың тиімді қызмет етуін күшейтуге бағытталған талпыныспен түсіндіреді. Осындай уақытта ұйымның жүйелілігі өндірістік және үйлесімдік шығындарды азайтады. Әлеуметтік зерттеулердің пікірінше, жүйе дегеніміз - әлеуметтік бақылаудың және бейресми кооперацияның басты құралы. Жүйелердің өмір сүруіне түрлі түсініктемелер беріліп жүр: нормативтік-заңнамалық ортаға енгізу, заңдылық пен өктем механизмдерді табу үшін жасалатын үйлесімдік шығындармен де, әлеуметтік байланыстармен де түсіндіруге болады.

Тәртіпаралық негіздегі түрлі әдістердің ықпалдасуы дербес ғылыми бағыт тұжырымдамасын жасауға көмектесетіні сөзсіз. Ол, бір жағынан, фирмааралық кооперацияның феноменін жүйелі түрде айтып жеткізсе, екінші жағынан, бір қатар басқармалық тәртіптердің дамуы үшін теориялық негіз болады.

Жеке бір фирманың шаруашылық субъектісін өзара әрекет етуші фирмалардың жүйесіне өзгерту ұжымның бәсекеге қабілеттік, нәтижелілік, қызметін бағалау, мүдделері мен стратегияларын келістіру, бірлескен активтерін туындатуға және дамуға ынталандыру және т.б. сондай мәселелердің күн тәртібіне қойылуына себеп болады. Осы бағытты дамыту, біріншіден, фирма теориясын дамытудың басты бағытына айналуы мүмкін, екіншіден, қарқынды дамыған қазіргі заманғы басқару әдістері үшін теориялық негізді қалыптастырады.

Фирма теориясы алуан түрлі фирманың өмір сүру, шекарасы мен ішкі ұйымдар проблемаларын зерттейді. Фирманың шекарасы жөнінде түсінік бергенде зерттеушілер көбінесе жүйелі қарым-қатынас үлгісін (моделін) пайдаланады. Ұйымдар мен басқару теориялары аясында бұндай анықтамаларға экономика, әлеуметтану, әлеуметтік психология және басқа да ғылыми салалардан алынған дәйектер қоса беріледі.

Алайда, бәсекеге қабілетті басымдықтарының негізі ретінде, қоршаған ортаның жоғары айнымалылық пен технологиялық белгісіздік жағдайындағы тұрақты оқудың қажеттілігін мойындайтын, ресурстар мен білімге жасалған жаңа акцент фирмалар арасындағы кооперацияның ролін қайта бағалауға және жүйелік феноменінің жаңа түсініктемесін қалыптастыруға көмектеседі.

Қазіргі кезеңгі басқару теориясының орталық алғы шарты бойынша фирмалардың бәсекеге қабілетті басымдықтары бірегей, күрделі ресурстардан пайда болады екен. Егер

де осы алғы шартқа сүйенетін болсақ, онда фирма шекарасын осындай ресурстарды жинақтап, оларды меншіктеген соң анықтауға болар еді.

Соңғы 20 жыл ішінде шекараны таңдау туралы алдыңғы теориялық анықтамалар трансакциялық шығындар экономикасының (TCE) жорамалдарына негізделген болатын. TCE әлі де болса стратегиялық альянстарды қалыптастыру процесін түсіндіретін басқарудағы ең бір кеңінен тараған әдіс деген ұстанымды сақтап отыр. Сондай-ақ кооперация уәждерін түсіндіретін трансакциялық шығындарды оңтайландыруға бағытталған акцент басқа да ғылыми бағыттар аясына да тараған.

Осы теорияның оппоненттері келісім жүйесімен фирма туралы түсінік беру оның құзіретті ролін теріске шығарады, ал бұл өз кезегінде оқыту, заңнамалық жолға түсу немесе жаңа технологиялық стратегиялық табысқа жету процесін тұтастай бағынышты етеді деп дәлелдейді. Сонымен қатар фирманы келісімдік деген мағынада түсіндіру стратегиялық сипатқа ие болады, бұнда фирма кіріс табуға талпынбайды, оның бағыты өзгеше құзірет пен бәсекеге қабілетті басымдыққа жетуге жинақталады. Керісінше, құзіреттер ұстанымы бойынша экономикалық ұйым туралы түсінік кіріс, шығыс және технологиялар кезіндегі үздіксіз өзгерістер контексінде қабылданады.

Фирма теориясының ресурстық әдісі аясында фирманы бәсекеге қабілетті басымдықтарға негіз болатын, сезімді және сезімсіз ресурстар мен құзіреттердің «шоғыры» деп түсіндіреді. Түрлі компанияларға қатысы бар, келісім арқылы байланыспаған, оқшау құзіреттер интеграция мен бірлескен басқаруды қажет етеді.

Фирманың статикасы мен динамикасын екі жақты қарастыру – кеңінен тараған әдіс, бұл әсіресе эволюциялық теорияға тән. Бұл әдістің ерекшелігі – біріншіден, ол оқыту процесін терең талдауды қамтыса, екіншіден, фирманың сыртқы орта атрибуттары ретінде статикалық және динамикалық шарттарын қарастырады. Динамикалық орта фирмаларға, жүйеге қатысушыларға сипаттама беріп, олардың пішін үйлесімдіктерін анықтайды.

Компаниялар өз әріптестерінің дағдысы мен тәжірибесін үйренген кезде тиімділік жағына аса мән бермейтіні туралы эволюциялық әдіс тұспалдап көрсетеді. Компаниялар шектеулі біліммен де қанағаттанарлық сипатта жұмыс жасайды. Әдебиетте жоғары технологиялық салалар үлгісіндегі осындай жағдайлардың эмпирикалық дәлелдері кездесіп жүр, мұнда фирмалар өзінің қысқа мерзімді қызметінде оңтайлы және тиімді жақтарын көрсете қоймайды. Керісінше, ұзақ мерзімді перспективада оқуға бағытталған фирмалардың қызметі жоғары табысқа ие болады. Жалпы эволюциялық теорияның дәйектемесі технологиялық өзгерістер мен нарықтың ашықтығымен, шексіз жүйелік келісімдерден өтіп, үздіксіз оқу процесімен сипатталатын динамикалық ортаға негізделеді.

Білім алып, кейін оны қажетінше қолдану кооперацияның әр түрлі нысандарында жүзеге асыруға болады. KBV-ға бойынша бір «шатыр» астында болмайтын кооперация ұйымының түрлі нысандары жылдан жылға көбеюде. Бұл жаңа білім түрлеріне жол ашады. Әсіресе, кооперация зерттеулерінде идентификация және коды жоқ (анық емес) білім мәселелеріне көңіл бөлініп жүр. «Оқыту» деген термин «білім экономикасы» және инновациялар табиғатын түсіндіретін сипаттамада басты мәнге ие. Жоғары оқу орнында оқығанда немесе кәсіби қайта даярлықтан өткен кезде ғана жаңа білім алынады деп түсінбеуіміз керек. Өйткені, бұл «анық» білім болып есептелінеді. Жаңа білімге жұмыс процесі кезіндегі жаңа дағды, жаңа тәжірибе түрінде де үйреніп алуға болады. Бұл түр коды жоқ немесе «анық емес» білім деп аталады және инновациялық қызмет үшін үлкен маңызы бар.

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстанның әлемнің бәсекеге қабілетті елу ел қатарына кіру стратегиясы» Жолдауы // Казахстанская правда, 2 наурыз 2006 ж. № 45-46.

2. Портер М. Международная конкуренция. М.: Международные отношения. 1993. 896 б.

3. Porter M.E. Clusters and the new economics of competition // Harvard Business Rev., 1998. Nov.-Dec. P.77-90.

4. Enright M. Why Clusters are the way to win the game? World Link. 1992. N5. July/August. P.24-25.

5. Enright M., Ffowcs – Williams J. Local partnership, clusters and SME globalization. OECD Workshop paper. 2001. – 157 б.

6. Storper M., Walker R. The capitalist imperative. Territory technology, and industrial growth. N 4.: Basil Blackwell. 1989.

7. Вайбер Р. Эмпирические законы сетевой экономики // Проблемы теории и практики управления. № 4. 2003.

8. Williamson O. «Comparative economic organization: The analysis of discrete structural alternatives». Administrative Science Quarterly. 1999. 269-296 p.

**Резюме**

**А.Асылханкызы,** *магистрант*

**Кластерные преимущества повышения конкуренции**

*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

Теоретические основы использования кластерных методов в повышения экономической конкурентоспособности страны. Теоретические и методические проблемы формирования кластеров, как фактора повышения конкурентоспособности, до сих пор изучены недостаточно. Особая актуальность, кластерного преимущества повышения конкуренции, а так же новизна и социально-экономическая значимость проблемы повышения конкурентоспособности экономики, предопределили содержание статьи.

***Ключевые слова:*** межфирменные, банкрот, инвестиция, аспект картель, социум, кластер, феномен, акцент, интеграция, динамика.

**Summary**

**A.Asylhankyzy,** *undergraduate*

*(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

**Cluster advantages of increasing competition**

Theoretical bases of use of cluster methods in increase of economic competitiveness of the country. Theoretical and methodological problems of forming clusters as a factor of increasing competitiveness have not been sufficiently studied so far. A special urgency, the cluster advantage of increasing competition, as well as the novelty and socio-economic importance of the problem of increasing the competitiveness of the economy, predetermined the content of the article.

***Key words:*** intercompany, bankrupt, investment, cartel aspect, society, cluster, phenomenon, accent, integration, dynamics.

**ӘОЖ 796.50**

# ТУРИЗМ ИНДУСТРИЯСЫНА КАДРЛАР ДАЯРЛАУ – ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТЫ

**М.С.Баймурзаева,** *оқытушы*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Мақалада елдің экономикалық тұрақты дамуының туристік білімде алатын орны қарастырылған. Бүгінгі күнгі қызмет көрсету секторының, оның ішінде туризмнің, жоғары қарқынмен дамуы, сондай-ақ оның болашақтағы әлеуетінің маңыздылығы туристік кластерді экономикалық дамудың ұлттық және аймақтық жоспарларының маңызды құраушысына айналдырып отыр. Мұндай стратегиялық іс-шараларда ел экономикасының жетекші салаларын кластерлік үлгімен дамыту қарастырылған, сол себептен елімізде осы бағытта әр түрлі жұмыстар атқарылып жатыр. Себебі, бүгінгі таңда кластерлер жеке елдер мен аймақтардың экономикалық дамуы мен бәсекеге қабілеттілігін көтеруде маңызды құрал болып табылады.

***Түйін сөздер:*** кластер, туристік сауаттылығы, туризм индустриясы.

Орнықты дамуға көшу тұжырымдамасында өмір сүру сапасын арттыру және елдің ұзақ мерзімді келешекте бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін ұлттық инновациялық жүйені қалыптастыру, ғылыми және білім беру ұйымдары нысандарының алуан түрлерін кеңейту, зияткер қауымның беделін арттыру, инновацияларды мемлекеттік тұрғыда қолдай отырып, оның ішінде экономика салаларын кластерлік дамыту, материалдық-техникалық базаны түбегейлі жаңарту және ғылым-білім беру саласын ресурстық қамтамасыз етуді жақсарту, кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесінің тиімділігін арттыру міндеттері қойылған [1]. Кластерлік жүйе дүние жүзінде алдыңғы қатарлы елдер экономикасының көп бөлігін қамтыған.

Қазіргі кездегі экономикалық зерттеулерге сүйенсек «кластер» ұғымына – қосымша құнды құру үрдісіндегі жабдықтаушылардың, өндірушілердің, тұтынушылардың және өнеркәсіптік инфрақұрылым элементтері мен ғылыми-зерттеу институттарының бір-бірімен тығыз байланыстағы жүйесі деген анықтама беріліп жүр. Кластерлер тұрақты әрі бәсекеге қабілетті болу үшін адам капиталы, ғылыми, инновациялық және өндірістік әлеуеттердің шоғырлануымен сипатталады. Кластерлік теорияның негізін қалаушы М.Портер кластер өндірістік өнеркәсіпке негізделген деген пікір айтады. Дегенмен, бүгінгі күнгі қызмет көрсету секторының, оның ішінде туризмнің, жоғары қарқынмен дамуы, сондай-ақ оның болашақтағы әлеуетінің маңыздылығы туристік кластерді экономикалық дамудың ұлттық және аймақтық жоспарларының маңызды құраушысына айналдырып отыр.

Қазіргі уақытта туризм әлемдік шаруашылықтағы неғұрлым қарқынды дамып келе жатқан салалардың, сонымен қатар ең табысты бизнестердің бірі. Өйткені, ол шетел валютасының елдің мемлекеттік қорына құйылуын қамтамасыз етеді, төлем балансы мен жиынтық экспорт сияқты маңызды экономикалық көрсеткіштерге жағымды әсерін тигізеді, халықты жұмыспен қамтамасыз етуге көмектеседі. Халыққа қызмет көрсетудің бір бағыты туризм тек саяхат жасаудан тұрмайды, оның көптеген экономикалық және әлеуметтік аспектілері бар. Соңғы жылдары туризм дербес индустрияға айналып, Дүниежүзілік Туристік Ұйымның мәліметтері бойынша туризм әлемнің өндірістік-сервистік нарық айналымының 10% қамтамасыз етіп отыр, ал біздің елімізде ол 1% аз. Сонымен қатар туризм индустриясына әлемдік ішкі өнімнің, инвестицияның 7%, тұтынушы шығындарының 11%, барлық салық түсімінің 5% келеді [2]. Бұдан біз туризм индустриясының қай елдің болмасын экономикасының тұрақты дамуына тікелей әсер ететіндігін көреміз.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін туристік қызметтер реттеліп, халықтың тарихи, мәдени және табиғи мұраларын дамытудың негізі қалана бастады. Оны еліміздегі мемлекеттік тұрғыда туризмді дамытуға қатысты атқарылып жатқан бірқатар іс-шараларынан байқаймыз. Мәселен, туризм саласын дамытуға қатысты елімізде ҚР «Туризм туралы» Заңы қабылданды (1992 ж. 03.07 №1508-XII), сонымен қатар «Туризм инфрақұрылымын жасау туралы» ҚР мемлекеттік бағдарламасы жарияланып (1998 ж. 27.02 №3859), осындай мемлекет тарапынан қабылданған құжаттарда белгіленген іс-шараларды жүзеге асыру жүргізіле бастады. Қазақстанның 1993 жылы Дүниежүзілік туристік ұйымға толық мүше болып қабылдануы, туризм саласындағы ынтымақтастық туралы халықаралық келісімдер жасауы, еліміздегі туристік саланың дамуына негіз болады және шет мемлекеттердің Қазақстанды туристік әлеуеті мен болашағы мол ел ретінде тануларына септігін тигізеді.

Бұл өз кезегінде елдің туризм индустриясының инвестициялық тартымдылығын арттыру мақсатында:

– Қазақстанның туристік мүмкіндіктері туралы ақпараттық мәліметтерді жетілдіру;

– туристік-этнографиялық кешендер, демалыс және ойын-сауық индустриясы объектілерінің жобаларына шетелдік және отандық даму институттарының инвестицияларына ықпал жасау;

– туристік индустрияны шағын бизнесті қолдау қорының және басқа да отандық даму институттарының мүмкіндіктері мен ресурстарын тарту арқылы құру және оны дамыту шараларын жүзеге асыру;

– әлемдік стандарттарға сәйкес келетін туристік инфрақұрылым салудың өңірлік жоспарларын әзірлеу сияқты келелі мәселелерді шешуді қажет етеді.

Осыған орай экономиканың кластерлік салаларының бірі ретінде туризм индустриясына кадрлар даярлау бүгінгі күннің талабына айналып отыр. Өйткені, 2003-2015 жылдарға арналған индустриалды-инновациялық дамудың стратегиялық іс-шараларында көрсетілген жеті кластерлік бастаманың ішінде туризм индустриясының экономиканың басым секторларының бірі ретінде танылуы, оны дамытуға жаңа серпін беріп, ел экономикасының өркендеуі мен дамуында нарықтық мүмкіндіктерінің бар екендігі анықталды [3]. Мұндай мемлекеттік саяси және әлеуметтік идеяны іске асыру елдің орнықты дамуын қамтамасыз ететін экономиканың кластерлік секторларының бірі ретінде туризмнің үздіксіз білім беру жүйесіндегі орнын анықтауға мүмкіндік береді.

Қазақстанда туристік индустрияны дамыту үшін қажетті табиғи ресурстардың барлығы бар, дегенмен, оны ары қарай дамытуға өзінің мүмкіндіктерін толығымен қолданбай отыр. Ол халықтың туристік сауаттылығы мен мәдениетіне тікелей байланысты. Біздің ойымызша халықтың туристік сауаттылығы мен мәдениетінің әлі де болса өз деңгейіне көтерілмеуінің басты себебі, үздіксіз білім беру жүйесі, оның ішінде жоғары оқу орындарында кадрлар дайындаумен тікелей байланысты. Сондықтан «туризм» пилоттық кластерін дамыту үшін оның білім беру жүйесіндегі орнын анықтау өзекті мәселе болып табылады. Туризмді дамытуды үздіксіз білім беру жүйесінде, оның ішінде жоғары оқу орындарында Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мен типтік оқу бағдарламасы негізінде уақыт талабына сай жаңарту арқылы кешенді түрде жүргізу қажет.

Туризм индустриясына кадрлар даярлауда туристік білім беру оқу бағдарламаларының тақырыптық жоспарларына туристік техника және дайындық сабақтарын енгізу, балалар мен жасөспірімдердің мектептен тыс туристік мекемелерінің желісі және Қазақстанның тарихи нысандары, бірегей табиғи ескерткіштері туралы білім беру мәселелерін енгізу олардың азаматтық, адамгершілік сезімін оятып, отансүйгіштік қасиеттері мен жалпы және туристік мәдениетін қалыптастырады, сонымен қатар ата-бабамыздан мұра болып келе жатқан қонақжайлылықты құндылық ретінде қабылдауға тәрбиелейді.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР 2007-2024 жылдарға арналған орнықты дамуға көшу тұжырымдамасы. – Астана, ҚР Президентінің №216 Жарлығы. 14.11.2006 ж.
2. Ананьев М.А. Экономика и география международного туризма. – Москва, 1975.
3. ҚР индустриалды-инновациялық дамудың 2003-2015 жылдарға арналған стратегиялық іс-шаралары. – Астана, ҚР Үкіметінің № 609 Қаулысы, 30. 06. 2006 ж.
4. Туризм және өлкетану негіздері. Оқу-әдістемелік кешен. Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті. – Алматы, 2009.

**Резюме**

**М.С.Баймурзаева,** *преподаватель*

*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

**Подготовка кадров для индустрии туризма – основное направление устойчивого развития**

В статье рассматривается роль туристического образования в устойчивом развитии экономики страны. Проблемы развития туризма на современном этапе, тесно взаимосвязаны с подготовкой кадров. Актуальными задачами являются: подготовка, повышение квалификации, обучение в сфере туристской индустрии. В последнее время в мире сложилась тенденция, связанная с переходом на новый тип обучения кадров в индустрии туризма.

Ключевые слова: кластер, грамотность, индустрия туризма, кадры.

**Summary**

**M.S.Baymurzaeva,** *teacher*

*(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

**Training for the tourism industry is the main direction of sustainable development**

The article considers the role of tourism education in sustainable development of the country's economy. The problems of tourism development at the present stage are closely interrelated with the training of personnel. Actual tasks are: training, professional development, training in the tourist industry. Recently in the world there was a tendency connected with transition to a new type of training of personnel in the tourism industry.

***Keywords:*** cluster, literacy, tourism industry, personnel

**ӘОЖ 796.50**

## МАҚТА САЛАСЫН БАСҚАРУДЫҢ МАРКЕТИНГТІК ЖҮЙЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

**Х.Е.Ертазин,** *э.ғ.д., профессор*
*(Алматы қ, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Мақалада нарық экономикасы жағдайында мақта кешенін басқаруда экономикалық-ұйымдастыру мәселелерінің маркетингтік жиынтығы қарастырылған.

***Түйін сөздер:*** маркетинг, мақта, тоқыма, тігін, мақтаның өнімділігі.

Маркетинг – нарықтық шарттарда шаруашылықтарды басқару тұжырымдамасы, кәсіпорындардың өндірістік-өткізу қызметтерін басқару жүйесі. Қазақстан егемендік

алғаннан кейін, өндіріс орындарында маркетинг жұмыс істей бастады, ал ауылшаруашылығы саласына маркетинг қызметі қажет емес деп оған мән берілмей, саланы басқарушылардың пайымдауынша маркетингке қажеттілік жоқ деп есептелді. Бірақ мұндай пікір өндірістік маркетингтің жан-жақтылық мақсатына сәйкес келмеді. Кәсіпорындарды ұйымдастыру, басқаруда басты бағыты мен мақсаттары маркетингке негізделе, тұтынушының қалауын, сұранысын қанағаттандыру арқылы пайда табу көзделген.




Белгілі маркетолог Ж.Ж.Ламбеннің пайымдауынша маркетинг үш бағытта көбірек пайдаланылады: жарнама, өткізуді тұрақтандыру және тұтынушыларға қатты әсер ету.

Маркетингті тиімді түрде пайдалану көрсеткіштері, маркетинг құралдарын толық түрде қолдану және оның тиімділігін қалыптастыратын көрсеткіштерді есепке ала отырып, жобалай білуді қажет етеді (1-сурет).

Мақта саласының маркетинг жүйесін басқарудың тиімділігі көрсеткіштердің динамикасына негізделеді. Саладағы барлық кәсіпорындардың іс-әрекеттерінің пайдасы және бәсекелестігімен анықталады.

Мақта кешеніндегі көрсеткіштер жүйесі:

- кәсіпорынның өнімдерінің сауда-саттық қызметінің жалпы пайдасының үлесі;
- жіберілген өнім, теңге;
- кәсіпорынның өніміне сұраныс (нарық сыйымдылығы);
- маркетинг қызмет шығыны, теңге
- мақта өнімдерінің интегралдық бәсекелестік көрсеткіші;
- кәсіпорынның бәсекелестік коэффициенті.

Кәсіпорынның өнімдерінің сауда-саттық қызметі жалпы пайда үлесі кәсіпорынның қалыптасу, ұйымдастыру, басқару сапасын бағалайды. Мақта саласын басқарудың маркетингтік басқару жүйесін ұйымдастыру, кәсіпорынның әрбір сауда-саттық қызметтерінде соңғы нәтиже максимум пайда табу. Мақта кешендерінде, жалпы біздің зерттеулерімізде мақта саласының өнімдеріне сұраныстың көрсеткіші, оның нақты жіберген өнімі мен белгілі бір уақытта көлемі мақта құрылымының маркетингтік жүйесін көрсетеді. Нарықта тұтынушының сұранысын қанағаттандыру мақта құрылымының басты мақсаты.

Оңтүстік Қазақстан негізгі буыны мақта өндірісі. Облыста 2005 жылы 464 мың, 2006 жылы 435 мың, 2007 жылы 441 мың тонна шитті-мақта өндірілді, ал 2008 жылы 317 мың т., 2009 жылы 270 мың т. мақта өндірген. Оңтүстік Қазақстан облысында суармалы жерлердің құнарлылығын сақтауда тамшылатып суару израилдік әдісі өте тиімді әсер етуде. Ауыл шаруашылығы саласында қолданылатын құрал-жабдықтар мен озық технологиялардың арқасында гектарға кететін судың көлемі азайып, ал өнімділік артуда.

Мақта кәсіпорындарында көрсеткіштерді талдау жасау барысында егістік алқаптарының көлемінің артқанын және судың шығыны төмендегені байқалады. Бір гектардан жалпы кейбір өнімдердің өнімділігі орта есеппен екі-үш есеге артты, ал, судың көлемі керісінше азайды. Суармалы жерлерде мақта өндірісінде тамшылатып суару әдісі экономикалық тиімділігін дәлелдеді.

2008-2009 жылдарда облыс бойынша орта есеппен мақтаның егілген көлемі 164,6 мың гектар, ал шитті-мақтаны жинау 157 мың тонна, ал орташа өнімділік 19,9 ц/га құрады. 2006-2007 жылдарда бұл көрсеткіш 448 мың т., жалпы орташа егістік көлемі 206 мың га, орташа өнімділік 21 ц. құраған болатын. Мақта өндірісінде орташа егістік көлемі мен шитті-мақтаның жалпы терімінің құлдырауы байқалады.

Ауыл шаруашылығының мақта өсірудегі ғылымның жетістіктерінің нәтижелерін пайдаланып, оны өндіріске енгізіп, өндірістік маркетингтік басқару ұйымдастырылғанда мақтаның өнімділігі Түркістан, Сарыағаш және Арыс аудандарында өсу деңгейі байқалды.

Басқару жүйесін жетілдіру өндіріс шығындарын азайтуға, оның ұйымдастыру түрлері мен әдістеріне жаңартуға маркетингті қолдану тиімді. Еңбек өнімділігін, өндіріс тиімділігін арттыруға және өнімнің сапасын жетілдіруге, бағытталған іс-шаралар маркетингтің қағидасымен жүзеге асырылуға тиіс. Ауылшаруашылығында өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда, өндірісті басқарудың әдістерінің жаңашылдығы оң ықпал етеді.

Мақта өсіретін ауылшаруашылық құрылымдарының басымдылығы, шаруа қожалықтарының еншісінде, облыс бойынша мақта шаруа қожалықтарының саны 35 мың бірлікті құрады. Бұдан шығатын қорытынды шитті-мақта өсіру кәсібі маусымдық және жанұялық бизнес болғанын көрсетті.

Оңтүстік Қазақстан облысында мақта өңдеу зауыттары қайта жарақталып, жаңа кәсіпорындар ашылды: «Нимэкс» корпорациясы – бұл мақта холдингінің мақта өңдеу зауыты оның қуаты жылына 60 мың тонна мақта шикізатын құрайды.

Қазіргі уақытта қаржылық экспорттық операциялар ішінде екеуі қабылданып, жүргізілуде:

1. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік «БОМПИ-Текс» мақта талшығы мен жіп өндіріп, экспортқа шығаруға арналған жобаға 5,3 млн. доллар қарастырып, банктік несиелеу көлемі 4,5 млн. доллар құрады.

2. «Энергия» фабрикасы мақта талшығынан жіп иіріп, өңдеу және оның өнімдерін экспортқа шығару үшін 5,2 млн. доллар қарастырып, банктік несие көлемі 4,5 млн. доллар құрады.

Банктен қаржыландырылған екі экспорттық операция орындалды:

1. «Контекс» мақта талшығын өңдеп иірілген жіп өнімдерін экспортқа шығару үшін, 2 млн. доллар қаражат қарастырып, банктен алған несие көлемі 1,5 млн. доллар құрады;

2. «Ютекс» мақта шикізатын сатып алу және экспортқа шығару үшін 5,4 млн. доллар қаражат қарастырды, ал банктен несиелеу көлемі 4,5 млн. доллар құрады.

Қазақстандық «Мырзакент» мақта компаниясы мен «Русский Текстиль» Ресей корпорациясы (ең ірі орыс тоқыма холдинг) «Қазақ-Орыс тоқыма Альянсы» біріккен кәсіпорын болып құрылды. Бұл жаңа өндірістің жобалық қуаты жылына 15 млн. шаршы метр мата деңгейінде жоспарланды, қазіргі таңдағы жобаға салынған жалпы сома 30 млн. долларды құрайды.

Ұсақ шаруашылықтарды ірілендіру жұмыстарының нәтижесінде, мақтаны өсіретін ұсақ шаруашылықтар кооперативтерге бірікті. Кооперативтік шаруашылықтардың өндірістік ұйымдастырудың экономикалық тиімділігін, зерттеулерімізде жүргізген «Тұран» шаруа қожалығының жалпы көрсеткіштерінен көре аламыз. «Тұран» шаруа қожалығының 2003 жылы пайдасы 5,6 млн. теңгені құраса, 2007 жылы 28,4 млн. теңгені, ал 2008 жылы 24 млн. теңгені құраған. Сонымен қатар мақтаның құнының ең жоғарғы көрсеткіші 2003 жылы 77 мың тонна болса, 2008 жылы 52 мың тонна құрады. «Тұран» шаруа қожалығының өндірістік көрсеткіштерінде өсім байқалады.

Түркістан ауданындағы «Тұран» шаруа қожалығы 2008 жылы израилдік әдіспен 30 гектар жерге мақта өсірді. Бұл жерге кеткен шығынның көлемі бұрынғы әдістерге қарағанда 2,5 есе арзанға түсті. Тамшылатып суару әдісінде мақта үшін тереңнен сүдіргі салудың қажеті жоқ, себебі, оны ылғалдықты сақтау үшін салады, ал тамшылатып суару әдісі ылғалдылықты үнемі сақтайды, әр талдағы мақта көсегі орта есеппен 18-20 дана, нәтижесінде әр гектардан 38-40 центнерден өнім жинады. 2009 жылы израилдік тамшылатып суарудың технологиясына қажетті құрал-жабдықтарды шығаратын өндірістік цех ашып, шаруашылық 500 гектар жерге мақтаны осы әдісті пайдаланып өсірді.

Нарықта мақта саласын дамыту, оның тиімділігін көтеру және әлемдік экономикалық қауымдастыққа ену үшін, тоқыма және тігін өнеркәсібі дамыған елдермен біріккен кәсіпорындар ашу, жетекші мақта егуші Мақтаарал, Сарыағаш және Отырар аудандарында мақта танаптарының көлемінің артуына байланысты, Оңтүстік Қазақстан облысында шитті-мақтаны өндіру мен өңдеу өндірісі еркін экономикалық аймақта жүргізілуі, салаға шетелдік инвестициялар мен жаңа технологияларды көптеп тартуға қолайлы. Еркін экономикалық аймақ өз жемісін толығымен 2012 жылы береді деп күтілуде.

Маркетингтік басқару қағидалар, функциялар мен әдістері бар, үнемі қозғалыста әрекет ететін күрделі жүйе ретінде қарастырылады. Ауыл шаруашылығының ерекшеліктерін есепке алатын тиімді маркетингтік басқарудың қағидалық және әдістемелік негіздері нақты маркетингтік басқару жүйесін құрап, оның дамуының тұрақты заңдылығын сипаттайды. Ауыл шаруашылығы ерекшеліктері өндірістің тек маусымдық жұмыспен айналысуы, саладағы ауыл шаруашылық өнімдерінің өндіру-өткізу қызметін басқаруда нақты қағидаларға сүйенеді.

Ауыл шаруашылық өнімдерін тұтынушыларының талаптары зерттеледі, өндірістің бағдарламасы жоспарланады, нақты ақпараттар негізінде маркетинтік зерттеулер жүйелі түрде жүргізіледі.

Оңтүстік Қазақстан облысындағы мақта кәсіпорындары отандық және әлемдік нарықтағы сұранысына өндірісті бейімдейді, салалардың қаржылық-өндірістік мүмкіндіктеріне сәйкес тұтынушылардың қажеттіліктері мен олардың даму үрдістері туралы толық ақпараттарды жинақтайды.

Түпкілікті нәтижеге жетуге ұмтылу, пайда алуға жетелейтін бағытта саланың мақсаттарымен бірігіп, басқарудың маркетингтік жүйесін тиімді жүзеге асырады. Ауыл шаруашылығындағы маркетинг бөлімінің жұмысы ағымдағы және келешектегі іс-әрекеттерін болжауға негізделген.

Маркетингтік қызметті талдағанда басқару, өндірістік және өткізушілік бөлімдерге бөлінеді, ал талдау нарықты және тауарды зерттеу стратегиялық және оперативтік жоспарлаудан тұрады. Нарықта ауыл шаруашылық салаларын жалпы басқаруда маркетингтік басқарудың қағидалық-әдістемелік негіздерін қалыптастыруда, олардың арасындағы тепе-теңдік пен үйлесімділікті айқындап, әрекет ету өз нәтижесін береді. Жоспарлау, ұйымдастыру, үйлестіру, бақылау маркетингтік басқарудың негізін құрайды.

Соңғы жылдары Қазақстандық Үкіметтің мақта өндірушілерге берген қолдау қаржысының жалпы көлемі 3 млрд. теңгені, әр мақта гектарына берілетін қаржы
13 мың теңге, ал жалпы республикада өсімдік шаруашылығын қолдауға берілетін қаражат көлемі 1,2 мың теңге/га құрады. Негізгі берілетін қаражат көлемі мына мақсаттарға жұмсалды: агротехникалық шараларды жүргізуге, бірігуді қалыптастыру, ұсақ шаруашылықтардың іріленуі, орта шаруа қожалығы және кооперативтерді құру арқылы суармалы жерлерді ұтымды пайдалану, суды үнемдеу және агротехникаларды ортақ пайдалану; тауар өндірушілерді материалды-техникалық ресурстармен қамтамасыз ету, ғылыми зерттеулердің және тұқым дайындайтын лабораторияларға қаржылай қолдау көрсету мақта өндірісінің экономикалық көрсеткіштерін жақсартады. Сонымен бірге маркетингтік жоспарларды жүзеге асыруда, мақта өнімінің өткізу мүмкіндіктерін қарастыру.

Ең бастысы аймақтағы және аудандағы маркетингтік қызметтің негізгі шешуші атқаратын қызметі нақты нарықты зерттеу, мақта кешендерінің жағдайы, ауылшаруашылықтың материалдық-техникалық ахуалы және ауыл шаруашылық кәсіпорындарының тапсырыстарын тұтынушыға жеткізуді ұйымдастыру, аймақтың жалпы техникалық ресурстарының жай-жапсарына зерттеулер жүргізу арқылы, осы негізде жұмыстарды жоспарлау болып табылады. Ауыл шаруашылығында оның ішінде мақта саласында, басқарудың біріккен құрылымын құру қажетті және жаңа стратегиялық маркетингке сәйкестендірілді.

Басқарудың функциясы ретінде маркетингтің тағайындалуы, нарық сұранысын зерттеу мен талдау қажеттілігін, өнімнің тұтыну деңгейі және максималды пайда алуға көзделген іс-шаралар негізінде туындады. Мақта саласындағы нарықтық зерттеулер, Қазақстанның мақта нарығын қалыптастыруда, жергілікті жерде қанша мақта өсіруге болатынын, өнімділігін арттыруда шетелдік технологияларды қолданудың тиімділігі, басқарудың тетіктерін жетілдіруде, маркетингтік ақпарат жинау, өңдеу және оны ұтымды пайдалану негізделген.

Мақта өндірісінде маркетинг жүйесін басқаруды жетілдіру төмендегідей бағытта болуы тиіс:

- мақта өндірісінде маркетинг қызметтерді маркетинг функцияларын басқару әдістемелері мен бірге жаңа маркетингтік технологияларды дамытып жетілдіру;

- мақта өсіретін құрылымдарға жерінің құнарлығын арттырған шаруа қожалықтары мен кооперативтерге Үкімет тарапынан марапат-сый тағайындау және мақта өнімділігінің аймақта бір эталон деңгейін анықтап, осы деңгейден төмен өнім алған мақта кешендеріне субсидияларды шектеу;

- Қазақстандағы Оңтүстік Қазақстан облысының географиялық орналасу ерекшеліктерін және еркін экономикалық аймақтың салықтық жеңілдіктерін пайдаланып, Өзбекстанның арзан шитті-мақта сатып алып, одан әрі тереңдетіліп өңдеп дайын мақта өнімдерін нарыққа шығару, тігін өндірісіне жол ашу;

- бұл жоғарыда көрсетілген ұсыныстарды жүзеге асыру үшін, мақта сұрпын жергілікті жерде жетілдіру, Қытай, Израиль, Өзбекстан мақта сұрыптарын будандастыру арқылы, мақта тұқымының ғылыми зерттеулеріне мүмкіндіктер қарастырып, қаржыландыру қажет;

- жаңа мақта сұрыпын жетілдірген жағдайда, мақта нарығында ұзын, нәзік талшықты мақтадан жаңа өнімдер шығаруға өндірісті негіздеуге мүмкіндіктерге жол ашылады;

- электрондық сауда-саттықты ұйымдастыру, мақта саласында бұл жүйені дамытуда, шаруалар мен мақта өндірісіндегі мамандардың Интернет жүйесіндегі технологияларды қолдануда білімдерін жетілдіру;

- мақта саласына негізделген маркетинг тұжырымдарын қалыптастыру, саланың ерекшелігіне қарай бейімдеу;

- маркетингтік әлеуметтік-этникалық түрлерін жетілдіру, бұл үшін, аймақтағы мақта саласын басқаруды ұйымдастыру, саланың жетілуіндегі жергілікті тұрғындардың өмір-салтымен, сұраныстарына басты ұстанымдарына көңіл бөлу қажет;

- мақта саласының өнімділігін арттыру, саладағы еңбек өнімін арттырумен тығыз байланысты, бұл бағытта жұмыстар тауарды дифференциациялау арқылы өндірісте озық технологиялық ғылыми жаңалықтарды енгізу арқылы қол жеткізуде, мақта саласының маркетингтік жүйесін басқаруда, білікті мамандарды тарту және ғалымдардың еңбектерін өндіріске енгізуді қаржыландыру, өз тиімділігін береді.

Мақта кешенінің өнімнің бәсекеге қабілеттілігі өнімдердің нарық талабына, оның сапалық, техникалық, эстетикалық сипаттамаларына, өнімдерді өткізуде тұтынушылардың талабына сай болуы қажет. Кез келген өнімнің бәсекеге қабілеттілігі оған ұқсас бір өніммен салыстырғанда белгілі болып, ол салыстырмалы көрсеткіш ретінде қарастырылады. Мақта нарығында өндірістер мақта талшығы, линт, күнжара, тұқымды шитті-мақтадан өндіреді, мақта талшығынан иірілген жіп, мата және т.б. жеңіл өнеркәсіп бұйымдары шығарылады.

Мақта өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігі кәсіпорындар, мақта өнімдері, өнім сапасы және мақтаны өндіретін елдер деңгейінде қарастыруға болады. Бәсекеге қабілеттіліктің мақсаты нарықта өткізу келешегімен, көлемімен, өнімнің бәсекеге қабілеттілік көрсеткішін анықтау және оның деңгейін көтерудегі атқарылатын жұмыстар және мақта өніміне қойылатын тұтынушылардың сұранысы мен талаптары жайлы әртүрлі ақпараттарды жинап талдау барысында белгіленеді.

Бәсекеге қабілеттілік бағалау нормативті, техникалық және экономикалық болып үшке бөлінеді. Отандық мақта өнімдерінің баға, сапа, сервис, буып-түю, орау және жылжыту факторлары бойынша да бәсекеге қабілеттігін арттыру, маркетингтің тұтынушының қалауын қанағаттандыруда орап-түюдің, тауардың эстетикалық, сапалық жағынан маңызы зор.

Қазақстаннан Латвия порттарына тасымалданған мақтаның құнының төмендетілу себебі, мақтаның сыртқы орауының сапасының төмендігінен ылғал тартуынан орын алған. Өнімнің бәсекеге қабілеттілігі мемлекет тарапынан қабылданатын іс-шараларды қажет етеді және жеке кәсіпорындарда үнемі қолдау табу қажет.

Ливерпуль биржасында HVI-жүйесінде қазақстандық мақтаның сұрпының сапасына қарай бағасы анықталады. 2008 жылдан бастап мақта сұрпын анықтайтын мақта тұқымы мен шикізатының сертификаттайтын, арнайы электрондық құралдармен жабдықталған мемлекеттік лабораториялар құрылды. Зауыттар бұл лабораторияларды құруға міндетті, себебі өңдеуден кейін мақта талшығының сұрпы мен ылғал тартуы туралы мәліметтер анық болуы тиіс. Халықаралық стандартқа сай мақтаның сапасын анықтайтын Жетісай мен Түркістанда жалпы құны 253,7 млн. теңге құрайтын екі орталық ашылды.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Маркетинг (учебник) под. ред. А.Н.Романова М.: изд. ЮНИТИ. 1997 г.
2. ОҚО статистикалық жиынтығы 2002-2008 жж. Шымкент қ.

### Резюме

***Х.Е.Ертазин,*** *д.э.н.., профессор*
*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

**Организация маркетинга управления хлопковой промышленности**

В статье рассматриваются совокупность экономическо-организационных отношений, возникающих в системе маркетингового управления хлопковым комплексом в условиях рыночной экономики. Повышение цены на хлопок, качества, сервис, упаковка, обертка и факторов маркетинга и продвижение хлопка очень важны. А повышение

конкурентоспособности этих факторов, для удовлетворения желании потребителей имеет важное значение.

***Ключевые слова:*** маркетинг, хлопок, текстиль, одежда, производительность хлопка

**Summary**

**H.E.Ertazin,** *Doctor of economics., Professor*
*(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

**Cotton marketing management organization**

The article deals with the totality of economic and organizational relations arising in the system of marketing management of the cotton complex in a market economy. Increasing the price of cotton, quality, service, packaging, wrapping and marketing factors and promoting cotton are very important. And increasing the competitiveness of these factors, to meet the desire of consumers is important.

***Keywords:*** marketing, cotton, textiles, clothing, cotton productivity

**УДК 796.50**

## РОЛЬ ТЕХНИЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА В ИНДУСТРИЛИЗАЦИИ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО ПРОИЗВОДСТВА

**Қ.Г. Жунусов,** *к.э.н., доцент*
*(г.Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

***Аннотация:*** В статье рассматриваются проблемы, связанные с техническим потенциалом сельского хозяйства, его увелечением и эффективностью использования для обеспечения индустрилизации сельскохозяйственного производства. Индустрилизация сельскохозяйственного производства предполагает модернизацию и техническое переоснащение его новой высокопроизводительной и ресурсоберегающей техникой, необходимой для осуществления комплексной механизации и автоматизации производственных процессов.

***Ключевые слова:*** индустрилизация, цена, затраты предприятия, экспорта продукции, техника.

Важное значение при этом имеет увелечение технического потенциала сельского хозяйства, которое должно базироваться на развитой материально – технической базе и интенсивных технологиях, обеспечивающих экономической рост и устойчивые темпы развития этой базовой отрасли АПК. Технический потенциал представляет собой совокупность имеющихся машин и оборудования, т.е. тракторов, комбайнов, рабочих машин, средства механизации животноводства, оборудование для технического обслуживания и ремонта, и обслуживающих работников с определенной квалификацией, необходимых для выполнения производственных процессов, а также производственные помещения для размещения машин и оборудования животноводческие фермы, комплексы по доработке урожая. По этому технический потенциала следует расследствать как составную часть производственного потенциала во взаимосвязи с основными его элементами.

Техническим оснащенность сельского хозяйства непосредственно определяется состоянием его технического потенциала, т.е. обеспеченностью тракторами, комбайнами, рабочими машинами, средствами механизации, оборудованиями и производственными помещениями. Наличие и качество сельскохозяйственной техники, машин и оборудования

имеют определяющее значение для роста технического потенциала и эффективности его использования.

За последние пять лет в технической оснащенности сельскохозяйственных предприятий элементами технического потенциала по количеству и качеству не произошло заметных изменений. В настоящее время более 80% парка сельскохозяйственной техники в стране изношен, хотя наблюдается динамика роста абсолютного количества некоторых машин и оборудования, особенно тракторов и комбайнов в отдельные годы, что видно из следующей таблицы.

Наличие основных видов сельскохозяйственных машин в стране (на начала года) единиц

| Виды техники | 2007 | 2008 | 2009 | 2010 | 2011 |
|---|---|---|---|---|---|
| Тракторы | 134799 | 137213 | 156037 | 156656 | 155580 |
| Комбайны зерноуборочные | 44621 | 45454 | 48032 | 49503 | 46997 |
| Сеялки | 90362 | 90743 | 91599 | 90960 | 77187 |
| Посевные комплексы | 1127 | 1520 | 1995 | 2408 | 2651 |
| Жатки | 15575 | 15243 | 15439 | 15200 | 15233 |

Источник: Министерство сельского хозяйства Республики Казахстан

Средний возраст более 80% зерноуборочных комбайнов и тракторов - 13-14 лет, при нормативном сроке эксплуатации 8-10 лет, списанию подлежит 71% зерноуборочных комбайнов, 93% тракторов и 95% сеялок, степень изношенности существующего парка сельскохозяйственных техники растет несмотря на обновление ее отдельных видов [3]. В последние три года, как видно из таблицы, происходит уменьшение парка тракторов и сельскохозяйственных машин, что объясняется не только негативными процессами: постоянным выбытием техники из-за достижения сроков службы и износа, при которых она не может работать; отсутствием средств на приобретение техники из-за реализации продукции (зерна, мяса, молока) по низким ценам и в убыток; но и положительными тенденциями: внедрением в части предприятий новых ресурсосберегающих технологий и высокопроизводительной техники – мощных тракторов, широкозахватных и комбинированных машин, что приводит к снижению парка в 2-3 раза, применением высокопроизводительной зарубежной техники, особенно зерноуборочных комбайнов, созданием полнокомплектных машино – тракторных станций, имеющих большой парк техники и работающих в разных регионах страны. Наличие техники и оборудования на животноводческих фермах также уменьшаеться и ухудшается его качественная характеристика, оно не позволяет выполнять все необходимые механизированные работы в производственном процессе. Применяемая система машин в животноводстве не обеспечивает комплексную механизацию и автоматизацию не только крупных животноводческих комплексов, но и обычных ферм, имеющих небольшие размеры. Нехватка средств механизации, неукомплектованность в системе машин и ее несоответствие поточному производству не позволяют применять прогрессивные методы содержания и выращивания животных во всех категориях хозяйств, чтобы охватить их индустриальными формами производства. Для изменения существующей в сельском хозяйстве ситуации в лучшую сторону необходимо обеспечить развитие его технического потенциала в направлении доведения наличия машинно  тракторного парка и средств механизации до оптимальной потребности с одновременным улучшением их качественных характеристик, позволяющей выполнить все виды работ в производственном процессе по современным передовым технологиям в растениеводстве и животноводстве для производства потребного объема сельскохозяйственной продукции с минимальной себестоимостью и высокой производительностью труда. Это важно в свете Послании Президента Н.А.Назарбаева к народу Казахстана от 14 декабря 2012 г.

«Стратегия Казахстана - 2050», где указано, что в предстояшие десятилетия доля продукции сельского хозяйства в ВВП страны должна увеличиться в 5 раз [1]. Для этого в Программе форсированного индустриально – инновационного развития страны на 2010-2014 годы, что входит в «Стратегию Казахстан - 2050» как условие его выполнения, предусмотрено выход в аграрной сфере на качественно новые технологии путем создания и использования новой техники, машин и оборудования, что дает возможность полнокомплектной поставки технических средств для законченных технологических циклов в производстве продукции сельского хозяйства [2]. Это позволит значительно повысить мобильную энергообеспеченность сельскохозяйственного производства в расчете на 100 га пашни и приблизится к уровню развитых стран мира. В настоящее время этот показатель в Казахстане составляет 165 лошадиных сил или 123 кВт на 100 га пашни. Для сравнения укажем, что в Германии и Голландий это ровно 350 кВт, во Франции – 364 кВт , в Великобритании - 404 кВт и в США – 405 кВт.

Развитие технического потенциала определяют следующие группы факторов: технические, технологические, организационные и экономические. Для повышения эффективности сельскохозяйственного производства данные группы факторов должны применяться в комплексе. При этом необходимо иметь ввиду, что экономическая значимость отдельных технических и технологических факторов может быть значительно выше отдельных экономических факторов. Например, внедрения новых технологий с минимальной обработкой почвы на базе энергонасыщенных тракторов, широкозахватных и комбинированных машин, позволяет снизить себестоимость производства продукции и увеличить прибыль на большие величины, чем бюджетные вливания средств для финансирования проектов. Технические мероприятия следует рассматривать с экономических позиций, т.е. исходя из влияния на экономические результаты технического переоснащения сельского хозяйства. Соответственно это относится к технологическим и организационным мероприятиям, например, технологий возделывания зерновых и кормовых культур: традиционной, с минимальной и нулевой обработками почвы. Экономические факторы, определяющие развитие технического потенциала сельскохозяйственного производства, подразделяются на три группы: экономическая политика государства и местных органов; по повышению эффективности сельскохозяйственного производства; непосредственно экономические мероприятия по развитию технического потенциала.

Экономическая политика государства и местных властей должна быть направлена на обеспечение продовольственной безопасности страны и удовлетворения потребностей населения и промышленности продуктами питания и сырьем своих предприятий. В первую очередь она должна создать экономические условия для эффективной работы сельскохозяйственных предприятий, а потом для непосредственного материального стимулирования по отдельным направлениям, включая выделение финансовых ресурсов. Основными его направлениями являются: создание системы цен, обеспечивающей возмещение затрат предприятий в нормативном размере и соответствующего размера прибыли; установление квот и таможенных пошлин на импорт сельскохозяйственной продукции с целью недопущения поставок по демпинговым ценам; обеспечение определенных объемов закупок продукции на государственные нужды, совершенствование налоговой политики; стимулирование собственно сельского хозяйства и самих производителей, а не посредников, а также экспорта продукции; создание страхования.

К экономическим мерам развития технического потенциала, реализуемыми сельскохозяйственными предприятиями, относятся: совершенствования методов экономической оценки техники и технологий и инвестиционных проектов; обоснование и планирование оптимальной потребности в технике; обоснование и установление

источников финансирования - собственных и привлеченных средств; формы и методы государственной поддержки инвестиций; формирование рынка техники (новой и поддержанной); система экономических взаимоотношений с заводами — изготовителями техники; сокращение диспаритета цен; улучшение использования фонда амортизационных отчислений; привлечение инвестиций как собственных, так и зарубежных; планирование и учет затрат на механизированные работы; экономическое стимулирование труда механизаторов; совершенствование бухгалтерской и статистической отчетности.

К организационным мерам развития технического потенциала относятся: создание новых форм сельскохозяйственных предприятий (например, холдинговых компаний, объединяющих производителей, переработчиков и торговую сферу); совершенствование форм внутри - и межхозяйственного использования техники, особенно МТС, в.т.ч. мобильных; улучшение материально - технического обеспечения; организации технического сервиса; подготовка кадров механизаторов и инженеров; создание и совершенствование нормативной базы.

Сельское хозяйство в связи с его специфическими особенностями (особенно сезонностью производства) является очень капиталоемким сектором народного хозяйства и не может успешно функционировать, интенсивно развиваться без высоких темпов и значительных размеров инвестиций. Поэтому одним из блоков экономического механизма развития технического потенциала является инвестиционная политика. Она разрабатывается и реализуется непосредственно в сельскохозяйственном предприятии и на всех уровнях управления сельскохозяйственным производством-районном, областном и республиканском. Способы реализации инвестиционной политики определяются целями и задачами, стоящими перед органами власти и субъектами хозяйственной деятельности. Стратегия инвестирования должна быть направлена на увеличение технического потенциала и на этой основе на рост объемов производства сельскохозяйственной продукции, повышение урожайности культур и продуктивности скота, улучшение качества и снижение потерь продукции и снижение себестоимости, рост прибыли.

При этом привлечение инвестиций в сельское хозяйства от сторонних инвесторов нельзя считать первостепенным направлением, так как развитие сельского хозяйства должно осуществляться прежде всего на основе расширенного воспроизводства, т.е. за счет получения субъектами прибыли от производства своей продукции. Но финансовая поддержка, оказываемая государством для развития технического потенциала сельского хозяйства должна осуществляется премущественно путем выделения средств на лизинг сельскохозяйственной техники из республиканского и местных бюджетов. Это дает возможность хозяйствующим субъектам этой отрасли производить сельскохозяйственную продукцию с относительно небольшими затратами и избежать потерь, обусловленных процессом старения средств производства, обновление которых хозяйствами за счет собственных средств происходит медленно из-за их отсутствия или недостаточности.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1.Послание Президента РК Н.А.Назарбаева к народу Казахстана от 14 декабря 2012 г. «Стратегия Казахстана - 2050».

2. Программа форсированного индустриально – инновационного развития страны на 2010-2014 годы – Астана, 2010.

3. Справочник Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан, 2012 г.

## Түйіндеме

**К.Г. Жунусов,** *э. ғ.к., доцент*

*( Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

**Ауыл шаруашылығы өндірісін индустрилизациялаудағы техникалық әлеуеттің ролі**

Мақалада ауыл шаруашылығының техникалық әлеуетіне байланысты мәселелер қарастырылады. Осы саланың өндірісін индустрилизациялауға қажетті техникалық әлеуетінің өсуі мен оны тиімді пайдаланудың жолы көрсетіледі. Экономикалық факторлар ауыл шаруашылығы өндірісінің техникалық әлеуетінің дамуын айқындайды. Ол мемлекеттік және жергілікті органдардың экономикалық саясаты, ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыру, тікелей техникалық әлеуетін дамыту арқылы жүзеге асады.

***Кілт сөздер:*** индустрияландыру, кәсіпорын шығындарының бағасы, өнімді экспорттау, жабдықтар.

**Summary**

**K.G. Zhunusov,** *Candidate of Economical sciences, Associate Professor*
*(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

**The role of technical potential in industrialization of agricultural production**

The article deals with problems related to the technical capabilities of agriculture and increasing its efficiency for the industrialisation of agricultural production. The economic factors that determine the development of the technical potential of agricultural production are divided into three groups: the economic policy of the state and local authorities; To improve the efficiency of agricultural production; Directly economic measures to develop technical capacity.

***Keywords:*** industrialization, price, enterprise costs, export of products, machinery.

**ПЕДАГОГИКА – ПСИХОЛОГИЯ, PEDAGOGY – PSYCHOLOGY**

**ӘОЖ 152.27**
**Е 69**

# ЗИЯТЫ БҰЗЫЛҒАН БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕЙІНІН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

**Ә.Ы. Ермағамбет**, *дефектология ғылымының магистрі, аға оқытушы*
**Ш.Сейдахмет,** *3 - курс студенті,*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Мақалада зияты бұзылған бастауыш сынып оқушыларының зейінін ойын арқылы дамыту мәселелері көтерілген. Арнайы (түзету) мектептердің негізгі міндеттерінің бірі зияты бұзылған оқушыларда жеткілікті түрде белсенді және өзіндік ойлау әрекетін (қызметін) қалыптастыру болып табылады. Зияты бұзылған оқушыларда енжарлық, төмен белсенділік, оқу іс-әрекетіне деген қызығушылықтың төмендігін және зейіннің тұрақсыздығын, көлемінің тар екенін байқауға болады (Н.Г.Морозова, Л.Л.Кочетова, А.Г.Петрикова, Н.М.Платонова және т.б).

***Түйін сөздер:*** зияты бұзылған оқушылар, зейін, ойын, арнайы мектеп, психикалық үдеріс.

Зияты бұзылған балалардың психикалық үдерістерін (ойлауын, қабылдауын, сөйлеу тілін, есте сақтауын және зейінін) дамытуда арнайы ойындарды қолданудың маңызы зор. Ол туралы орыс ғалымы дәрігер-педагог К.А.Покровский: «Ойын күнделікті бала еңбегі, болашақ өмір бастамасы» деп анықтады. Демек, оқу үдерісін нәтижелі етіп өткізу үшін арнайы (түзету) мектеп оқушыларының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін ескеріп, олардың жетекші іс-әрекетіне сүйеніп жүргізу керек.

Осы мәселеге байланысты жүргізілген зерттеу барысында зияты бұзылған бастауыш сынып оқушыларының зейінін дамытудағы ойынның тиімділігін негізделді. Ол үшін тәжірибеге қатысушы оқушыларға арнайы тапсырмалар берілді:

1. Зияты бұзылған 4 сынып оқушыларының зейін шоғырлануын анықтау үшін «Корректуралық байқау», «Қандай сан жоқ?» әдістемелері ұсынылды. Тапсырманы орындаған баланың зейінділігін анықтау үшін келесі көрсеткіштерге көңіл аударылды: *тапсырманы дұрыс орындауы; жұмсалған уақыт; көмектің қажет етуі.*

Жүргізілген тәжірибе барысында зияты бұзылған 4 сынып оқушыларының зейін ерекшеліктері анықталды. Жоғарыда берілген кестеден олардың зейін көлемі мен шоғырлануы нормалық көрсеткіштерден біршама төмен екенін көреміз. Сөйтіп, «Корректуралық байқау» әдістемесін орындау кезінде зияты бұзылған 4 сынып оқушылары сызуға қажетті 10 әріптің орнына басқа әріптерді немесе қосымша әріптерді сызып, 2-4 қате жіберген. Ал «Қандай сан жоқ?» әдістемесін орындау кезінде жазылмаған 5 санның ішінен тек 2-3 ғана дұрыс атап, қалғанын шатастырып қате жібергендер де болды. Тапсырманы орындауға жұмсалған уақыт та регламенттен 40-45 секундқа артық болды. Сонымен қатар кейбір оқушылар тәжірибе жүргізушіден көмектесуді сұрады. Оларға тапсырманың ережесін қайталау, мысал ретінде бір әріпті (санды) сызып көрсету сияқты көмек көрсетілді.

Әдістемелерді орындау барысында оқушылардың әрекеттері мен қылықтарын бақылау, олардың ауызша берілген нұсқауларға зейін қоймайтынын да айта кеткен жөн. Зейін ерекшеліктерін диагностикалауға арналған әдістемелерді орындау нәтижелерін үш деңгейге бөліп қарастыруға болады.

Кесте – 3 Әдістемелерді орындау деңгейлері

| Зейін / деңгейі | Төмен | Орташа | Жоғары |
|---|---|---|---|
| Көлемі | 37,5% | 62,5% | - |
| Шоғырлануы | 31,25% | 68,75% | - |

Анықтау тәжірибесінің нәтижелерін қорытындылай отырып, біз оқыту тәжірибесінің әдістемесін өңдеп жасадық. Оқыту тәжірибесі үшін, яғни оқушылардың зейін көлемі мен шоғырлануын дамытуға арнайы ойындар іріктелді және олар бейімделді.

Оқыту тәжірибесінің міндеттері зияты бұзылған 4 сынып оқушыларының зейінінің көлемі мен шоғырлануын түрлі ойындар арқылы дамыту; іріктелген дидактикалық ойындардың зейінді дамытуға деген ықпалын тексеру болып табылды. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін 4 сыныптың кестесіне сәйкес өтетін сабақтарда және сабақтан тыс уақытта зияты бұзылған балалардың зейінін дамытатын түрлі ойындар жүргізілді. Атап айтқанда, математика сабағында *«Артық үшбұрыштар»*, *«Көршісін тап»,* айналамен танысу сабағында *«Не артық»* қазақ тілі сабағында *«Шатасқан әріптер;* кез келген сабақтың алдында *«Мұқият тыңда»;* сабақтан тыс уақытта *«Ыстық картоп»* немесе «*Ұшты, ұшты»* ойындары ойнатылды.

Бір айдан астам уақыт жүргізілген оқыту тәжірибесінің нәтижесін анықтау үшін оқушыларды қайта тексеру жүргізілді.

Қайта тексеру кезінде оқыту тәжірибесіне қатысқан оқушыларға алдыңғы *«Корректуралық байқау»* және *«Қандай сан жоқ?»* әдістемелері ұсынылды. Тексеру зейіннің дамуы қаншалықты деңгейде артқандығын анықтау, іріктелген ойындардың тиімділігін дәлелдеу үшін жүргізілді.

Оқыту тәжірибе кезінде балаларға ұсынылған ойындар зейіннің дамуына жағымды ықпал етті деуге толық негіз бар. Оны кесте арқылы көрсететін болсақ:

*Кесте - 6*

| Зейін / деңгейі | Төмен | Орташа | Жоғары |
|---|---|---|---|
| Көлемі | 18,75% | 75% | 6,25% |
| Шоғырлануы | 12,5% | 81,25% | 6,25% |

Сараптаманың қорытындысын төмендегі диаграмма арқылы көруге болады.




***Сурет 1.* - Зейін көлемінің көрсеткіштері**

О - төменгі деңгей О – орташа деңгей О – жоғарғы деңгей




***Сурет - 2. Зейіннің шоғырлану көрсеткіштері***

Жоғарыда келтірілген диаграммалар зияты бұзылған 4 сынып оқушыларының зейін көлемінің төменгі деңгейі оқушылардың 37,5% байқалса, арнайы ұйымдастырылған ойындардың нәтижесінде тек 18,75% ғана төмен деңгейде қалды. Ал орташа деңгейі оқушылардың 62,5% байқалса, сабақ үстінде және сабақтан тыс уақытта жүргізілген ойындардың арқасында 75% оқушылар зейінділігін орташа деңгейде көрсете алды. Зейіннің шоғырлануының төменгі деңгейі оқушылардың 31,25% байқалса, арнайы ұйымдастырылған ойындардың нәтижесінде тек 12,5% ғана төмен деңгейде қалды. Ал орташа деңгейі оқушылардың 68,75% байқалса, сабақ үстінде және сабақтан тыс уақытта жүргізілген ойындардың арқасында 81,25% оқушылар зейінділігін орташа деңгейде көрсете алды. Яғни бұл 2-3 оқушыда зейін көлемі артты деген сөз. Ең бастысы оқыту тәжірибенің соңында 1 оқушы зейінділігін жоғары деңгейде көрсете алды. Демек, жүйелі өткізілген арнайы ойындар арқылы оқушылардың зейінін дамытуға болады. Сонымен, біздің ғылыми-зерттеу жұмысымыздың нәтижелерін жинақтай келе төмендегідей қорытынды жасалды:

- арнайы мектептерде 4 сыныптарда дидактикалық ойындардың түрлерін басшылыққа ала отырып, зияты бұзылған оқушылардың сабаққа, әр пәнге деген қызығушылықтарын арттыруға болады.
- мұғалім әрбір шәкірттің зейінінің дара ерекшеліктерін білуі керек. Зейіннің кемшіліктерін тудырған себептерді білу қажет және тек қана сол уақытта кемшіліктерді жойып, зейінді тәрбиелеуге болады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Рубинштейн С.Я. Психология умственно отсталого школьника. Москва: Просвещение, 1986.
2. под ред. Воронковой В.В. Воспитание и обучение детей во вспомогательной школе. Москва, 1994.
3. Леонтьев А.Н. Принципы психического развития ребенка и проблема умственной недостаточности. //Проблемы развития психики. Москва, 1990.
4. под ред. Шипициной Л.М. Психолого-педагогическое консультирование и сопровождение развития ребенка. Москва, 2003.

**Резюме**

**Ә.Ы. Ермағамбет,** *магистр дефектологии, старший преподаватель*
**Ш.Сейдахмет,** *студент 3 курса,*
*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

**Методические приемы по развитию внимания у учащихся начальных классов**

В данной статье рассматриваются методические приемы по развитию внимания у учащихся начальных классов с нарушениями интеллекта. Проблема развития внимания детей для учителя начальной школы является традиционной проблемой. И это во многом обусловлено особенностями психического развития младших школьников. Для детей 6-7 лет наиболее характерны «невнимательность», «несобранность», «отвлекаемость». Внимание младших школьников действительно еще слабо организовано и имеет небольшой объем.

***Ключевые слова:*** ученики, с интеллектуальной невнимательности, игры, специальные школы, психический процесс.

**Summary**

**Ә.Y. Ermagambet,** *Master of defectology, senior teacher*
**Sh.Seydahmet,** *3rd year student,*
*(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

**Methodical methods for developing attention in primary school students**

In this article, methodical techniques for developing attention in primary school pupils with intellectual disabilities are considered. The problem of developing the attention of children to an elementary school teacher is a traditional problem. And this is largely due to the peculiarities of the mental development of younger schoolchildren. For children 6-7 years, the most characteristic are «inattention», «non-assortment», «distraction». The attention of junior schoolchildren is really still poorly organized and has a small amount.

***Keywords:*** pupils, with intellectual inattention, games, special schools, mental process

**УДК 371.927**
**О 65**

# МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ФОНЕМАТИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ АРТТА ҚАЛУЫН ЖОЮ ЖОЛДАРЫ

**Л.Д.Оразымбетова** - *дефектология ғылымының магистрі, оқытушы,*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың фонематикалық дамуының артта қалуын жою жолдары көрсетілген. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті жақсы дамыған фонематикалық есту негізінде дамиды. Дәл осы фонематикалық естуі нақты, анық және дұрыс етіп дыбыс пен сөздерді айтуды қамтамасыз етеді. Фонематикалық есту негізінде сөздердің лексикалық және грамматикалық мағыналары игеріледі.

***Түйін сөздер:*** сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, фонематикалық есту, мектеп жасына дейінгі балалар, фонематикалық даму, сөздердің лексикалық және грамматикалық

мағыналары, сөйлеу паталогиясы, дыбыстауды түзету жүйесі, фонематикалық үрдістерді қалыптастыру.

Сөйлеу паталогиясы бар балаларда фонематикалық есту қабілетін қалыптастырудың қажеттілігі туралы көптеген зерттеулер бар (Г.А. Каше, В.А. Ковшиков, Р.Е. Левина, Р.И.Лалаева, Л.Ф.Спирова, Т.Б.Филичева, М.Ф.Фомичева, М.Е. Хватцев, Г.В.Чиркина.)

Фонематикалық естудің дамымай қалуы дыбыс айту кемістігіне алып келеді. Уақыт өте фонематикалық операциялардағы артта қалушылық жазу мен оқуда (дисграфия, дислекция) қиындыққа алып келеді. Фонематикалық дамымай қалудың жою жұмысы – түрлі ауызша және жазбаша сөйлеуді түзету үрдісіндегі логопедтік жұмыстың негізгі бағыты болып табылады. Арнайы мектепке дейінгі ұйымдағы мақсатқа бағытталған жұмыстар – фонематикалық дамымай қалу механизмін жеңіп қана қоймай, балалардың оқуға дайындығы мен жазбаша сөйлеудің бұзылмауын қамтамасыз ету.

Дыбыстауды түзету жүйесінде фонематикалық үрдістерді қалыптастыру дайындық кезінде басталады; қойылған дыбыстарды машықтандыру мен ажырату үрдісі кезінде жалғасады; коммуникативті білік пен дағдыны қалыптастыруда аяқталады.

Логопедиялық жұмыс жүйесінде бірнеше коррекциялық негізгі фонематикалық процестерге көңіл бөлген жөн.

1. Фонематикалық қабылдау (тану, айыру, фонемаларды ажырату).
2. Фонематикалық қабылдау негізінде фонематикалық алдын–ала көре білу.
3. Фонематикалық талдау.
4. Фонематикалық талдау негізінде фонематикалық елестету.
5. Фонематикалық жинақтау.
6. Фонематикалық жинақтау негізінде фонематикалық елестету.

Фонематикалық үрдістер дыбыстарды түзету және сауаттылық оқытуда мақсатты болып келеді.

Баланың нақты дефектісіне байланысты, әсер етудегі онтогенезбен сәйкестілігіне байланысты коррекциялық – логопедиялық әсер етулер келесідегідей болады:

1) дұрыс дамымаған фонематикалық қабылдауды жою.
2) дұрыс дамымаған фонематикалық талдау жою.
3) дұрыс дамымаған фонематикалық жинақтау жою.
4) дұрыс дамымаған фонематикалық елестерді жою.

Кесте 1 - Сөйлеудегі дыбыс айту кемшіліктерін түзету кезеңдері.

| | |
|---|---|
| 1. Дайындық кезеңі | 1. Фонематикалық қабылдауды дамыту. Дыбысқа фонемалардың дифференциациалауы қалыптасады. Максимальды қарама-қайшы фонемалар қолданылады. |
| 2. Алғашқы орындаушылық білік пен дағдыны қалыптастыру кезеңі | 2. Қабылдау және орындау. Естуде фонемалардың дифференциациалау білігі мен дағдысын қалыптастыру жалғасады.<br>Бір-екі акустико-артикуляциялық қасиеттері мен ерекшеленетін фонемалар қолданылады |
| 3.Коммуникативті білік пен дағдыларды қалыптастыру кезеңі | 3.Қабылдау, орындау, оқу әріптерді жазу – берілген дыбысты көрсетуде қолданылады |

Балалардың фонематикалық қабылдауын қалыптастыру үшін келесідей біліктілік пен дағдыларға үйретуде нәтиже береді. (4ші кесте)

1. Фонематикалық дифференциация
- мәтіннен дыбысты бөлу;
- сөз тіркесінен дыбысты бөлу;
- тіркестен дыбысты бөлу;
- сөзден дыбысты бөлу.

2.Фонетикалық дифференциация
- берілген буыннан дыбысты бөлу;
- бірнеше дыбыстардан дыбысты бөлу

Келесідей міндеттерді шешуді талап етеді:

1) өзіңнің және өзгенің сөйлеуінде дыбысты қабылдай алу біліктілігіне үйрету;
2) дыбыстардың акустико - артикуляциялық бейнесін нақтылау;
3) дыбыстау өзін-өзі бақылау дағдысын дамыту;

Түзету – логопедиялық жұмыстар логопедияның келесідей үрдістеріне негізделеді: онтогенетикалық, патогенетикалық, жүйелік, кезеңдік, баланың дамуын ескерту, материалдың кезеңдеп қиындауы.

Түзету – логопедиялық жұмыстың фонематикалық нашар дамуды жоюдағы негізгі мазмұны – фонематикалық қарама – қарсылықты қалыптастыру.

Фонематикалық қарама-қарсылық балаларды фонеманы дыбыста және өз сөзінде дифференциациалауға үйретуде көрінеді.

Фонематикалық қарама-қарсылық қалыптастыру кезеңдері заңдылық онтогенезде көрінуімен анықталады. (Н.Х. Швачкин, 1948). Онтогенездің алғашқы кезінде фонемаларды игеру – биологиялық, тума, универсалды – тілдік факторға байланысты болып келеді. Фонемаларды игеру – тілді игерудегі фонематикалық заңдылықтарға бағына бастайды. (Ю.А. Элькин, 1996).

Алғашқыда фонологиялық жүйені анықтайтын дыбыстар қалыптасады. А И У О Ы Э П П' Б Б' М М' К К' Г Г' Т Т' Д Д' В В' Ф Ф' Х Х' Н Н'.

Кейіннен периферриялық дыбыстар п.б: Ш Ж Щ Ч С С' З З' Ц Л'Л Р Р'.

Тілді игеруде бала былай жүреді
- жалпыдан жекеге;
- жеңілден ауырға;
- естіген сөзден оны белсенді қолдануға;
- қарапайым дифференциалдан қарама-қарсылыққа;
- сегментті емес тіл құралдарынан сегменттіге;
- семантикалық құрылымнан номинативтіге;
- сөйлеудің диалогты түрінен монологтіге;
- синтагматикалық байланыстан парадигматикалыққа;
- қатал семантикалық контекеттіден еркін контекстіге;

Кесте 2 - Фонематикалық үрдістердің интерриоризациясы

| **Ашық түрінен<br>Сыртқы әрекеттен** | ⟶ | **Жабық түріне<br>Ішкі әрекетке** |
|---|---|---|
| Фонематикалық қабылдау<br>(сыртқы әрекет) | ⟶ | Фонетикалық елестеу<br>(ақыл - ой жоспарындағы әрекет) |
| Фонематикалық анализ | ⟶ | Фонематикалық елестету |
| Фонематикалық синтез | ⟶ | Фонематикалық елестеу |

Алғашқы фонетикалық қарама-қарсылық «Берілген дыбысты көрсету – қалған барлық дыбысты көрсетуден» тұруы тиіс. Осы мақсатта келесі тапсырмалар қолданылады: «С» дыбысын естісең, алақан соқ; сөз, тіркес, дыбыстар қатары беріледі. Басқа да қарама-қарсылықтар болады.

- Дауыссыз дыбыс дауыстыдан ерекшеленеді;
- Лабиализациясы, қатары бойынша дауысты дыбыстардың қарама-қарсылығы;
- Дауыссыз дыбыстардың қарама-қарсылығы: қатаң, ұяң, үнді, шұғыл, ызың.

Ақыл - ой әрекетін сатылап қалыптастыру сыртқы материалдық әрекеттер ішкіге айналатындығын, ақыл-ой әрекетіне айналатындығын көрсетеді. Әрекеттер жалпыланады, қысқарады, оралады.

Көрнекілік ретінде сөздің дыбыстық құрамы бейнеленген схема бойынша қолданылады. Мұнда сөздер мен тіркестер белгілі ұзындықтағы жолақпен, дыбыстар түрлі түсті шаршымен белгіленеді.

Схемамен жұмыс жасай отырып бала сөздегі дыбыстардың ретін, кезегін, санын анықтауды үйренеді. Сонымен, фонематикалық анализ бен синтез әрекеті ақыл ой жоспарында жүреді. Мұндай жол материалды саналы игеруге алып келеді. Акустико артикуляциялық дыбысты саналы игеру фонематикалық нашар дамуды жоюдың қажетті жағдайы болып табылады.

Л.С.Выготский бала дамуында екі негізгі деңгейді көрсетеді: дамудың белсенді деңгейі (тапсырманы өзі шешуі) және потенциалды даму деңгейі (тапсырманы педогог көмегімен орындау). Логопедияда осыны қолдану коррекциялық жұмыстағы негізгі бағытты көрсетеді: баланың тапсырманы педагог көмегімен орындауынан жекелікке көшу. Логопедиялық сабақтардың қорытындысы - балалардың тапсырманы өздері орындай алуымен сипатталады.

Бұл оқу материалын кезеңдеп қиындатуда жүзеге асады. Бұл мөлшерлі көмекті қолданғанда игеріледі. Кейбір тәсілдерді атауға болады:

- түрлі сөздік нұсқауларды қалыптастыру жолымен;
- түрлі лингвистикалық материалдарды қолданумен;
- берілген материал шартының өзгеруімен ;
- логопедтің берген тапсырмалары баланың даму деңгейімен түзету әсерін ескеруі қажет:

Материалды ұсыну шарты қиындай түседі. Логопедиялық жұмыстың алғашқы кезеңінде баланың артикуляциялық дыбыстарды жауып тұратын экранды қолдану қажет. Осы мақсатта балаға фонемаларды жабық көзбен есту арқылы тану ұсынылады.

Бала мен логопед алдында айнасы қарама-қарсы отырады. Сабақта жазбаларды есту қолданылады. Тілдің фонематикалық жүйесін игеру екі негізгі үрдіс қабылдау және орындау арқылы жүзеге асады. Онтогенезде сөйлеу дыбыстарын айыру қабілеті ерте және тез қалыптасады.

Тек фонематикалық есту ғана нақты, анық дұрыс сөйлеуді қамтамасыз етеді. Барлық мектепке дейінгі кезеңде фонематикалық есту белсенді дамып, жоғарғы мектеп жасында жазба тілді игеруге жалғасын табады. Негізгі рөлде фонематикалық нәтиже анализ және синтез операциялары тұрады. Сауаттылыққа оқытуда дыбыс құрамын талдау қабілеті негізі болып табылады. Ал салауаттылыққа оқыту үрдісі баланың саналы түрде фонетика фонематикалық сөйлеуді қабылдауына әсер етеді.

Дыбыстарды орындау тапсырмасында дыбыстарды тек дұрыс орындау ескеріледі. Фонематикалық анализ және синтез операциялары дифференциациалы дыбыстар негізінде жасалады. Логопедиялық әсер ету жүйесінде түзету жұмыстары үш кезеңнен тұрады:

Алғашқы кезең. Дыбыстарды қабылдау. Мақсаты: фонематикалық қабылдау мен елестетуді қалыптастыру.

Естілетін дыбыс, айтылмайды. Балаларды естіген дыбысқа жауап берулеріне дағдыландыру қажет. Қазіргі деңгейде балалар түрлі дыбыстарды бір-бірінен айыра алу қажет. Түзету жұмысының алға жылжыған деңгейі. Дыбыстарды қабылдау және орындау.

Мақсаты: Сөйлеудің орындалатын жағын түзеу, ол процесстің қабылдауында және орындауында іске асады. Дыбыстың есту және қозғалу бейнелеуі бір бірімен тығыз байланыста болады. Ол функционалды жүйенің біркелкілігін ұйымдастырады. Түзетудің жылжымалы деңгейінде дыбысты естіп қана қоймай, оны айта білу керек (буын немесе дыбысты). Түзетудің қорытынды деңгейі

Дыбыстарды қабылдау және орындау оларды жазбаша түрде, оқу процесінде, хат түрінде көруге болады. Мақсаты: Дыбысты әріптерді түзету, дислекция және дисграфия профилактикасы. Жұмыстың қорытынды сатысында дыбыстардың әріппен байланысын түзету, дәлірек айтқанда графемамен және фонемамен байланысын анықтау. Дыбыс есту мүшелеріне әсер етеді, белгіленген әріптермен ғана орындалады, ол не оқылады, не жазылады.

Сөздердің дыбыстық сызбасын қолдана отырып, азбука әріптерін, әріптерді жазу және оқу, дәптерге түсіру. Жоғарыда көрсетілген материал фонематикалық қабылдаудың сатыларының қабылдауын біріктіріп, белгілі бір тапсырмаларды көрсетеді.

Жаттығулар мысалдары:

- «Шапалақта, егер «С» дыбысын естісең: Сания, сақа, доп, бала, кесе, апа, шаян, қоян, сандық, ат, соқ, сиыр, сыр».

- «Шапалақта, егер «С» дыбысын буындар арасында естісең: Со, лу, ма, ны, су, ли, ря, ню, са, ло, мэ, сы, не».

- «Шапалақта, егер «С» дыбысын дыбыстау қатарында естісең: С - А - О - У - С –Э - Ы – С».

Лингвистикалық материалдарды таңдай келе отырып, онтогенетикалық қағиданы негізінде қолдану оңайырақ. Олардың дыбысталуы жеңіл. Біртіндеп күрделене түсетін жаттығулар ұсынылады: дыбыстардан максималды қарама-қарсы дыбысқа дейін, ол дыбыстар акустико - артикуляциялы сипаттамаларға ие.

- С/а – э – и – о – у – ы (дауысты дыбысы):

- С/н –м – й – л – р (қатаң және үнді сонарлы дыбыстар):

- С/п –б –т –д – к – г (қатаң және үнді нұсқалары, ұяң және ашық дыбыстар):

Кесте 3 - Фонематикалық үрдістердің сатылық қалыптасуы

| | Жұмыс сатылары Операциялар | Дыбысты қабылдау | Дыбыстарды орындау және қабылдау | Дыбыстарды қабылдау және орындау, жазу және оқу әріптері |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Фонематикалық қабылдау | Берілген дыбысты таныды және әсер етті | Берілген дыбысты таныды және оны айтты | Берілген дыбысты танып, тақырыпта оны тауып, әріпті оқып, жазу |
| 2 | Қабылдаудың негізінде көрсетілетін фонематика | Суреттерді алып, әр қайсысына берілген дыбыстар | Берілген дыбысты есіне түсірді және оны айтты | Мәтіндегі дыбысты тауып, оны оқып, жазып алды |
| 3 | Фонематикалық талдау | Сөздегі дыбыстың орналасуын және реттік нөмірін анықтау | Сөздің басында айтылатын сөзді айтты | Оқыды, жазды ол қайда тұратынын анықтады |
| 4 | Нәтиже негізінде фонематикалық көрсетілім | Суреттерді алды, ол сөз жаттығуының басында (ортасында, соңында) (бірінші, екінші) анықтады | Берілген дыбыс сөзде бірінші тұратынын есіне түсірді және оны айтты | Мәтіндегі сөзді тауып, біріншісі ме екіншісі ме, екенін анықтады |
| 5 | Фонематикалық жинақтау | Сөздегі дыбыстың санын анықтады | Дыбыстардан тұратын сөзді айтты және санын анықтады | Сөзді оқыды, жазды, дыбыстарды анықтады |
| 6 | Фонематикалық көрсетілімнің талдау негізі | Суреттерді таңдап алды, олардың аттарында белгілі бір дыбыстардың саны бар | Белгілі бір сөзді, белгілі бір дыбыстарды есіне түсірді, және оны айтты | Мәтіндегі сөзді тауып, оны оқып жазып алды |

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Өмірбекова Қ.Қ., Балқыбекова В.С. Сөйлеу тілінің фонетикалық, фонематикалық жағын тексеру және дамыту. Алматы: Кітап. 2003.

2. Дудьев В.П. Системный подход в развитии коммуникативного потенциала дошкольников с общим недоразвитием речи. // Логопедия 2(12). 2006.
3. Чевелева Н.А. Приемы развития фонематического восприятия у дошкольников с нарушениями речи // Дефектология. 1986. №5.

**Резюме**
**Л.Д.Оразымбетова,** *магистр дефектологии, преподаватель*
*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*
***Фонематическое развитие детей дошкольного возраста***
В статье расматриваются особенности фонематической стороны речи детей дошкольного возраста и этапы коррекционной работы. Речь как результат совместной деятельности это форма общения людей. Речь представляет собой очень сложную психическую деятельность, подразделяющуюся на различные виды и формы. Речь - специфически человеческая функция, которую можно определить как процесс общения посредством языка.
***Ключевые слова:*** культура речи, фонематический слух, дети дошкольного возраста, фонематическое развитие, лексика, грамматика паталогия речи

**Summary**
**L.D.Orazymbetova,** *master of defectology, teacher*
*(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*
In the article features of a phonemic aspect of speech of children of preschool age and stages of correctional work are considered. Speech as a result of joint activities is a form of communication between people. Speech is a very complex mental activity, divided into different types and forms. Speech is a specifically human function, which can be defined as the process of communication through language.
***Key words:*** speech culture, phonemic hearing, preschool children, phonemic development, vocabulary, grammar speech pathology

**ӘОЖ 796**
**С 43**

## САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

**Р.А. Скакова,** *п.ғ.к., аға оқытушы*
**Н. Жашибаева,** *дефектология мамандығының 2 - курс магистранты,*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Бұл мақалада салауатты өмір салтының маңыздылығы туралы айтылады. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, халықтың денсаулығына әсер ететін тиімді шара – бір жағынан ауруларды болдырмауға жағдай жасау, ал екінші жағынан салауатты өмір салтын насихаттауға ықпал ету. Мамандардың пікірінше, Қазақстан бойынша өлім-жітім деңгейі алаңдатарлық жағдай болып қалуда. Соның ішінде бірінші орынға жүрек-тамыр жүйесінің аурулары, қауіпті ісіктер мен туберкулез аурулары иемденіп отыр. Мамандардың айтуынша, аталмыш аурулар халықтың жас әрі еңбекке қабілетті бөлігін қамтуда.

***Түйін сөздер:*** салауатты өмір салты, денсаулық, мүмкіндігі шектеулі балалар, физикалық дайындық, гигиеналық мәдениет, тамақтану, күн тәртібі, сыртқы орта әсерлері, әлеуметтік-психикалық жағдайлар, мектептегі сауықтыру жұмыстары.

Еліміздегі демографиялық жағдайды ескерсек, жұмысқа қабілетті жастағы тұрғындардың ауыратын қауіпті болып табылды. «Дені саудың – жаны сау» атты мақал тегін айтылмаса керек. Әрбір азамат дені сау болу үшін дене белсенділігін қарқындату, зиянды әдеттерден бас тартуы және дұрыс тамақтануы керек. Қазақстан-2030 стратегиялық бағдарламасында «Ұзақ мерзімді басым мақсаттар мен оларды іске асыру стратегиялары» деген тарауында ұзақ мерзімді жеті басымдылықты іске асыру деп аталады. Соның бірі – «Қазақстан азаматтарының денсаулығы білімі мен әл-ауқаты» яғни, жеті міндеттің бірі-қоғамымызда салауатты өмір салтын орнықтыру мақсаты. Ал енді өмір салты дегенге келетін болсақ, оның мағынасы жеке адамдардың өмір тіршілігінен бастап, бүкіл қоғамның өмір сүру тәсілін зерттеп айқындайтын әлеуметтік ұғым. Өмір салты адамдардың қалай және не үшін өмір сүру, қандай іс-әрекетпен айналысатынын көрсетеді. Қоғамда өмір сүруші адам өзінің ақыл ойына, сана-сезіміне, дүниеге деген көзқарасына сүйенеді.

«Салауатты өмір салты» түсінігін былайша бөліп көрсетуге болады:

-Салауатты өмір салты–бұл денсаулық проблемасына адамның алдына қойған мақсаттарына қол жеткізудің нақты мүмкіндіктері сияқты, әр-түрлі факторлардың әсері болатын өмір сүру барысында қалыптасқан көзқарастар жүйесі;

-Салауатты өмір салты–адамның өзінің шығармашылық деңгейін сол немесе басқа қырынан жүзеге асыруға мүмкіндік беретін адамның өндірістік, тұрмыстық және мәдени жақтарын ұйымдастыру тәсілі;

-Салауатты өмір салты - денсаулық туралы белгілі бір әлеуметтік және тарихи көзқарас, сондай-ақ, өмірдегі тәжірибеге оның интеграциялау құралдары мен әдістері;

-Салауатты өмір салты - адамның күнделікті өмір сүруінің түрлі тәсілдері, олар организмнің резервтік мүмкіндіктерін нығайтады, биіктетеді және адамның экономикалық және психологиялық жағдайларында өзінің әлеуметтік және кәсіптік қызметін табысты атқаруды қамтамасыз етеді.

Мүмкіндігі шектеулі балаларға салауатты өмір салтын қалыптастыру ең алдымен, оқыту процесінде жүзеге асырылады. Заманауи педагогикада оқыту процесі оқушыны білмегеннен білуге және мұғаліммен бірлесе отырып сәйкес ептілік пен дағдыға үйрету, оқыту ретінде қарастырылады. Оқыту процесі әртүрлі педагогикалық технологиялар негізінде, яғни, осы процесті едәуір тиімді де нәтижелі ететін оқушы мен мұғалімнің күш-жігерін, уақытын, денсаулығын жұмсаудағы әдістер мен тәсілдердің жиынтығы негізінде құрылады.

Мүмкіндігі шектеулі балаларға денсаулығына әсер етуші физикалық дайындық, гигиеналық мәдениет, тамақтануды ұйымдастыру мен күн тәртібін сақтау, сыртқы орта (әлеуметтік, экономикалық, экологиялық) әсерлері, әлеуметтік-психикалық жағдайлар, мектептегі сауықтыру жұмыстары сияқты көрсеткіштер бойынша жүргізілді.

Салауатты өмір салтының өзектілігі қоғамдық өмірдің күрделенуіне, денсаулықты нашарлататын жағдайларды өршітуші техногендік, экологиялық, психологиялық, саяси және әскери сипаттағы қауіптердің көбеюіне байланысты адам ағзасына әсер ететін ауыртпалықтар сипаттарының өзгеруі мен ұлғаюынан туындайды.

Салауатты өмір салтының негізінде адамның қажеттіліктеріне бағытталған жүйелі жүріс-тұрысы, жалпы өмірге деген көзқарасы, тұлғалық құндылықтары жатады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың денсаулықты күту жайлы білімін, дағдылары мен қабілеттерін қалыптастыру, дамыту үрдісін зерттеу осы тараптағы негізгі түсініктер мен ұғымдарға, сондай-ақ қазіргі кезде педагогика жүйесінде бұл мәселені шешуге деген көзқарастарға талдау жасамай жүргізу мүмкін емес.

Денсаулық мәселесіне алғаш Ежелгі Үндістан, Греция және Рим философтары назар аударған, бірақ әлі күнге дейін «денсаулық» ұғымының ортақ анықтамасы жоқ, өйткені бұл оның сан қырлылығына және күрделілігіне байланысты. Мысалы, Платон мен Пифагор денсаулықты тепе-теңдік, үйлесімділік ретінде, ал ауруды оның бұзылуы ретінде қарастырған. Дені сау болу үшін адам өзін-өзі танып, дүниедегі орнын және рөлін түсінуі керек деген. Аристотель денсаулық түсінігіндегі жан мен тәннің бірдей маңызды екеніне баса назар аударған.

Өмір салты дегеніміз – бұл адамның әлеуметтік, мәдениеттік, материалдық, кәсіптік жағдайына байланысты күнделікті өмірінде ұстанатын тіршілік ету тәсілі. Өмір салты тұлғалық бағытты сипаттайды. Академик Ю.П. Лисицын адам денсаулығы 50-55% өмір салтына, 25% экологиялық факторларға, 20% тұқым қуалаушылыққа және 10% медициналық қамтамасыз етілуге байланысты деген. Салауатты өмір сүру салты дегеніміз биоәлеуметтік категория. Салауатты өмір сүру салты интегративті түрде қалыптасады. Сондай-ақ, адамдардың іс-әрекеттеріне байланысты болады.

Салауатты өмір сүру салты шаруашылық, күнделік үй тұрмысы, материалдық және рухани формаларын қанағаттандыру үшін, қоғамдық ұжымдарда өзін-өзі ұстай білуі, қоғамдық тәртіппен санасу, артық сөз айтпау, орынсыз саясатпен айналыспау, кез-келген адамдарды жамандамау, біреуді-біреуге шағыстырмау, өзін ақылды деп есептеп, басқаларды ақымақ ретінде көру т.б. аулақ болу. Сонымен өмір сүру салты дегеніміз – тұлға мен қоғам деңгейінің прогресті дамуының көрсеткішінің категориясы.

Салауатты өмір сүру салтының жоғары немесе төмен деңгейде болуы әлеуметтік-экономикалық жағдайларға байланысты болады. Адамның психикасына, денсаулығына, ағзаның функционалды биологиялық қасиеттеріне де байланысты болады.

Адамдардың биологиялық ерекшеліктеріне сәйкес салауатты өмір сүру салты біркелкі болмайды. Болу керек деп айту да дұрыс емес. Әр адам өзіне тән қалыптасқан өмір салтымен тіршілік етеді. Ол ұрпақтан ұрпаққа «ген» арқылы беріліп отыруы мүмкін. Міне, осыған байланысты «салауатты өмір сүру салтының» үш категориясы болады:

1) Салауатты өмір сүру деңгейі:

2) салауатты өмір сүрудің сапасы;

3) салауатты өмір сүрудің стилі.

Салауатты өмір сүру деңгейі дегеніміз – экономикалық категория. Адамдардың материалдық және моральдық-рухани қажеттілігі толығымен қамтамасыз етілуі.

Салауатты өмір сүрудің сапасы дегеніміз – әлеуметтік категория – үй-іші қызмет істейтін орындары (оқу орындары, мектептер) неше түрлі адам денсаулығы қамтамасыз ететін комфортты мебельдер мен лабораториялық жабдықтармен қамтамасыз етілуі.

Салауатты өмір сүрудің стилі дегеніміз – әлеуметтік-психологиялық категория — адамның қоғамдық орындарда (мектептерде) өзін-өзі ұстап және көрсете білуі. Белгілі бір қалыптасқан стандартты ұстап, өмір сүру. Мүмкіндігі шектеулі балаларды рухани-адамгершілікке, салауаттылыққа тәрбиелеуде адамгершіліктің ақжолынан айнымаған бұрынғы өткен ақыл-ой алыптарының мұра етіп қалдырған өсиет сөздері және ғұламалардың ғибраттары арқылы қоғамымызда салауатты өмір салтын қалыптастыруымызға болады. Данышпан Абай өзінің 28-қара сөзінде: «Ауруды жаратқан – құдай, ауыртқан құдай емес» деген. Яғни, құдай саған темекі тарт, арақ іш, нашақор бол, денсаулығыңызды бұз деген жоқ. Әйел мен баланың денсаулығы туралы айтар болсақ, денсаулығы күшті, салауатты өмір салтын әкеле алады. Өйткені сау бала–біздің келешегіміз, қоғамымыздың тірегі. Әрине, өмірге дені сау перзент әкелу бір жұмыс. Ал оны қоғамға жат мінездерден аулақ етіп тәрбиелеу екінші әрі өте жауапты жұмыс.

Сонда ғана бүкіл жер бетінде, әсіресе, жастар арасында бой көрсетіп жатқан маскүнемдік, нашақорлық, жезөкшелік, парақорлық, дүниеқоңыздық, көреалмаушылық сияқты кеселдерден мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпағымызды қорғап қаламыз.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: «Қазақстан –2030» барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. – Алматы: 2002. 96 б.
2. Құнанбаев А. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы: «Жалын», 1991 – 288 б.
3. ҚР «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы заңы». 2002. 7-11 б.

**Резюме**

**Р.А.Скакова,** *к.п.н., старший преподаватель;* **Н.Жашибаева,** *магистрант 2 курса*
*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

**Основы воспитания здорового образа жизни**

В этой статье раскрыты научно-теоретические основы воспитания здорового образа жизни школьников. Формирование здорового образа жизни школьников идентифицируется с физическим воспитанием. С самого раннего возраста можно привить школьникам знания, навыки и привычки в области охраны здоровья, которые впоследствии превратятся в важнейший компонент общей культуры человека.

***Ключевые слова:*** здоровый образ жизни, здоровье, дети с ограниченными возможностями, физическая культура, здравоохранения, продукты питания

**Summary**

**R.A.Skakova,** *Candidate of Pedagogical sciences., senior teacher;* **H.Zhashibaeva,** *2 undergraduate course*
*(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

**Basics of education of a healthy lifestyle**

In this article, the scientific and theoretical foundations of the education of a healthy lifestyle of schoolchildren are revealed. The formation of a healthy lifestyle of schoolchildren is identified with physical education. From an early age, it is possible to instill in students knowledge, skills and habits in the field of health, which will later become an important component of the general culture of man.

***Key words:*** healthy lifestyle, health, children with disabilities, physical culture, health, food

**УДК 37. 013 42**
**А 15**

## СУЩНОСТЬ СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

**М.Т.Абишева**, *старший преподаватель*
*(г.Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

***Аннотация:*** В статье рассматривается сущность социально-педагогической деятельности. Среди двадцати тысяч профессий, официально зарегистрированных Международной организацией труда, есть и профессия «социальный педагог», признанный обеспечить систему социальной помощи и защиты населения, многим гражданам об этом мало что известно. Сопоставительный анализ нашего и зарубежного опыта оказания социальной помощи детям показывает, что она принципиально отличается

от социальной помощи любым категориям взрослого населения тем, что обязательно должна иметь педагогическую составляющую, связанную с воспитанием и образованием ребенка, его развитием и успешной социализацией. Следовательно, деятельность, направленная на оказание социальной помощи детям, является социально-педагогической и представляет собой разновидность педагогической деятельности.

***Ключевые слова:*** социально-педагогическая деятельность, алгоритм деятельности социального педагога.

Выявлению сущности педагогической деятельности посвящено много научных исследований. Так, известный психолог Ю.Н. Кулюткин видит своеобразие педагогической деятельности в том, что она является «метадеятельностью», т.е. формирует другую деятельность. Работа педагога надстраивается над деятельностью воспитанника (ученика). Цели, которые ставит перед собой педагог, формируются как потенциальные эффекты продвижения ученика; процесс продвижения этих целей также реализуется через организацию деятельности воспитанника; оценка успешности действий педагога производится на основе того, насколько успешным оказывается запланированное продвижение ученика [1].

Раскрывая специфику педагогической деятельности, некоторые ученые подчеркивают ее когнитивный характер. Так, С.А.Смирнов включает в состав педагогической деятельности прежде всего элементы деятельности мыслительной. В предложенной им структуре, он выделяет:

- педагогическое предвидение, прогнозирование, связанные с педагогической интерпретацией социальных явлений, своеобразным переводом общественных целей и задач на педагогический язык;
- методическое осмысление, инструментовку учебно-воспитательных действий;
- осмысление процесса организации различных информационных и воспитательных влияний;
- необходимость анализа достигнутых результатов, соотнесение их с выдвигаемыми целями и задачами [2].

Однако «отсроченность» результата, его зависимость от множества факторов, известная субъективность оценок затрудняют определение эффективности учебно-воспитательных воздействий.

Социально-педагогическая деятельность как разновидность деятельности педагогической имеет общие с ней черты и отличительные особенности. Большинство исследователей к общим чертам относят тождество основной функции, которую и педагогическая, и социально-педагогическая деятельности выполняют в обществе – социальное наследование, социокультурное воспроизводство и развитие человека.

В целом совпадают и мнения разных ученых относительно специфических особенностей социально-педагогической деятельности по сравнению с педагогической.

М.А. Галагузова отмечает, что если педагогическая деятельность носит нормативно-программный характер, то социально-педагогическая всегда является адресной, направленной на конкретного ребенка и решение его индивидуальных проблем. Если педагогическая деятельность имеет непрерывный характер, то социально-педагогическая в ряде случаев ограничена тем временным промежутком, в течение которого решается проблема. Профессиональная деятельность педагога, как правило, осуществляется в учреждении системы образования, тогда как социально-педагогическая деятельность имеет намного более широкую сферу применимости [3].

М.А. Беляева и др. считают, что ключевым в определении социально-педагогической деятельности является понятие «адаптация». В современных условиях человеку на протяжении жизни неоднократно приходится сталкиваться с изменением социальной среды. Он может оказаться в ситуации, характеризующейся необходимостью изменять

себя, либо среду, либо и то и другое вместе, т.е. оказывается перед необходимостью адаптироваться к изменившимся условиям. Одни люди способны самостоятельно разрешить проблемную ситуацию, приспособиться к изменившимся социальным условиям. Другие, не сумев адаптироваться, утрачивают социально значимые качества, становятся объектом профессиональной помощи. По мнению вышеуказанных авторов, основная отличительная особенность социально-педагогической деятельности заключается в том, что потребность в ней возникает в случае, если у человека (группы людей) складывается проблемная ситуация во взаимоотношениях со средой [4].

Таким образом, социально-педагогическую деятельность можно рассматривать как целенаправленную работу профессионала по социальному воспитанию личности в конкретном социуме с целью успешной ее социальной адаптации. Социально-педагогическая деятельность реализуется в виде комплекса профилактических, реабилитационных, коррекционно-развивающих мероприятий, а также путем педагогически целесообразной организации различных сфер жизнедеятельности подопечных.

Смысл педагогической профессии выявляется в деятельности, которую осуществляют ее представители и которая называется педагогической. Она представляет особый вид социальной деятельности, направленной на передачу от старших поколений младшим накопленных человечеством культуры и опыта, создание условий для их личностного развития и подготовку к выполнению определенных социальных ролей в обществе. Теперь обалгоритмедеятельности социального педагога.

Основу технологического процесса составляет алгоритм действий (операций). В технологиях социального типа он не столь жестко задан, отдельные его этапы могут повторяться, дублироваться, взаимозаменяться либо опускаться. Алгоритм обеспечивает повторяемость, тиражируемость технологии. В работах отдельных авторов [5,6] предпринимаются попытки определить типовой алгоритм деятельности социального педагога. Представим обобщенный вариант:

1. Диагностический этап. А. Анализ исходной ситуации: а) определение степени трудности и опасности ситуации для ребенка; б) определение того, входит ли она в круг проблем, которые должен решать социальный педагог; в) выявление причин, ее породивших; г) постановка проблемы; д) определение степени переживания и осознания проблемы ребенком, т. е. ее актуальности для него; е) готовность или неготовность ребенка к решению проблемы. Б. Постановка задачи социально-педагогической защиты (проектирование). В. Определение своей компетентности в оказании помощи или круга лиц, способных ее оказать. Планирование деятельности.

2. Оказание помощи ребенку в выявлении и осознании проблемы и ее причин или создание условий для актуализации проблемы для ребенка.

3. Совместное проектирование решения трудной ситуации.

4. Определение способов социально-педагогической защиты (непосредственные, прямые, косвенные, опосредованные).

5. Помощь ребенку в нахождении способов разрешения проблемы или создание условий для поиска им этих способов.

6. Анализ результатов выхода из проблемы.

7. Оценка собственной деятельности.

8. Последствия — формирование установки ребенка на самостоятельное преодоление подобных проблем.

9. Осуществление контроля за состоянием ребенка и его развитием. Л.В. Мардахаевым, научным коллективом под руководством И.Г.Зайнышева [5] были разработаны замкнутые циклы технологического процесса социально-педагогической и социальной деятельности, включающие определенные этапы и операции. Операция -

простейшее действие, направленное на достижение конкретной, не разлагаемой на более простые осознанной цели (подцели). Совокупность операций, объединенных общей целью (подцелью), составляет процедуру технологического процесса. Вариант Л.В. Мардахаева предполагает пять взаимосвязанных этапов:

1)диагностико-прогностический;

2)этап выбора (разработки) оптимальной технологии;

3) этап непосредственной подготовки к реализации выбранной технологии;

4)реализационный;

5)экспертно-оценочный.

В разработках научного коллектива под руководством И.Г. Зайнышева также выделено пять этапов технологической деятельности:

1. Предварительный этап. На этом этапе осуществляются операции выявления, оценки и ранжирования проблемы, выяснения факторов, обусловивших ее возникновение. Организатор социальной деятельности настраивается на ее решение, мобилизует свой интеллектуальный, морально-психологический и профессиональный потенциал. Одновременно уточняются критерии действенности и эффективности деятельности социальных служб при решении обозначенной социальной проблемы. При этом критерии успеха действий социальных служб и специалистов могут отражаться в постановке и формулировании цели и конкретных задач социальной работы.

2. Этап целеполагания. На этом этапе происходит первичное формулирование целевой установки деятельности специалистов и организаторов социальной работы. Цель обусловливает выбор средств и способов ее достижения, определяет направления поиска дополнительных источников информации об условиях и социальной среде жизнедеятельности клиентов.

3. Этап обработки информации. На этом этапе технологического процесса идет поиск дополнительных источников информации, сбор и систематизация информации, ее анализ и обобщение. Выводы, вытекающие из результатов аналитической работы, составляют содержательную базу для уточнения цели и задач, для выработки программы действий, определения содержания, организационных форм и методов социальной работы.

4. Процедурно-организационный этап. На этом этапе осуществляется последовательная реализация намеченных программой мер социального воздействия конкретными исполнителями в обозначенное время и сроки, сопоставление и соизмерение результатов с критериями успешности социальной деятельности.

5. Контрольно-аналитический этап. Это завершающий этап технологического цикла, на котором анализируются итоги деятельности специалистов, выявляются факторы, способствующие положительному решению задач социальной деятельности, и намечаются пути устранения недостатков.

Таким образом, социально-педагогическая деятельность – необходимое, постоянно развивающееся и совершенствующееся направление педагогической деятельности, которое обеспечивает полноценную социализацию, разностороннее развитие, плодотворное общение всех участников педагогического процесса.

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Кулюткин Ю.Н. Изменяющийся мир и проблема развития творческого потенциала личности. Ценностно-смысловой анализ. – СПб.: СПбГУПМ. 2001. – 84 с.

2. Смирнов С.А. Педагогика: Педагогические теории, системы, технологии. –М., 2001.

3. Социальная педагогика./Под общ.ред. М.А.Галагузовой. М.,2001. 416с.

4. М.А.Беляева и др, «Методика и технология работы социального педагога» 2-е издание «Академия». 2002.
5. Мардахаев Л.В. Методика и технологии работы социального педагога. М., 2002. С.33-34.
6. Технология социальной работы /Под ред. И.Г.Зайнышева. М. 2000.

**Түйіндеме**
**М.Т.Абишева**, *аға оқытушы*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*
**Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттің мәні**

Мақалада әлеуметтік педагогтың кәсіби іс-әрекетінің мәні қарастырылады.

Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет профилактикалық, оңалту, түзеу және дамыту іс-шаралар жиынтығы түрінде, сондай-ақ өмір сүру әрекеттерінің түрлі салалардағы педагогикалық тиісті ұйымдастырулар арқылы жүзеге асырылады.

***Кілт сөздер:*** әлеуметтік және білім беру қызметі, алгоритм әлеуметтік педагог қызметі.

**Summary**
**M.T.Abisheva**, *senior teacher*
*(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*
**The essence of social and pedagogical activity**

The article discusses the nature of social and educational activities. Social and pedagogical activity is realized in the form of a complex of preventive, rehabilitation, corrective-developing measures, and also through the pedagogically expedient organization of various spheres of vital activity of wards.

***Key words:*** social and pedagogical activity, algorithm of social pedagogue activity.

**ӘОЖ 317.01**

# ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**М.К.Бұлақбаева**, *п.ғ.к., доцент*
**Б.А.Мұхаметжанов,** *п.ғ.к., профессор*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Бұл мақалада педагогикалық жоғары оқу орнында қашықтан оқыту жүйесін қолданудың тиімділігі қарастырылады. Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиялық бағдарламасында: «Бізге *оқыту әдістемелерін жаңғырту* және өңірлік мектеп орталықтарын құра отырып, білім берудің онлайн-жүйелерін белсене дамыту керек болады.

***Түйін сөздер:*** білім берудің онлайн-жүйелері, қашықтан оқыту жүйесі, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, электронды оқыту платформалары, интернет желісі, асинхронды оқыту, синхронды оқыту.

Біз қалауы бойынша барлығы үшін қашықтан оқытуды және онлайн режимінде оқытуды қоса, отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді, шешімдерді және құралдарды қарқынды енгізуге тиіспіз»-дей келе, барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі, әл-ауқатының артуы және елдің денсаулығын жақсарту міндеттерімен бірге жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру мәселесі атап көрсетілген [1].

Осыған орай, тәуелсіз мемлекетімізде еңбекқор, кәсібін терең түсінетін, өзінің білімі мен іскерлігін жан-жақты қолдана білетін мамандар даярлау қажеттігі туады. Өйткені кез келген мемлекеттің жоғарғы мектебінің маңызды әлеуметтік қызметі болашақ маманның өз мүмкіндіктерін көрсете алуына жағдай туғызу болып табылады. Осы айтылған міндеттер – мамандар дайындайтын жоғары оқу орындарының алдында тұрған негізгі алғы шарттар. Сондықтан да, жоғары педагогикалық оқу орындарында болашақ маманның ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үшін қашықтан оқыту немесе желілік оқыту жүйесі аса маңызды.

Бүгінде еліміздің білім беру жүйесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар- дың рөлі күннен-күнге артып келеді. Осы орайда әлемдік тәжірибеде қашықтықтан білім берудің орны ерекшеленіп тұр.

АҚШ-та 1 миллионнан астам адам қашықтықтан оқыту арқылы білім алса, Францияның ұлттық қашықтықтан оқыту орталығы жыл сайын әлемнің 120 мемлекетінен 35 мыңнан астам қолданушыларды қамтамасыз етеді. Ал Түркияда алыс аймақтағы тұрғындарға мамандық алуға көмектесу мақсатында 1974 жылдан ашық университет жұмыс істейді екен. Қосымша сабақ ретіне теле-радио арқылы курстар өткізеді. Осылай 12 000-нан астам қолданушыларды игереді [2].

Қазір дәстүрлі қашықтықтан оқыту, электронды қашықтықтан оқыту, аудиториялық сабаққа түрлі электронды құралдарды пайдалану сияқты қашықтықтан оқыту үлгісінің 2000-ға жуық түрі бар екен. Соның ішінде еліміздің жоғары оқу орындарында кейс, желілік және телевидение сынды ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарының көмегімен қашықтықтан оқыту түрі таңдалғанды.

Бүгінгі таңда шетелдік компаниялар өздерінің электронды оқыту платформаларын ұсынып және оларды отандық оқу орындарына сатып та үлгергендері бар. Мәселен, қазіргі таңда Алматы педагогикалық университеті Tamos University Suite деген қазақстандық өнімді пайдаланса, Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті – Clix, Германиялық IMC фирмасының жасап шығарған өнімін ендіруде. Сондай-ақ Platonus Прометей сынды Ресейдің қашықтықтан оқытуға арналған оқу бағдарламасын қолданып жатқан жоғары оқу орындары да кездесуде. Қолдарынан келген университеттердің басшылықтары өз өнімдерін жасап, қашықтан оқыту, электронды оқыту жүйесін оңтайлы жүргізуге тырысуда [3]. Біздің университетімізде «Информатика» мамандығын таңдап, сырттай бөлімде оқитын студенттерге қашықтан оқыту жолға қойылып, өзінің оң нәтижесін көрсетіп жатыр. Шалғайда тұратын студенттер университетке бармай-ақ, өзіне ыңғайлы жерде отырып, берілген тапсырманы орындай беретіндігі, яғни уақыттың ұтымдылығы, екіншіден, оқу ақысының арзан болатындығы, диплом алу мүмкіндігінің болуы.

Біз үшін қашықтықтан оқытудың маңыздылығы – білім берудің біртұтас ақпараттық жүйесін құру арқылы студенттердің білім деңгейін көтеру. Сонымен қатар әлемдік ақпарат кеңістігіне жол ашып, оқушылардың ғылыми және шығармашылық ізденістерін арттырып, білікті маман дайындап, оны өз игілігімізге жарата білсек, ұтар тұсымыз да сол болмақ.

*Желілік оқыту моделі.* Жоғарыда келтірілген модельдердің ішінен желілік оқыту ИНТЕРНЕТ желісін қолдануға негізделгендіктен, кез келген жоғары оқу орындары үшін оны қашықтан оқыту жүйесінің моделі ретінде таңдау тиімді болып саналады.

Қашықтан оқыту жүйесіндегі желілік оқыту моделі ақпараттық, компьютерлік телекоммуникациялық құралдар мен ғылыми тұрғыда негізделген тәсілдер арқылы білім берудің түрі болып есептеледі. Іс қағаздарды қазақ топтарына оқыту кезінде мына мәселелерге басты назар аударылады:

- компьютер кабинеттерінің болуы және оқу орнын соңғы үлгідегі компьютермен толық қамтамасыз ету;

- алыс-жақын шет елдердегі қашықтан оқытудың іс-тәжірибелерін үйрену және тиімді тұстарын пайдалану;
- қашықтан оқытудың арнаулы орталықтарын құру;
- құқықтық және экономикалық негіздемелерін дайындау, бекіту;
- ЖОО-н мультимедиалық бағдарламалармен жабдықтау;
- оқытудың бірыңғай бағдарламалы пакетін дайындау;
- ЖОО-да іс қағаздар пәнінен қашықтан оқыту курсының білім мазмұнын анықтау;
- іс қағаздарды мемлекеттік тілде қашықтан оқыту тәсілін құрастыру, жобалау;
- студенттің білімін қадағалау және бағалау критерийлерін жасау;

Қашықтан оқыту жүйесінде оқу курстарын ұйымдастырудың ең тиімді жолы *модульдық ұстанымды* пайдалану болып табылады. Оқу курсы модульдер жиынтығы түрінде құралады.

Ақпараттық құралдарды меңгеру, қоғам сұраныстарын қанағаттандыру мәселелерін шешу жолдарының бірі ақпараттық және коммуникативті технологияға сүйенген қашықтан оқытуды дамыту. Осындай әдіс-тәсілдерді қолдану қоршаған ортадағы құбылыстарды өздігінен танып-білуге, олардың дамуын негіздейтін ғылыми тұжырымдамалардың қалыптасуына, игерілетін заңдылықтардың студенттер жасаған компьютерлік моделінің негізінде осы тұжырымалардың дұрыстығын тексеріп отыруға мүмкіндік береді.

Қашықтан оқыту, мультимедиа құрамдарының дамуы студенттің білім алуын арттырады. Арнайы бағдарламалар арқылы, мысалы, Power Point арқылы оқушылар мен студенттердің пәнге деген қызығуын туғызуға болады, яғни түрлі фотосуреттер көрсетіп, қосымша материалдар үшін интернетке сілтеме жасайды. Қашықтан оқыту формасы Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде компьютерлік оқыту технологиясының дамуына байланысты белсенді орын алады. Өйткені Қазақстан территориясы жағынан алатын болсақ ең үлкен мемлекет емес, бірақ халық көп тұратын аймақ орталықтан біраз қашықта. Бұл қашықтық байланысты орнату, өмірін ұйымдастыру үшін көп шығын шығаруға алып келеді. Қиын экономикалық жағдайда білімгерлер оқуды жұмыспен араластыруға тура келгендіктен сабаққа үздіксіз қатынаса алмайды.

*Қашықтан оқыту* - білім беру жүйесіндегі жаңа саты. Оқытудың жаңа әдістемесі мен әдістері бойынша қашықтықтан оқытудың жаңа мүмкіндігі, жаңа құралдармен оқу материалдарын жеткізу, оқытудың жаңа принциптерін қолдану, оқу процесін жаңаша жоспарлау және ұйымдастыру. Қашықтан оқыту – бұл білім беру мекемесі қабырғасынан тыс өз бетінше оқу және білімдегі «жоғарғы технологиялар». Қашықтан оқыту «жоғарғы ақпараттық технологиялардың» арқасында өмірмен қауышты десек артық айтпаймыз.

Қашықтан білім берудің екі жүйесі бар:

- асинхронды оқыту білімгерлердің бір уақытта бір жерде болуын қажет етпейді. Білімгер оқу жоспарына сәйкес келетін пәнді, оқу мерзімін өзі таңдап алады. Асинхронды жеткізудің формасы - электронды почта, аудио және бейне касетаға жазылған курстар және WWW курстары.
- синхронды оқыту барлық білімгерлер мен оқытушының қатысуын талап етеді, жеткізудің бұл жүйесінің артықшылығы - өзара қарым-қатынасты қалыптастырады. Синхронды тарату формалары интерактивті телекөріністі, аудио графикті, компьютерлік конференцияны қамтиды.

Дәстүрлі жүйелерге қарағанда қашықтан білім берудің: әр адамға арналған жеке оқу траекториясын құруға, одан арнайы құрылған ақпараттық технологияларға қатынасу арқылы өтуге, ыңғайлы және тиімді режимде білім беру қызметіне деген қажеттілігін қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Қашықтан білім беру жүйесінде жоғары педагогикалық оқу орны студенттеріне ақпаратты жеткізу:

- баспа материалдары (әдебиеттер мен тапсырмалардың оқу-әдістемелік комплекті);
- электронды материалдар (компьютерлік оқыту орталары, мәліметтер қоры, білім қоры, электронды оқулықтар);
- аудио және видео өнімдер;
- теледидарлық бағдарлама арқылы жүргізіледі.

Сәйкесінше, қашықтан білім беру жүйесінде оқыту құралы ретінде:
- оқу-әдістемелік кешендер;
- компьютер, теледидар, телефон, магнитофон;
- бейне магнитофон;
- арнайы мультимедиа техникасы қолданылады.

Студенттерге берілген ақпаратпен жұмыс істеу үшін олар кітап мәтінімен, электронды материалдармен жұмыс істеу, сонымен қатар, аудио және видео өнімдерден, теледидарлық бағдарламадан, бейне лекциялардан негізгілерін белгілеп алу дағдысын, біліктілігін игеру қажет. Осылайша, оқудың сәттілігі студенттің өз бетінше білім алуына тікелей байланысты және қашықтан білім беру жүйесіндегі оқу сапасының негізгі факторы болып табылады. Қашықтан білім беру: *педагогикалық* (ақпараттық-технологиялық), *педагогикалық* (өндірістік-әдістемелік) және *ұйымдастырушылық* (оқыту-ұйымдастыру) бөлімнен тұрады.

Педагогикалық жоғары мектептерде оқу процесіне қолданылатын әдістер мен тәсілдер жиынтығымен анықталады, оның қызметіне қашықтан білім берудің программалық және ақпараттық қамтамасыз етуі кіреді. Бұл кезеңде мультимедиалық курсты, экспортты оқыту жүйесін өңдеуші, INTERNET-тің жаңа техникасын енгізу бойынша инженер – жүйетехник, мультимедиялық курсты өңдеуші әдіскер және ЭЕМ операторлары жатады. Мультимедиялық курсты өңдеуші әдіскер мен инженер – жүйетехниктің міндетіне қашықтан оқытуға арналған электронды оқулықтар мен әдістемелік құралдарды жасау жатады. Сонымен қатар, олар ДО бойынша тестілеу жүйесін жасаумен, электронды жұмыс дәптерін тексеру мен қалыптастыру әдістемесін өңдеумен айналысады. Қашықтан оқыту мекемесінің білім беруді ұйымдастыру құрылымын сипаттайды. Бұл оқыту-ұйымдастыру бөлімі білімгерлермен, жеке оқушылармен қашықтан білім беруді жүргізу келісім – шартына тұрумен, қашықтан форма бойынша оқу процесін жоспарлау мен ұйымдастырумен, сонымен қатар құжаттарды енгізумен айналысады. Құжаттар электронды оқулықты беруді есепке алу және бақылаудан; жұмысшы дәптерді тексеруді есепке алудан; қашықтан консультацияны ұйымдастырудан; оқытушылардың оқу жүктемесін есепке алудан; білімгерлер мен оқушылардың үздіксіз байланысын қамтамасыз етуден; білім аттестациясын құжатқа енгізуден тұрады. Ал оқу процесінде қолданылатын түрлі әдіс-тәсілдер, білім мазмұны – ақпараттық және коммуникативті құзыреттіліктерді қалыптастырудың бірде-бір құралы. Білім беру мазмұны адамзат жинақтаған әлеуметтік тәжірибенің барлық элементтерін қамтиды.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 14 желтоқса. 2012.

2. Қожамұратова Д. Қашықтан оқыту – XXI ғасыр оқу жүйесі. http://www.alashainasy.kz/culture/9875/.

3. http://45minut.kz/?p=13377.

## Резюме

**М.К.Булакбаева**, *к.п.н., доцент,* **Б.А.Мухаметжанов,** *к.п.н., профессор*

*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

**Эффективности применения дистанционной системы обучения в вузах**

В статье говорится об эффективности применения дистанционной системы обучения в вузах. Статья посвящена проблеме эффективности дистанционных образовательных технологий в системе высшего образования Республики Казахстан. Система высшего образования и модернизация системы высшего образования в условиях формирующегося информационного общества должна развиваться в различных направлениях. Дистанционное образование развивается в направлении создания и развития специфических образовательных услуг, призванных обеспечивать потребности населения в формировании стартового капитала, вертикальной мобильности, получении востребованных знаний и умений.

***Ключевые слова:*** дистанционное обучение, образовательные услуги, онлайн-системы, информационно-коммуникационные технологии, платформы, интернет, асинхрон

**Summary**

**M.K.Bulakbaeva,** *Candidate of Pedagogical sciences., Associate Professor,*
**B.A.Muhametzhanov,** *Candidate of Pedagogical sciences, professor*
*(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

**The effectiveness of the application of distance learning in universities**

The article deals with the effectiveness of using the distance learning system in higher education institutions. The article is devoted to the problem of the effectiveness of distance educational technologies in the system of higher education of the Republic of Kazakhstan. The system of higher education and modernization of the higher education system in the conditions of the emerging information society should develop in various directions. Distance education develops in the direction of creating and developing specific educational services designed to meet the needs of the population in the formation of starting capital, vertical mobility, and obtaining the required knowledge and skills.

***Keywords:*** distance learning, educational services, online systems, information and communication technologies, platforms, Internet, asynchronous

**ӘОЖ 373.1:37.033:39:373.3**

## МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰЖЫММЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТЫҢ ФОРМАЛАРЫ

**А.М. Жұбандықова,** *п.ғ.к., аға оқытушы*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Мақалада мектепке дейінгі ұйым педагогикалық ұжымымен жүргізілетін әдістемелік жұмыстың формалары және оны ұйымдастыру түрлері туралы жазылған. «Қазіргі заман талабына сай, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана мен ұлттық психология қалыптасқан, имандылық әдебі, парасаты бар ұрпақ тәрбиелеу, өсіру, білім беру бүгінгі таңда отбасының, балабақшаның, барша елдің, халықтың міндеті» деп Елбасы Н.Ә.Назарбаев көрсеткендей болашақ ұрпақты тәрбиелеу мектепке дейінгі кезеңнен басталатыны рас. Қазіргі таңда үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы –

мектепке дейінгі білім беру мәселесіне бүгінгі таңда жан-жақты көңіл бөлінуде. Мектепке дейінгі ұйымдардың балаларға жан-жақты тәрбие беріп, салауатты өмір салтына, заман талабына сай, денсаулығы мықты, парасатты да инабатты ұрпақ тәрбиелеуде орны ерекше.

***Түйін сөздер:*** «Денсаулық», «Қатынас, «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта» білім беру салалары, педагогикалық кеңес, мектепке дейінгі ұйым тәжірибесінің жұмысы.

Мектепке дейінгі ұйымдар қазіргі таңда пайдаланылып келе жатқан төл бағдарламамыз «Балбөбек», «Мектепке дейінгі жалпы білім беру бағдарламасы», «Балабақшадағы 5-7 жастағы балаларды мектепалды даярлау», «Қайнар» бағдарламаларын басшылыққа ала отырып, мектепке дейінгі мекеменің балаларына жалпы азаматтық рухани құндылықтарға сәйкес келетін жеке басының мәдениетіне тәрбиелеу арқылы жан-жақты даму жолында, оқу іс-әрекеті барысында жаңа технологиялық үрдістерді қолдануда.

Мектепке дейінгі ұйым педагог-тәрбиешілері Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру жаңа стандартын басшылыққа ала отырып, «Денсаулық», «Қатынас, «Таным», «Шығармашылық», «Әлеуметтік орта» білім беру салаларына байланысты мектепке дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне сай оқу іс-әрекетін шығармашылық ізденіс негізінде жүзеге асыруда. Мектепке дейінгі мекемелерде әрбір тәрбиеші қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстар туралы білімдерін қалыптастыра отырып, балалардың интеллектуалдық қабілетін, ақыл-ой дағдыларын, таным мен қызығушылықтарын ойын арқылы оқу іс-әрекетінде дамытуда. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің балалармен жүргізілетін жұмыстарының тиімді болуы әдістемелік жұмыстың дұрыс орынға қойылғанына тікелей байланысты.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы әдістемелік жұмыс – кешенді және шығармашылық үрдіс, мұнда тәрбиешілерді балалармен жұмыс жасаудың әдістері мен тәсілдеріне үйрететін практикалық оқыту жүзеге асырылады. Қазіргі заманғы жағдайларға сай әрбір балабақшаларда ғылыми – әдістемелік орталықтар жұмыс жасауы тиіс. Оның мақсаты тәрбиешілерлің саяси идеялогиялық, ғылыми-теориялық деңгейлерін және әдістемелік біліктіліктерін көтеру. Әдіскер осы орталықтың ұйымдастырушысы және кеңесшісі ретінде мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерін педагогикалық және психологиялық ғылымдардағы жаңа жетістіктермен мектепке дейінгі тәрбиенің жаңа әдістерімен таныстырып өзіндік білім алуларына көмек көрсетеді.

Әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттары және мазмұны:

1. Мектептегі, аудандағы (қаладағы), облыстағы әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттары оқу-тәрбие жұмысының талдау жүйесі, диагностикасы негізінде анықталады және ғылым, техника, технология жетістіктерін және жұмыстың жергілікті жағдайларын есепке ала отырып, мектепке білім беру бөліміне (басқармасына) қойылатын қазіргі заман талаптарына бағытталған.

2. Әдістемелік жұмыстың мазмұны анықталынған бағыттармен, нақты белгіленген мақсаттар және міндеттермен анықталады. Ол ең алдымен заңды және нормативті құжаттармен танысудан; оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, оқулықтар мен оқу құралдарын, әдістемелік нұсқауларды, оқытудың және сыныптан тыс, мектептен тыс пәндік және тәрбиелік жұмыстың қазіргі технологиялары мен әдістерін оқып-үйренуден; жаңашыл және озық тәжірибемен, ондағы озық ойларды шығармашылықпен қолдана білумен, менеджменттің міндеттері және ойларымен, жаңғыртумен, инновациямен танысудан тұрады.

Әдістемелік жұмыста оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге және мұғалімге, білім беру ұйымына тәжірибелік көмек көрсетуге бағытталған алуан түрлі әдістемелік жұмысты

дайындап, өткізу және аудан көлеміндегі білім беру үдерісінің мониторингі маңызды орын алады.

Жұмыс түрлері:

3. Ұжымдық: пәндік, циклдік, проблемалық, әдістемелік бірлестіктері, конференциялар, семинарлар, педагогикалық оқулар, шығармашылық кездесулер, шығармашылық зертханалар және т.б.

4. Топтық: шығармашыл, зерттеу, сынақтан өткізу т.б.

5. Жеке өзіндік: ұстаздық ету, кеңестер беру, кәсіби жағынан машықтандыру, өз бетімен білім алу.

Әдістемелік жұмыстың құрылымы

6. Мектепте: қазіргі заман талаптары мен жолдарына сай оқу-тәрбие үдерісін жетілдіру мақсатында мұғалімдер мен барлық педагогикалық ұжымдар оқыту қызметінің мониторингі негізінде мектеп Жарғысымен белгіленеді.

7. Ауданда (қалада): білім беру ұйымдарының қызметкерлерінің біліктілігін көтеру және оларды қайта даярлау оқу орындары туралы Үлгі ережемен, осы ережемен анықталады.

Жұмыстың ұйымдастырушылық түрлері

8. Мектепке дейінгі мекемеде әдістемелік бірлестіктер (кафедралар), мектепке дейінгі мекеме мен мектеп-интернат тәрбиешілеріне арналып құрылады. Бірлестік отырыстары әр тоқсанда бір рет немесе қажет жағдайда өткізіледі.

9. Мектептегі әдістемелік бірлестіктер сол мектепте бір пән бойынша 3 мұғалімнен аз болмаған жағдайда құрылады. Басқа жағдайларда пәнаралық, мектепаралық бірлестіктер құрылады.

10. Аудандық әдістемелік бірлестіктер пән мұғалімдеріне, бастауыш сынып мұғалімдеріне, мектепке дейінгі мекеме мен мектеп-интернат тәрбиешілеріне, мектеп кітапханашыларына арнап құрылады. Бірлестік отырыстары жылына екі-үш рет өткізіледі.

11. Ауданда біріктірілген сыныптардан тұратын шағын комплектілі мектептер болған жағдайда біріктірілген класс-комплектілердің мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі құрылады.

12. Біршама пәндерді шет тілдерде оқытатын шет тілдері мұғалімдері үшін мектепте әдістемелік бірлестік (кафедра) құрылады, оның жұмысын білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыратын институттардың ғылыми-әдістемелік орталықтары басқарады.

Педагогикалық ұжыммен, теориялық семинарлар, семинар – практикумдар, шығармашылық кеңестер жатады.

Педагогикалық кеңес мектепке дейінгі ұйым іс – әрекетін ұжымдық қаратырудың әрекеттік органы мен алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибенің орталығы болып табылады. Ол мектепке дейінгі ұйым іс – әрекетімен байланысты сұрақтарды шешеді:

1. Балабақшалардағы тәрбиелік – білім беру жұмыстарының қалыптарын талдауға байланысты сұрақтар:

- педагогикалық кадрлардың идеялық – саяси және рухани дамуына байланысты, жалпыпедагогикалық мәдениет пен педагогикалық шеберлік және тәрбиешілер жұмысындағы қиындықтарды шешуге көмектесетін мәселелерді талдау мен оларды шешудің жолдарын іздеу.

- тәрбиешілердің, музыка жетекшісінің, ата–аналар комитеті төрағасының жұмыстарының есептерін қарастыру.

- мектепке дейінгі ұйым тәжірибесінің жұмысына педагогикалық ғылым жетістіктері мен алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибелерді ендіру.

2. Ұйымдастырушылық – педагогикалық іс – шаралар:

- балабақшаларды материалды – техникалық және санитарлы – гигиеналық қамтамасыз ету сұрақтарын шешу;

- ата–аналармен, қоғамдық ұйымдармен жұмыс, педагогикалық кеңестің тапсырған тапсырмаларын орындау туралы есептер, ата – аналар комитетінің жұмыс
- мазмұнын анықтау және ұйымдастыру.
- ұсыныстарды орындау туралы тәрбиешілердің есептері мен аттестациялау қорытындыларын қарастыру, аттестациялық мінездемелерді бекіту, тәрбиешілерді олардың педагогикалық іс-әрекетінің нәтижелері бойынша мадақтау және атақ пен дәреже беру.

Әдістемелік кеңестің басшысы мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі болып табылады. Педагогикалық кеңестің жұмысына халықтық білім беру органдарының жауапты қызметкерлері қатыса алады.

Педагогикалық кеңестің құрамына: аға тәрбиеші, тәрбиешілер, музыка жетекшісі, дәрігер, аға медбике, ата-аналар комитетінің төрағасы. Педагогикалық кеңестің отырысына қоғамдық ұйымдардың басшылары, мектеп мұғалімдері, мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің ата-аналары да шақырылады.

Педагогикалық кеңес мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспарына сай жоспар бойынша жұмыс жасайды.

Педагогикалық кеңес жұмысының нәтижелілігі педагогикалық кеңеске берілген сұрақтың қаншалықты сауатты екендігіне байланысты болып келеді.

Педагогикалық кеңес мектепке дейінгі ұйымның жұмысының жылдық жоспарына кірген және педагогикалық кеңес арқылы бекітілген жоспар бойынша жұмыс жасайды.

Педагогикалық кеңес дайындығының формалары түрлі болуы мүмкін. Мысалы, бір тәрбиешіге өзінің жұмыс тәжірибесі туралы айту міндеттелсе, айталық, мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу туралы; келесісіне осы сұрақ бойынша психологиялық – педагогикалық ғылымның соңғы нәтижелері бойынша хабарлама дайындау, үшіншісіне, бір –бірімен тәжірибе алмасушы тәрбиешілердің топтарында болып қайту міндеттеледі. Аға тәрбиеші берілген тақырыптың мағынасын ашатын сұрақтардың тізбесін дайындап, теория мен әдістеменің аса қиын сұрақтарын жаңашыл тәрбиешілерге міндеттейді.

Баяндама жасауда: терең мазмұн, нақты және логикалық баяндау, идеяның шығармашылық тұрғысы мен нақты аргумент болуы тиіс. Баяндамаға бөлінген уақыт 20-30 минуттан аспауы тиіс. Керісінше болған жағдайда қарастырып отырған сұрақты талқылауға және шешім қабылдауға уақыт жетпей қалуы мүмкін. Педагогикалық кеңестің отырысы белсенді, шығармашылық түрде өтсе, тәрбиешілердің идеялық – саяси және кәсіби деңгейін көтеруге, педагогикалық ойлауы мен әдістемелік жұмысқа деген қызығушылығын дамытуға септігін тигізеді.

Оқу жылы барысында барлық тәрбиешілер баяндамашы бола алады және педагогикалық кеңеске қойылған сұрақтарды талқылауға қатысулары тиіс. Педагогикалық кеңестің отырысында «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу бағдарламасында» қойылған талаптарды орындауға байланысты тәрбиешілердің есептері тыңдалады. Өз іс-әрекеттеріне талдау бере отырып, тәрбиешілер жетістіктерін ғана емес, кемшіліктерін де белгілейді, нәтижелі қолданылған әдіс-тәсілдерін де талқылайды. Мұндай есептер тәрбиешілердің топтардағы тәрбиелеу және білім беру сапасына деген жауапкершіліктерін арттырады.

Балабақша ұжымында түрлі деңгейдегі және тәжірибелері де түрлі тәрбиешілер жұмыс жасайды. Олардың мүмкіндіктері мен қабілеттері, білімдері мен алдына қойған міндеттерді шеше алу дәрежелері әртүрлі болып келеді. Сондықтан, педагогикалық кеңестің келесі отырысына дайындалған әдіскер тәрбиешілерге үлкен көмек көрсетеді. Педагогикалық кеңестегі міндетті ереже–мектепке дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелеріндегі ғылыми-теориялық өзекті ақпараттарды айту болып табылады.

Бір немесе бірнеше жас топтарындағы оқу-тәрбиелік жұмыстың қалыптарын және балалардың білім, білік, дағдыларының бағдарлама талаптарына сәйкестілігін талдауға

бағытталған педагогикалық кеңестер көпшіліктің қызығушылығын туындатады. Педагогикалық кеңесте тәрбиешілердің жұмысындағы кемшіліктеріне кәсіби сынды дұрыс қабылдауына септігін тигізетін өзара топты аралау нәтижелері талқыланады. Педагогикалық кеңеске дейінгі екі-үш күн бұрын баяндама жасаушылардың аты-жөні, күн тәртібі, баяндаманың әдебиеттер тізімі, кейде талқыланатын тақырыпқа байланысты сұрақтар да хабарламаға ілінеді. Педагогикалық кеңестегі тәрбиешілердің есептері, хабарламалары мен баяндамаларының тақырыптарын бөлу оқу жылының басында жоспарланады. Бұл - тәрбиешілерге қажетті әдебиеттерді таңдауға және танып білуге, барлығын ойластырып, мәтінді жазуға мүмкіндік береді. Педагогикалық кеңестің нәтижелілігі жетекшілердің кеңес жүргізе алу біліктілігіне байланысты болып келеді. Балабақша меңгерушісінің немесе әдіскердің қысқаша бастама сөзі талқыланып отырған мәселенің маңыздылығы мен өзектілігін көрсетеді. Педагогикалық кеңестің отырысы екі айда бір рет шақырылады. Талқылануға 2-3 сұрақ беріліп, педагогикалық кеңес жұмыстан тыс уақытта жүргізіледі. Педагогикалық кеңестің шешімі туралы жоба баяндама жасаушымен (балабақша меңгерушісі немесе әдіскері) алдын-ала дайындалады. Педагогикалық кеңеске қатысушылар өздерінің толықтыруларын, өзгертулерін ендіре алады. Педагогикалық кеңестің шешімінде орындалуын тексеруге болатын нақты мерзім мен істер болуы тиіс. Жұмыстардың орындалуына жауапты адамдар тағайындалады. Педагогикалық кеңестің шешімі барлық ұжым мүшелері үшін міндетті болып келеді. Педагогикалық кеңестің хаттамасы кеңестің төрағасымен және хатшысымен бекітіліп, балабақшаның іс-құжатында сақталады.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚРМЖМБС бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жұмысын жоспарлау үлгілері. Алматы, 2011.
2. Белая К.Ю. Инновационная деятельность в ДОУ. М., 2005.
3. Белая К.Ю. Методическая работа в ДОУ: анализ, планирование, формы и методы. М., 2008.

**Резюме**

**А.М. Жубандыкова,** *к.п.н., старший преподаватель*
*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

**Формы методической работы педагогического коллектива в дошкольных учреждениях.**

В статье рассматриваются формы и организация педагогической работы в дошкольных учреждениях. Объединяя формы и методы работы с кадрами в единую систему, надо учитывать их сочетание между собой. Структура системы для дошкольного учреждения будет разной. Педагогический совет является одной из форм методической работы. Педагогический совет в детском саду как высший орган руководства. Совет руководит воспитательно-образовательным процессом, и решает проблемы дошкольного учреждения.

***Ключевые слова:*** «Здоровье», «Доступ» Знание, творческие, социальная среда, образование, консультации по вопросам воспитания, опыт в работе дошкольной организации.

**Summary**

**A.M.Zhubandykova,** *Candidate of Pedagogical sciences*, *senior teacher*
*(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

**Forms of methodical work of the pedagogical collective in preschool institutions**

The article deals with the forms and organization of pedagogical work in preschool institutions. Combining the forms and methods of working with personnel into a single system, one must take into account their combination among themselves. The structure of the system for

the preschool will be different. The Pedagogical Council is one of the forms of methodical work. The Pedagogical Council in the kindergarten as the supreme governing body. The Council directs the educational process and solves the problems of the pre-school institution.

***Key words:*** «Health», «Access» Knowledge, creative, social environment, education, consultations on issues of upbringing, experience in the work of pre-school organization.

**ӘОЖ 159.9 (574)**

# БОЛАШАҚ ҚОҒАМҒА САЙ ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДА Ы.АЛТЫНСАРИННІҢ ЕҢБЕГІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

**Ғ.Қ. Бижанова**, *аға оқытушы*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Бұл мақалада Ы.Алтынсарин еңбектерінің қазіргі кездегі маңызын, қоғамдағы орнын көрсеткен. Жазылған еңбектерінің жаңа қоғамға сай жеке тұлға қалыптастырудағы мәнін ашқан. Жаңа ғасырға қадам басқан біздің еліміз үшін қоғам өміріндегі қазіргі өзгерістер, экономиканың, саясаттың, әлеуметтік-саяси саланың дамуы қоғамдағы негізгі фактор болып табылатын жеке тұлғаның жалпы даму деңгейіне байланысты болмақ. Ал, ол қоғамдағы білім беру талаптарын түбегейлі өзгертуге алып келді.

***Түйін сөздер:*** қоғам, тұлға, Ы.Алтынсарин, тәрбие.

Қоғамдық өмірдегі өзгерістер оқытудың жаңа технологияларын қолдануды, жеке тұлғаның жан-жақты шығармашылық тұрғыдан дамуына жол ашуды көздеп отыр. Білім мен тәрбие ісінде рухани-мәдени құндылықтарды игеруді, ұлттық сананың қалыптасып өсуіне жағдай туғызуды, тарихи мұраларға жаңаша көзқараспен қарауды, қазіргі заман талаптары қажет етіп отыр. Осыған орай, Қазақстан педагогикасының тарихындағы көрнекті ғалым Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметінің дамуын және оның тәлім-тәрбиелік мұраларын жаңаша зерттеудің қажеттілігі туындады.

XIX ғасыр соңында балаларды заман талабына сай бейімдеп, сауатын ашып, білім мен мәдениет жолына сүрлеу салған Ыбырайдың қызметі педагогикада және заманауи қоғамға сай, жастар тәрбиесіндегі болашақты болжауда үлкен орын алады. Оның ішінде жеке тұлға және оның қоғамға бейімделуі мәселелеріне де зор үлес қосты. Жеке тұлғаның дамуы, тәрбиесі, қалыптасуының өзара байланысы мәселесінің көп ғасырлық тарихы бар.

Егер тәрбие жеке тұлғаның өз өзімен жұмысы кезіндегі белсенділігіне деген іштей ықпалына әсер етеді десек, онда ол жеке тұлғаның дамуында шешуші рөл атқарады. Осы бейімділік пен өсіп келе жатқан адамның жеке тұлға ретінде жетілуіне деген өзіндік ынтасы ғана түбінде оның дамығандығын анықтайтыны мәлім.

Ыбырайдың өсиет өлеңдері мен шығармаларының тілі, көркем ойы мейлінше терең табиғат әсемдігін, пендешілік пен кісілікті, адамгершілік пен азғындықты, білімділік пен надандықты, жастық пен кәрілікті, шындық пен әділетсіздікті көркем шеберлікпен сипаттай келіп, *жеке тұлға дамуы жайлы философиялық ой* түйіндейді. Оның дидактикалық әңгімелері қазақ баласының *жан сарайын, кәсіби ойлау қабілетін ұлттық* рухта тәрбиелейді. Қазіргі ұлттық ояну, өзін-өзі тану, үйрену, халқымыздың мәдени-әдеби мұралары мен әдет-ғұрпы игі дәстүр салттарының қайта оралуы – бәрі де жан-жағымызға бағамдай қарауға, алдағы мақсат-міндеттерімізді айқындауға мүмкіндік жасап отыр. Осы орайда елдің дербестігі мен оның өркендеп дамуының негізгі шарты оқу мен білім екені

анық. Ұлы ұстаз еліне қажетті бар байлықта, бақыт та, жақсылық та, *оқу -білім* арқылы келетінін бір сәт жадынан шығармай насихаттады.

Жас ұрпақтың жан-жақты азамат болып қалыптасуына бірден-бір атсалысатын мектеп. Халық тарихы, әр өлкенің өзіне тән экономикасы мен мәдениеті, салт-дәстүрі ұрпақтан ұрпаққа мектеп арқылы беріледі. Демек, мектеп - маңызы зор әлеуметтік институт. Ыбырайдың болашақ қамын ойлағаны *мектеп ашу ісінен* де көрініс бермек. Жас баланың санасы жазылмаған ақ қағаздай. Өз тілін, ұлттық дәстүрін, салт-санасын бойына сіңіріп, ана тіліне сусынын қандырып, оны жетік меңгерген талапты жас бала басқа тілді де еркін меңгеретін болады.

Ұлттық қайнар бастаулар арқылы әлемдік ғылыми-техникалық прогреске және мәдениетке жету - халыққа білім беру саласын қайта құрудағы маңызды принциптердің бірі [1]. Оқушы жан-дүниесінің рухани баюы арқылы оны шығармашылықпен ойлауға, эстетикалық мұраттарға тәрбиелеуге, патриоттық және интернационалдық сезімдерін оятуға болады және білім беру жүйесі қоғамның мәдениетін анықтайды. Сондықтан, білім беру жүйесіндегі болашақ қоғамға қажетті мәселелерді Ыбырай дер кезінде түсініп, қазақ даласына мүмкіндігінше керекті *оқыту жүйесін жаңаша туындатуға* барынша күш салды.

Ыбырай еңбегі жайлы сөз еткенде, ауыр жүк арқалап феодалдық ескішілдік ұғымдағы қараңғылығы басым топтың ортасында өмір сүріп оқырман санасынан орын алып, көңіл кілтін ашатындай еңбек жазып, жүрегіне ұялату, жаңаша өмір жетістіктерін жастар түйсігіне жеткізу оңай міндет болмады десек, оның *оқулықтары жайлы* сөз еткенде, де осы жайттарды көкейде тоқыған жөн.

Қазақ балалар әдебиетінің атасы Ыбырай Алтынсарин – аса көрнекті жазушы, ақын, этнограф, ғалым, қазақ алфавитін жасаушы жаңашыл педагог дей келе, қазақ тіліндегі алғаш оқулықтың негізін қалаушы екенін, мектеп табалдырығының алғашқы сатысынан-ақ бойымызға қалыптастырдық. Ы.Алтынсариннің 1979 ж. жарыққа шыққан «Қырғыз хрестоматиясы», «Қырғыздарға орыс тілін үйретудің бастапқы құралы» атты еңбектері қазіргі жылдан жылға дамып, түрленіп, талайды білім нәрімен сусындатып жүрген оқулықтарымыздың атасы, бастапқы кәусар бұлағы [2]. Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» мен «Мұсылманшылықтың тұтқасы» атты еңбектерінің мазмұны, мәні, мақсаты мен басшылыққа алған қағидаларында *жеке тұлғаның бойына қажетті* және *тәни* болып келетін *қасиеттері* тұжырымдалған.

Ыбырайдың оқулықтарды жазудағы мақсатын «Бұл кітапты құрастырғанда мен біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш рет шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленуші жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын көздедім, екіншіден, бұл кітапта келтірілген әңгімелердің қазақтар үшін ұнамды болу жағын көздедім» деп өзі жазып кеткен сөздерінен бала тәрбиесіне ерекше мән бергендігін айқын аңғарамыз. Яғни, Ыбырай өзінің ағартушылық жолындағы қиыншылықтың бірі оқулықтың жоқтығы екендігін танып, тығырықтан шығар жолды тапты және де оқулықты жазу барысында жазушы халықтың сана-сезімі, ойлау қабілеті, тарихи жағдайларын қырағылықпен байқап, ескере отырып жазды. Мәселен, мысал әңгімелерді аударған қалпында оқулыққа енгізбей, қатаң тұрмыста өскен қазақ балаларының деңгейінше, санасына, олардың ата-аналарының санасына, өмірлік көзқарасына сай мәнді әңгіме негізінде енгізді. «Қырғыз хрестоматиясы» оқулығынан Ыбырайдың әдебиетті қоғамдық құбылыс ретінде танып, қадірлейтінін және ағартушылық ой-тұжырымдарымен қоса, қоғамның шынайы айнасын ретіндегі жеке тұлғаны қалыптастыруға арналған идеясынан озық ойларының ұшқынын көреміз.

Оқулыққа жазылған өлеңдері: «Өнер-білім бар жұрттар», «Балғожа бидің баласына жазған хаты», «Әй, жігіттер!», «Әй, достарым!», «Әділдік көрмеген үшін төреге айтылған сөз»-жастардың бойына *біліммен ғылымның қажет екендігіне* назар аудартса, «Қарға мен

түлкі» (И.Крыловтан), «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Түлкі мен ешкі», «Қарға мен құрт», «Сауысқан мен қарға», «Жан-жануарлардың дауласқаны» т.б.аудармалары мен жазбаларында табиғаттағы құбылыстарды адам өміріне негіздеп, мысал ретінде жазу арқылы болбырлықпен озбырлықты, қулық пен алдауды тәрбиеленушінің ескеруін алдыға тартып, жол сілтеп, болашаққа меңзейді [4].

«Бір ханға бір бидің жамандардан қорлық көргенде айтқан сөзі», «Орақ батырдың баласы Әлібек мырзаның бір ханға айтқан сөзі», «Сейітахмет деген жігіттің үйіне түсірмеген құрбысына айтқан сөзі», «Нұржан бидің бір сөзі», «Орынбай ақынның Ерден батырды мақтаған сөзі», «Бір ақынның Әділ төреге айтқан сөзі» (Ел аузынан жиналған поэзиялық нұсқалары) арқылы *батылдық, ерлік, елжандылық* қасиеттерінің болашақ ұрпақ тәрбиесіне қажет екенін көрсеткен.

Ыбырайдың «Сәтемірхан», «Талаптың пайдасы», «Алтын шеттеуік», «Аурудан аяған күштірек», «Мейірімді бала» - әңгімелерінде *кішіпейілділік, мейірімділік, қайырымдылық, жомарттық, аққөңілділік* секілді жақсылыққа тән қасиеттердің жастардың бойына оқу арқылы сіңірілуіне назар аудартқан.

«Зеректік», «Силинші деген ханым», «Малды пайдаға жарату», «Дүние қалай етсең табылады?», «Білгеннің пайдасы», «Қыпшақ Сейітқұл» - шығармаларында *адалдық, шыншылдық, іс-әрекетке сенімділік, сауапшылдық, әділдік, ізеттілік* сапаларының бала өміріндегі маңызына мән берген. Өміріне ағартушылық жолды таңдап алған Ы.Алтынсариннің, білім және тәрбие беру мақсаттары өмір талабынан туып қазақ халқының жалпы мұң-мұқтажымен астарласып жатыр. Ыбырайдың педагогикалық мұраты: *балаларға жан-жақты және кең көлемде білім беру.*

Ыбырай педагогикалык жұмыста барлық іс-мұғалімнің әдіс-тәсілінде, баламен тіл таба білуінде екендігін атап көрсетіп, барлық уақытта оқытушы оқу бағдарламасымен шектелмей, оларды кеңейте отырып, қолға түскен материалдармен толықтыра түсуді және түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы керектігін талап етті. Осы орайда, бастауыш мектептерде және екі класты училищелерде сабақтың екі тілде жүруін талап ете отырып, мысал өлеңдер, ертектер арқылы балаларды қызықтыра біліп, *орыс тілін меңгертуде* грамматикалық ережелерді теория жағынан ұсынбай ана тілімен салыстыра ұсыну әдісін және де мысалды күнделікті өмірмен, тұрмыспен байланыстыруды көздеді. «Орыс тілін үйретудің алғашқы оқу құралы» - 8 бөлімнен құралып, түсініктілігімен, орыс грамматикасының негізгі ережелерін анық жеткізе білумен ерекшеленеді.

Ұлы Ыбырай ұстаздың әдісінің бір ерекшелігі-ол халықты отырықшыландырып, *жылы үйлер салдыру ісіне балаларды да қатыстыруға* талпынып, солар арқылы ата-аналарға күш салғандығы, мәселен, «Қырғыз хрестоматиясында» «Оқудағы балалардың үйіне жазған хаттары» деген әңгімелерінде «Ай, аға, әкеме айтып, жылы ағаш үй салып алсаңызшы. Киіз үй жаздың күні қанша жақсы болса, қыстың күні сонша жаман ғой. Суық киіз үйде қыстың күні бүрісіп алдың отқа жылынса, арқаң тоңып отырып, не таза тамақ ішуге болмайды» - деп жеткізсе осы ойын, «Киіз үймен ағаш үй» әңгімесінде де киіз үй мен жер үй айырмашылығы, қажеттілігі, пайдасы жайлы ой айтады. Сондай-ақ «Қыпшақ-Сейтқұл» әңгімесінде де әңгіме желісі отырықшылықты, егіншілік кәсібін уағыздау идеясымен жапсарлас өрбиді [5]. Мұндағы жазушы әдісіне көз жүгірте келе, халық санасында айтпақшы ойды жеткізу үшін пайдалануға тиімді әдіс екенін мойындаймыз. Ғылым жайын, өнер-білім құндылығын техника жетістігін, дамыған елдің жарқын болашағын оқырман санасына жеткізуде, ізгі, үлгілі істерге тәрбиелеуде Ыбырайдың қолданған әдісі қарапайым тілде, көріп-біліп жүрген нәрселермен, қазақ балаларының ұғымымен астарласатын естіп-айтып жүрген қарапайым тілді пайдалану әдісі. Бұл тәсіл «Бұл кім?» «Ананың сүюі» т.б. туындыларында көрінеді.

Ы.Алтынсариннің кейбір шығармалары басқа ғылым-техника салаларында қамтып жатады. Сондықтан сабақ барысында бірнеше пәнмен байланыстыра өтуге болады.

Мысалы «Өнер - білім бар жұрттар, Тастан сарай салғызды, Айшылық алыс жерлерден, Көзіңді ашып-жұмғанша, Жылдам хабар алғызды» деп басталатын «Өнер білім бар жұрттар» - өлеңінің алғашкы жолдарының өзі «Қандай зат бейнеленген?» «Не айтқысы келіп тұр» деген *оқушы қызығушылығын* арттыратын сауалға толы жұмбақты оймен басталып, еріксіз таң қалуы мен *«көрсем, білсем» деген талпыныстарын оятады* [6]. Бұл өлеңді тек психология, қазақ тілімен емес, ғылым-техника саласымен де байланыстырған.

Ұлы педагог адамның не нәрсеге болса да берік сенімі мен сезімі жүректен терең орын алмаса, ол әсерлік-тәрбиелік нәтиже бермейді деген тұжырым жасайды.

«Мұсылманшылықтың тұтқасы» (Шараит ул ислам) - еңбегінің 3 бабында адамдарға тиісті, тиіссіз мінездер турасында Ыбырай: бірі көркем, бірі бұзық сипатты деп екі түрлі тірі жанға тән қасиеттерге тоқталады. Аят пен хадиста білдірілген *жаман мінездер алпыс* түрлі. Алпыс түрлі жаман мінездің шығатын түп төркіні - *жеті* түрлі:

1. Әуел кафир (кәпір) құдайға сенбеуші;
2. Бидғат – дін бұзғыш;
3. Кәбүр мансапқор, менмен;
4. Рия, екіжүзді қара ниет;
5. Күсу – қызғаншақ, күншіл;
6. Бәхил – сараң, ашкөз;
7. Исраф (ысырап) дүние шашушылық.

Бұларды *ахлақ зәмима* деп атайды.

Жақсы қылық ***жетпіс сегіз*** **түрлі. Олардың шығатын түп төркіні** ***жеті түрлі*** мінезден туындайды:

1. Кәпірлерге қарсы иман;
2. Санәддә – үл-бидғат яғни бидғатқа қарсы, әдәләт, самғыйя;
3. Рияға қарсы ихлас (ықылас);
4. Кәбүрге қарсы тауазыға;
5. Хүсудқа қарсы насихат;
6. Бахилға қарсы сахауат;
7. Ысырабқа қарсы – мәшруға. Бұларды *ахлақ Хамидә* деп атайды.

Мысалы, намаз оқу мен ораза тұту парыздарынын рухани да, тәрбиелік те мәні зор екенін айта келіп, «намаз ішінде он екі парызы бар, оның алтауы тысқары, алтауы ішкері парыз. Тысқары парыздың *(денені тазалау, намаз оқитын жерді пәк ету, денені жабу, денені дұрыс қимылдату, қолды, аяқты, басты қимылдату) бәрі тән тәрбиесіне арналады»* дейді [3]. Ақын-педагог өзінің көптеген еңбектерінде қоғамға сай ұрпақ тәрбиелеуге керекті мәселелерді қозғап, суреттейді.

Ыбырайдың еңбектерін, қызметін, шығармашылығын жан-жақты қарастырсақ, болашаққа қоғамға бағытталған баланы вербальды танымдық іс-әрекеті жағдайында сапалы, еңбекқор, шығармашыл тұлға ретінде қалыптастыру процесі жүргізілгенін байқаймыз.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. Алматы. 1988. 316 бет.
2. Алтынсарин Ы.Үш томдық шығармалар жинағы. Алматы, т-1. 1976 ж.
3. Алтынсарин Ы. Мұсылманшылықтың тұтқасы. Алматы, 1993.
4. Ламашев Ә. Ы.Алтынсарин. Алматы. 1991. 120 бет.
5. Жарықбаев Қ. Қазақ тәлім-тәрбиесі. Алматы: Санат, 1994.
6. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ педагогикалық ой пікірлерінің антологиясы. Алматы. 1994. 319 бет.
7. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. Алматы, Рауан. 1998. 110 бет.

**Резюме**

**Г.К. Бижанова**, *старший преподаватель*
*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

**Научные труды Ы.Алтынсарина для формирования личности будущего общества**

В данной статье автор говорит о важности научных трудов великого педагога Ы.Алтынсарина в становлении современной личности человека. Алтынсарин связывает задачи образования с потребностями жизни, с потребностями общества. Великий педагог считает, что школа должна давать реальные знания, которые бы могли обеспечить достижения цели личности будущего общества.

***Ключевые слова:*** общество, личность, Ы.Алтынсарин, воспитание

**Summary**

**G.K. Bizhanova,** *senior teacher*
*(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

**Scientific works of Y. Altynsarin for the formation of the personality of the future society**

In this article the author speaks about the importance of the scientific works of the great teacher Y.Altynsarin in the formation of the modern personality of man. Altynsarin connects the tasks of education with the needs of life, with the needs of society. The great teacher believes that the school should give real knowledge that could ensure the achievement of the goal of the personality of the future society.

***Key words:*** society, personality, Y.Altynsarin, upbringing

**ӘОЖ 373.016:811.111**

# КӘСІБИ ТАҢДАУ БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАРДЫ ӨТКІЗУДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ТИІМДІЛІГІ

**Ж.Ж.Бейсенова,** *пс.ғ.к.,*
**Ж.К.Жусипова,** *1-курс магистранты*
*(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік*
*қыздар педагогикалық университеті)*

***Аңдатпа:*** Мақалада кәсіби таңдау бойынша іс-шараларды өткізудегі психологиялық іс-әрекеттің тиімділігі, кәсіби психологиялық таңдау бойынша жасалған өркениетті елдерде жүргізілген зерттеулердің нәтижесі, кәсіби бағдарланудың әдіс-тәсілдерін қолданудың нәтижесінде өзекті экономикалық мәселелерге тигізетін әсері және оның қажеттілігі мен мақсаттылығы дәлелденген. Кәсіби психологиялық таңдау бойынша ұйымдастырылатын іс-шаралардың тиімділігі өткізілетін іс шараларға жұмсалатын шығындардың ара қатынасымен, оларды қызметтерді комлектілеу тәжірибесіне ендірудің пайдасымен анықталады.

***Түйін сөздер:*** Кәсіби психологиялық таңдау, кәсіби іс-әрекет, квалификациялық тест, кәсіби таңдау, кәсіби кеңес беру, кәсіби оқыту, кәсіби жарамдылық

Мысалы, XX ғасырдың 50-60 ж.ж. Америкадағы ұшқыштар әскери училищесіне жұмысқа қабылданатын кандидаттарға онша қымбат емес кәсіби таңдау шараларын жүргізудің нәтижесінде әрбір 100 ұшқышты дайындауда 6 млн. долларды үнемдеуге мүмкіндік берген. Кейінгі жылдары жасалған жұмыстар нәтижесі көрсеткендей, кәсіби психологиялық таңдау бойынша өткізілетін шараларға байланысты барлық финанстық кешіктірулер курсанттарды оқудан шығып кетуінің есебінен, апатқа ұшырау себептерінің азаюынан, сондай-ақ, әскери қызметкерлерге ауырып қалған жағдайда немесе армияда қызмет етіп жүрген кезде зақым алып қалған жағдайларда компенсация есебінде төленетін қаржының азаюынан ақша артығымен үнемделеді екен.

АҚШ армиясындағы экономистері әскери қарулы күштерге жыл сайын қабылданатын еркін 350000 вакансияның орнын толтыру үшін 7-8 млн. адамды кәсіби таңдауға арналған шараларды өткізу арқылы қабылдау, яғни орташа есеппен 20-23 үміткердің орнына бір ғана кандидатты қабылдау экономикалық жағынан өте тиімді екенін көрсеткен.

Ресейдегі және отандық зерттеулерге зер салсақ, кәсіби психологиялық таңдау бойынша өткізілетін шаралардың экономикалық жағынан тиімді екеніне көз жеткізуге болады. Сондықтан, дұрыс жүргізілген кәсіби психологиялық таңдау шараларынан кейін операторлық мамандықтарға оқытуға қабылдау сұрыптау 23-30%-дан 5-8%-ға дейін, кандидаттар саны азайған, осының нәтижесінде, мамандарды дайындауға кететін шығындар 30-40%-ға, күрделі динамикалық объектілерді басқарудағы апат 40-70%-ға азайтуға мүмкіндік береді екен.

Кәсіби психологиялық таңдауға арналған іс-шаралар ұзақ мерзімді оқытумен кездесетін мамандықтарды дайындауда өте үлкен ақшалай қаржыны үнемдеуге мүмкіндік береді екен. Демек, 1990 жылы артиллериялық профилдегі әскери-оқу орындарында жүргізілген кәсіби таңдауды жүргізген мамандардың есебі бойынша осы шараға жұмсалған 1 сом кәсіби жарамсыздығынан оқудан шығарылған курсанттардың есебінен, сонымен бірге, оқу процесіне жұмсалатын жанғыш, майлау материалдары мен оқ-дәрі санының азаюы есебінен 18 сомды үнемдеуге мүмкіндік берген.

Осылайша, келтіріліп отырған мысалдар кәсіби психологиялық таңдау бойынша дұрыс жүргізілген іс-шаралар сөзсіз тиімді екенін көрсетеді. Кәсіби таңдау мәселесінің өте ертеден келе жатыр деп айтуға болады, себебі, ежелден ақ кәсіби іс-әрекеттің түрлері бойынша жетістікке жетуде адамдардың арасындағы айырмашылық пен олардың қабілеттіліктері туралы белгілі болған.

Жоғары мемлекеттік шенеуніктерді таңдауда түрлі сынақтардың (қазіргі тестердің ұқсастығы) қолданылғанын еске алатын болсақ, олар Ежелгі Греция мен Ежелгі Қытай кезеңдерінен бастау алады. Соңғы жақын кезеңді алатын болсақ, нәтижелерді өңдеуде статистикалық әдістерді қолдану және жеке ерекшеліктерді объективті өлшеу мәселелерін бірінші болып шешуге кіріскен Ф.Гальтон болатын. XIX ғасырда ақыл-ойы жағынан артта қалушылықты объективті бағалауда клиникалық және педагогикалық қажеттіліктерге байланысты интеллект мәселесі бойынша зерттеулер жүргізілді. Сонымен бірге, XX ғасырдың басында кәсіби жарамдылығы бойынша болжамдар жасау мен бағалау ғылыми тұрғыда зерттеліне бастады. Кәсіби психологиялық таңдаудың тарихы туралы қазіргі түсініктер Кембридж университетінің профессоры, Гальтон лабораториясының директоры К.Пирсонның (1857-1936) зерттеулерінде кеңінен берілген. Оның «Мамандық таңдау» кітабы кәсіби таңдау бойынша жұмыстардың тізімін ашады. К.Пирсон 1908 жылы Бостон қаласында ең бірінші кәсіби бағдар беру бюросын құрған. Екі жылдан кейін Гарвард университетінің психология профессоры Мюстенберг трамвайда жұмыс жасайтын вагон вожатыйларын кәсіби таңдау мәселесін зерттей отырып, кәсіби жарамдылық және кәсіби таңдау теориясын жасауға кірісті.

Одан кейінгі зерттеулер кәсіби таңдау әдістері мен критерийлерінің принциптерін негіздеу аясында көптеген Европа елдері мен АҚШ жүргізе бастады. Бұл салада маңызды жетістікке жеткен, мамандарды кәсіби таңдауға, олардың кәсіби іс-әрекетіне ерекше мән берген Тейлордың еңбектерімен байланысты. Алайда, кәсіби таңдау саласы бойынша зерттеу жұмыстарының дамуы тек бірінші дүниежүзілік соғысы кезеңінен, яғни АҚШ психологтары кең көлемді ғылыми-зерттеу бағдарламасын жасауды іске асырудан бастау алады. Бұл зерттеулердің нәтижесі американың әскери қызметке жаңадан қабылданғандардың кәсіби жарамдылығын анықтап және интеллектуалдық деңгейін объективті бағалауға мүмкіндік беретін екі тест жинақтары («альфа» - сауаттылар үшін, «бета» - сауатсыздар үшін) болып табылды.

АҚШ әскері қатарында соғыстың аяқталуы жақын қалғанда өз құрамында 120 офицері және 350 қызметкері бар 35 кәсіби таңдау тобы қызмет жасады. Бар болғаны бірінші әлемдік соғыс кезеңінің өзінде-ақ олар 1,7 млн. адамды тексеруден өткізеді. Кәсіби таңдау АҚШ әскери армиясында екінші әлемдік соғыс кезінде де кеңінен қолданылды. 1939 жылы кәсіби таңдау тобының жұмысын үйлестіруші, құрлықтағы әскердің қолбасшысымен штабта арнайы бөлім құрылды.

Бұл кезеңде жалпы интеллекттен басқа, сөздік және есептеу қабілеттерін, кеңістікті бағдарлай алу жіне басқа да жеке психологиялық ерекшеліктері деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін «Әскери армияға арналған квалификациялық тест» жасалған болатын. Соғыстың соңына қарай тексеруден тек құрлықтағы әскердің өзінде 9 млн. жуық адам өткізілді. АҚШ-тың әскери-теңіз күштері қатарына қабылданатын солдаттардың тек интеллектуалдық деңгейі ғана бағаланып қана қоймай, жүйке-психикалық тұрақсыздық белгілерін анықтауға үлкен мән берілді. Мұны іске асыру үшін арнайы сауалнамалар қолданылды. АҚШ-тың әскери – әуе күштері қатарына қабылданатын талапкерлерге 18 тест жинағы қолданылды. Олар:

1. «Аспаптар шкаласы» (бланкіде берілген аспаптардағы шкаладан белгілерді оқу);
2. Биографиялық сауалнама;
3. Кеңістікті бағдарлай алу тесті (аэросурет фрагменттерін реттеу);
4. Оқу қабілеттілігі (қиын техникалық мәтінді оқу);
5. Құрал-жабдықтарды, аспаптарды білуі;
6. Механикалық қозғалыс заңдылықтарын білуі;
7. Әртүрлі ракурстағы бейнеленген ұшақтардың жылдамдық идентификациясын;
8. Есепке қабілеттілігі (қосу және көбейту);
9. Есепке қабілеттілігі (алу және бөлу);
10. Жалпы хабардар болу тесті;
11. Дұрыс ойлау (әр түрлі өмірдегі жағдайларды шеше білу);
12. Математикалық тест (жоғары қиындатылған математикалық тапсырмаларды шешу);
13. Қозғалып бара жатқан объектіге реакциясын байқау;
14. Тепе-теңдікті сақтау алуға арналған тест;
15. Саусақ қозғалысының ептілігін анықтауға арналған тест;
16. Қозғалысты үйлестіру;
17. Қол қозғалысын үйлестіру;
18. Таңдауға байланысты күрделі реакциясын анықтау.

АҚШ-тың армиясында екінші әлемдік соғыс кезеңінде әскери психологтардың саны 1000 адамға жетті, ал 20 млн. астам адам психологиялық тексеруден өткізілді.

АҚШ-та мамандарды психологиялық таңдаудан өткізудің көп жылғы тәжірибесі оның жоғары тиімділігін көрсетті. Кәсіби таңдау нәтижесінде:

Оқыту процесінде кәсіби жарамсыздарды 40-тан 8%-ға «сұрыпталып» азайған;

- Персоналдың қателігінен болатын апаттар 40-70%-ға төмендеген;
- Басқару жүйесіне деген сенім 10-15%-ға жоғарылаған;
- Мамандарды дайындауға кететін шығындар 30-40%-ға төмендеген;
- Ұшқыштарды даярлайтын училищелерде әрбір дайындалатын 100 ұшқышқа 6 млн. долларды үнемдеуді қамтамасыз етіледі.

Тестті даярлауға кеткен әрбір доллар 1000 долларға дейін экономикалық тиімділік әкеледі екен. 1973 жылдан бастап АҚШ армиясы еркін түрде жинақталады. Білімі 9 сыныптан кем емес, денсаулық жағдайы, интеллектуалық және физиологиялық жағдайы жарамды, өз қалауымен келген 17-35 жас аралығындағы адамдармен 3-6 жылға келісім-шарт жасайды. Бұлармен кәсіби таңдау бірнеше этапта жүргізіледі:

1. Жетістікке жетуге болатын нақты үміткердің кәсіби бағдарлануы, әскери-кәсіби іс-әрекетінің түрлерін анықтау үшін кәсіби қабілеттіліктерін бағалау батареялары қолданылады (Armed services vocational aptitude battery - ASVAB). Тексеру ұзақтығы – 2 сағат. ASVAB-тың мазмұнына келесі субтесттер кіреді:

- үйлестіру жылдамдығы (кодты таблицаны пайдалана отырып берілген 5 нұсқаудың коды әрбір тесттегі сөзбен сәйкес келетінін табу – қабылдау жылдамдығы мен шешім қабылдай алуы бағаланады);
- сөздерді білу (берілген қысқа сөйлемнің ішінен, ұсынылған 5 сөздің қайсысы мазмұнына қарай белгіленген бір сөздің сәйкес келетінін табу керек);
- есептерді шешу (логикалық ойлауды және нақты арифметикалық әрекеттерді орындауды талап ететін вербальді құрастырылған есептер берілген - ұсынылған 5 нұсқаудың дұрыс жауабын таңдау керек);
- электротехниканы білуі;
- автомобиль техникасын білуі;
- механикалық қозғалыс принциптерін білуі;
- кеңістікті қабылдай білуі (берілген «орамадағы» көлемді фигураның бейнесі ұсынылған қайсы нұсқауға сәйкес келетінін тап);
- құрал-жабдықтарды білуі (ұсынылып отырған қайсы аспаптар беріліп отырған жұмыстарды орындауға арналғанын табу керек);
- өндірістік ақпарат (түрлі өндірістік процестерге қатысты вербальді құрастырылған есептер ұсынылады).
- ASVAB әдісінің туралы сипаттамасы 1- таблицада берілген.

2. Іске алу пунктінде іске асырылатын алдын - ала тексерілетін психологиялық тест (Armed forces qualification test – AFQT – құрамына: сөздерді білу, есептерді шығару, құрал-жабдықтарды білу, кеңістікті қабылдай алуы кіретін армия квалификациялық тесті.

3. AFQT-тан қажетті балл жинаған үміткер ACB (Армияның классификацияланған батарея) тестінен өту үшін психотехникалық станцияларға жіберіледі. ACB кешенді тестілеу төмендегідей субтесттерден тұрады: сөздерді білу есептерді, арифметикалық тәсілдерді шығару, әріптік-сандық, өндірістік ақпараттарды қабылдау жылдамдығы мен дәлдігі, құрал-жабдықтарды білуі, кеңістікті қабылдай алуы, механикалық қозғалыс принциптерін білуі, электротехниканы білуі, электрониканы білуі, автомобиль техникасын білуі. ACB бойынша жоғары балл алған үміткер команда құрылымын дайындайтын оқу орталығына жіберіледі. Ал қалғандары 5-8 апта аралығында жан-жақты тексеру мен зерттеуден өткізетін қарулы күштер түрлеріне жинақтау қабылдау пункттеріне бөлінеді.

4. Теңіз – әскери күштерінде және теңіз жаяу әскерінде NBTB (Navu basic test battery) тесті қолданылады.

5. Әйелдерді, қыздарды әскер қатарына қабылдау үшін AFWST (Armed forces woman selection test) кешенді тестілеуден өткізіледі.

1982 жылы АҚШ-тың армиясына психологиялық таңдау тәжірибесіне жаңа ЭЕМ базасына автоматталған психодиагностикалық жүйе енгізіле бастады.

АҚШ–тың мемлекеттік мекемелеріне қызметкерлерді қабылдауда қолданылатын тесттер жинағы армиядағы тесттер батареясы сияқты принциптермен құрылған. Осындай тесттердің ішінде ‹‹General aptitude test battery» (GATB) тесті үлкен қолданысқа ие болды. GATB әріптік-сандық ақпаратты қабылдау жылдамдығы мен тездігін, кеңістік қатынасын, арифметикалық, вербальді және психомоторлы қабілеттіліктерін бағалауға арналған 12 субтесттен тұрады. GATB-ның 23 классификацияланған топтарға бөлінген 500-ден астам мамандықтарға арналған болжамы көрсетілген. Әрбір топ үшін (факторлық талдауды қолдана отырып) кәсіби жарамдылығының сандық критерийлері анықталған. Егер зерттелінуші сыналған мәннен жоғары баға алатын болса, онда оған осы кәсіби іс-

әрекетке баруға кеңес беріледі немесе ұсынылады. Американдық психологтардың қорытындысы бойынша, АҚШ-та өнеркәсіп өндірісі саласында кәсіби психологиялық таңдау әдістерін енгізудің тиімділігін жылына 80 млрд. доллар ұлттық кірістің өсу санымен өлшенеді екен.

Өркениетті елдердің ішінде Францияда да кәсіби психологиялық дамуға үлкен мән беріледі. Франциядағы әскери-қарулы күштерінде қызмет ететін мамандарды кәсіби психологиялық таңдаудағы негізгі заңы мемлекеттік заң мен Өкімет декреті болып табылады. Жалпы әскери міндеттерінің бір бөлімі болып табылатын психологиялық тексеруден өту осы құжаттармен анықталады, ал кәсіби таңдау қарулы әскер қатарына қабылданар алдында үміткерлердің қабілеттіліктерін жан-жақты анықтау жолдарын дұрыс қамтамасыз ету мақсаты көзделеді. Өткізілетін іс-шаралар мамандардың жеке психологиялық қасиеттеріне сай келетін талаптармен, әскери мамандықтар тобына жаңа қабылданатын солдаттардың ерекшеліктеріне қарай бөлінуін мақсат етеді. Бөлу әскери мамандықтар классификациясы негізінде іске асырылады. Классификация 10 кәсіби жарамдылық ауданына бөлінген, олардың әрқайсысы белгіленген физикалық, психикалық қасиеттерді, талап ететін білімді дәл белгіленген жарамдылық аудандарынан тұратын 22 мамандық түрінен тұрады. Жарамдылық ауданына келесі іс-әрекеттер жатады:

Әкімшілік-шаруашылық іс-әрекет;
Тыл бөлімдеріндегі қызмет;
Ұрыс бөлшектері (техникалық бөлшектер және ауыр қолданудың бөлшектері);
Құрылыс, өңдеу, эксплуатациялау, механика;
Электротехника;
Радиотехника;
Радиоаппаратты эксплуатациялау;
Автомашиналар мен танкілерді жүргізе білу;
Таңдаулы ұрыс бөлшектері;
Ұрыс бөлшектерін (жеңіл ұстап тұратын бөлшектер).

Әскер қатарына қабылданатындарды психологиялық тексеруден әскери шақырудың алдында 2-3 қалғанда таңдау пункттерінде өткізіледі. Әрбір пункттің негізгі міндеті - әскер қатарына алынатындардың физикалық және психологиялық қабілеттіліктеріне талдау жасау. Әрбір пункт ұйымдасқан басқару, дәрігерлік және психотехникалық бөлімдерден тұрады. Жылына әрбір пункт 250 мың адамды өткізуге қабілетті. Әскер қатарына шақырылатындарды тексеру бағдарламасы:

Интеллектуалдық мүмкіндіктері мен қабілеттіліктері (жалпы дамуы, сөздік белгілерді қолдана алу икемділігі, сандық және жасырын белгілерді анықтай алу, күрделі кешендерде таныс фигураларды тани алу, кеңістікті сезгіштігі, қарапайым механикалық практикалық есептерді шеше алуы, Морзе әліппесін меңгеруге қабілеттілігі);

Мектептегі және кәсіби білімі (орфография, тарих, география, математика және басқа да оқу пәндері; кәсіби білімі: автомобильді жүргізу, электр және радиотехника; түрлі құрал – жабдықтар мен аспаптарды қолдана алу ептілігі салаларында) қарастырылады. Жоғарыда келтірілген сапаларды, қасиеттерді зерттеу үшін 14 тесттен тұратын батарея қолданылады. Осы тест нәтижесіне негізделе отырып жалпы дамуы және мәдени деңгейі бағаланады, әрбір 10 кәсіби жарамдылық ауданы ішінен қорытынды жасалады.

Ең соңында әскер қатарына шақырылатын үміткердің ерекше әскери – кәсіби іс-әрекеттегі қабілетінің 3 түрі ұсыныс ретінде қорытынды бөлімде көрсетіледі. Ең соңғы таңдау бар қажеттіліктер мен ресурстарын есепке ала отырып, әскер қатарына қызметке қабылдану іске асырылады. Жалпы жоғарыда аталған іс-шаралар тиімді ғылыми-практикалық тұрғыда ұйымдастырылса экономикалық жағынан өсіп келе жатқан

Қазақстан елінде кәсіби бағдарлану мәселесінің шешілуіне мүмкіндік жасалар деген ойдамыз.

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Бодров В.А., Малкин В.Б., Покровский Б.Л., Шпаченко Д.И. Психологический отбор летчиков и космонавтов. Проблемы космической биологии. М.:Наука. 1984. Т. 48. 264 с.

2. Кулагин Б.В. Основы профессиональной психодиагностики. М.:Медицина. 1984. 214 с.

3. Основы профессионального психологического отбора военных специалистов/ Под ред. В.Л.Пухова . М.: МО СССР, 1981.

**Резюме**

**Ж.Ж.Бейсенова,** *к.пс.н..,* **Ж.К.Жусипова,** *магистрант 1-курса*
*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

**Психологическая эффективность проведения мероприятий по выбору профессиональной деятельности**

В статье рассматриваются психологическая эффективность проведения мероприятий по выбору профессиональной деятельности и методы их исследования. Профессиональное развитие личности включает несколько этапов, среди которых важное место занимает процесс выбора профессии. Профессиональное развитие личности представляет собой часть жизненного пути человека, процесс принятия ряда решений, определяющих его дальнейшую профессиональную судьбу.

***Ключевые слова:*** психологические, профессиональная деятельность, квалификационные испытания, профессиональный выбор, профессиональное обучение

**Summary**

**Zh.Zh.Beysenova,** *Candidate of Psychology sciences,* **Zh.K.Zhusipova,** *undergraduate course 1*
*(c. Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

**Psychological effectiveness of activities for the selection of professional activities**

In the article psychological efficiency of carrying out of actions on a choice of professional work and methods of their research are considered. Professional development of the individual includes several stages, among which the process of choosing a profession occupies an important place. Professional development of the individual is part of a person's life path, the process of making a series of decisions that determine his future professional destiny.

***Keywords:*** psychological, professional activity, qualification tests, professional choice, vocational training

**УДК 378.156.7**

## ОСОБЕННОСТИ ОБЩЕСТВЕННОГО МНЕНИЯ К ИНТЕГРАТИВНОМУ ОБРАЗОВАНИЮ

**Л.К.Ермекбаева**, *к.пс.н., и.о.доцент*
*(г.Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

***Аннотация:*** В статье представлены результаты изучения отношения учителей и родителей общеобразовательных школ к интегрированному образованию в Казахстане. Возможность внедрения в практику идеи интегрированного (совместного) обучения и

воспитания нормально развивающихся детей и детей с отклонениями в развитии, большинству людей совершенно неизвестна. Внедрению интегрированных форм специального образования препятствует неготовность ближайшего окружения ребенка с особыми нуждами принять идею совместного обучения. Необходимо формировать готовность населения к инклюзивному образованию детей с ограниченными возможностями здоровья; повышать компетентность педагогов в области коррекционной педагогики и специальной психологии; разрабатывать нормативно-правовую и методическую базу инклюзивного образования.

***Ключевые слова:*** инклюзивное образование, интеграция, толерантность, интолерантность, безбарьерная среда, дети с ограниченными возможностями, отношение к инвалидам.

Инклюзивное образование, которое интенсивно входит в практику современной школы ставит перед ней много сложных вопросов и новых задач. Зарубежная практика инклюзии в образовании имеет богатый опыт и законодательное закрепление, в то время как казахстанский опыт только начинает складываться и развиваться. Согласно идеальным канонам, инклюзивное (включающее) образование – процесс развития общего образования, который подразумевает доступность образования для всех, в плане приспособления к различным образовательным потребностям всех детей, что обеспечивает доступ к образованию для детей с особыми потребностями [1].

Внедрение инклюзивного образования в практику школьных образовательных учреждений Казахстана является социальной инновацией, очевидно затрагивающей интересы и перспективы нескольких социальных групп – участников процесса и предполагаемых выгодоприобретателей: прежде всего ***детей*** с ограниченными возможностями, детей без ограничений в развитии, ***родителей*** и той, и другой групп детей, ***педагогов*** (как общеобразовательных, так и специальных коррекционных школ), наконец, ***управленцев*** – чиновников городской власти, сотрудников органов управления образованием. Естественно предположить, что характер участия перечисленных групп во внедрении инклюзивного образования (способствование или сопротивление этому процессу) зависит от того, как представляют себе инклюзивное образование все заинтересованные стороны, какими они видят свои перспективы в процессе его внедрения, и насколько будут защищены при этом их интересы.

С целью изучения отношения к интегрированному образованию учителей общеобразовательных школ и родителей сотрудниками лаборатории социальной работы Научного исследовательского института при ННПЦ КП было организовано (04.01.2013 по 30.01.2013 г.) экспериментальное исследование в 4-х общеобразовательных школах Казахстана.

В опросе участвовали родители и учителя:

- №183 средней школы Кызылординской области, Кармакшинского района;
- №19 средней школы им. М.Маметовой Южно-Казахстанской области, Мактааральского района, Каракайского аула;
- №50 школа-гимназия им. А.Байтурсынова Южно-Казахстанской области, г.Чимкент;
- студенты 1 курса магистратуры КазГосЖенПУ (все учителя школ и вузов).

Для эксперимента были отобраны: анкета «Дети – инвалиды в системе образования» (А.Я.Чигриной) [2] и «Отношение к инвалидам» (Н.Н.Соловьева) [3].

Обобщенный анализ результатов анкетирования позволил сделать следующие выводы:

1. Большинство респондентов не поддерживают идей и перспектив совместного обучения детей с ограниченными возможностями здоровья с детьми, не имеющими

нарушений в развитии. Количество респондентов выразивших позитивное отношение к внедрению инклюзивного образования составило в среднем 20%.

Большинство родителей и педагогов проявляют отрицательное отношение к интеграции нетипичных детей, основным аргументом, против этого является то, что ребенку – инвалиду и в обычной школе нужны учителя – дефектологи, нужна своя школьная среда. По их мнению, коррекционные школы и школы – интернаты лучше справятся с их образованием и с подготовкой к жизни.

Подавляющее большинство как педагогов, так и родителей придерживаются мнения о том, что в случае совместного обучения дети-инвалиды потребуют повышенного внимания учителей в ущерб другим детям, будут мешать и замедлять прохождение учебной программы. Больше половины респондентов считают что, дети – инвалиды будут вызывать у других детей отрицательные эмоции, станут жертвами «детской жестокости» со стороны сверстников, объектом насмешек и в результате возникнет взаимная неприязнь, отчуждение.

2. Результаты показали, что, по мнению респондентов, совместное обучение в общеобразовательной школе в большей степени возможно для детей, имеющими нарушения слуха, зрения, опорно-двигательного аппарата.

3. Большинство респондентов группы «педагоги» отметили сравнительно положительное отношение к людям с инвалидностью. Число отмеченных респондентами – педагогами положительных качеств инвалидов было намного больше, чем отрицательных. Респонденты группы «родители» выразили положительное отношение в равной степени с равнодушным. У респондентов – родителей разница между количеством положительных и отрицательных качеств, присущих инвалидам была небольшая, но, тем не менее, положительных качеств было отмечено больше. Среди категорий инвалидов больше положительных реакций родители дали по отношению к категории «инвалиды по слуху» и «дети-инвалиды». При определении отношения анкетируемых к какой-либо из предложенных социальных позиций инвалидов, большинство респондентов выбрали позицию равнодушия.

4. В ходе исследования выяснилось, что респонденты обеих групп мало осведомлены в вопросах касающихся проблем инвалидов в нашей стране. При этом большинство респондентов-родителей и часть педагогов считают, что проблемы инвалидов освещаются в СМИ достаточно. В целом можно отметить, что респонденты придерживаются мнения о том, что оказывать помощь и поддержку инвалидам должно преимущественно государство, которое должно создавать специальные учреждения и организации для обучения, лечения и трудоустройства инвалидов.

Такая точка зрения, является результатом общепринятой в нашей стране практики изоляции людей, имеющих инвалидность. Изоляция присутствует с самого начало жизни ребенка с нарушением в развитии, так как государственная социальная политика ориентирована в основном на содержание детей с ограниченными возможностями в закрытых стационарных учреждениях интернатного типа. В итоге политика сегрегации детей на основе уровня психофизического развития выступает мощным фактором дальнейшего углубления их социальной дифференциации и неравенства в обществе, что противоречит современным ценностям цивилизованного гражданского общества, нарушая права человека.

Таким образом, результаты исследования расскрывают сложившееся общественное мнение по отношение к инвалидам в целом у нас в стране. Люди знают, что есть инвалиды, но им порой кажется, что они живут в «другом измерении». Они не хотят видит их в своем тесном окружении, ни в роли начальника, врача и т.д.

Где то там далеко в своем сознании они понимают, что инвалидам нужна помощь, какие-то льготы (при поступлении в вузы, при трудоустройстве и т.д.), но эту помошь они

должны получать только от государства. Люди неготовы были принять инвалидов, ни вчера, ни завтра. И если уже сегодня не начать менять наше сознание по отношению к ним, то мир так и будет делиться на «МЫ» и «ОНИ».

Необходимо преодоление отрицательных социальных установок и стереотипов по отношению к детям с проблемами в развитии. Важное значение имеет предупреждение возникновения психотравмирующих, стрессо- и рискогенных ситуаций в системе межличностных отношений: «ребенок с нарушениями развития – обычные сверстники», «родители ребенка с нарушениями развития – учитель», «родители ребенка с нарушениями развития – родители обычных детей».

По результатам исследования выяснилось, что возможность внедрения в практику идеи интегрированного (совместного) воспитания и обучения нормально развивающихся детей и детей с отклонениями в развитии, большинству людей совершенно неизвестна. Внедрению интегрированных форм специального образования препятствует неготовность ближайшего окружения ребенка с особыми нуждами принять идею совместного обучения. Нет представления о том, каким образом такое образование может быть организовано.

Родители здоровых сверстников опасаются, прежде всего, снижения качества образования своих детей, а также возможной психологической напряженности в отношениях между участниками образовательного процесса. Педагоги среди причин, вызывающих опасения, на первое место выдвигают недостаточное ресурсное обеспечение интегрированного образования – отсутствие безбарьерной среды, необходимого оборудования и учебно-методического сопровождения, специальной подготовки самих педагогов.

Итак, существует проблема негативного отношения к детям с ограниченными возможностями со стороны сверстников, наличия физических и психических барьеров, мешающих повышению качества образования детей данной категории. Проблемы усугубляет тот факт, что педагоги иногда сами интолерантно относятся к таким детям. В связи с этим, одной из центральных задач в развитии толерантности по отношению к детям с особыми потребностями является формирование педагогической толерантности, т. е. способности понять и принять ребенка таким, какой он есть, видя в нем носителя иных ценностей, логики мышления, иных форм поведения. Также необходимо воспитывать у сверстников толерантное и уважительное отношение к детям с ограниченными возможностями здоровья.

Несмотря на целый ряд сложностей и проблем, практика показывает, что обучение детей с отклонениями в развитии совместно с нормально развивающимися сверстниками дает положительный эффект в отношении личностного развития и социализации и той, и другой категории учащихся, а также соответствует нормам международного права и законодательства. Эффективная интеграция возможна в условиях постоянного совершенствования систем массового и специального образования, умелого сочетания принципов интеграции и профессионального воздействия в специально организованных условиях.

Интегрированное обучение детей при соответствующем ресурсном обеспечении следует признать оптимальной формой организации учебно-воспитательного процесса. Такой подход не только позволяет лицам с особыми потребностями обеспечить успех во взрослой жизни, но и дает реальное право выбора, предоставляет возможность вносить свой вклад в общественную жизнь.

Для того, чтобы изменить отношение людей к этой проблеме, необходимо развеять предрассудки об ограниченных возможностях, с тем чтобы люди воспринимали их как неотъемлемый элемент человеческого разнообразия, каковым они на самом деле и являются. Искоренение предрассудков должно начинаться с распространения знаний и понимания сути ограниченных возможностей; пропаганды таких концепций как

равноправие и права человека. Необходимо формировать готовность населения к инклюзивному образованию детей с ограниченными возможностями здоровья; повышать компетентность педагогов в области коррекционной педагогики и специальной психологии; разрабатывать нормативно-правовую и методическую базу инклюзивного образования.

**По результатам нашего исследования мы предлагаем следующие рекомендации:**

1. Для исследования общественного мнения о возможности обучения детей – инвалидов в обычной школе мы рекомендуем использовать анкету «Дети – инвалиды в системе образования» (А.Я.Чигриной) [2].

Анкета была апробирована на выборке: 165 испытуемых. При обработке результатов выяснилось, что анкета дает надежную и полную информацию об идеи интегрированного образования, а также определяет положительные и отрицательные стороны этого явления, в случае если оно будет принято системой образования. Положительным является, то что, результаты полученные по разным показателям можно сравнивать между собой, сопоставлять, анализировать и обобщать, давая возможность полностью решить задачи диагностики.

2. Для формирования педагогической толерантности и преодоления интолерантного отношению к детям с особыми потребностями мы рекомендуем программу тренинга толерантности, предложенную С.Д.Щеколдиной [1].

## СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Формирование в образовательном учреждении толерантного отношения с ограниченными возможностями здоровья. Методические рекомендации для руководителей и специалистов образовательных учреждений. Новокуйбышевск, 2006. – 106 с.
2. Чигрина А.Я. Инклюзивное образование детей-инвалидов с тяжелыми физическими нарушениями как фактор их социальной интеграции: дис. канд. соц. наук. Нижегородск, 2011. С. 145.
3. Соловьев Н.Н. Социально-психологические факторы интеграции в общество детей с ограниченными возможностями здоровья: дис. канд. соц. наук. СПб, 2010. С. 167.

### Түйіндеме

**Л.К.Ермекбаева**, *к.пс.н., и.о.доцент*
*(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

**Интегративтік білім беру туралы қоғамдық ойлар ерекшелігі**

Мақалада орта білім беру мектептеріндегі мұғалімдер мен ата-аналардың интегративтік білім беруге қатынасын зерттеудің нәтижелері ұсынылған. Арнайы білім беру аясындағы интеграциялық үдерістердің келешектегі дамуына бағытталған міндеттердің бірі мүмкіндіктері шектеулі балаларға білім алуына жол ашықтық мәселесіне жағымды қоғамдық қатынастың қалыптасуы, халықтың құқықтық мәдениеті, дамуында проблемалары бар балалар мен жастарға кооперация, өзара сыйластық, түсіністік және шыдамдылық қағидаларына негізделген толеранттық қатынас болып табылады.

***Кілт сөздер:*** инклюзивті білім, интеграция, төзімділік, төзімсіздік, кедергісіз орта, мүмкіндігі шектеулі балалар

### Summary

